

Л 2005
119034

Жұмабай
ШАШТАЙҰЛЫ

Жаңғырық









Жұмабай ШАШТАЙҰЛЫ

Жаңғырық

Роман



Алматы
“Жалын баспасы”
2004

**Қазақстан Республикасы Ақпарат
миністірлігінің бағдарламасы
бойынша шығарылып отыр**

Шаштайұлы Жұмабай

Ш 32 Жаңғырық: Роман. – Алматы: “Жалын баспасы” ЖШС,
2004. – 256 бет.

ISBN 9965-693-12-9

“Жаңғырық” романының кейіпкерлері – атакәсіптің бейнетін белшесінен кешкен қазақтар, жаңа-жаңа қалаға ірге теуіп, үлкен мұрат көздеген болашақ зиялы қауым өкілдері. Ұлтсызданудың қайшылықтары барысында адамдардың өздерін қалай ұстауы, ұрпақ алмасу кезіндегі жағдаяттары, қысқасы, қаһармандар ой-сезімі шынайы суреттеледі. Қалалық және далалық өмір ағысы бір қарағанда қарапайым қалпынша өтіп жатқан сияқты әсер береді. Бірақ олардың ішкі жан дүниесінің күрделене түсу барысы жазушының баяндау тәсілі арқылы оқырман жүрегіне жол табады. Қазақ қауымының өзге ұлттармен араласу тұсындағы кісілік келбеті, адамдардың парасат болмысы нәзік суреттеу, қазақты ұлт ретінде сақтайтын басты ұстын не нәрсе деген өзекті сауалға жауап іздеу – кітаптың негізгі арқауы.

Ш 4702250201-07 7-2004
408(05)-04

ББК 84 Қаз 7-44

ISBN 9965-693-12-9

© “Жалын баспасы” ЖШС, 2004

Ж А Ң Ғ Ы Р Ы Қ

I

Жиырманшы ғасыр бел ортадан ауа бере солтүстік жарты шарда әлденеше қайталанған қатты қыс дүниені қақырата қарс айыратындай қаңарына мініп алды. “Жер әлемді мұз басып келе жатыр”, – деген қаупін Батыс жаратылыстанушылары баспасөз бетіне жариялап та жіберген еді. Құдайсыздар қоғамын орнатуға құлшынып кіріскен құрлыққа барабар аумақ оған селт ете қоймады.

Жаратқан иеге құлшылық қылудан жаңылмаған, аруақтар мен әулие-әмбиелердің алдынан қия өтіп көрмеген ата қазақ ғұрпы сіңіріне ілініп, үзілуге шақ қалып тұр. Қырғыз деген жанама атынан құтылғанына арысы отыз, берісі жиырма жыл. Қиыр жайлап, шет қонған қазақтарды Америка үндістерінен, Австралия аборигендерінен айырмасы жоқ деп санайтындар әлі жыртылып-айырылады. Отырықшылыққа жаңа-жаңа көндіккен өздерінің дуалдан соғылған тоқал тамды ауылы ретсіз орналасқан қиқы-жиқы, жұпыны, жатаған, ешкінің асығындай бөкене. Шатыры қамыспен жабылған санда бір ұшырасатын шошақ үй көзге сонадайдан оттай басылады.

Өздері және жау алатындай ата-ата бойынша қоныс тепкен.

Орталық Азияның оңтүстік-шығысынан ірге көтерген Алматы аппақ қырау жамылған ағашқа көмкеріліп тұр. Ақ қар, көк мұзды Алатаудың найза шоқылары оқшау қыдияды. Қалаға тұмсық тіреп тоқтаған сілемдердің жон-ойпаты етек-жеңі кең аппақ тонының шалғайы далақтап, жағасы жайлауда жүретін ақкөңіл кісінің кейпін

еске салады. Мықынынан омырауын тұтас ала кеңірдектеп тырмыса өскен шырша алып таудың молынан оранған белбеуіне ұқсап алыстан қарауытады.

Қаланы бүкіл көлденеңінен бір-ақ қиятын ұзыннан-ұзақ көше – Бас арық. Жаздың жадыраған мезгілінде соның құлақ-құлағынан ағытылған су төмен қарай құлдыраңдап жарыса ағып жатады. Дәл осы көшеге ұлт ойшылының есімі берілмекші деген сыбыс шыққалы да біраз. Зәулім ескерткіші де тұрғызылады деген әңгіме тегіннен-тегін айтылмаған шығар. Көзінің тірісінде-ақ дабысы алысқа тарап, ауыл-аймақты жайына қалдырып, ақсақал ақынның атына тұтас бір қала бұйырғалы – адам абыройының аспандап кететініне таңдай қаға таңырқасқандар қаншама. Қарт кісінің басына қонған бақты жарылып кете жаздап қызғанған кей пақырлар: ел кезіп жүріп нәпақасын айырған қайдағы бір шалдың ұлы адам боп тарихта қалатынына ақылдары жетпей быт-шыт болғаны сонша ...алды жынданып тынды, арты қайыр сұрап, таңдайларын заһар суымен жібітіп жүргендерін өз көзімен көргендер бар. Міне, сол қарт ақын көшесі адамзатты тыныш қоймай екі тапқа бөліп жіберген ілім атасы – қаба сақалды кісінің есімі берілген көшемен қиылысады. Тап осы маңда орналасқан кеңседе қызмет істейтіндер көбіне қазақтар. Осындағы кірме жұрттың көзіқарақтылары олардың сырт порымдарынан жабайылықты айтпай аңғарады. Бәрінен де бұлардың далада жүргендей талтаң-талтаң басатындарына қайран. Күн сайын кездессе де есіл уақыттың көбін аман-саулық сұрауға тегін жіберетіндеріне тіпті айран-асыр. Қазақ жайында сан түрлі сайқымазақ әңгімені ойлап шығарып, шет жағалатып кейбірін құлақтарына жеткізген де көрінеді. Әуелі құдайы қонақ боп келіп, соңына қарай біржола тұрақтанып қалған олар ертоқымын бауырына алып тулаудың орнына – қазекеңнің қарқылдап тұрып күлгендеріне не істерін білмей сасып қалыпты деседі. Дүниенің алды-артын болжап ақыл тоқтатқан бұлардың білуі бойынша сезімін тат басқан, нәзіктігі шамалы ел әсілі өйтпейді. Өздерін місе тұтып қоймайтын астамшыл пиғыл иелеріне қазекең осы мінезі арқылы селкеу түсіріп, екідай халге душар қылып қояды екен.

Жиыrmасыншы ғасыр белортадан ауысымен экватор белдеуінің маңайындағы елдерді салқын ауа ағысы жайлап алып, сынап бағанасы он градустық жылылыққа дейін төмендеген. Бодандық бұғаудан енді-енді босай бастаған елдің жүздеген адамы содан-ақ жаурап өліпті хабары құдайсыздар қоғамын орнатуға жанталаса кіріскендерді күлкіге қарық қып, біраз сергітіп тастауға жарады. Іргедегі ала тақиялы өзбек туғандар болымсыз суықтан құты қаша бүрсендеп жүргендерін естігенде қашанғы дағдысы бойынша қазекең миығынан күліп қана қойды.

Жұмыс аяғына қарай қаба сақалды кісі мен қарт ақын есімін иеленген көшелердің түйіскен тұсындағы кеңседен Заңғар Сардарбекұлы шығып келе жатты. Қаракөл тұмағы мен жағасының жұмырланған қошқар мүйізді салалы өрнегінің әрбір сайы тұп-тұнық қаражасыл реңкте көз жауын алады. Дәл осы қалпынан жасына лайықсыз үлкендік сезіледі. Жан-жағына едірейіп қараған мезет алтын жалатылған көзәйнегінің жиектері жалт-жұлт етіп шағылысып өтеді. Жұқалтаң келген аққұба сопақ жүзі әлденеге түйіле қадалған сәт дүние парқын дереу таразылап айыратын алғыр өткірлік байқалады. Көлденең кезіккен өткіншілердің біріне де зер салып қарамастан Сталин даңғылына қарай салып ұрып келеді. Бауыры аппақ ұлпадай түксие салбыраған қап-қара бұлттар сендей жөңкіле көшеді. Мұржалардан будақтап шыққан көкала түтін әлгі бұлттарға өңмендей ұмтылып, саңылау-саңылауынан қойындаса сіңісіп, бітісіп кетіп жатыр. Ақ қырау шәліні тұмшаланып алған ағаш біткен айғыз-айғыз діңдерінің сай-сайына шық тұрмай үңірейе қарауытады. Бұл сұқпыттары нұры тая оты өшкен көздерді елестетсе де жанына жақын тұтып, солай қарай назарын әлсін-әлі аудара берді. Жарықтықтар жасаурай бұлдыраған жанарларымен: “Мынау әлгі Сардарбектен қалған жалғыз тұяқ екен ғой”, – дейтін кейпін әкеледі. Тілеуқор қормалдықты аяқ астынан сезініп, жүрегі шым ете түсті. Ойша қара тұтқанның өзінде түсініксіз иектеген күйден көңілі босайды. Сондықтан тез серпіліп, жылдам-жылдам басты. Денсаулығы кінәратсыз, көкейі тұнық. Алдағы күнге дегбір таппай алып ұшатын көңілі адуын. Сөзге жетіктігіне бек сенімді. Заман дұрыс келе жатыр деп есептейді.

Әшкереленіп жатқан космополиттер ғана қауіпті. Лаңы көбейіп, соңы былығып кете ме деп қорқады. Бірталай кісіні абақтыға жауып тастады деседі. Өн бойын қалтырата тоңазытқан діріл жүгіріп өтті. Өзін олардан алыс, еш қатысы жоқ деп есептесе де көкірегіне ұялаған үрей дегбірін алып жібереді. Педагогика институтындағы аты мәшһүр ғалымды өткенде біраз бақылаған. Бұрынғы паңдығынан жұрдай. Төртпақ бітімі жұқарып, өңі құп-қу болып кетіпті. Үлкен көздерін қарсы алдына алақтата тастап, тоқсандағы шалдай кібірткік-кібірткік басады. Бір келген қиындыққа бұлайша сыр беріп қойғанына таң. Әлденеден секемдене селт еткен Сардарбекұлы ту сыртынан қатқыл назар қадалып тұрғандай құты қашты. “Әуезовтің басына да бұлт үйірілген дей ме?” Шағын денесін тіп-тік ұстап, салмақпен асықпай басатын кісі қап-қара тұнық көздерін сәулелендіре үйіріп тастайды. Қазақ ұрқына көп келіңкіремейтін қараторы өңі күрең бояу жүгіріп құбылса да оқыған-тоқығаны мол мағыналы тартымдылықтан өзінен-өзі төменшіктейтін әдетін бұл тастай алмай-ақ қойды. Иығына ыңғай Алматы ғұрпынан өзгеше түсі ашық бұжыр-бұжыр матадан тігілген пиджак іледі. Аудиторияға кірген бойда орындарынан атып-атып тұрған студенттерді барлап біршама бөгеледі. Өңін жайдары қып тұратын жымыиысы өшіп, кейде қабаржулы қабақта келеді. Сөйлей бастағаннан-ақ кескіні алаулай шымырлап, демде жайма-шуақ тарта қалады. Бір кезде әбден жанып біткен шоқтай салғырт тарта түскен райы пақыр басырлықтан көрнеу жерінген кесірлі кінәз қалыпқа көше қоятын секілді. Өзгелер сондайда өздерін қалай сезінетінін кім біліпті, бұл оның жан баласын місе тұтпайтын астамшылығын аңдағандай болады. Аудиторияны аралап келе жатып, бірде мұның тұсына қалт тоқтай қалғаны бар. Аса кең маңдайынан ары шегініп кеткен қасқасы ақыл-ойдың кемелдігін әйгілей түсетін басты белгісі тәрізді. Әуезовті жатсынған түсініксіз түйсікпен жасқаншақтап көтерілген бұған көздерін сынай кідіртті. Ер адамға тән емес мөп-мөлдір қарашықтарының жалт еткен сәулесі өңменін түйрей қадалды. Өн бойына тараған күйлі-мұңлы сезім жан жүйесін сыздатып өтті.

– Үйірге ертерек қосылған арқардың құлжасындай ойың басқа жақты кезіп кетіпті ғой сенің.

Жұрттың ду күлкісі біразға дейін басылмады. Әлде бір жай ойына сап ете қап езуіне ұйыған жымыс жым-жылас жоғалып, назарын пәс төмен түсіріп жіберді. Қоңырқай реңі томсара, қалың еріндері өкпелеген баладай бұртиып кетті. Үлкен кісінің сол жолғы түңілісті кейпі Сардарбекұлының әлі күнге дейін көз алдында. Әуезов басына зобалаң төнгенін естіген уақытта қыбы қанған күй кешкені тіс жарып ашпас құпиясы. Алматының аса суық кешінде жаяулап келе жатып: “Жазушы, ғалым, ғұлама болса өзіне. Керек десеңдер, мен одан да асып түсемін!” – деді. Өзін-өзі ұстай алмай, осы бір ойын жар сала жария еткісі келіп, өршелене құшырланды. Пішімі кең-мол етжеңді келген Сәбит Мұқанов қайта етжақын кісісіндей. Дөңгелек бүйрек беті жайыла күлгенде терең сайланып, қос шырағы нұрлана күлім қағады. Өңіндегі жайма-шуақ көпке дейін сейілмей, осы қазір мерейінді өсіріп, есіркеп тіл қататын секілді.

– Сен осы Жамбыл ауылының баласы емес пе едің? – Жүрегі май ішкеннен кілкіп тұрғандай қарлығып шығатын даусын кілт үзіп, қабағын қинала шытынды. – “Сенің төтең” деп анау Ғабит мені мазақтауын қоймайды.

Сардарбекұлы одан аса бір құпия жайды сұрауға әлденеше оқталып көрді. Немере ағасының есімін ести сала тұра қашса тағы ыңғайсыз. “Бүгін көшеде жұрт саябыр ма, қалай?” – деп ойлап, жан-жағына қаранды. “Кешкісін Алматының исі қазағы опера театрына ағылатын әдеті еді. Мына суықтан қорқып, үйлерінде тығылып жатыр ма екен?”. Өткендегі жабайылар деген атқа қалғаны жарамады. Сыймай сыртта топырлап қалған жұрт бір кезде есікті сындырып ашып, өңмеңдеген бойда ішке лап қойды. Бәрін апырып-жапырып тапап өтетін күшті екпіндері алдыңғы орында қаз-қатар тізіліп отырған игі жақсыларды желпіп жібергенге ұқсайды. Дөкейлердің үрпиісе қарасқан назары шеткерірек тұрған өзіне ауғандай қуыстана бастады. Ақбоз атпен жарқ етіп Құрманбек шыға сап шырқата жөнелмегенде қолайсыз күйден бұл әлі құтыла алмас еді. Құрманбек жиырма бестегі жұтынған жігіттей. Жалт қараған кезде үлкен көзінің аласы ұлғайып, қарашығы ойнақшымастан шарасынан шыға шақшияды. Қарсы тіл қатуға жан баласының жүрегі дауалап бара алмайтын сесті айбын сахнадан тысқары жерде жайдары,

жұмсақ деседі. Қалқып басып Күләш шыға келген кезде үр қызы лебінің діріліне дейін сезілетін сілтідей тыныштық орнай қалады. Даусын тамылжыта созып барып қалт тоқтап қиыла қараған сәтте мөлтілдеген түп-тұнық жанары әнтек қылилана назданады. Құрманбектің алақ-жұлақ еткен ересен екпініне кішік қалпынан жаңылмай сынық жауап қататын Күләш қылығы қазақ баласының жүрегін езе, ішін уылжытып жібереді. “Күләшті тап басып таныған Жәкең мықты ғой, жарықтық”, – дегенді қалай дауыстап айтып қалғанын өзі сезбеді.

– Зәке! – Маңдайы тасқа тигендей қалт тоқтағанда қарсы алдында ыржиып тұрған жерлесі Бегімбетті көрді.

– Иә, аманшылық па? – деп, салқындау тіл қатты.

– Көп үйдің қалқасында бүрсендейміз. Малдағы елдің көрген күні не боп жатыр екен?

– Үкімет өлтіре қоймас, Бегімбет.

Суықтан кіреукелене жасаураған жерлесінің көзі алайып, түгі сыртына шыға үрпиген ұсқыны тоңғаннан бөлек көңілі қалған құлықсыздыққа ұрынғанын байқады.

– Осы арадан Болатбекпен кездесеміз деп келісіп едік, сабақтан шыға алмай жатыр ма, жоқ қой.

Дірдек қаққан Сардарбекұлы тағатсыздана:

– Оның кім еді? – деді.

Дағдара таңырқаған кейіпте абыржи қараған Бегімбет:

– Қызметіңіз өсейін деген-ау, шамасы? – деді.

– Қайтеді? – Сардарбекұлы емексі ұмсынып қалғанын өзі де сезбеді.

– Болатбекті ұмыта қоятындай уақыт болған жоқ еді дегенім ғой, әншейін.

Сазара тосылған Сардарбекұлы қарсы алдындағы қошқыл түсті жігітке жатырқаған я шошынған кейіпте тесіле іркіліп, ләм-мим демеген күйі жалт бұрылып өз жөніне кете берді.

“Өле алмай жүріп кекеткен несін алған екен, бейшара”, – деді былай шыға бере тістеніп. Қатты шамырқана жүріп келеді. Қанша жерлесі болса да осы біреуді суқаны сүймейді. Бұдан былай көкесін танып жүру үшін жаңа тыйып тастау керек пе еді. Сұрына қарағанда, мынауың жан ауыртатын сөз айтудан тайынбайды-ау.

Жылқы етінің былқып қайнаған аса дәмді иісі мұрнын жарып өткенде әлгіні өзімен бірге ертіп келмегеніне өкінді. Таңсық тамақтан бір тойдырып жіберіп, сауабын алғанда болатын еді. Бәрін әзір ғып қойып, мұның келуін ғана күткен шешесі “Жұмбақ жалауды” оқуға кірісіпті. Анасының осы әдеті өзіне қатты ұнайды. “Алматыда ақ нанды жамбастап жатып жейді дегенді естіп едік. Азаннан қара кешке дейін кітап оқыған деген сұмдықты кім көріпті”, – деп, ауылдағы ағайын сан-саққа жүгіртіп, құйқылжыта сөз қылатынын да естіген. Шешесінің сопақшалау біткен маңдайы ғана сынын біршама бұзатындай. Өз кескінін айнадан шолған сайын басының жоғары жағы айнымай со бойы қайталанғанына көңілі едәуір пәс тартып қалады. Ақыл-ой ыдысының тарлығын көрнеу әйгілеп тұрған кемістік сияқты. Өзіне үңіле түсіп қараған сайын пішіні қалмақы екеніне көзі жетеді. Әлгіндегі Бегімбет тұрпаты өзгеше. Күлген уақытта бетінің шұңқырларына жылылық құйылып, мөлтілдеген қап-қара көзі мұңдана жаудырайтыны елестеп өтті. Иттің тек оңдырмай қағытып кеткені жарамады. Болатбек дегеннің Алматыда кемінде жүзі бар шығар. Тамаққа келе жатып айна алдына еріксіз кідірістеді. Маңдайына түскен шашын қайырып тұрып, анасы жаққа көз қиығын тастап қойды. Мұның осы дағдысын анық жақтырмаған қатқыл назардың уытын жайсыз сезінді. Атақты қайнағасының “Өр келін” дейтіні тегін емес шығар, бәлкім. Еңсесін тіп-тік ұстап, баппен асықпай басады. Ұсақ-түйек дегенге көп араласпайды. Қазір де назарын бір нүктеге қадап барып селт ете басын көтерді. Қой көзінің нұры тайған солғын сәулесін мұның өңменіне бір мезет діттетіп, жүзін бұрып әкеткенде, екі жағы қушыып, әжім сызықтары терең түскенін аңдады. Көп ашылып-жарылмайтын тұйық болып барады. “Сонда ненің уайымын жеп жүр?” деп ойлағанша болған жоқ:

– Ауыл күндерін қайтып көріп жатыр екен, хабарың бар ма? – Мұның қолында құдды жіптің бір ұшы тұрғандай емеурініндегі жазғыруды түсінбей дал. Ауылдың қамын жей бергенше, бір уақ жанбағысты ойламай ма. Бағанағы Бегімбеттің сөзі де ауылға сайды. Бәрінен кекеткені жанына қатты батты. Тілі мен жағына сүйенген ділмәр неме бара-бара зарзаман шалдан аумай қалар. Ауыл-

ауыл деп шеттерінен емешектері езіледі. Қырғын келіп жатқандай, бәрінің не білгендері бар сонша.

– Он шақты күнге барып қайтыңыз, апа. Мен бірдеңе ғып күнімді көре тұрармын.

– Ауылға барып жатып алсам, тамақ аңдып келді дей қоймас. Бәрібір байғұс көндіге алмай жүр екен деп ойлайды, – деді шешесі көзінің астымен ұзақ тесіліп.

– Ондай да мәнақасы бар ма еді.

– Іргені бір қозғаған адам ескі жұртқа абайлап, сыйымен баруы керек.

– Керек болса, базарлықты молынан алып берейін. Сонда ұялмайсыз.

– Балам, өңкей қыздардың арасында өскен саған көп нәрсе қиын тие ме деп қорқамын. Қу қарлардан жұққан әдеттен аулақ болсаңшы, әйтеуір. Жан-жағың анталаған көз.

Бір ауыз сөзге бола шешесінің қатты кеткеніне Сардарбекұлы аң-таң. “Мұныңызды қалай ұқсақ екен?” – деп, дүрсе қойып сұрауға бір оқталды. Қойқаптағыны түбірмен қопара қозғап, басын қаңғыртып, даң ғып жіберер деп қауіптенді.

– Балам, сен ренжіме. Өңкей қыздардың арасында өскен бала көңілге қарағыш, елжіреуік келеді. Қыз деген сайтан, бәрін аңғарғыш. Еркек бала ештеңені елемейді.

Таныс-біліс деген қыздардың арасынан аңғарғыш қасиетті көп байқамаған екен, қараса. Лекция үстінде әркімді бір түртпектеп тыныш отырмай қойған қызға қатты ашуланған Әуезов: “Күзеген байталдай неме екенсің”, – деп ұрысқаны ойына сап ете түсті.

Содан кейін әлгінің ұсқынына байыптап қарады. Шорт кесілген шашы, әлеміш бояулы қасы-көзі құйрық-жалы күзелген байталдан аумайды. Еріксіз мырс етіп күліп жіберді. Мұны қапысыз бағып отырған шешесі:

– Сен тыңда ! – деді. – Алматының дүнген, тараншы, ноғай қыздарымен қуыршақ ойнайтынбыз. Қаршадай-мыз, атамыздың басқалығын тағы білеміз. Тараншы мен ноғайдың әдемі жігіттеріне көз салып қоямыз. Бірақ өліп-өшіп қызықпаймыз. Ертеден қара кешке дейін тіршілікті ойлай беретіндердің бойында жылу аз бола ма, кім білсін.

Алматыға бұрыннан қоныстанған қазақтардың өзінен артып тұрғаны шамалы. Рас, тұрпаттары сәл өзгешелеу. Бет терілеріне дейін жылтыраған бозаң, қимыл-қозғалыстары нәзік, оралымды. Адамды көп жатырқамаса да, жүрекжарды әңгімеге бара қоймайтын сырға берік, ұстамды. Қайта осындағы балалар үйі мен интернатта өскендердің көбі бұзақы. Өздерінің және қазақылығы аздау, орысқолды болып келеді. Шешесінің өне бойғы әңгімесінің дені бұрынғы Алматы. Аузынан түспейтіні тағы Медеу, оның күйеу баласы – Сқақбай.

– Осы анау Қонаев дегендерің Сқақбайдың приказчигі болған Ахметтің баласы емес пе екен. – Шешесі кімді де болса тап осылай ернінің ұшымен сұрауға хақылыдай паң.

– Сізге керегі приказчик әкесі ме, жоқ дөкей ұлы ма?

– Ұлын білем ғой. Дәу жігіт болғанында бір көріп едім. Бекер обалы не, қалбалақтап жаны қалмай амандасқан, – Даусынан түсініксіз толқынысты аулаған замат жалт қарады. Шешесінің жүзі бозаң тарта құбылып, бұған назарын алайта тастағандағы қарашығынан жылт өткен қызғылт ұшқын тым суық. Анау-мынау емес, Қонаевтай мәртебенің өзі мұның шешесімен жаны қалмай амандасқанына сенер-сенбесін білмей дал күй кешіп:

– Талпынып жүрген балаңа қолдау жақыннан табылатын болды ғой, апа, – деді.

– Бәрі құдайдың қолындағы іс, олай дәметіп үйренбе, балам.

Бұл дереу “болдым” деген ишара жасап, орнынан жұлқынып тұрып кетті. Бір мезгіл тәубесіне келіп қою деген болмай ма. Қастек, Қаскелеңнің кімі бұл құсап қызметке араласып, Алматының қақ төрінен ойып тұрып үй алыпты. Қыздарының қолына жаудырата қаратып қоймай көшіріп алған ерді айтпай ма.

– Мұсылман баласы емеспісің, тамақ ішіп болған соң ас қайырып үйрен деп қашанғы айтам.

“Сол мұсылман емеспін ғой”, – деді ішінен жауап қатып. Осы кісінікі не әдет, не болса содан ілік іздеп, шырық бұзады. Енді қараса, қазымырлығы жоқ кісідей шұқшиып кітап оқып отыр. Адамдардың дабыр-дүбірі сырттан еміс-еміс естіледі. Жадыраған жаз мезгілін еске салатын ашық-жарқын үндер, қыздардың сыңқылдаған аракідік

күлкісі көңілін құйқылжыта тербеп өтеді. Жұрттың суықты елемей, көшеде қыдырыстап жүруі әжептеуір дәтке қуат. Үйдің тұсынан өткен трамвай іргені солқылдата тітіретті. Сақылдаған қатқыл дыбысы аязды түннің суық ауасына сіңіп, дүңкілдей құмыға жетеді. Қамкөңіл хал иектеп, момақан сезім жанын болымсыз жабырқатады. “Тегіне тартпай қоймайды екен ғой. Сардарбектің жалғыз ұлы жақсы азамат болып өсіп келе жатқан көрінеді”. Осыған ұқсаған көсем лебіз тіс жарып шықса бітті, жұрт оны ары қарай іліп әкетер еді. Шешесі мұны сабасына түсіргісі келіп: “Сен асықсаң да, құдай асықпайды”, – дейді. “Ата-баба әруағына сыйын, қорғап-қолдап, желеп-жебеп жүр де”. Отыра-отыра жалығып, шешесі салып қойған төсекке қымтанып жатып қалды. Елегізуден құтыла алмай көз ұясына сұрапыл сұғынған түйіршік аңғалағын тырсыта керіп, жарып жібере жаздайды. “Бүйтіп өзімнен-өзім таусылып жүргенше үйленгенім дұрыс шығар. Кімге?” – деді кенет. Дөкейлердің үлбіреген қыздары адам екен-ау деп назарларына іле қоймайтындарын талай байқады. Жөн сұраған кезде жауап та қатпайды керек десең. Аспаннан салбырап түскендей шеттерінен. Қаршадайымнан Алматыда өстім деп шешесі мақтанғанда мірдің оғындай. Мұның түздік әкесіне қалай тап болып жүр? Жұрт осы бірін-бірі қалай тауып, қалай қосылады екен? Шешесі о дүниелік әкесін “шал, шал” деп місе тұтпай, екіұшты айтатын тәрізді. Ескі көздер бірінің аузына бірі түкіріп қойғандай түгел: “Сардарбек жарықтық қайырымды кісі еді”, – дегеннен артыққа баспайды. Арғы аталарының шапқыншылық заманда батырлық жасағанын құлағы еміс-еміс шалған еді. Шалдардан сыр тартып суыртпактата сұрағанда мандымды жауап ала алмады. Шешесі одан мүлде мақрұм. Алда-жалда Медеу сөз бола қалса, бәйге атындай аңқылдап дес бермей кетеді. Орыстың жақсысы мен жайсаңдарынан қаймықпай өзін тең ұстаған дей ме. Алматының қақ ортасынан саңғыратып зәулім үй тұрғызыпты. Күйеу баласы Сқақбайдың үйінде намаз оқып отырған жерінде қайтыс болыпты. Кезек кейде Ордабайдың Қалиына тигенде: “Алматыдан үй

алып, дәулетке тұсау салып жатырмын”, – деп күпінгенін қоймай қайталап айта беретіні қызық. Өз төркінінің Сқақбаймен ілік-шатыс жекжаттығы барын, Күләш, Шара, Қамал бәрі бір өскенін өзіне қатысы аздай жанамалатып салқындау баяндайтынын түсінбейді. “Приказчиктің баласы болғанын Қонаев әлдеқашан ұмытқан шығар. Туысқандарына өзінің жақаттығы бар ма екен?” Амандасқан кезде сырықтай бойын амалсыздан иіп, ұзын қолдарын қолапайсыз ұсынады. Бұрындары мұрны үп-үшкір сияқты еді, қазір еттеніп, қоңқайыңқы тартыпты. Екі ұрты атыздана едәуір тереңдепті. Байыппен сынай қарайтын қоңыр көзінің ұшқын сәулесі өңменнен өтіп кететіндей секемшіл. Рас болса, жер дауы, жесір дауы өршіп, ушыққан бір уақыттарда үлкен әкелері мұның аталарын сағалапты деседі. Бұл сарындағы әңгімені шешесі естисе: “Өздері де өсіп-өнген ата, мал-жандарын қорғай алмай не көрініпті”, – деп дүрсе қоя жөнеледі. Қонаев түбінде бұдан да жоғары барады. Есепке жүйрік қулар оның елінен қыз алуды ойластырып жатқан шығар. “Ыстының қызы бәріне бірдей жете қоймас”, – деді кекесінді мырс етіп. Қытайға өтіп кеткен Сқақбайдың өрен-жаранынан осында қалды ма екен? Соның саясының тие қоюы екіталай. Біреуді сағалап жағаламайынша тасының өрге домаламайтынын шырт қараңғы түнде ойлағанға бола ұйқысы шайдай ашылып кетті. Шұбырып келе жатқан көп күндердің тізбегі ширатыла есілген сағымдай бұлдырап елестейді. Көңілі қоңырая пәс тартқан Сардарбекұлы таңды кірпік айқастырмай атырды.

II

Сардарбекұлын көзімен бірталай аралыққа ұзатып салып тұрып:

“Мұның қолы бірдеңеге жетсе жан баласын пысқырмай кететін түрі бар-ау”, – деді Бегімбет. Шағын денесін тіп-тік ұстап, шалқая алшаң-алшаң басады. Жұрт мұны қыжыртып, сыртынан сөз қылатынын өз құлағымен талай естіген. Мәскеудің кинорежиссер оқуын тауысқан әпкесіне дейін: “Соның тұрған бойы комплекс”, – дейді

есімін естіген жерде. Екеуінің бойынан бәрібір ұқсастық табады. “Ана біреу суырдың айғырындай тәштіген неме ме”, – деп мұны шешесі де ашық жаратпайды. Жеті ата, жетпіс жеті пұстысынан бермен ақсүйекпін деп кергіген несін алған екен.

– Беке, қатты ойланып кетіпсіз ғой? – Бауырының жайбасарлығын елемейтін. Қақаған қара суықта адамды тосқызып қойғаннан бөлек, осының кесірінен Сардарбекұлына жолығып қалғанына жыны ұстады.

– Беке, көп күтіп қалдыңыз ба?

– Сені Сардарбекұлы танымайтын болып шықты.

Өзін Сардарбекұлы танымағанында тұрған не бар, Болатбек соған таң-тамаша.

– Естідің ғой, Сардарбекұлы сені танымайтын болып шықты, – деді де кідірместен бұрылып жүре берді. “Беке, Беке” – деп, соңынан тұра ұмтылғанына да қайырылмады. Еркінен тыс қызбалыққа барып қойғанынан бір жағы қысылып та келеді. Болатбектің мұндайда қуып жетіп, не боп қалғанын сұрауға сәуесі жетпейтіні қандай жақсы. Еңтігіп келіп тоқтаған қорап автобустың толысына қарамай ішіне қойып кетті. Қағып-соға өңмендеп кіргенін жақтырмаған орыс әйелдері бұған ажырая қарасты. Кірбің ұялаған салыңқы қабақтарынан жұмыстан жаңа шыққандары білініп тұр. Сан нұсқалы әлпеттердің арасынан оңашалау жайғасқан екі қазақ әйелінің жаутаң жүздерін көзі шалып қалды.

– Джигит, садись с нами, – деп, шүңірек көзді ат жақты әйелдің есіркей тіл қатқанына бірталайы жамыраса күлді.

“Бұл не мазағы? Ауылдан жаңа келгенге ұқсаймын ба?” Әпкесі қоймастан өне бойы айтатын комплекс деген бәле, әлде осы ма. Сардарбекұлы қайдан жолыға қалып еді. Ештеңеге құлқы шаппай, бейхабар күйі тұрды. Кішкене өрсымалдың өзіне шыбын жаны шырқырап әрең көтерілген автобус қақалып-шашалып барып солқ етіп тоқтады. Секіріп түскен жүргізуші капотты ашып қалғанда шапшыған бу көлегейлей тұтылған шымылдыққа ұқсап, бейнесін көрсетпей қойды. Жүргізуші анадай жерден қарды көсіп-көсіп алып, бұрқ-сарқ қайнаған радиаторға кесек-кесегімен лақтырды. Жуыр маңда қозғала қоймайтынына көзі жеткен Бегімбет дәл осы арадан түсіп

қап, үйіне қарай жаяу тартты. Шешесінің ыңғай айта беретін “Бейсауат жүрме, қаптаған шпана” ескертпесі ойына сап ете түскенде, мырс етіп күліп жіберді. Жасы келген адамның “шпана” дегені біртүрлі қызық естіледі. Көктөбеге қарай өрлей қоныстанған шатырлары қидиған үйлер ыздиган бір-бір Сардарбекұлын елестетеді. Тас бекітілген қақпалар меймандос жылы шырайдан жұрдай безере қарауытады. Айнала төңірегінде қара тұтар түк жоқ. Суық қыстың шымырлап қонақтаған ымыртында қаңғырып жүрген не қылған қазақ деген қатқыл назар тура көкжелкесінен төніп қадалып тұрғандай. Сырт сұсымен қалт жібермей қапысыз бағып, тиісті жеріне дейін ұзатып сап келесі біреуге мұқият табыстайтын жорасы бардай. Өне бойы заманақыр орнатып, таусылып жүретін Әлихан: “Алматының аты ғана біздікі”, – дейді күйіп-пісіп. Әлихан бейшара бұл жақта орыс иісінің аңқып тұратынын баяғыдан білген екен-ау. Бейуақта жалғыз-жарым кім жүріп көрген. Алаңы ашық орынға салынған анау екі қатарлы үйден ары-бері өткен сайын қазақтардың қарасын көретіндіктен шығар, көзге жылы ұшырайды. Тауға қарай тіке екі квартал өрлесе, тура жаңағыдан аумайтын үйдің бұрышы бұлардың құтханасы. Шешесінің екі көзі төрт болып, мазасы кетіп күтіп отыр-ау. Асығып ылдым-жылдым басқан сайын жұтқан ауа кесек-кесек мұз боп ішін тоңазыта қарып, өн бойын қалтыратып өтеді. Ыстық тамшыларды әлдекім бүркіп қалғандай бетінің ұшы дамылсыз дызылдап, шымылдайды. Осы кезде қарама-қарсы шыға келген екі адам бір жағына бұлт етіп ығысам дегенше әй-шәй жоқ қағып өтті. Анадй жерге тайып барып жөнделді. Сәл аралыққа ұзаған екеуі кенет қалт тоқтап, бұған ошарыла қарасты.

– У нас что, бараны водятся?

– Одна палка, две струны, я хозяин всей страны.

– Да, прошу любить и жаловать, я хозяин страны, – деді даусы қалтырай шығып.

– А, ну-ка, получше разберемся с хозяином.

Екеуі бірдей тұра ұмтылғанда, бұрыштағы үй қоршауына арқасын бере селтиіп қатты да қалды. Қараңғыда қайсысының бірінші ұрынатынын айыра алмай, алақ-жұлақ етеді. Өңмеңдеп жеткен еңселіге жұдырығын

сілтеп үлгергенше көзінің алды жарқ ете түсті. Шағылған шақпақтан қылаулай ұшқындаған қызыл жолақ сызықтар тарамдана жалтылдап барып үзіліп, заматында қара түнек басты. Екінші соққы тура қолқасынан тигенде, тынысы біте екі бүктетілді.

– Хозяин наш оказывается очень щупленький, – деп біреуі бүйірінен теуіп кеп қалғанда, бір жағына серең етіп құлады. Мұнша өшпенді соққы қабырғасын күйретіп, қолқа өңешін жұлып әкететіндей сұрапылдығын ойлап үлгерді. Тілсіз дүлей тепкінің астында ішін қыздырып тұрған жылу өзек опырыла сынып, азынаған жел өн бойын кеулей жөнелді. Бата да қата тигеннің зақым азабынан ашу, намыс, кек дегендер бу боп бір жаққа ұшып кеткен сияқтанды. Бауыздайтындай шашынан уыстай ұстап шалқайтып, кеңірдегін бүріп мыжып-мыжып жібергенде жұтқыншағы жігінен ажырап, шымылдап аши бастады. Қатты ашыған дәмге араласқан арақ иісі мұрнына мұңкіп жетті. Шаң-шұң айғай аяқ астынан шыққанда сылқ еткізіп мұның басын тастай салды. Тұмсығымен қарға шаншылып түскенін білді. “Ой, бедненький” дегенді ап-анық естіді. Есі кірелі-шығалы тәрізді. Бір-екеу қолтығынан ұстап тік тұрғызды. Анадая жерге ұшып кеткен бас киімін әкеліп кигізіп, үстін қақты. Шешесі құралпы орыс әйелінің үйіріліп қасынан шықпай мүсіркеп тіл қата беретіні көңілін тербемейді. Туасы сезініп көрмеген қорынудың өзіне хақысы азайып қалғандай біраз уақыт ербиіп тұрды да қойды. Өлтік-тәлтік басқан мұның қарынан тас қып ұстап алған қартаң әйел тынбай сампылдап сөйлеп келеді. Жаңағы екеу Сібірге жер аударылып қайтқан казактардың балалары көрінеді. Соғыс уағында өздерінің осында қоныс аударып келіп, біржола тұрақтап қалғандарын айтып үлгерді. Аса құлық қоймаса да сөздері өзінен-өзі көкейіне тоқылып жатыр. Етқызумен басында сезбепті, жұдырық тиген жерлері дуылдап, шаштарының түбі қан ұйып қалғандай удай ашып, томырыла ауырады. Қол қатты батқан шеміршектері ойылып түсіп, опырылып сынғандай жұтқыншағы қозғауға келмей жанын көзіне көрсетті. Әлжуаз бейшаралығынан қорынған сезім зығырданын қайнатқаннан басқа шарасыз. Тап мына сұрын көрген уақыттағы шешесінің күйін көз алдына әкеле алмай

әлектенді. Көзінің қиығын ғана тастап, бір ауыз тіл қатпайтын әпкесінің салқын шырайынан жүрегі дауаламай тосылады. Подъезд есігін бейтаныс әйел ашып, қолтығынан сүйемелдеп мұны ішке кіргізді. Жазатайым қаратүнекке қойып кеткен зағип адамдай қаңғалақтап басты. Әй-шайға қарамай бір кезде есікті қойғылап жіберген әйел қылығының нойыстығынан қатты қуыстанды. Әпкесі басын қылтитты. Ар жақтан түскен болымсыз алакөлеңке жарықтан кім екенін айыра алмай:

– Сізге кім керек? – деді-ау шамасы. Мән-жайды баяндай бастаған әйелге қарайламай тәлтіректеп кіріп келе жатқан мұны көргенде, көздері шарасына сыймай бағжиып кетті. Оқыс шыңғырып жіберіп, аузын баса қалды. Осылай қарай тұра ұмтылған шешесімен соқтығысты. Ұлының қызыл ала қан ұсқынынан шошынғаны сонша, кескіні құп-қу боп, мөлтілдеген көздерінен ытқып-ытқып шыққан жас із тастаған бойда төмен қарай тоқтаусыз саулады.

– Құдайым-ау, маған көрсеткенің аз ба еді. Жалғызымнан айырсаң күнім қараң қалмай ма? Жер басып жүре алмаймын ғой мен бейбақ! – Шешесінің бұлайша жылағанынан Бегімбет қатты састы. Назарын амалсыз әпкесі жаққа тастады. Пішінінің болжаусыз сынық тартқанын көкейіне түйіп үлгерді. Анау-мынауға иліге қоймайтын жаратылыс иесіне балайтын әпкесі кенет солқылдап жылап жіберді. Орыс әйелі әлек-шәлегі шыға басу айтып, жұбатуға кірісті. Көз алды оқыстан көлбең қаға қозғалып, секектеген көріністер ұшқалақтана ербендеп тұрып алды. Селкілдеген иықтардың қалақтай жұқалығын аңдап, ол шешесі я әпкесінікі екенін айыра алмай санасынан шатасқандай. Мұны бәрі жабылып жүріп жатқызып тынды. Бұған шешесі төне түсіп, өңіне ұзақ үңілетінін сезеді. Қинала қабағын шытынған мезет бас сүйектеріне зақым келгендей қозғалтпайды. Әншейінде ұстамды анасының жаман ырым шақырып дауыс салғанына түсінбеді. Орыс әйелінің үні әлі семетін емес.

– Аңдағы қатын зарламай жөніне барсын, мына балаға қарайық, кел. – Шешесінің қатқыл үні соққы жеген басын одан сайын шуылдата, жаңғырықтырып жіберді. Жанары түйдек-түйдек атқылаған қайнардай қарауыта шымырлап,

мазаң күйде көзі ілініп бара жатты. Шешесінің даусы шаңқ етіп оқыс шыққанынан оянды. – Бәле қуған бәлеге жолығатынын білесің бе, сен!

– Оятасыз, ақырын сөйлесеңізші, – деді әпкесі қатқыл сабырмен.

– Үлгісі жаман нәрсеге баланы үйір қылма сен!

– Қазақтың осы мінезі түбіне жететін.

– Қазақтың күні саған қарамай-ақ қойсын. Айналайын, тыныш отыршы!

Шеше даусының жыламсырап шыққанынан әңгіме біраз жерге дейін барғанын болжап: “Тек ушығып кетпесе екен”, – деп Бегімбет іштей мазасызданды.

III

Күнде таңертеңгісін Сансызбай айналасын көңілінің хошына қарай шолады. Күн бүгін бұлыңғыр. Сұрын айнадан қарамаса да түсіңкі қабақ, кіртиген көз, сапсиган сақал, еңкіш тартқан еңсе көз алдына со бойы келе қалды. Өлдебір табалағыш сырт назар өзін бағып тұрғандай қуыстанады. Сұлық түсіп жатқан ұшы-қиырсыз мынау аппақ жапан тынық шақтағы көл беті секілді. Мың-миллион сағым иірімі ширатыла есіліп, ұйтқи толқып тербетіледі. Тебіреніске толы құлақ тұна шымырлаған тыныштық. Көз ұшында ағараңдап көлбеген сонау таулар құлдыраңдаған құла дүзбен жазатайым теңесіп, көкжиекті тым арыға біржола ысырып тастағандай. Жермен-жексен жалған енді қайтып оянбас ұйқыға кеткендей тылсым меңіреу.

Алып ақ жайманың үстінде қара жыландай ирелеңдеген пойыз дыбысы сыртқа шықпай, ауаға жұмсақ жұтылып жатыр. Жота-шоқы ылди төмен құлдилаған қарақұстай қанатын жаза құдиып келеді. Тап содан жасқаншақтай сымпиған төбешік, жатаған там, жадағай қора жанұшыра жасырынып, жер бауырлап жатып алған мақұлықты еске салады. Балалардың топырақтан тұрғызған ойыншық үйі мен ауласы мынаның қасында әлдеқайда имантаразы. Бір орнынан тапжылмаған Сансызбай шыбын-шіркей секілді құжынаған сағымның жыбырлай қозғалып, кісі бейнесінде

жұмарлана сұлбаланып шыға келген мезетін күжірейген Сұрапбай кейпіне қатты ұқсатты. Қолын былғары тонының қалтасынан шығармай, мойнына тығып алған басы желке шоқтығынан аспай теңескен домбай тұрқы елестеп өтті. Тоңази діріл жүгірген іші шымылдай қызынды. “Көн шалбары көтіне қатып жүретін неме, жетілген соң кісі танымайтынға айналды”. Құрдастық базынаға салып, бұл араға қыстатпай-ақ қой деп өтініп көрді. Біршама қасарысып бақты. Қарлы-боранды күндері бұл жердің жалтаң, жалаңаш, ық болып жарытпайтынын түсіндірді. Түксиіп көзін сүзе қараған Сұрапбайдың қарақошқыл өңіне қызылкүрең бояу лыпып жүгіріп, іштен түтеген қалың беті алаулай түсті.

– Ештеңе жоқ, саған дейін де тұрып келді. Осы жерде мал аштан қырылып, қойшы адасып өлді дегенді естіп пе едің, айтшы маған. – Қияқты қыл ішекке жүгірткендей даусын жіңішкерте әуезді шығаратынына елтіп кететінін өзі де байқамады.

– Ажал дегенің өрісінді де, адамыңды да таңдамайды ғой, Сұрапбай, – деді даусын жұмсарта шығарып.

Сұрапбай шірене шалқайып, ежірейіп барып, бұған бір шекелей қарады.

– Сансызбай, құдай әркімге өз орнын лайықтайды. Мен айтақтап қалсам, сен жүгіре жөнелуге тиіссің, түсіндің бе!

Бұл әуелі абдырап сасқанын сездіріп алды. Сол сөзді тура қазір естігендей ашуы қозып, шалт қимылға баратындай тіктеле жөнделді. Бәрібір Сұрапбай секем ала үрпие қарағанын аңдаған сонда.

– Мен – ит, сенің ием болғандағы сықпытың осы екен ғой. Ей, кейкуат жазған, кеше көрген жарлы едің, бүгін байи қалыпсың ғой. Жамбылдың арқасында қатарға қосылып едің, құдайыңды тез ұмытайын деген екенсің.

– Жәкеңнің шарапаты жалғыз маған тимеген шығар. Қырғызда тоз-тозың шығып, тентіреп жүрген жеріңнен сені алдырған сол кісі болатын. Байқа, аузың бір жағына қисайып қалып жүрмесін, – деді де жалт бұрылып, машинасына қарай жойқаң-жойқаң басқан Сұрапбайдың сыртынан телміріп тұрды да қалды.

Осында жылжығалы өріске үйрене алмай елегзитінді шығарды. Қойнау-қолаты қуыс-қуыс, ықпыл-жықпылы мол қайран Аюке. Екі ұртын шұқырайта тікірейген селдір мұртын селтеңдеткен Шынтай көздерін ары-бері ойнақшыта шалықты төңкеріп, ақырзаманды орната сөйлеген сайын көңілге түсініксіз қауіп ұялайды. Сөзінің піссімпләсі жердің құты қаштыға саяды. Алдына мың жылқы салып айдаған атаның-ақ тұқымы. Онсыз да айнала төңірек жұпыны, жұтаң. Жападан-жалғыз қағажу қалған қайдағы бір қоңылтақ сезім жанын оңдырмай жүдетіп жүрген жоқ па. Сенетіндей кімі бар. Әкесінің сүйегі баяғыда қурап қалған. Екі ұлына бірдей қылша шығып, барып-келіп жатқалы қатынның қабағы келісімсіз. “Сұрапбаймен түнеукүні ұрсысқанда ақсақалдың тыныш жатқан әруағын қозғадың. Жарықтықтың кәрі балаларға тиіп кетіп жүрмесе екен, құдайым-ай”, – деп, солқылдап жылап жіберіп, көлдей етегімен көзін сүрткіштеді. Бұрын да пысықтығы артып тұрғаны шамалы еді, екі бала ауырғалы бейшара арып, олпы-солпы болып қалды. Осы сүрепетінің өзі-ақ құмарлық сезімін біржола сөндіріп тастағандай. Аяқ астынан шошынып кетіп: “Бәрінен де екі бала аман болса екен”, – деп тіледі. Артық-ауыс қыңқылдамайтын үлкені – бесте. Сұлық түсіп жатады да қояды. Тыныс алған сайын танауының қусырылып, діріл қағатынынан қатты қиналғаны білінеді. Тынбай жылап аласұра беретін кішісі – екіде. Қаптап шыққан бөртпелері жарылатындай тырсия қанталап тұр. Тырп етпей жатысымен үлкені адамды шошытады. Мұнда шеше жазған бәріне көндігеді екен ғой. Анадая сұрапыл қиналыстың қасында болуға басқаның жүрегі дауалай қоймас.

Құдай бетін ары қыла гөр. Алда-жалда балалар бірдеме боп кетсе, мына бейшара тұлыпқа мәңіреген сиырға ұқсап жүре ме деп қорқады. Жамандықты мұншалық ойлауға дәті барғанына шошып, қанша мазасызданбайын десе де іші қылп етіп қоймайды. Тек осы қатыбастығын біреу сезіп қойып, сыртынан бақылап тұрғандай бір сұмдық қуыстанады және. Дүниенің алды-арты бұған белгілі болып қалған тәрізді. Жапырайған аласа тамның күңгірт іші мен тымырсық ауасы көкірек

сарайын толтырып, тыныс жолдарын бітеп тастағандай. Құла дүзде құйын боп ұйытқып, быжынаған қомақты аумағымен құбыла аударылған сағым жанұшырған қозғалысқа түсіп, шұбатылған бойда мұның жанарына сұғынып жатқандай. Белшелерінен қарға батып, бастары ғана қылтиған ши аласұра арпалысып, ақырында әл-дәрмені бітіп қалтақтаған бейшара кейпіне келеді.

Ауыр ойдан арыла алмай ашық тас қораға қарай ілбіп басқан Сансызбай ілдәлап тұрғыза салған қақпаны былай серпіп тастады. Бас жүндері қаудиып, көздері іріндеп ісінген кейбір саулықтар үстінен басып өтсең де былқ ететін түрі жоқ. Сыр бере қоймаған тыңдары қастарына таяп барғанда керенау көтеріліп, артқы тұяқтарын серпіп, созыла асықпай керіліп алады. Баяғыдағы бай ауылдардың кесірлі кердең келіндеріндей паң, маңғаз. Ақ кебінге оранған аппақ дүниенің бетіндегі жыпырлаған қорасан даққа ұқсаған дене жылуының дөңгеленген қап-қара орындарынан сыздықтап шыққан бу көктемедей көңілді аулап өтеді. Аңсары тұтқиылдан оянып, көкейін қытықтаған құшырлы сезім делендетіп әкетер ұшқалақ күйге тап қылатындай. Сонау түкпір жақтан ешкінің мекіренгенін құлағы шалып қап жүрегі суылдаған бойда жетіп барды. Шөміе бүрсендеген бөрте ешкі шаранасымен серейе тас боп қатқан екі лақты көзсіз емірене алма-кезек жалайтынына біршама аңырып қалды. Сауыс-сауыс қырау қатқан екеуін жерден жұлып ала сап үйге қарай апыл-ғұпыл басты. Жанұшыра соңынан ілескен бөртеге зығырданы қайнап: “Мұнша балажандығың бар, нәпсінді басында тиятын жөнің еді ғой”, – деді тістене. Ашуының дыз етпе шарасыздығын еріксіз мойындады. Жалғанда мағынасыз нәрселердің көптігін еріксіз ойлады. Қыстың суықтығы сонша, жан иесі біткен үсіп өлетіндей. Барып-келіп жатқан екі ұлының сүрепеттері кісі шошырлық. Қолында қатып қалған арамза екі лақ. Соңынан бездең қаға қалмай ілескен енесі жазғанның жасаураған қызыл-күлгін шарасындағы өлермен мейірімінде еш мағына жоқтығын сезді. “Екі бала бірдеңе боп кетсе, қайтер екенбіз?” деген қауіп миын оңдырмай шабақтап өтті. Үйге жүрексініп, имене кірген уақытта:

– Жырың басталған екен ғой, – деді әйелі алара қараған қалпы. “Балалардың ауырғанына жазықты санасын мейлі. Айдаладағы ешкінің лақтағанында менің шаруам қанша?”

– Қайнаған суың бар ма, тез берші.

– Оны неғылайын деп ең?

– Дәрет алып, күнәмнан арылайын.

Көздерін таңырқана кең ашқан Дариға сенер-сенбесін білмегендей екіойлы іркіліп барып жайбарақат тіл қатты.

– Сенің жасаған күнәларың бір шәугім суға кете қойса жақсы. Кесірім басқаларға тиіп кетіп жүрмесін деп тілесеңші құдайдан одан да. “Атаңа нәлеттің осындай ілікпесі дымыңды құртады. Басқалар дегені сонда ауырып жатқан екі бала. Мендегі асып-тасқан қандай кесірді айтады бұл. Мұнымен салғыласқанша екі лаққа соңғы айламды жасап көрейін. Тірілсе сауабы тиер. Өлсе, “қап әттеген-ай” демес.

Қалайы дәу шараға бір шәугім суды құйды да, лақтарды кезекпе-кезек ары-бері малып, сорғытты, жылылап орап, бұрышқа апарып үстеріне сеңсең ішікті жауып, жақсылап қымтап тастады.

Бағанадан мұның әрбір қимылын көз жазбай баққан Дариға:

– Саған осылар балалардан жақын емес шығар. Өлмесе өмірем қапсын. Ауыртпалықты қайта өздерімен бірге ала кетеді, – деді.

Сыртқа сүйретіліп шыққан Сансызбайға қыс осылай өмір бойы құрсап тұратындай көрінді. Күйзеліске де, уайымға да адамның еті үйреніп кете ме дейді. Өзіңнен-өзің қосүрей боп жаманаттан шошынып, сезіктене беретіннен өткен қорлық жоқ екен. “Қатынның сөзі кісі өлтіретіндей боп тұр. Екі лаққа неге сонша өбектей қалдым екен”. Сонау құлдилаған жазықтан бірер сәт көз алмай қадалды. Көз ұшында шұбатыла сырғыған пойыз дәл осы арадан салдыр-гүлдір етіп бейқам бара жатқан өгіз арба керуенінен аумайды. Ойы бір жерде тұрмаған соң, не болса соған көңіл ауа беретініне кенет жыны ұстады. “Айналайын, жаратқан ием, пендем десең, балаларымды аман қалдыра гөр”, – деді шын жалбарынып.

Шымырлап қонақтаған ымырт мезгілінде ауадағы дымқыл аяқ астынан түйір-түйір мұзға айналып, бетті дамылсыз осып-осып өтетіндей шымылдата сыздатып, ашытып жібереді. Өрістен қайтқан қойдың домаланған жиын жылжысы мен сытырлаған дыбысы елегізтпейтін тіршілік хабаршысындай. Биылғы суықтың бір жаман жері – басыңнан құйылып кеткен бір шелек судай етіңнен өтіп, сүйегіңе зырқырап бір-ақ жетеді. Еңсені тіктетпей, екі иықты жаншып басып тұратын зілбатпан салмағы артық қимылға барғызбай, ерге сірестіріп отырғызып қояды. Артқы сирақтары шодырая сидіған қой бейшаралардың маймаңдап басқандары үйреншікті қимылдарына ұқсамай, арбаң қағатын тәрізді. Тоқал тамның болымсыз терезесінен жылт ете қалған жарық қап-қараңғы көңіліне шұғылалы сәуле шашқандай құлшынып, алға қарай ұмтыла түседі. Барып-келіп қатты қиналып жатқан екі ұлын күн ұзақ өрісте жүргенде бір есіне алып, ойламаған сияқтанды. Дәтінің осынша беріктігіне Сансызбай өзі шошынды. Кебенек келгірдің екі шұнағына таңертеңгі жасаған далбаса амалы балалар сақаюының жорасына жараса жақсы. Көзін аларта тастайтын қабағы қарс жабулы қатынның сүрпеті жаман. Жатын орын – жарым құрсақ, тастан тұрғызылған жатаған қораға қой жарықтық бүрсендей шұбады. Үйді айнала маңырап жүрген бөртеңі көргенде: “Бейшараның лақтары өліп тынған екен ғой. Тірі болса, осы уақытқа дейін ауыздандырып қоймас па еді”, – деп, ішінен ұйғарым жасады. Үйге қарай жайымен аяңдаған бұған бөрте бақыра-шақыра тұра ұмтылды. “Алда жазған-ай, енді қайт дейсің маған?” – деді шарасы таусыла. Сәкі шалыстандырып төселген тақтада қыбыр етпей тым-тырыс жатқан балаларына біршама аңырып қарады. Шынысыз білте шамның бір-ақ сызық жарығы пеш жанында ары-бері күйбеңдеп жүрген Дариғаның әрбір қимылын қапысыз бағып, лып-лып ете қалады. Сеңсең ішіктің арасынан емшек іздеп түртпектеп, қалталақтап аяқтарынан әрең тұрған екі лаққа таң-тамаша боп:

– Мына сорлылар тірілген екен ғой, – деді.

– Әтиім жарықтықтың адам демей, мал демей емдей беретін тәуіптігі саған бұйырған екен, – деді Дариға жүзін бұрмаған күйі тіл қатып.

Жайшылықтағыдай даусының жайдары шыққанына қалт тынып: “А, құдайым, балалар оңалайын деген бе”, – деп ойлағанша болған жоқ, кіші ұлы басын көтерді. Қызыл ала бөртпелер бетін тұтас жауыпты. Ұштары үгітіліп түсетіндей тозаңытқан ақтаңдақ. Қатты қиналыс ұялаған жүзі шанжау.

– Апа, шай ішемін.

– Шөлдеген сықылыңнан садаға кетейін сенің, – деді бұл мейірлене тіл қатып.

Үлкені жамылғыны ысырып тастап, басын бұрып бұларды бақылаған қалпы дүниеде не қызық боп жатыр өзі деген естиярлыққа көбірек келетін сияқты. Кішісінен гөрі бөртпелері сирек, беті болбыр тартып, екі ұрты әжептәуір салбырап қалыпты. Көзін төңкеріп, байыппен қиястау қарайды. Құдай амандығын берсе, мият болар ұстамды азамат боп өсетіндей түрі бар. Айтқанына шешесінің елпең қақпағанына кішісі қыңқылдап жылай бастады.

– Қазір, қазір, жарығым. Тастай боп суып қапты. Кішкене жылысын деп қоя қойып едім, – деді шешесі бәйек бола.

Сансызбай екі лақты салбырата ұстап, сыртқа қарай құлықсыз жүрді. Ешкі малының төлі алғашқы уақытта икемге келмейтін былқ-сылқ еткен бірдеңе. Әлсіз бұлқынып, маңырағанда үні құлаққа жағымсыз тым ашты. Бақырып-шақырып тұра ұмтылған бөртенің бауырына салып көрді. Буындары ұстамай жерге сылқ ете түсті. Екеуін де әлдилейтін нәрестеше алдына алды. Емшекке ұмсындырғанымен жақтары қарысып, тістесіп қалғандай қимылдай қоймайды. Бас бармағымен ауыздарын кезекпе-кезек ашып, жылы уызды көмекейіне сауғанда бірден жұтынбай қасарысқандарына жыны ұстады. Езулерінен аққан сүт жан-жағын сауыс-сауыс қып ұйпатұйпасын шығарды. Ерте жарықта қатын-ақ ауыздандыра салатын жөні ғой. Балаларының беті бері қарағанының бодауына үндемеді. Әйтпесе қанына қатты қарайған жайы бар. Бір жағына шығып беріп, ұлдары қолқанатқа жарағанынша қай заман. Күйзеле ауыр күрсінді.

Ертеңгі шай бабымен асықпай ішілді. Балаларды алаңсыз айналып-толғанудың өзі адамға, құдай тыныштығын берсе, бір ғанибет екен. Қойды шойын жолдың арғы

жағына шығарып жаюды ұйғарып, әлденеден сезіктене әйелінің жүзіне жалт қарады. Әбден көні кебе сусаған кісідей шайды сораптап ішкен сайын маңдайының қатпар-қатпарларын қуалаған тер шіпілдеп кеп мөлдіреген моншақтай үзілуге шақ қалып тұр. Ара-арасында алақанының қырымен сырып әкеліп, былай қарай сілкіп тастайды. “Бұл бейшара ненің бейнетін шегіп жүр екен сонша?” Соған-ақ көңілі ортайып, дереу болдым деген ишара жасады да, орнынан шұғыл көтерілді.

Қойды еңіске қарай қаптатып, атын жүре оттатқан Сансызбай бүкіл отардың алдына түсіп ап бездең қағып бара жатқан бөртені сонадайдан көзі шалды. Сақа неменің қайқаңдап асығыс жанұшырып жүретіні бір сұмдық көңіліне жақпады. Күні кеше ғана лақтаған байғұстың ішін шөл жалап, қыздырып тұрғанын түсінді. Әйелінің мана алақанының қырымен әлсін-әлі маңдай терін сырып тастап, шайға бас қойғаны ойына сап ете түсті. “Жаңа босанған қатындай бой-бойы шығып терлегені несі сонша?” Маңдайына бір жөндемді қатын жазбапты, ойлап қараса. Бұлардың бәрінен де шаруаға мығымы дұрыс па дейді. Алудай-ақ алғанда, қатыннан қатынның жорғасы жоқтығына көзі жетпеп пе еді.

Малдың Жиренайғыр суына бірден тартқанын оншалық теріс көрмеді. Көндерін қармен жібітіп жүрген байғұстардың бір мезгіл су ішіп қойғандары да жөн. Жазға салым бұл ара жусанының шайыры ат шашасына байланатындай құнарлы. Қазір бәрі әйнектен көйлек киіп алғандай мөлт-мөлт етіп жылтырап жатыр. Бүрлеріне тұрған мыңсан өрнек моншақтар ат тұяғынан быт-шыты шыға шашылып рәсуаға айналғанын көзі қимайды. Жусан сабақтарына тікшелеп жабысқан қар тұмсығын ішке тыға қойып домалана қалатын кірпікшешен бейнесін елестетеді. Өзекке қарай жаппай құлаған қой сәлден кейін арғы қапталға шыға келеді деп күтті. Бас-аяғы жиын тартып, кері қарай қаптағанын көрген замат “бірдеңе аралап кеткеннен сау ма” деп күдік ала солай қарай тұра шапты. Дәл осы араға көпір салған кезде өзен бойының тиген жерін шұрқ тесік қып жаралап, тас-талқан етіп бұзып-жарып тастаған еді. Ұңғыл-шұңғыл біткенді су түгел толтырып, телегей көл пайда болғанын тарс есінен

шығарып жіберіпті. Аяқ астынан қара басқанын үрейі ұша ойлады. Әй-шайға қарамай лап қойған мал салмағынан мұздың орта тұсы опырыла ойылып, бой-бойымен қақырай қарс-қарс айырылып тыныпты. Біраз қой сеңсеңнің арасында су жәндіктерінше алаңсыз малтып жүр. Алдыңғы аяқтарын мұзға асып алған кейбір әрекетшілі ары қарай не істесем екен деген екіойлы сыңайда селтиіп тұр. Бас-көз жоқ бар пәрменімен ұмтылған біреуі ернеуге ілдәлап ілініп барып суға қайта күмп ете түсті. Тұяқтарының аппақ боп тез арада ақжемденіп кеткеніне таңырқай абдырады. Бастарын әлсін-әлі шайқап, тұмсықтарын тітірене жиыра береді. Көз жиектеріндегі қызғылт сәулелер сұрғылт судың бетіне кішкене-кішкене шоқтардың көлеңкесі болып көшіпті. Тағы бірнешеуі су ішудің амалын таппай, жиекті айналсоқтап шықпай темсеңдеп жүр. Мыналардың кебін құшамыз-ау деп сескене қоймайтын сұқпыттары өлермен. Әуелі не әрекетке барарын білмей Сансызбай ұзақ қалшиып тұрды. Көзінің дымқыл тартқанынан жас емес пе деп күдіктеніп қойды. О баста мұны адам, қойды түлік қып жаратқан құдіретті құдай есебінен жаңылып, мүлт жіберіп алған сияқтанды. Тап осы арада бірін-бірі түсінбес мылқау ноқайлық. Бишігін құрық орнына мойнына лақтырып іліп, өзіне қарай бейімдеп ақырын тартып көрді. Қасарысқан неме көзі алая жұлқынып, тыртысты да қалды. Төсте мұз қалың қатады. Жайдақ жерде өзекшенің өзі әжептәуір ық. “Бұл жазғандардың менен басқа кімі бар?” Тыңнан кимелеген ой санасын сергітіп, қарекетке кірісті. Етпеттеп жатып ұмсына қолын созды. Әуелі шым еткізіп қарып түсетін суықты сезінді. Жабайы мақұлық құсап жұлқына шоршығанда іліккен жүні қолынан шығып кетті. Тұсынан малтып өтіп бара жатқан келесі біреуінің желкесінен шап беріп ұстай алды. Кері қарай бұра тартып сүйрелей жөнелді. Қой малының бесенеден мәлім нақұрыс момындығын білсе де, осынша керкеткен айуан деп ойламапты.

– Атаңның аузын ұрайын, сенің жаналғышың мен емеспін, – деді күйзеле. “Адамнан да, малдан да береке қашты ғой”, – деп өне бойы қақсайтын Шынтайдікі әлде рас па. Одан өзінің қопал жаратылғанын қу іші сезеді. Егер

мұның орнында ол болса, бір амалын табар ма еді, таппас па еді.

– Қарап жүрмей өлетін болды ғой, сорлылар.

Еркінен тыс дауыстап сөйлегенін өзі сезбеді. Бұлардың іштерінде қозы бары кенет ойына сап ете түсті. Тұла бойы тоңазып, тітірене түршігіп кетті. Мұншалық дауасыз шақтың соңы не боп тынатынын ойлауға жүрегі дауаламайды. Қоймалжың тарта түсі бұзыла бастаған су маңайды құрсаулап жаншыған мұз ажал елесін әкеледі.

– Шеттерінен қата бастайды-ау, – деді шошына. – Балық қой, келші бері. – Мысқылдап тіл қатқаны өзіне қызық көрінді. Осы қылығына кішкене алданғанын да сезбеді. – Балық қой, келе ғой, – деп, ұстамаққа тағы ұмтылып қалды. Атырыла жөнеліп, үсті-басына оңдырмай су шашыратып кетті. Етпетінен жатқан күйі сипаланып бишігін тауып алды. Бұғалық қып және лақтырып көрді. Шымырлап кілегейлене бастаған су бетіне балшиған із, қой үстіне жалпиған таңба түсті. Тап осы секілді ырсиған-ырсиған нобайлар санасында оңды-солды қылаңытты. Дүние бұйығып, тұнжырай түскен сайын жазмышқа ырықсыз мойынсұнатын баяулық жан-жақты біртіндеп басып келеді. “Мұнша малды қатырып алып, елдің бетіне қалай қарамақпын”. Ту сыртынан сұсты қабақ бағып тұрғандай біртүрлі құты қашты. Жоны құрғақ біреуіне ұмтылып барып қолын іліктірді. Ақырын-ақырын өзіне қарай жылжытты. Анау бір кезде жанұшыра шоршыды. Қолдарының қарысқанына қарамай жақындата түсіп, жұлып шығармаққа бекінді. Дегеніне көніп, жуасыған сыңайына ризалығын білдіріп:

– Байғұс-ау, мен саған жамандық ойламаймын ғой, – деді.

Монтаны қалыпта ілесіп келе жатқан қой кенет бұлқына ыршып қалғанда өзіне сенімді Сансызбай бұлт етіп сырғып барып күмп беріп суға қойып кеткенін бір-ақ сезді. Жыбырлай қаптаған ұйық тәрізді үп-үшкір нәрселер ұйытқыған қайнардай лап көтеріліп, денесі ғана сиятын ауасыз кеңістік түпсіз тұңғиыққа магниттей жұлқи тартып алып барады. Мұздың пышақтай қырынан жанұшыра ұстай алды. Қойны-қонышына сумаңдап кіре бастаған су етін тілгілей жөнелген мың сан ұстарадай. Отқа тарам-

тарам қақталған терісіне шым-шым тиген тым зәрлі суық дуылдаған бойда ой-сана саңылауын тас бітеп, шекесі шыңылдап тұрып алды. Сүйектері етінен ажырап, арасына ілпілдеп тола бастаған су алқымына таяп, денесіндегі жылудан түк қалмай өліп бара жатқанын үрейлене ойлап үлгерді. Мұзға қарысқан саусақтары жапсарлап жабыстыра салған істік темірдей қақайып икемге келетін емес. Сом темірге асылтып үйреткен соғыс әдісі қадеге жараған-жарамағанын айырып-аңғаруға уақыт жоқтығы санасында қосамжарласты. Қатты тырмыса көтеріліп барып шынтағын бұлт еткізе толық іліктірді. Содан суды сорғалатып, серейе созылып шықты. Үстіндегіні түгел сыпырып, сығып, құрғатпаса, осы тұрған күйінде қатып қалатынын әбігерленбей бейжай ойлайтынына іштей таңырқады. Бушлаттың қарығыш темір түймелерін ағытудың өзі саусақтарды біраз азапқа салды. Осколка талқандаған шынтағының терең тыртығына бір кесек мұз тұрып қалғандай буын-буынын қуалаған суық жілік майын қатырып, сүйек-сүйегін зар қақсата тұрып алды. Тісі-тісіне тимей сақылдап, аяқтарын шоқ басқандай алма-кезек көтере секеңдеп, көкаяз тоң киімдерді ширата бұрап, әлектеніп бақты. Қайтадан киіне бастағанда қаудиган көкала темір сауыттай тиіп кеткен жерін қарып түсіп, шымылдатып өтеді. “Өліп қалдым ба, десем, әлі тірі екем ғой”, – деді өзін-өзі кекетіп. Суға кеткен қойларды тап мына сұрымен құтқара алмасына көзі жетті. Қойлы ауыл көмекке келмей тұрмас. Қатып-серейген тулақтай киіммен атқа қайтып отырар екен. Қарсы алдындағы шалқая жатқан дөңге көтерілсе бір мұсылман кезігетіндей емексиді. Баса беріп кіржің ете қалт тоқтады. Бырысып-тырысқан ылғалды киім қозғалған мезет бір қабат терісін от боп қажап, көлдірете күйдіріп жіберетіндей жанын көзіне көрсетті. Пимасының мұз қатқан табаны басқан сайын екі жаққа ала жөнеліп, әлегін шығарды. Суға кеткен қой әңгімесінің соңы немен тынар екен? Түбінің жақсы болатынына сенімі нық еді. Адам мақсұты, әлде ақырынан үміт үзбеу ме? Тікшелеу беткейден әлденеше жолы тайып жығылып, бір-екі рет құйрығымен жерге дік етіп отырып қалды. Тоң қатқан киімінің қатпар-қатпарларына еті жаншылып, еріген қырау денесін шықтандырып тастаған

сезіністен арыла алмады. Шаңғы таққан кісіше аяғын айқыш-ұйқыш алып жатып дөң басына әупірімдеп көтерілген замат қаны басына шаба қалт тоқтады. Шұбырған қойдың алдына қара үзіп түсіп алған қу кебенек келгір бақырып-шақырып озандап бара жатқанын тура осы арадан анық аңдады. Тізгінделген аты да басын тұқыртқан күйі қойдан қалыспай шоқандап барады. Жиектері сарыжалқын қызғылт томпақ көзді ешкінің қушиған ұсқыны сайтан шалыстана елестеді. “Қу шұнақтың лағы болған соң емшегі сыздайды. Ал қалғандарына не жорық? Бар жазығы осыларға жақсы болсын дегені ме?” Малға өкпе жүрмейтініне қатты назаланған Сансызбай ұзақ сілейіп тұрды. Сонау қырдың арғы жағынан бір шөкім бұлттан аумай қалықтап шыға келген түтінде қазан-ошақтың қоңырсыған иісі мен жылылығы бардай. Үсті-үстіне будақтаған қап-қара қоймалжың түтіннің томсара шапшаң қозғалатынын жатырқай шолды. Кенет миы зырқ етіп, төңірегіне ыстық тамшы шашырағандай көзі жыбыр қақты. Лүпілдеген шеке тамыры тырс етіп үзіліп кеткендей шымырлана ұйып, бірден суып бара жатты. “Мені неден қара басты. Мынау пойыз ғой”. Бағанадан бері ойына ештеңе кіріп-шықпай қаннен-қаперсіз тұрғанына ақылы жетпей дал. Сөйткенше болған жоқ, тұмсықтан сылаң етіп шыға келген пойыз маңдайын турадан-тура құбылаға беріп, арқыраған екпініне бажылдата үн қоса қасқайып келеді. Осы кезде қас қылғандай шойын жолдың жарлауыттау жиегіне түйдектеле қаптап шыққан қойды көрді. Ақырып-шақырған ащы дыбыстан үрке серпіліп, иіріліп қалған сияқты еді. Сертіне берік тұз тағысына ұқсаған сайтан бөрте ар жаққа қарай жанұшыра секіріп өтті. Сол-ақ екен соңынан бәрі лап қойды. Мұншалық тәуекелге барар сәттегі мал сүкіттеріндегі құбылысты байқай алмайтын жырақтықты еріксіз ойлады. Алыстан жұмырланып дилы көрінетін қой бейшаралар ажалға бас тігер шақта бір-біріне жанталаса соқтығысып, құты қаша тыпыршып, өңмеңдей ұмтылатындарын тура осы арада аңдады. Дүр етіп ытырыла үріккен қой қатары ұлғая жалпайған мезет тұмсығымен бір бүйірлеп соққан пойыз қақырата жарып өтіп, қақалып-шашалмастан баудай түсіріп, жамсатып барады. Шорт кесілген жарты дене, бас,

сирақ қылаулап жаңқадай ұшады. Дөңгелектерге жылауықтай жабысып қалған мүшелердің шыр көбелек айналған жылдамдығына көз ілеспейді. Терезелердің тұсына топырласқан адамдар таласып-тармасып, анталаса қарайды. Қыбыр етпей селтиіп тұрған бұған бәрі қолдарын сермелеп, жұдырықтарын түйе ұрсып бара жатқандарын анық байқады. Алдыңғылардың о жар озбырлығына қымсына қысылған соңғы вагон мүләйім тарта жымсиып, қиралаңдап ұзап барады. Дәл осы кезде құлақ тұнатын тыныштық орнай қалды. Арандауға үлгере алмай қалған қойлар сидаң қаға бүрсеңдеп өте бастады. Жамсай жайрағандарға жасқанбай қарауға дәті жетіп тұрғанына Сансызбай қайран. Көкейін еш бөтен ой кимелемеді. “Ойпыр-ой, көп қып турап тастағанын қарашы”. Сіресе мұз боп қатқан киімі қозғалуға жібермеген соң қолапайсыз талтандап басып көрді. Аяғын көтерудің өзі азап, табан жағына бір кәдік болғанын шамалады. Аяқ, шұлғау, пима, ұлтарак – бәрі бір дене боп дәнекерлене тұтасып кеткендей.

IV

Үш түнді өткеріп, төртінші күннің сәскесіне таман пойыз Алматыға таяу станцияға ілікті-ау, әйтеуір. Қалған-құтқан тамақтарын қалдырмай жеуге кіріскен мосқал әйел мен немересіне Сардарбекұлы бір уақ алара қарады. Таңның атысы күннің батысына дейін ауыздары бір тынбайтын қомағай обырлықты бұрын көрмеген екен. Мынадай оңаза қылықтың қасында Ақтөбеден бірге шыққан бойжеткен ауамен қоректенетін хор қызына ұқсайды. Өзі және кітаптан бас алмай оқи береді. Шешесінің кітапқа үйірлігін ұнатқанмен, қыздардың әуестігі жайында ойланып көрмепті. Жұп-жұқа қараторы қыздың өткірлеу қыр мұрнының ұшы көтеріңкі делдигенінде балалығы әлі басылмаған сүйкімді еркелігі бардай. Адамды жатырқайтын тосаң да емес, бірден іші-бауырға кіріп кететін жылпыңға да жатпайтын бойжеткен ұстамдылығынан еріксіз тосылады. Тамақты әрдайым ашқарақтана бас салатын әйелге шошына үрпиіп қараған мезет мөлдіреген қарашығы үзіліп түсуге шақ тұрған

тамшыдай. Аласының кіршіксіз аппақтығы жан дүние тазалығының хабаршысын-дай түсініксіз ынтызар сезімге бөлейді. Тамақсау әйелдің бет терісі кінәратсыз тап-таза. Қасы-көзі қап-қара. Атжақтылау пішіні толысып, май басқан алқымы салбыраңқы тартыпты. Қол-аяқтың ұзыны мен саусақтың сүйіктігін құдай тағала аямай-ақ сыйласа да босаң, болпиган қазіргі қалпы тартымдылықтан жұрдай. Ішкен-жегені желкесінен шыққандай шоқтығы дөңкие күжірейіп отыр. Шұжық, жұмыртқа, көртөшке қабықтары, қияр мен қызанақ қалдықтары алдарында төпелеме. Тұзы қабыршақтана бетіне шыққан жаймаланған шошқа майы кертіле-кертіле таусылуға айналыпты. Қарама-қарсы терезенің тұсында тұрған Сардарбекұлы қышқылтым дәмнің ашыған иісінен құтыла алмай әлектенді. Немересіне “іш, же” деп өбектемейтін жөні бар сияқты. Әжесінің үлесіне қолын жиі-жиі сумаңдата жүгіртетін бала шіркін де сұғанақ. Бір-екі рет оңдырмай қағып жіберіп, енді қайтып беттемейтіндей қайтарып тастағаны қаперіне кіріп-шығатын емес. Бір-біріне неге сонша салқын деді іштей. “Қазақ бейшараның іргесі бір бүтінделмей қойды. Ата мен әже болса да жоқ, әке мен шешенің қатары селдір-селдір”. Қазақтан басқасының бәрі ашаршылықтан дін аман шыққанын шешесі айта-айта әбден ығыр қылған еді. Ақтөбеден шыққалы бері бірыңғай көріністен көзі талып, көңілсіз халде сүлесөк тұрды да қойды. Аппақ қар жамылған жапан дүз жалт ете үйіріліп барып керенау бұйығы қалыпта сұлық тынады. Кітап оқып отырған әйел баласы тамаққа кінәз. “Сен де ақсұңқар, қалқам-ау, мен де ақсұңқар” деген өлең ойына оралды. Бойжеткенге жақындап, мән-жайына қанығайын десе, әлгі екеуінің тамақтарын жеп бітетін түрі байқалмады. Осы кезде тұсынан қоржын асынған қария өтіп бара жатып бұған одырая қарады.

— Ассалаумағалейкүм!

— Бәсе, алаш баласының аمانы сатулы емес еді ғой.

— Танымайтын балада нең бар сенің, ұрынбасаң жүре алмайсың ғой, әйтеуір, — деп кемпірі сөзге араласты.

Бірден құрақ ұшып амандаспағанына сәл ыңғайсызданды. Бір жағы бойжеткеннен де қолайсыз. “Үлкен кісі

кезiксе, танымасаң да амандас" деген шеше ескертпесi жадында. Әлгiнде неден бөгелiп қалды екен. Ақтөбе вокзалында дәл осы купеге жайғасар алдында мына әйел немересi екеуi тамақ iшiп отырған. Ұзамай қартаңдау әйел кiрдi. Қасына iлескен бойжеткендi бiрден қызына ұйғарды. Екеуi де талдырмаш, шешесi сәл ашаңдау. Осылар кейiптес екi жiгiт бiрталай жүктердi көтерiп әкелдi. Анасы қызының маңдайынан сүйдi де, сыртқа шығып жүре бердi. Қайта бауырлары үйiрiлiп қасынан шықпай, заттарын ықтияттап әуреге түсiп жүр. Хат жазып тұр, ақша керек болса қысылма дегендi кезекпе-кезек қадап тапсырып жатыр. Бойжеткен ағаларының сөзiне құлақ қоймай, шешесiнiң соңынан жаутаң-жаутаң қарағыштады. Шығарып салып үйренгендер-ау, шамасы. Екi-үш күн кiмдер жолдас болатынына қызығып қарап та қоймады.

Үш тәулiк бойы бiр купеде келе жатса да емен-жарқын әңгiме шықпады. Мосқал әйелден ешкiм жөн-жосығын сұрамаса да, жай-жапсарын түк қалдырмай баяндап бердi. Оқушылардың қысқы демалысында Алматыда жұмыс iстейтiн қызы ұлын Мәскеуге жiберiптi. Жалғыз қайтаруға сенбей, өзi бiрге келе жатқанын айтты. Күйеу баласының араққа үйiр екенiн де жасырмады. Бұған оның не керегi бар. Бүкiл есiл-дертi қызда. Ара-арасында қапысын тауып:

– Қарындас, есiмiңiз кiм болады? – деп сұрады.

– Сәбира.

– Ендi мен өзiмнiң кiм екенiмдi айтайын сiзге. – Мұнысы тәлiмсiнгендей ұнамсыз шыққанын сездi.

– Заңғарбек Сардарбекұлы емессiз бе.

Бұл аң-таң бола: "Менi қайдан бiлесiз?" – деп сұрамаққа оқтала бергенi сол едi, мәскеулiк әйел бiр бүйiрлеп ортадан килiктi.

– Молодой человек, вы кем работаете?

Өзiн бойжеткенге дейiн танып тұрғанда, айдаладағы әйелдiң мұны бiлуiнен келiп-кетер ештеңе жоқтығын ойлады. Қисық-қыңыр жауап бере салуға оқталып барып, қыз алдында онысы ыңғайсыз болар деп тосылды. Сөйтiп, амалсыздан шынын айтты. Сол-ақ екен, "Правда" баспаханасында жұмыс iстейтiн көршiсiнiң қылығын бiраз жерге

көйітіп апарып тастады. Онысының өзі бар-жоғы беттеуші болып шықты. Боққарын жаман қатынның сонша бұлданғанына Сардарбекұлының қатты жыны ұстады. Түкке тұрмайтын беттеушіні дәсер қылғысы келеді. “Правданың” нәмімен ықтыруды білетін бұқпа пиғылы бардай. Оған көңіл аударар қоймай, бойжеткенмен әңгімені жалғастыра беруді көздеді. Мосқал әйелге қайта-қайта елеңдеп, бірде-бір сөзін елеусіз қалдырмай, жауап қатып отыр. Ұзақты күнге бір орында байыз тауып отыру Сардарбекұлына қияметтің қияметі. Өне бойы кітапқа шұқшиятын бойжеткен орнынан тым сирек тұрады екен. Қысқа жауаптасудың тек бір кезегінде:

– Біздің жаққа жайша келіп пе едіңіз? – деп сұрады.

– Өзіңіздей әдемі бойжеткені бар қалаға адам жайша келе ме, айтыңызшы, Сәбира.

Сөзінің таптаурын шыққанынан қысылып, көзәйнегін әлек-шәлек бола түзегіштеді. Назарын төмен салып отырған қыз көзінің қиығын бұған оқыс тастаған уақытта қызылқоңыр бояу жұқалтың өңін тұтас шарпып өтті.

– Біз ауылдан шыққанбыз, қала дегеннің не екенін білмейміз.

– Бәріміз де ауылданбыз. Сөздің ретіне қарай айта салғаным ғой, әшейін. – Бастапқыдай емес тым бәсең тіл қатты. Өзін салмақты ұстап, естияр көрінуге қанша тырысса да, көңіліндегі діттеген ойы көркінен айрылып қалғанын сезді. Енді іссапары көкейінен кетпей кесе-көлденең тұрып алды. Еркек басымен қатынының үстінен арыз жазған деген сұмдықты осы жолы кезіктірді. Бір жапырақ арыз үшін ит арқасы қиянға барып, қайтып келе жатқан беті мынау. Бір-екі жолы шағым хатты тексеріп, арандап қала жаздаған. Бұл сапарда бәрін ескерген-ақ сияқты. Сөйлескен кісілерден түгел түсінік жаздырып алды. Енді тек бастықтар не дейтіні белгісіз. Қыр қазағынан аумайтын жылтыр бет дембелше жолсерік талтаң-талтаң басып тұстарынан өте шықты.

– Әй, қарағым, мұның қай жер? – Мана өзіне ұрынған қарияны даусынан жазбай таныды. Бұл дереу терезеден үңіліп: “Қопаға да келіп қалған екенбіз ғой”, – деп ойлады. Ду етіп көтерілген ішкі толқыныс бетін ыстық лебімен жаппып өтті. Пәлгелене мүйізініп барып қалт тына жалт

– Қаске, мына Заңғарбек деген жігітіміз қайтып келе жатып жол-жөнекей бір сұмдықтың куәгері болыпты, – деді.

Жайсыз әңгімені тыңдауға құлқы жоқ бастық қабағын шытты. Ләм деп тіл қатпай түйіле қараған сайын қоңырқай жүзі қошқыл тарта шымырлап, байыз таппаған бөлім меңгеруші құты қаша жаутаңдады. Редактор наразы сыңайда бұған енді назарын суық тастады.

– Сенің айтқандарыңды жариялап кеп жіберсек, талай бейшараның обалын мойнымызға аламыз. Сондықтан сен оны көрмеген бол, біз білмеген болайық. – Қарашықтарын өңменге тіктей қадап барып ойнақшыта тайқытып әкетті. – Сен осы бастан сырға берік болуға үйрен. Пожалыста, тексеріп келген жайыңды жаз. Жебір, бұзақылар жазасын ала берсін.

Бөлім бастығына “қал” дегендей иек қақты да, бұған “сен бара бер” деген ишараны салқын жасады. Партиялық турашылдық пен коммунистік адалдық жайында газет күндегісін күнде жазып жатады. Ал бастықтың тап бұл қылығын түсінсе бұйырмасын. Ең кемі жүздей қой туралып тасталды. Енді оны жасырып қойса, кінәлі адам жауап бермей құтылып кетеді. Селтиіп тұрған қойшының сұры жаман еді. Бойжеткеннің сондағы күйзелісіне не жорық? Кей-кейде шешесінің партия қайнағасы туралы сыбырлап әңгіме айтатын әдеті ойына сап ете түсті. Олардың өзімен теңдес ұлы бар еді, сол қазір қайда кетті деп сұрауға талай рет оқталды. Неге екенін кім білсін, оған батылы бармайды.

Бастықтың кабинетінен ауыр әсермен шықты. Қарсы жолыққан Зернебек курстасына да селт ете қоймады. Космополитизм балағынан кіріп, алқымынан бір-ақ шыққан түс көріп, жігіттерге күлкі болып жүрген әпендешалыс біреу. Жылтыраған тышқан көзін телмірте төндіргенде, көрнеу жылы лебізді емексіп тұрғаны байқалады. Бұл тұрмақ, өзін де есіркейтін біреу керек болып тұр.

– Кеше Жовтисті университет жиналысы нағыз космополит қып шығарды.

– Оның әлгі аспирант па?

“Ақырын сөйлесеңші” дегендей Зернебек жалбарына ым қақты.

– Тап соның өзі. Естідің бе, Жұмалиев, Ысмайылов ұсталып кетіпті. – Әлдекімнен қорыққандай Зернебек жан-жағына алақ-жұлақ қарады. – Осындай аласапыран заманда анау Асқарбек үйленбекші. – Нақ бір жанқияр тәуекелді айтып тұрғандай курстасының қосүрей пошымына күліп жібере жаздап, дереу қатулана қалды.

– Космополитизмге байланысты немене, қатын алуға болмайды деп жатыр ма?

Мұның есінің дұрыстығына шәк келтіретін сыңайда Зернебектің қараторы жүзі үрпиіп, тақала түсіп, қатқыл сыбырлады.

– Ақырын сөйлесеңші, біреу-міреу естіп қояды.

– Ести берсін, онда тұрған не бар?

Қолын бір-ақ сілтеген курстасы бұрылып жүре берді. Редактор кабинетінен шыққан бойда жүгіре басқан бөлім меңгеруші состиып шетте тұрған мұны дауыстап шақырды. Сырт тебе қоймайтын бұрынғы етенелікті өңінен таба алмай тіксініп қалды.

– Қаскеннің жаңағы айтқанын тісіңнен шығарушы болма.

– Мәке, мен бала емеспін ғой.

– Бәріміз де бала емеспіз!.. – Дүрсе қоя сөйлегенін артық көрмеген қалпы. – Мақаланды таңертеңнен қалдырмай бітіріп әкел, нөмірге саламыз дейді.

Шырайын жылытпастан, түксиген қабақпен шығарып салды. Сардарбекұлының намысы оған қатты ұстады. Ит арқасы қияндағы Ақтөбеге түкке тұрмайтын шағым үшін барып қайтты. Арғы-бергі жолының өзі ең кемі төрт жарым мың шақырым. Журналистиканы таңдағанының дұрыстығына сенімі о баста шүбәсіз еді. Екі бірдей бастығының тап жаңағы сықылдарынан кейін әжептәуір өгейси суынып қалды. Соғыстан мүгедек боп қайтқан кісінің жазған арызының жосықсыздығына не істерін білмей дал. “Қатынымның жанама байы автобазаның бірдей директоры”, – депті сабазың. Әйелі ашынасымен қосылып алып кемдігін басынады деген жері бәрінен де қиын соғайын деп тұр. Арыз иесін жол бойы көз алдына әкеліп баққан. Шақар шатаққа да, мүләйім мүсәпірге де ұқсата алмай әлектенді. Неде болса, директор – жылмаң, әйелі – сумаң. Бұған арыз-қойдың сықпыты бірден ұнамады. Дөп-дөңгелек беті

балалардың қағазға олақтау түсіре салған күнбағар суретінен аумаған нобайсыз. Тасырайған көздері маңдайына таман біткен. Сұғынып тұрған балдақ екі қолтығына біржола бітісіп кеткендей. Қанша құдайдың ісі болса да, мойнын ішіне тыға бүріскен бір уыс ұсқыны тітірендірмей қоймайды екен. Ал жылтыр қара директор мұның Алма-тыдан келген журналист екеніне пысқырып та қоймайтын тәрізді. Қаздиып отырған күйі мұны басынан аяғына дейін түгел тінтіп, шолып өтті. Ежірейе қадалатын қой көзінің ұшқын сәулесі жылмың қаға ойнақшып барып, монтаны жуаси қалады екен.

– Қоянның түрін көріп қалжасынан түңілген шығарсың?

– Қоян қалжасынан хабарым шамалы. Туа сала ши-шидің түбіне жасырынуға бара жатып, қанжығада көрісерміз деген серті барын естігем.

Мынауың қайтеді дегендей басын кегжең еткізіп түйіле қарап алды. Сардарбекұлы бірден шаруаға көшіп, үсті-үстіне сұрақ қоя бастады. Керенау кейіпке көшкен директор өрекіп бара жатқан мұның бетін қайтарып тастағысы келгендей:

– Жан алатындай тықақтамасаңшы сонша. Тергеу орнынан келіп отырған жоқсың ғой, – деді.

– Тергеу орнымен ғана санасып, партия органы – газетті менсінбейтін болсаңыз, ашық айтыңыз, – деп, қылта жерден бұл да шап берді.

Терезе жаққа қараған директордың буаз малдың желініндей томпиған иегінің асты кесірткенің тынымсыз бүлкілдеген аппақ алқымын еске салады. Мұндайда адам өңіндегі өзгерісті бақылау аса қажет нәрсе деп есептейді ысқаяқ қулар. Қарашығы дегбірсіздене ары-бері бұлтылдап ойнақшығанын Сардарбекұлы дәтке қуат санап, місе тұта қоймады. Мұны алғаш көргенде әйел бейшара бір қуарып, бір қызарды. Автобаза деректірінің қызығатынындай-ақ бар екен. Әлпеті дұрыс пішілген, қасы-көзі қиылған сүйкімді.

– Ұрғашыға қай бір жақсы атақ дейсің, – деді солқылдап жылап жіберіп.

Өңгіме айтып жырғатпаған соң, тағы жолықпақ боп жөніне кетті. Ертеңіне келгенде кешегідей емес әйел өзін салқын ұстады.

– Бастықтарың қызық екен, мұндай әңгімеге жас адамды жібергені несі. Ашылып-жарылып ештеңе айта алмайсың да. – Құдды өзіне-өзі сөйлегендей назарын төмен салды. Кенет бұған томсара жалт қарады. – Баланы қасыма қалдырмайды дегені қып-қызыл өтірік. Өзінде кішкентайға деген түк мейірім жоқ. – Монтаны кейіпке көше қойып, бір уақ жалбарына жаудырай қарап:

– Бұл әңгіме сонда бүкіл елге жайылып кете ме? – деп сұрады. Иығын қиқаң еткізгеннен басқа жауап қатпады. Көрген-білгендерін шешесіне айтқанда:

– Ерлі-зайыптының арасына есі кеткен түседі деуші еді. Сонша дабыра қылғандарың ұят емес пе. Кемтар адаммен тұру оңай дейсің бе! – деді мұны кінәлай.

Содан кейін жазылмақ нәрсеге беттемей қалды. “Жол бойындағы оқиғадан бастағанда қатып кетер еді, шіркін. Редактор неге жалпақшешей?” Кімдерге обал болмағын түсіну қиын. “Малына ие бола алмай қалған қойшыдан басқа кім жазықты?”

Шешесі екеуі тамақтарын асықпай ішті. Бастықтарының бүгінгі қылығы көңіліне сыймаған соң айта бастап еді, шешесі аяғына дейін кірпік қақпай тыңдады. Кенет бұған жалт бұрылып, қысыңқы көздерін шүйілте кідіртті.

– Мал табылады, адам табылмайды деп шыр қаққаны ғой жазғанның. Қайтсін-ай!

Бірінің аузына бірі түкіріп қойғандай сөздері бір жерден шығатынына едәуір тосылды. Космополитизмді әшкере-леген жиналыстардан қалмай жаныққан курстастарының ойында не бар екен. Үлкендерде бірсөзділік жоқтығын байқаған сайын әдет я екіжүзділік екенін айыра алмай ыңғай қиналады. Шешесі кейде мұңайған кейіпте: “Совет күшті, күшті болмаса керманды жеңер ме еді”, – дейді. Оның күштілігін қаламаған бұғыңқы бұзық пиғылды дауыс ауанынан аулайтындай. Көкейге қонатын сөзді андамұнда ғана айтады. Біз де бірдеңе білетін шығармыз. Оқығанның аты оқыған деп ішінен ащы кекетті.

– Балам, заман сендердікі. Бірақ осы оқығандарыңды, жақсы адам боп өсіп, жұмыс істейтіндеріңді жатып кеп бұлдайсыңдар. Соларың ұят емес пе.

Мұның көкейіне келіп қалған тәкаппарлықты оқып қойғандай қатты қуыстанды. “Бүгінше ештеңеге алаңдамау керек. Құтылып алған соң көре жатармын”, – деп өзін жұбатып, жақауратса да жүрексінуден арыла алмай бажақтап шешесіне қарай берді. Қолайсыз сезініс ашуын түсініксіз қоздырып, өмірде жария болмай қалатын нәрсе жоқтығына көзі жете түсті.

V

Соққыға жығылғалы бері Бегімбет шешесі мен әпкесінің арасы шиеленісіп, қатты-қатты сөзге барыса, шарпысып қалатындары жиіледі. Әпкесіне сондайда абыржып таңырқай қарайды. Тұп-тұнық қарашықтары жаудырай мөлдіреп барып шықтанып, қараторы әдемі жүзі қуаң тарта сұрлана түседі. Даусы діріл араласа жіңішкере шаңқылдап, өршелене сөйлей жөнеледі. Түйіліп отырған шешесі ұшқалақтана атып тұрған бойда мұның көзіне үңіліп, үсті-үстіне үшкіріп әлектенеді. Одан сайын жыны ұстаған әпкесі кәрін төгіп, көзін аларта тастайды.

– Сен біржола шешеңнің емшегін емсеңші. Өлімші болып таяқ жеп аласың да, тағы түк болмағандай жүре бересің.

– Өліп кетсем де сотқа бармаймын, мен қатын емеспін!

Әлгіндегі шықтанған қарашық тамып кете жаздап мөлтілдеп тұрды.

– Сенде тұрған бойы комплекс. Қазақтар ешқашан рыцарь бола алмайды, бар-жоғы Дон-Кихот екендеріңді ұмытпаңдар!

– Сені қазымыр қып жаратқан құдайды айтам-ау. Өзіне-өзі келе алмай жүрген баланы күйдіріп өлтіретін болдың ғой, – деп шешесі жұпқынып шыға келді.

Біраз шама аңырып барып таңырқана жымиған әпкесінің келбетінен анық байқалатын астамшылық мұның қытығына тиіп-ақ бітті.

– Қарағым, міндетситінің болса, осы қазір жасырмай айтшы. Баламыз екеуміз аман-есенімізде жөнімізді тауып алайық, – Әпкесінің жүзіндегі құбылысты қапы жібермей

бағып тұрды. Абдырай қалт тынған мезет шырайы бозаңыта қуарып өтті. Нақақтан-нақақ жапа шеккен қорғансыз пұшайман күйде тұрып-тұрып, тарам-тарам жас көзінен жосылып аға жөнелді.

– Айтпасты айтқыздың ғой өзің, қой енді, – деді шешесі әбігерлене үн қатып.

Қолайсыз сәттің ақырына дейін тұра беруге дәті жетпеген Бегімбет сыртқа беттеді.

– Осылай арам ойлауға дейін жеттіңдер ғой, ақыры. – Даусынан түңілісті сарын басым естілді. Бұл өзін бәріне кінәлі сезініп, көңілі пәс тартса да құлағын еріксіз түрді.

– Қит еткендегі сөзің қазақ олай, қазақ былай. Ұрғашы басыңмен бір уақ ұялмайсың да. Қазақты да құдай жаратқан.

Шеше үнінің аяққы иіріміндегі қалтыраған діріл егіліп, жыламсыраған сарынға ұласты. Университетке барып қайтатынын алдын ала ескертіп қойғаны қалай дұрыс болған. Бөгелместен тура аялдамаға қарай тартты. Бұл кикілжің үйреншікті ұрысқа ұқсамай барады. Насырға шаба жаздайтын сөздерді естігенде қай жаққа барарын білмей қатты қысылады. Я мұның түсінігі шамалы, я әпкесі ыңғай бұра тартады. Тәштек Әлихан бірдеңелер айта бастаса, өзінің бейхабарлығынан тағы іштей қорынады. Тәштек дегенге досын және қимай келеді. Нәсілі басқа бойжеткен осы кезде қарсы жолықты. Аппақ балғын жүзінен көзін тайдыра алмай қалшыып қатты да қалды. Қаз омыраулы әйел баласының өз өлшем қалыбына сыймайтынын сезінгені туасы осы. Тіп-тік қыр мұрнының көтеріңкі ұшында ерке назды сүйкімділік үйіріліп тұрғандай көңілін құйқылжыта тербеді. Арғымақ бейнеге айдаладан қарап, өз сүдінінен әжептеуір қорынды. Әйел жұрағатына өлерменденіп, бұлайша еліге қараған емес. Автобусқа сүйретіле кіріп, құлықсыз жайғасқан бұған отырғандар аңтарыла қарайтындай. Өзі құралпы олпы-солпы жігіт көзінің астымен кіділеу суық қадалады. “Бұл итің өз жұдырығының іздерін танып тұрғаннан сау емес-ау”, – деп ойлады.

Өзара қауқылдаса сөйлескен курстастарының арасынан мұны Әлихан бірінші болып байқады. Тыпыңдаған қысқа адымды жүрісімен келіп төс қағыстырды. Бәкене бітімі

омырауына ғана жетіп тұр. Балалықтың табы өшпеген дөңгелек жүзіндегі жортаң еркелікке арбала қалатынын бұл ыңғай сезбейді. Жалт-жұлт етіп ойнақшитын өткір қой көзінің қарағы шоқтай жайнайды.

– Қазақ үшін таяқ жеген баһадүрге бәріміздің атымыздан бір сәлем! – Жапа-тармағай жүгірісіп кел анталай қоршап алған қыз-жігіттер кезекпе-кезек құшақтасып, хал-жағдайын жамыраса сұрап жатыр. Әлиханның әлгіндегі сөзі оғаштау, бірақ құлағына жағымды естілетініне ішінен қайран қалады. Ешкім оны ары қарай іліп әкетпегеніне олқысына емексіді. Осы кезде Жайсаң курстасы төніп келіп үңірейе ұзақ үңілді. Оттың жанып-жанып сөнуге айналған қозына ұқсаған көзі соққыдан соң біржола нұрынан айырылып, сұп-суық қарауытатынынан өзі де талай тіксінген. Ай-шайға қарамайтын алаңғасар әдетіне бағып бірдеңе деп қоя ма деп ойлағанша болған жоқ.

– Оңдырмапты ғой, иттер, көзің көре ме өзі? – деп даусын соза таңырқай сұрады. Мына ноқайдың керін қайталап, ашықтан-ашық аяушылық білдіріп, бәрінің шұрқыраса жөнелгендеріне жыны ұстады. Жайсаң бейшараның зымиян-зәлімдігі жоқ. Жалпақ басы кішкентай қимылдың өзіне қаңғалақ қағатынына қарағанда жүйкесінің бір ақауы бар тәрізді. Осы сықпытына қарамай біреудің басындағы мінді көргіш. Жол-жөнекей кезіктірген орыс бойжеткенінің келбетінен кейін бірге оқитын қыздардың бітімдері келісімсіз екеніне көзі жете түсті. Бүйрек бетті, бітік көзді, шолақ мұрынды қыздардың мықындары жұп-жуан, бақайлары қып-қысқа. “Бұларды да біреулер алады ғой”, – деп ойлады. “Көңіліңе менмендік кел кесірлі ойға бара көрме, саған жақпайды”. Шешесінің күн аралата қайталап айтатын ескертпесі ойына сақ ете қалды. Таяқ жейтін кештің алдында кесірлі астамшылыққа барып қойғандай көрінді. Ол астамшылығын есіне түсіре алмай әлектенді. Өн бойынан жүгіріп өткен дірілден әлжуаз тартып, өңінің құп-қу боп кеткенінен айналасындағылар үрпиісе состиды. Қарынан шап беріп ұстай алған Әлихан:

– Беке, мен сені үйіңе апарып тастайын, – деді.

Анталаса қадалған көп көздің алдында көңілі босайтын боркемік халде солқылдап жылап жіберіп, сыр беріп

қоятынынан қорқты. Сондықтан Әлиханның еркіне көніп, дедектеп ілесе берді.

Әлихан екеуі келгенде, шешесінің қасында өңкиіп отырған Болатбекті көрді. Бегімбет түнеукүнгі оғаштау қылығынан қатты қысылып жүрген. Соққының теңбіл-теңбіл белгілері мен аққан қанның бір түйірі көз қарашығының орнына ұйып тұрып қалғандай қып-қызылдығынан ыңғайсыздана төменшіктеп, бұйығы амандасты. Аңыра аңқайып барып Болатбек орнынан атып тұрды. Шегір көзінің жылт еткен қызғылт сәулесінен табашыл ұшқын өңменіне қадалғандай сезінді. Екі шықшыты шодырая шошайып, түсі қатты бұзылып кеткен бауыры кемсеңдеп кеп мұны бас салды. Көңілі жарым адамдай манағы босаңхал тағы иектеп, сыр беріп қоятынынан қуыстана көз қиығын шешесі жаққа амалсыз тастады. Орамалының ұш жағымен көзін сүрткіштеп ол кісі де әлекке түсіп тұр екен.

– Ауылдарың алыс болған соң екеуіңе де қиын. Шер тарқатып алыңдар. – Әлихан кекесінін кезектегі қалжың ретінде қабылдады. Мұның бір қиырдан келгені ылғи ойынан шығып кете беретіні қызық. Бала кезден жұптары ажырамай бірге өсіп келе жатқандай көрінеді.

– Әй, қарағым-ай, ауылдың алыс-жақынын ойлап жатқан кім бар. Есімізге қайдағы-жайдағы түсіп, көзімізге жас аламыз да.

Әдетте бұлай сөйлемейтін шешесінің даусы қатқыл. Көзінің астымен ұрлана сүзіліп қарады. Делдиген мұрнының ұшы қусырылып-жазылып, дегбірсізденген өңі боп-боз. Мұны таңертеңгі табы суып үлгермеген әңгімеге ұйғарды. Болатбекпен назары түйіскен замат тоң-торыс кейіппен тайқытып әкетеді. Шығыңқы бет сүйектері кескінін жалпайыңқы көрсетіп, сезімтал сергектігінің аздығын әйгілей түсетіндей. Әлденеден секем-сезігі бардай бозғылттау бет терісі аяқ астынан шымырлап күреңіте жөнеледі. Әлихан сазарып қана отыр. Бір уыс жүзі лыпып жүгірген бояудан әлсін-әлі құбылып, қасының екі ортасы түйіліп, дүрдие қалады. Көңіліне алып қалған нәрсесін айтпай тынбайтын шағын қалпындағы шапшаңдықтан бір түрлі сезіктенеді.

Кішкене дөңгелек үстелді шешесі ортаға қойып, дастарқан жайды.

– Абысыным Болатбектен сыбағамызды беріп жіберіпті. Сендер ауыз тисін деп салып қойдым, асықпай жеп кетіңдер.

Жылқының еті деген таңсық дәм бе, жарықтық, үшеуі де серпіліп, қабақтары ашық-жарқын тартты. Өткенде не демек болғанын сұрамаққа ыңғайлана бергенде, Әлихан туған жерінің кереметі жайлы әңгіме айтуға кірісіп кетті. Болатбектің аузы аңқая ашылып қалыпты. Көңіл ауанына қарай даусы қоңырлап, кілт бәсеңдей түседі. Үнінің құйылыс-иіріміне амалсыз елтіп, мың мәрте естісе де қайтадан құлақ түре қалғанын өзі де сезбейді. Сыңсыған ағаш жапырақтарының лүп еткен самалдың өзінен сыбдыр қаға сусылдай жөнелетінін көз алдына сурет қып әкеле алатын Әлихан кескіні алаулап тұрып алады. Зеректігі шамалы шәкірттей кей сәтті ұқпай қиналған Болатбек әлпетіне кейістік үйіре түксиеді. Кенет Бегімбет өзін қалаға да, ауылға да жатқыза алмайтын екідай күй кешті. Осы бір түсініксіз сезініс жатырқаушылық құлыққа тап қылатын секілді. Бәрін ішіне тоқып қана сөзге араласпайтын шешесінің шырайы қазір жайдары. Әлгіндегі оқыс тіл қатып, шытынай қалғанын анық сездіргені түйткіл боп көкейінен кетпей тұр.

Осы кезде сырттан әпкесі кіріп келді. Бағанадан тым еркін отырғанын бір-ақ білген Бегімбет тез жиылып алды. Таңертеңгі ұрыстың жұқанасы да жоқ, жүзі жайраң. Жылқы етінің аңқыған дәмді иісіне сүйсініп:

– Что за праздник? – деді. Жіңішке даусы әуездене құйқылжып шыққанда қамығудың жұрнағы да сезілмеді.

Әлихан мен Болатбек үрпиісіп, жүздері қуқыл тарта ұяңдау амандасты. Екеуіне көз қиығын елеусіздеу тастап барып қалт тоқтады.

– Сен Болатбексің ғой?

Асып-сасқан Болатбек:

– Иә, – деп жалма-жан жауап қатты. Өлі күнге дейін Мәскеулік әдетін тастай алмай жүрген әпкесі сырын тез алдырып қоймаса екен деп тіледі.

– Қайда оқисың?
– Инженер-механик факультетінде.
– Қазақтардың баратын оқуынан басқа табылмады ма саған.

– Орыстар да көп оқиды, – деді Болатбек сасып-салбыраған қалпы.

Ашықтан-ашық Болатбекті місе тұтпаған әпкесі басынан аяғына дейін назар жүгіртіп, жалт бұрылып жүре берді. Қатты әсерленгіш Әлихан тықыршып, елең қаға бастады. Бұл сияқты әуектегіштерді әпкесі шырқ үйіріп, бірден баурап әкететінін біледі. Әпкесінің бір-ақ қылығына миы жетпейді. Ауылды көрмегендей, иінағашпен су әкеліп, құдды от жақпағандай, сиыр сауып, нан жаппағандай. Осылай үлбіреп Алматыда туып-өсіп, тек Москвада оқу маңдайына жазылғандай соншалық сәуреттенудің себебі не? Неліктен бұлай жатбауыр? Болатбек үй ішінің амандығын сұрап, ауыл жаңалығына қанығатын жөні емес пе. Бәрінен де ауылды сағынбайтынына қайран. Болатбек тұрмақ, мұның өзін қатарға ілмейтінін іші сезеді. Жайма-шуақ әңгіме сап тынып, әркім өзімен-өзі түксиіп отырғанда:

– Тамақ дайын, қолдарыңды шайыңдар, – деп әпкесі есіктің көзінен басын қылтитты. Үні ойнақы. Араға бір күн салмастан тез ұмыта қалудың себебін түсінбей дал болып қойды. Әр нәрсені көңілге ауыр алып, соны ұмытпай уайымдай беру қазақы комплекс пе екен әлде.

– Деликатес, – деді әпкесі. Көзінің астымен қызына қарап қойған шешесінің ажары қуқыл тартқан бозаң. Бәрі бас қойған кезде жалғыз ғана әпкесі ұмсынбай состиып қалды.

– Нұрғаныш, сен алмайсың ба? – деген шеше сөзін де елең қылмады. Қас-қабағын кере күлімсіреп қойғанда келбеті анасынан аумай қалады екен.

– Апа, “Соғыс және бейбітшілік” деген кітап бар. Москваны француздарға тастап кетер алдында қолбасшы Кутузов: “Түбі мен оларға жылқы етін жегіземін”, – деп жылап тұрып серт береді.

– Ақырында ол уәдесін орындады ғой, – деп Әлихан бір жақтан килікті.

Сол замат оған жалт қараған әпкесі мынаның сәуесінде бірдеңе бар ма дегендей назарын ұзақтау кідіртті.

– Ол қараң қалғырлардың туар жарықтықтың етінен шошынып қалған бірдеңесі бар шығар.

Бұған бәрі ду күлісіп алды. Алғашқы тосырқау сейіліп, ашық-жарқын қабақта ықыласты әңгіме қозғауға шақ қалып тұр. Бір-бірінің көкейіндегісін айтпай ұғынып, бір-бірінің жүрек лебіздерін жүздерінің құбылыстарынан қапысыз танитындай. Әсіресе Әлихан мен әпкесі елгезек.

– Апа, туар дегеніңіз сонда не?

Әлиханның біліп тұрып сұрағанында әпкесіне төте жол табудың қитұрқы амалы жатқандай көрінді.

– Затымыз ұрғашы болған соң жолымыз жіңішке. Екі үйді бөліп-жармай, балалардың тілеуін тілейтін қайнағамның атын қалай баттитып атамақпын.

Бегімбет қыбы қана әпкесіне ұрлана қарап қойды. Бір нүктеге қадалып барып көзін тайқытып әкеткен мезет бетінің екі ұшы шым ете қалғандай қызыл жүгіріп өтті. Бидай өңі алаулай құбылған Әлихан ұрынғыш бұзық баладан аумады. Болатбек кімнің болсын аузын бағып, ғажаптана қарайтынынан танбай отыр. Сыр бермес ұстамды қалыбынан айрылған шешесінің тыз етпе мінезге көшкеніне қайран қалып қойды. Бір тізерлеп отырып алып сорпа ішкен кейпінде сүйеккесінді кішіктікті әлдеқалай сезінген мезет ап-ащы нәрсе қолқасын қауып өтті. Жаулығынан шығып тұрған шашына ақ мол араласыпты. “Нұрғаныш осыны байқай ма, байқамай ма?” – деді ішінен. Әпкесі мен Әлихан әңгімесіне құлақ түріп көрді.

– Хемингуэйді оқыдым дейсің бе?! – Даусы таңырқана қаттырақ шықты.

Бидай өңі күреңіте шымырлаған Әлихан кинорежиссер көрі қызға аты мәлім бола бастаған Барласпен жақын араласатынын көз қиығын тәкаппарлау қадап тұрып жеткізді. Заматында сынық тарта қалған әпкесі баяу тіл қатқанын аңдады.

– Барлас Москва жастарының арасында да беделді.

Анау-мынау емес, Барластың Москвада беделді екеніне сенер-сенбесін білмей дағдарған Бегімбет “Қалайша?” – деп сұрай жаздады. Бір сөйлеп кетсе Әлихан тоқтамай қор қылады. Қараптан-қарап әпкесінің ұрынуы мүмкін.

Шешесінің ыдыс тасуға кірісіп кеткенін тіпті байқамапты. Жалма-жан көмектеспекке тұра ұмтылған бұған көзін алайтып, отыра бер деген белгіні қолын жасқап білдірді. “Неге ренжулі жарықтық сонша?” Осы кезде кетпекке Әлихан жиналғанда, оған ілесіп Болатбек те киіне бастады. “ Сен қала тұрсаңшы”, – деуге оқталып барып қоя қойды. Әлиханға деген түсініксіз жат сезіністі одан сайын өршіткісі келмей еріксіз тосылды. Әңгіменің желісін үзгісі келмегендей әпкесі қайта-қайта сөзге килікті.

– Барлас қай жылғы жігіт өзі?

Әлихан аяқ астынан шалқая шіреніп, нып-нығыз бола қалғанына Бегімбет таң-тамаша. Тап мына маңғаздығына шағын денесі келіспейтінін бірінші жолы аңдады. Екі қолын қалтасына салып ұлғайған кісінің естияр ұстамдылығына лезде көше қойды.

– Ол әлі бала, бізден бақандай үш жас кіші.

Оның жастығына сүйсіну мен қызығу зиялылық жорасына жүретіндей әпкесі тіл-көзден сақтасын деген тілеуқор ниетін білдіріп үлгерді. Әлихан мен Болатбекті шығарып салмаққа ыңғайлана берген бұған шешесі:

– Балам, бүгін саған осы да жетер, – деді суық шырайда.

Екеуі кеткен соң Бегімбет елегізіп секиіп отырды да қойды. Әпкесі аядай жерде ары-бері жүре бастады. Ара-арасында көз қиығын бұ жаққа тастаған уақытта тіл қатып, сөйлескісі келетін ниеті бардай қап-қара жанары жаудырай мөлдірейді. Ас әзірлейтін кішкене бөлмеден шешесі шыға келген кезде қалт тоқтай қалған Нұрғаныш:

– Қазақтан осындай зерек, білімді жігіттер шыға бастағанын көрдіңіз бе, апа, – деді тамсана.

– Білімді дегенің өзіне-өзі сұқтана беретін жаңағы шартық неме ме?

Біршама қалшия іркілген Нұрғаныш қарашығы діттемей тайқып, кірпіктері жыпылық қақты. Тіл қатпаққа ұмсына жұлқынған уақытта шешесінің жұқа бітімі қаңғалақтап кетті.

– Көзің болған соң көреді екенсің, үлкен болған соң сөйлейді екенсің! Мына жалғыз бауырыңа бөтендердің алдында суықтығыңды бұдан былай байқатпа. Қоңаштап елемей қоятының жақсы ырым емес, енді қайтып көрмейін.

Нұрғаныш кескіні қан күреңітіп, өзін-өзі тежей алмай-тындай долдана қалш-қалш етті. Мөлдіреген қап-қара шарасы жасқа тұнып:

– Ну, архаизм! – Кенет сестене бұған жалт бұрылды. – Еште ты, мамкин сынок, – деді де ас бөлмесіне қарай қаздаң қаға жүріп кетті.

“Осы маған қамқоршы болмай-ақ қойыңызшы!” – деп, Бегімбет айтып та тастағысы келді. Өйтсе, сорлы шешесін екі күйдіріп, сүйенген тіренішін құлатушы қаныпезердің нағыз өзі болып шығатындай.

– Осы Мәскеу дегеннің не бәлесі бар, оқып қайтқандардың миын шайып, шатастырып тастай ма, шеттерінен әйтеуір оңбай жатыр ғой.

Қызын көзімен ұзатып салып тұрған шеше әлпетінен сұмдық шарасыздықты оқыды. Көмейіне келген сөзді айтпай іркіп қалғаны қандай оңды болған. Москвада оқығандарға қарадай өшігіп жүр. Әлиханнның да оңатын қылығы жоқ. Екі сөзінің бірі – Барлас. “Барлас шақырған екен, соған бара жатырмын, Барластан келе жатқан бетім еді”, – дейді біреу жөн-жосықты сұрамаса да. Сабазың Барлас даңқын қашанға дейін малданар екен. Барласың, бақса, осы Алматыда туып-өскен көрінеді. Сымбат-сыны келісті келген еңселі жігіт еркелеп, билей басатын тәрізді. Кісіге шүйіле қадалып барып кішкене көзін күлімдеткен уақытта шуақты мейірім үйіріледі. Өлденеден көңіліне кәдік ұялай қалса, дереу қатулана қояды. Көкірегін кере шалқайып, бір шекелеп төбеден қарайтын және тәкаппар. Ашық қоңыр үні сарайынан саңқылдап іркіліссіз шығады. Оған жақындаудың кілтін Әлихан қалай таба қойды екен? Өпкесінің Барласты мана сұрағандағы ұсқыны ұнамады... Атақ-даңққа құлағыш ұшқалақ қыздардай өзін тым жеңілтек ұстағаны несі? Сонысын байқай қойып шешесі қатты ашуланған екен-ау.

VI

Ұзай түскен пойыз екі құлағын жымып ап безіп бара жатқан бүлдіргіш құбыжықтан аумайды. Сансызбай бір орында қыбыр етпей әлі тұр. Қарсы кезіккеннің белін опыра сындырып, алдындағыны жапыра жайпап өтетін

жойқын тас мақау нәсте тура төбесінен төніп келіп қалғандай жүрегі суылдады. Төрт аяғы тең кесіліп тұқыл болып қалған бейшараның бірі басын қойғылай тыпырлап, денесін былқылдата қозғайтынын тура осы арадан көріп тұр. Туралғандардың арасынан тағы өстіп жанталасып жатқандары бар ма екен деп шолды. Құдды содан жанына тыншу алатын сияқты. “Құдай бұ жазғандарды неге сонша ақылсыз ғып жаратты екен?” Онда шаруаң қанша, сорлы-ау, ендігі көресің не болмақ, бәрінен де соны айтпайсың ба?” Темір тордың ар жағынан шыққаннан басқа енді не жол қалды. Тірі адам тіршілігін жасар, бала жетіледі, қатын деген тесік моншақ, жерде қала қоймас. Азабын көретін мен, обалым сонда кімге?”

Қирай жайрап, қидалана туралған қойдың үстінен кенет біреу шауып шығып, атының басын тарта қалт тоқтады. Ерге тік отырысы мен жан-жақты секиіп шолысы Шынтайға ұқсайды. Ағайын, ел-жұрт болатынын тарс есінен шығарып жібергеніне қатты таңырқады. Қара тұтар жалғыз Шынтай болып көрініп, көңілі босады. Кемсендеп жылайын дегенде қатып-семген бет-аузы икемге келмеді. Қозғалмаққа оқталып еді – пимасы тас боп жерге жабыса қатып қалыпты. Мұны көре салып далбақтап шапқан Шынтайдың жалпылдаған екі шалғайы парықсыздау далақтап көзге қораш ұрады. Аттан домалай түскен Шынтайдың кішкене қой көздері шарасынан шыға атырылып, шақшия қадалғандағы уытын еш сезінбеді. Мысық мұрты тікірейе жыбырлап, андыз-андыз қылтанақты сақалы көстеңдеген мезет жанарына тоқтамды ой үйірілместен қарашығы ойнақши береді.

– Бәсе, бұл тегін емес-ау деп ойлап едім. Әйтеуір өзің аман екенсің. Аяз қанша тұрса да көлшік бетін су қаптап жататынын ескертіп қою тарс есімнен шығып кетіпті.

Үздіксіз азынаған боран Сансызбайдың ішінен кеулеп, денесін көкала мұзға айналдырып, иігуге келтірмей сірестіріп тастады.

– Ойпырм-о-ой, суық өтіп кетіп жүрмесе жарады. – Үйіріле өбектеп қамқор үн қатса да Шынтайдың тоңды жібітер жылуы жоқ. Бұ бейшараны неге сонша суқаны сүймейді екен. Төрт түлігі түгел, төрт құбыласы тең атадан қалған жалғыз-ақ сабақ. Бұларға түп-тұқиян, зәу-зат, жеті

ата, жетпіс жеті пұстысынан бері сараңдық жаққан деседі. Адамды ағынан жарғызбайтын қаттылықтың бір бәлесі бар ма дейді. “Әй, сен не тантип тұрсың. Қанша қара ниет сараң болсам да алдымдағы малымды қатыныма тастай салып, делендеп жеткенімді көрмейсің тағы. Құдай бетін ары қылсын, мен өстіп қалсам сенің келу-келмеуің екіталай. Андағы су басқан көзіңе бір қабат мұз тұрып қалған ғой”. Тура құлағының түбінен Шынтайдың шаңқылдаған даусы шыққан сияқтанды. Табан астында есі ауысқаннан сау ма? Жаңағыны іштей ойлаған да қойған. Қолы ашық, береген атадан қалғандағы мұның сықылы мынау. Көкейдегіні оқып қоятын әлде сәуегей бірдеңесі бар ма. Осы арада мызғып кетіп, аузына келгенін көкіп, сандырақтағаннан сау емес пе бұл. Ары-бері ашулы күшпен жұлқылап:

– Әй, Сансызбай, кішкене қозғалшы, атқа отырғызайын.

Қатқыл даусы ту-у алыстан талып жететін секілді. “Ренішті ме, қалай өзі? Ата-бабасының сараңдығында не әкемнің құны бар еді?”

– Әй, Сансызбай, қимылға келсеңші.

– Мен өле қоймаспын. – Үні талмаусырап үздік-создық шықты. Аяқ астынан көңілі босап, көгеріп-сазарған бет-аузы бырысып-тырысып, кеңкілдеп жылап жіберді.

– Сен өледі деп айтқан кім бар. Салдай дененді көтере алмай жатырмын. Өзің де ыңғайлансаңшы.

Шабдар аттың белі екі адамның салмағынан қайқия майысты. Аяқтарын ауыр алып, ілініп-салынып китің-китің басады. Ұзамай қызыл қырғынның үстінен түсетініне дауаламай, әлден-ақ жүрегі айнып келеді. Адам ойын оқып қоятын Шынтайдың бір бәлесі бар ма, ат басын біршама қиыстау салды. Шойын жолдан өтерде ғана бас шекесі солқылдап барып миы зырқ етті. Рельстің беті мүләйім жалтырап, алыстаған сайын ұстараның жүзіндей жалт-жұлт ете аунап түседі. Бүгінгідей сұмдықты жүрегі сезіп, қобалжымағаны несі.

Мидай жазыққа түскенде айнала төңірек көзден таса қалмай түгел шалынатынына біраз алданды. Үйді айнала темсеңдеп жүрген қой, бір орында тапжылмай қалшия қатып қалған сонау әйелінің бейнесі көңілін тербеп, жүрегін қозғамайды. Тап мына тұрысынан септікке жарамас

болбыр әрекетсіздігін танып, жыны ұстады. Мұның орнында басқа біреу болса, шойын жолға осы уақытқа дейін жанұшыра барып, бәрін өз көзімен көріп қана қоймай, ойбайлап, аттан салатын жөні емес пе. Маған шетінен жанаяр әйелдер кезігетіні несі екен? Алты қатын алсаң да ауына тартпай қоймайды деген әлде рас па. Шымылдаған жүрегі нәзік сыздап ауырды. Тапа-тал түстен келіп алған қойды зар қаға қайырмалап жүрген Дариға ағыл-тегіл жылап қарсы алды.

– Құдайым бізді қандай іске бастады, құрдас-ау. Түбіміз қалай болар екен?

Әйелі алқам-салқам. Тарам-тарам аққан жастың ізі бетін айғыздай жосылған ақтаңдақ. Етінен арығандай сүйектері шодырая шығып, беті жалпайыңқы тартыпты. Сансызбайды екеулеп үйге кіргізгенде ұлдары бастарын жұлып алып, шошына үрпиісті. Томпақтау жанары кең ашыла бағжиған үлкені естиярлықпен ұстамды бақылайды. Қалт етпей баққан кішісінің томсарған жүзінде жатырқау басым. Кішкентайлардың әлпеттерінен таңырқау мен сескенуді қабат оқыған мезет аяушылық сезім жүрегінің шымылдатып жіберді.

Жартылай төселген еден есебіндегі тақтайдың үңірейген асты суық қарауытады. Алакөлеңке айналаға содан жайылып, зілмауыр салмақ еңсені көтертпестен жаншып басып тұратындай. Тура ортадағы аузының қақпағы жоқ темір пеш кернейлерінің аражігі мен буылтық шынтақтарының жиектеріне тұрып қалған сарғыш тот ескілікті суреттің өшпей қалған жұрнағына ұқсайды. Күйелеш шәугім мен пұшық шәйнек бүгінгі сұмдықтан қашып-пысып кеп жансауғалап жасырынған мақұлықтай. Шынтай мен Дариға сүйемелдеп әкеліп бір шетке отырғызғанда, бұрышта киізбен жан-жағын қаумалап қойған екі қара лақтың не болса соны түртпектеп тыным таппай тұрғанын көрді. Енесінің үнін сырттан естіген замат жамыраса маңырағандары құлаққа жағымсыз ащы.

– Тұмай туа шөккірлер-ай, қатып-ақ қалғандарыңда болатын еді, – деді тыжырына.

Сауыс-сауыс мұз тұрған сырт киімдерін Шынтай шешіп алып, пешке маңайлата жайып тастады. Аяғынан пиманы суырып алмақ боп тартып қалғанда Сансызбайдың ойбайлаған құлындағы даусы шығып кетті.

– Табаның пимаға жабысып ажырамайды. Құдайдың сақтағанын қарашы, табан етіңді жұлып әкете жаздадым.

– Отқа қақтап жібітсек қайтеді. – Дариға үрейі ұша дегбірсізденіп тіл қатты.

– Сонша қойдың қаны тегін жібере қояды дейсің бе? Ақысына табан етімді берген шығармын.

Ағылып келе бастаған қойлы ауылдың селт етерлері шеттерінен бұған бас сұғып, түбінің жақсылығын бергей деген тілектерін бір ауыздан айтты да жаугершілік замандағыдай атқа қонып, шойын жолға қарай суыт жөнеді. Қызғылт көзін мөлште телміртіп, шалғы мұртын ширата бипаздаған Уәли құрдастығын малданып:

– Бұрынғылар мал иесіне тартады деп тегін айтты дейсің бе. Майып боп кете ме деп әуелі өзіңнен қорқып едік, – деді шімірікпестен.

Бар мен жоқтың арасында онсыз да есі ауып тұрғанда иттің қалжыңынан ішін жиып алды. Тоқал тамның кішкене көзінен жұрттың жұмыла қимылдағанын шолды да отырды. Қазақ екі күннің бірінде табанымнан тоздым дегенді қиналмай айта салады. Жалпақ табанның қалың еті сүйектен ажырап, иттің тіліндей салақтап қалады деп кім ойлапты. Жұрт қарасы молынан жиналмаса бұл мына сұрымен не істей алар еді. Әркімнің тұсына өңмеңдей барып, зар қақсап маңырай жөнелетін бөрте ұсқыны еліре жұлқынып тұрған долы әйелдерге ұқсайды.

– Лағыңмен қоса қара жерге кір, кебенек! – деп, Дариға қолындағы таяқпен қақ маңдайдан тартып қалды. Наразы ыңғайда ары-бері басын шайқап, көзін төңкере тастап біраз тұрды да, тырсия сыздаған желіні жер сыза талтандап бара жатты. Алдында өзі де, бір сілейтіп тастаса деп зығырданы қайнап отырған. Қазір бейшараның бостан-босқа таяқ жегеніне жаны ашыды. Екі лағы үшін зар еңіреген мұңдыққа деген әйелінің аяусыз қаттылығы біразға дейін ойынан кетпей қойды.

Қыбыр етпей терезеден телмірген екі ұлына қарап: “Бала немелер шошып қалар ма екен”, – деп ойлады. “Күнге тигізбей, желге қақтырмай, бекзада ғып үлгілдетіп отырғандай, мұным қай сасқаным. Адам өліктерін арбамен қыдырып жүріп жинап, бір шұңқырға апарып

төккенді осындай-ақ кездерінде көргендер көп қой. Оның қасында бұл мал өлігі”. Бас-сирақтардың қан-қан қиқым-сиқымдарын, дене мүшелерінің бөлек-салақ пұшпақтарын қапқа кептеп салып жатқандарына жабырқап қарады. Төрт аяғы түгел шорт қиыла домаланған екі денені анадай жерге оқшау апарып түсірді. Бұлайша қор болып жатқанша өлген артық деп күйзеле түңілгендей бастарын жерге тарс-тарс ұрады. Шынтай бір топ кісіні суда қалғандарға бастап кетіп еді. Кешіккендеріне қарағанда шығарып алу қиынға соғып жатқанға ұқсайды. Дариға ғана бір кіріп, бір шығып жүр.

– Әй, адам қарасы көбейіп келеді. Аяқтары кесіліп қалған екеуін сойғызып жатырмын. Бұған не дейсің?

– Кесілген, жарамай қалғандар керек болса, мені де қосып асып жіберіңдер.

– Байқұс-ау, тарылмасаңшы, осы көпшілік болмағанда қайтер едің. Суға қатып қалған қойларды Шынтай сорлылар шығара алмай әлекке түсіп жатыр дейді. Қақаған суықта тамақ керек, оңай деймісің.

Сансызбай сазара қараған қалпы үндемеді. Дариға мұның жауабын тоспастан шығып жүре берді. “Шынымен де мен осы тармын ба?” – деді әйелін көзімен ұзатып салып.

Қыстың сергелдеңге толы қысқа күні ұясына қызарып батып, дүниені дереу шымырлап ымырт басты. Сырттағы көпшіліктің дабырына Сансызбай құлақ түре алданып, елегізіп құлазымаса да елең қаққан түсініксіз күй кешіп отыр. Қараң-құраң көзге шалынған осы маңайдың бірсыпыра әйелдері кеуіл білдіруін емексі күтетініне жыны ұстайды. Томаға-тұйық тіршіліктің ұяң әйелдері монтаны-мүләйім. “Тамақ дайын” деген дауыс өмір арқауының жорасындай желпінтіп өтетінін көңіліне еріксіз түйді. Көпшілік ішке топырлап кіре бастады. Үсіп-жығылып, алақандарын пешке бір-бір тосып бүрсендеп өтіп жатыр. Үлкендер жоғары озып, кішілер тиген-тиген тұсқа жайғасты. Қоңқақ мұрны тоңғандай бөлекше қып-қызыл Уәлидің иіні түсіп салбырап, үн-түнсіз сүзіле қарайды. Сылқ етіп отыра кеткен Шынтай құяңы бардай қабағын кіржитті. Үсті сауыс-сауыс, тізесі мен жеңдері көкала мұз. Бәрі ойға шомып, бастарын төмен сала тұқшиып отыр.

Сыймағандардың біразы сыртта қалды. Тамақтың қамымен қатын-қалаш ары-бері лыпып зыр қағып жүр. Жастау біреу аралап қолдарына су құйып шықты. Бағанадан бері орнаған үнсіздікті Шынтай бұзды. Сансызбайға жалт бұрылып, жайсыз хабарды айтудың орайын таппағандай бірер сәт қинала іркілді.

– Кесілгені, суға кеткені бар, бәрін қосқанда тоқсандай тегі болар.

Өлген-жіткеннің мөлшерін ойша шамалауға Сансызбай жүрегі дауалап бармаған. Жаңағыдай сан Шынтай аузынан шыққан кезде төбе шашын тік тұрғызатындай сұмдық көп болып көрінді.

– Пойыз дегенің әшейін турап кете береді екен ғой, – деп біреу сөзге килікті.

– Пойыз дегеніңде ақыл-ес, мейірім болады деп саған біреу айтып па еді.

Уәли ұрсысатын кісіше ежірейе қадалды. Ары қарай әңгіме жалғаспай тамақ үнсіз желінді. Бір кезде сырттан машина гүрілі естілді. Әлденеше фардың өткір жарықтары қараңғылықты қанжардай тіліп-тіліп жолақтана сұлап құлағанда бір-бірінің абыржи абдыраған өңдерін анық ажыратты. Жіңішкере қалт-құлт еткен ондық шамның жарығы өлімсірей өшіп бара жатқан сияқтанды. Жұрт түгел әбігерлене қозғалақтап, жаппай есік жаққа телмірді. Жанары шарасына сыймай атырылған Дариғаның үрпиген ұсқынына көзі түскен замат жүрегі тітірене жиырылып кетті. Әлі ес тоқтатып үлгермеген екі ұлына не жорық десеңші, аллам-ау, жансауғалай тығылған көжектей бүріскен шошынулы әлпеттерінің қорғансыз екеніне әлдеқалай көзі жетті. “Бәрінен де мына екеуіне қиын тиеді екен-ау. Төсте оқып жүрген үлкен ұлы ащы-тұщыны бірдей татып, өгей шеше құқайын көріп те қалды”. Сырттағылардың жамыраса амандасқандарын алмаған суыт келе жатқандар үн-түнсіз”. Сәлемнен үлкен кім болды екен бұлар?” – деп ойлағанша болған жоқ, әуелі Сұрапбайдың жуан қарны, сонан соң күнге түтеп талаурағандай қарақошқыл жүзі көрінді. Қалмақы пішінді бозғылт жігіт аядай ғана жерде осынша адамның отырғанына таңырқай қарауынан қазақы салттан мақрұм

екенін бірден байқады. Құлқиған сап-сары орыс тап мынадай тіршілікті жатырқай шолатын жабырқаулы нышанын сездіріп қойды.

– Қойды пойызға әдейілеп туратқан түрлерің бар сияқты ғой. Енді болмаса қырқұлақ болып шеттеріңнен қырылмақ па едіңдер. – Әдетінше Сұрапбай даусын қиқұлатып шығарды.

– Сұрапбай, сенің айтып тұрғаның ана жылғы ашаршылық шығар, – деді Уәли жорта аңқаусып.

Қарны жарылардай тырсиып тұрған Сұрапбай оған көзін аларта суық тастады.

– Тауып айттым деп ойлайтын шығарсың?

– Қазақтың жас етті көргенде қызылсырап қалатын әдеті. Құдайға шүкір, үйде көже-қатық баршылық қой, әйтпесе.

– Үйіңде не барын сұрап тұрғам жоқ. Сен бәрібір дым татырмайтын қарақазансың! – Сұрапбай шірене шалқайған қалпы көзін қыдырта жүгіртіп, назарын Сансызбайға түйістіргенде дәу қарны бүлк ете түсті.

– Жинал, бізбен бірге жүресің.

– Жаналғыш әзірейілім сен болсаң да, зембілмен көтермесеңдер жүре алмай қалдым.

– Немене, сенің де аяғыңды пойыз қиып кетіп пе еді?

Сансызбай бұл сөзге қорынып та қоймады. Мұншалық көнбіс көнтерілік қайдан келіп жүргенін түсінсе бұйырмасын.

– Қараң қалғыр неме, тілің кесілсін! – деп аяқ астынан тұтанған Дариға шаптығып шыға келді.

Сұрапбай аңыра тосылып қалды.

– Сенің де аяғыңды пойыз қиып кетіп пе еді дейді. Бұжыр-бұжыр қара бетің тілінгір!

Апақ-жапақ етіп әркімге бір жалтақтаған қалмақы жігіт, Сұрапбай Әжібаевич деп орысша шүлдірлей жөнелді. Жер айтып бармасын, басы-көзіне шыбын үймелеп, құрттап жүретін Әжібай әруағы алтын қасықпен су ішті деген осы. Өрттей күреңіткен кескінімен Сұрапбай қалмақы пішінге ұмсынып, құлағын тосты. Қызмет істейтіндер өзді-өзіне сұқтанып, бірін-бірі дәсер қылатыны қатындардың қылуасына ұқсайды.

– Сіздер бізден қорықпаңыздар, шабанды қамауға алып бара жатқан жоқпыз. Оқиғаның анық-қанығына жетеміз.

Бейшараның ділі таза ма, орысша айтса да бәрі еш қиналмай түсінді.

– Жанымызды қоярға жер таппай сасып-салбырап тұрғанда, басымызға әңгіртаяқ ойнатып келіп есімізді шығарды ғой. – Дариға етжеңді денесімен өршелене жұлқынып қойғанында бұрын-соңды байқалмаған жігерлі серпінге таңырқай қызықты. Қараторы өңі ашаң тартып барып сұрлана қалған уақытта бетінің ұштарына жүгіріп өтетін қызыл бояу кескініне тартымдылық үйіреді. Сұрапбайдың бастапқы келсаптай сөзіне ашынған екен жазған. Жер-дүниені түгел тауысқан анау да мұттақым емес пе, жүзі түтіге қарауытып, безеріп қалды. Мұны Жамбыл жарықтық кейде қара жартас дейтін. Сұрын қазір анықтап шолса, беті сонау төстегі Қақпатастың өмір бойы жел-құздың аңғарында тұрса да қап-қара түсте жылтырап жататын жайпақ тастарынан аумайды.

– Мені бір долы қатын екен деп ойлап қалып жүрмеңіздер, айналайын көпшілік.

Әйелінің бүгін сөзден десі жүріп тұрғанына Сансызбай еріксіз тосылды.

– Әйтеуір, қатыннан Сансызбай аузының салуы бар, құданың құдіреті, – деген Уәли сөзіне жұрт ду күлісті.

Қалмақ шалысы мен сұңқиған орысы шығып кеткен соң, Сансызбайға жинал дегенді Сұрапбай иек қағып білдірді.

– Әйел жалғызілікті, балалар жас, малға бір естияр кісі табылатын шығар.

– Сен қам жемеші, осы, – деді Сұрапбай түксиген қалпы.

“Бұл иттің не білгені бар”, – деп Сансызбай сезіктене іші қылп ете қалды. Екі жігіт қолтығына иықтарын сүйеп, сыртқа қарай көтере жөнелді.

– Ақсақалдың әруағына сыйын, – деді Дариға ақырын ғана сыбырлап.

Ақсақалы–Жамбыл. “Жарықтықтың ниеті Сұрапбайға ауып кетіп жүрмесе, сыйынайын”, – деді ішінен. Қалыспай ілескен қойшылар: “Сақайып қайт”, – деп, жапырласа қоштасып жатыр. Әлденеден секем ала селтиіп қалт тоқтаған Дариғаға кенет көзі түсті. Машина орындарынан

гүр етіп қозғалып, қарасын үзіп, түнекке сіңіп кеткенше әлі тапжылмай тұрған әйелінің бейнесі кеудесін удай ашытып, жүрегін шымылдатып жіберді. “Қасиетіңнен айналайын, Жамбыл жарықтық, қасыңа біраз ілесіп жүріп едім, мен бейбақты жебей гөр”, – деді шын жалбарынып.

VII

Түн баласы көз ілмей жазып шыққан фельетонынан Сардарбекұлы еш жылу сезінбей, қоңылтақ күйден арыла алмады. Бетке орналасуының өзі көңілсіз. Соңғы жағы салбырап, сыңараяқтанып шықты. Таң бозарып атқанша көз майын тауысып жазған дүниесінің көк тиындық құны жоқтығына зығырданы қайнады. Өз аты-жөнінде бір ғажап сыр бардай көзіне ыстық басылса, бүгін қызырынан айрылып қалғандай бір сұмдық солғын. Қас-қабақтары кеше-ақ келіспеген еді. Машинаға бастырған бойда бөлім бастығына апарған. Мұның не дегендей ажырая қарап барып тақырыбына түксие көз жүгіртті. Содан аса қажеті жоқтай көп қағаздардың арасына қоя салды. Егер жазбай келсе бар ма, есекке теріс отырғызып, бүкіл елді адақтап шығудан тайынбас еді. Ертеңгі санға баратын материалды қара божбан жігіт сұрап келгенде, көзәйнегін жұлып алып, сүзіле қараған бөлім бастығы:

– Қаскеңмен ақылдасып алғанша қоя тұр, – деді.

Осы кезде үстеріне Құрышбек кіріп келді. Аспирантураға қабылданғалы біршама өзгерді. Үлкендердің алдында қысылып-қымтырылмай өзін еркін ұстап, қомпылдап сөйлеген уақытта қоңыр даусына бұлданған өкпе-наз араласады. Дөңгелек жүзіне толқынысты қызыл жүгіріп өтеді. Мұның бастығы ай-шайға қарамай Мәкелеп келіп амандасқанын адырая қарап, жаратпайтын. Келе-келе бір облыстан екенін білген соң бірден шырайын жылытып, бауырмалдық ыңғайын ашық танытатынды шығарды. Қазір де қабағындағы кірбің бірден тарқап, жайдары кейіпке лезде көше қойды.

– Құрышжан, елден хабар алып тұрсың ба?

Сардарбекұлының құлағына ел деген сөз алғашында түрпідей тиетін. Бара-бара ауыл сияқты естілетін боп кетті. Екеуінің бір-біріне деген ықыласы адам қызығатындай

бөлекше. Құрышбектің өзін көрнеу елемей, паң ұстайтын болғалы көңіліне түсініксіз алаң кіретінді шығарып жүр.

– Мына балаңызды, Мәке, оңаша алып шығуға рұқсат етесіз бе. Аздаған әңгімеміз бар еді.

– Бұл жігіттің кеше бастық әрең жіберген фельетонын көре алдың ба?

– Біз курстасымыздың дүниесін жібермей оқуға тиіспіз ғой.

– Бастықтың жіберген-жібермегенін Құрышбек сізден сұрап тұрған жоқ қой!

Әлдене сарт ете қалғандай маңдайы оқыс қызарып, бұған түйіле қарады. Бүктетіліп түсіп жылан жатып алғандай сұрғылт көзінің суықтығынан бойы тітіренді.

– Зәке, үлкен кісіге олай сөйлегенің не? – деді Құрышбек былай шыға бере.

“Сен неге өзіңше кісімсисің?” – деп ұрынбаққа бір оқталды. “Шыбық тимес шыңқ етердің” нағыз өзі деп ойлап қалар. Оның үстіне Құрышбек студент кезіндегі ұяңдығымен қайта табысқандай өзін монтаны ұстады. Әдеттегі кекірейген сенімді қалпынан жұрнақ та жоқ.

– Асқарбектің тойын не істейміз?

– Не істегені несі, барамыз!

Дәліз төріндегі есіктен атып шыққан редактор бергі қанатқа қарай салып ұрып келе жатқанын көріп қалт тынды. Әшейіндегі сырбаз қалпы жайына қап, қалбалақ қаққан далбаңдаған жүрісі ойын баласына ұқсаған бір түрлі қызық. Келесі қабатқа көтерілетін ауызда тұрған бұларды аңғармаған күйі есікті жұлқып ашып:

– Заңғарбек қайда? – деп асығып-аптыға сұрады.

– Мен мұндамын, – деді жүрегі суылдап.

Редактор кабинеті жаққа қайта-қайта қолын шошаңдата сөйлей тұтығып:

– Телефонға, – деді. Беймазаланғанына қарамай жайдары екенін аңдады.

– Әй, тез бассаңшы! – Бұл айғайлаған бөлім меңгерушісі. “Осыған не жорық”, – деп тістенді.

Атшаптырым кабинеттің сонау бұрышындағы телефонға асып-сасып жетіп, тұтқаны имене көтерді.

– Заңғарбек, халің жақсы ма? – деген сондай етене таныс дауысты бірден айыра алмай абыржыды. Аты-жөнін

іле-шала айтқан уақытта бет-жүзін ыстық толқын желпіп өтіп, жиілеп соққан жүрегі аузына келіп тығылды. – Бүгінгі фельетоның жақсы, кінәлілер жазасын алмай қоймайды. Іргедегі ауданда болған оқиғаның анық-қанығын айыруға Орталық Комитеттің қызметкері екеуінді жіберіп отырмыз. – Дыңылдаған тұтқаны құлағына тосқан күйі сілейіп тұрып қалды. “Аман бол”, – дегені анық есінде. Бастық тұтқаны қолынан жайлап алды да орнына қойып, отыр дегендей ым қақты. Топырлап кіре бастаған журналистердің жүзінде не боп қалды дейтін аңыру бар. Редактор қабағын сұстана түйіп, қызметкерлерді көзінің астымен шола сілтідей тыныштық орнатты.

– Бүгінгі санға шыққан Заңғарбек Сардарбекұлының фельетонын қазір Жұмекеңнің өзі құттықтады.

Елдің жүзін кірлік қақпай бақылады. Кекселеу кейіптердің өң-түстеріндегі құбылысты оқу қиямет. Редактордың аузын әсерленбеген ыңғайда сазара бақты. Жастар жағы қас-қабақтарын керіп, бір-біріне таңырқай қарасты. Жетекші бөлім бастығы орындық арқалығына шалқая түсіп, редакторға назарын тайсалмай түйістіріп, ұзақтау кідіртті де:

– Редакциямыздың атына жақсы атақ әкелген жігітті азамат дейміз, басқа не, – деді.

“Бәрекезде” дескен дауыстар сол-ақ екен жан-жақтан жамырап шықты. Бірінші басшының өзі телефон соғып, тең кісіше сөйлескені мұншалық абырой екенін әлі ойлап үлгермепті. Көптің ыңғайына ілесіп, сәл жұмсарған редактор дереу қатайып ала қойып:

– Өңгіме осымен бітті, жұмыстарыңа бара беріңдер, – деді.

Орындарынан дүр қозғалған жұрттың соңын ала көтерілген бөлім меңгеруші бәрі естісін дегендей даусын көрнеу қаттырақ шығарып:

– Сен боп, біз боп бір абыройға жеттік әйтеуір, – деді жүзін жылмита.

– Мен құйысқанға қыстырылып жүретіндерден емеспін ғой. – Сардарбекұлы жалма-жан саңқ етіп тіл қатты. Назарын және тайдырмай шақшиып қатты да қалды. Шыға беріс жерде кептеле тоқталып тұрғандардың бәрі жалт қарасты. Әлденеден сезіктенгендей редактор көзін

бұлар жаққа үрке тастады. Бөлім бастығының қаракөл реңі бұйралана нарттанды. Көзінің ішіндегі жылан басын жұлып алғандай сұрғылт ұшқынды зәрін өңменіне тура қадады. Содан көптен жырыла оңаша қалмақ ниетін аңғартты. Онысын ашықтан-ашық қаламаған редактор “бар, бар” дегендей қолын сермеді.

Сыртта мұны бірталай адам ортаға алып, жылы лепестерін аямай жаудыра бастады. Аппақ сақалын сыйламай қызбалыққа салынып айтқаны көкейінен кетпей тұрса да, жан-жағынан қаумалаған курстастарымен кезекпе-кезек құшақтасты. Көңілдің далдұң-дүлдiң ырқынан шыға алмай, Құрышбек күтіп тұрған жаққа дабырласа беттеді.

— Әй, сен маған кір! — Бөлім бастығының ту сыртынан шыққан даусынан қалт тоқтай жаздап барып қайтадан жүрді. — Саған айтып тұрмын, кір маған! — Қаһарлы шыққан өктем үнінен миы солқ ете түскендей болды. Құты қашқан Құрышбек те “барсаңшы” дегенді ым қағып білдіріп, жік-жапар болып жатыр. Ішкі бір нәрсе бәрібір құрсаулап, кері бұрылуға жібермей ұстады. Иікпей сірескен қалпы курстасының тұсына жақындап келді. Құрышбектің маңғаздығынан жұрнақ жоқ, жаутаңдап, үрейлене үрпиіп қалыпты. Мұның әлпетінен шалық іздегендей, бөлім меңгеруші жақындап кеп ұмсына ұзақ үңілді.

— Көзіңе шел бітейін деген екен. Байқа, оны сылып тастау бізге түкке де тұрмайды.

— Сылсаңыз сылып-ақ тастаңызшы.

Осы кезде хатшы әйел қабылдау бөлмесінен шыққан бойда тура осылай қарай беттеді. Салғыласуды қоя қойысып екеуі бірдей аңтарыла қарасты. Бөлім меңгеруші тіпті тіктеле жөнделіп, түймеленіп үлгерді. Анадая жерден қалт тоқтаған татар келіншек ұзақ түйіліп барып мұның бейнесін ажырата айырған соң:

— Сардарбекұлы, сені редактор шақырып жатыр, — деді.

Бұған біршама түксие шүйілген редактор терезе жаққа жүзін күйзеле бұрып, алдында тұрған мұны ұмытып кеткендей әлденеге ұзақ үңілді. Назарын шалт аударып, жатырқаған сыңайда бір уақ сынай барлады.

– Сен өзің шапшаңсың ба, қалай? Әкеңдей кісінің бетінен ала түскенің ұят емес пе.

Мән-жайды түсіндірмекке оқталып, ыңғайлана берген мұны томсарған қалпы қолын көтеріп, дереу доғарып тастады.

– Тыңда! – Аса құпия жайды айтатын кісіше ақырын сөйледі. – Түнеукүнгі сен көрген оқиға жоғарғы жаққа белгілі болып қалса керек. – Мен сонша не айта қойып едім деп аңқиып қалған мұның ұсқынын ашық жаратпай:

– Пойызға арандап қалған бір отар қойды айтып отырмын, – деді қатулана. – Соны тексеретін комиссия бүгін шықпақшы. Жұмекең өзіңе айтқан шығар. Қысқасы, ештеңе көрген жоқсың, ештеңе білмейсің.

Осының алдында ғана тасып шыққаны ұзаққа бармай, сағы сынған күйі кабинетке жасқана кірді. Қақаң мен мұның бастығының бастары түйісіп, күбір-сыбырларының үстінен түскеніне ыңғайсызданып қалды. Бұларында еркекке жараспас қатындардың өсекке үйір қылығына ұқсас бірдеңе бардай. Екеуі де одырая жалт қарасты. Жетекші бөлім бастығы аурудан жаңа тұрғандай шалбарланған әжімді жүзімен салғырт райда мұны бастан-аяқ шолып өтті.

– О, батыр, қуанышың құтты болсын!

– Рахмет, Қақа, – деді бұл қызарақтап. Әңгімелерінің найзасының ұшына өзінің іліккенін жайсыздау сезінді. Бөлім бастығына сыр бермей: – Мәке, мені командировкаға жіберді. – Бой тітіренер жылан қарастың сұғынан сескенбей, жақсы деп шығып бара жатты.

– Батыр-ау, екпінің қатты ғой, тоқтасаңшы, – деді жетекші бөлім меңгеруші жорта абдыраған сыңай танытып.

– Қақа, көріп тұрсыз ғой, біздің жас кадрлардың жазғанын тек бірінші хатшы оқиды. Бір жаққа жұмсаса, тек редактор жұмсайды. Сіз сияқты даңғайыр журналистерге ештеңе емес. Осы орнымызды күзетуден басқа біз сияқты пақырға түк қалмай барады.

“Елдің басқан ізін аңдып, өсек тасудан басқа саған не қалды”, – деді ішінен ащы мысқылдап. Үлкен бастыққа шапшаңдығым ұнамады. Бұларға қалай жағар екенмін. Қазақы ортада жұмыс істеудің өзгешелігін түсінбейтін сияқтанды.

Біршама жатаған тамы бар жапан дүздегі станцияның сұрғылт түсті ауруханасына Орталық Комитеттің өкілі Ералы Сағиев пен Сардарбекұлы сәске шамасында жетті. Темір төсекке екі аяғын асып қойып жатқан қойшының кескінінде қамығу ізінің жоқтығына таңырқады. Жыпырлай жиырылған маңдайының әжім сайларына көлкілдеп толған тер сәл қимылдаса бітті сорғалап жөнелгелі тұр. Селт еткен салқын райда бұларға бір сүзіліп қарап алды. Жас мөлшерін айырып айту қиын. Маңдайына қарасаң, қасқалана бастаған кекселеу. Тікірейіп өсіп кеткен шашы, салбыраған шалғы мұрты, қылаусыз қап-қара сақалы жасамыс я қартамыс екенін тап басып айтқызбай адастыратын секілді. Пішіні онсыз да дөп-дөңгелек, оған шоқша сақал қойған соң шап-шағын ұсқынын тым жұпыны, жетімсіз ғып көрсетеді. Тұп-тұнық қарашықтары ауытқып ойнақшымастан шаншыла қадалған уақытта ұялай қалған уыт бой тіксінетін ызбарлы. Ералы Сағиев қазақы жоралғы бойынша дауыстап амандасқанына селт етпеген марғау қалпын сақтады. Кенет басын жұлып алып жорта шошынған сыңайда жатырқап одырая қарады.

– Жүрістерің тым суыт, жаналғыш емессіңдер ме?.

– Сізге жаналғыштар келеді деп пе еді? – Сағиев өкпелеген балаға ұқсап жорта бұртиып тіл қатты.

– Әңгіртаяқ ойнатып, әкіреңдегендерден басқа жаны ашып, хал сұраған бір мұсылманды көрген жоқпын. Алатындары бір жан ба, қорқып болдым ғой, әбден.

Тоң-торыс томсарулы Сағиев:

– Пойызға жүзге тарта қойды туратқан адамды қорқақ деуге аузым бармай тұр, – деді.

Екіойлы кейіпте аңырған қойшы кенет кеңкілдеп күліп жіберді.

– Дүлей немеге жете алмай қалғанымды көрмейсің бе. Өзім де туралғанда бар ма, жаным біржола тыныш табатын еді.

Ақсары жүзі қуаң тарта бозарып, нарттана шұғыл құбылған Сағиев:

– Екі бірдей аяғыңыздың таңылғаны несі? – деп ақырын сұрады.

Бөтен кісінікі секілді қойшы аяқтарына ұзақ үңіліп, қолын шошайта нұсқады.

– Табанның еті әшейін далбаса болатынын бұрын кім білген, сүйектен ажырап салақтады да қалды. Әйтеуір ілдәлап жапсырып қойды, түбі аяқ бола ма, сірескен таяқ бола ма, оны бір құдай біледі.

Қойшы кенет сырмінез адамындай бұларға өзіміне қараған мезет әлпеті қара шаруадан гөрі аңғары мол зиятты адамдай көрінді. Сөзге қатты ден қойған уақытта Сағиевтың жүзі балаң тартып, бажырақ көзі кіреукелене жылтырайтынын аңдады.

– Бірсыпыра қойдың суға кетіп өлгенін зар қақсап айтсам да құлақтарына қыстырмайды, о несі екенін.

– Оларға қойдың суға кетіп өлгені керек емес, соны да білмей отырсыз ба! – деді Сағиев күтпеген жерден. – Сізді ғана жауапты қылу үшін қойдың суға кетіп өлгенін жасырмағанда қайтеді олар.

Қойшы секем ала бағжаң ете жаутандап қарағыштаған уақытта өң-түсіндегі әлгі ойнақы тартымдылық ізім-ғайым жоғалды.

– Бейнетті белшеден кешіп жүріп, елдің жаласына қалғанша, бораған оқтың астында ажал сағатын күткенім жақсы емес пе еді.

Бұларда түк ісі жоқ кісіше пұшайман кейіпке енген қойшы өзіне-өзі сөйлегендей:

– Осколка деген бөлең де жаман. Блиндажда жон арқам шым ете қалған. Не қылады дейсің деп қозғалмай жата бергем. Бір кезде болмай барам. Сонан не керек, көзімді ашып қалсам, госпитальда жатырмын. Жауырынымды етмет, шеміршегімен қосып талқандап, ырсита сойып тастапты. – Қойшы кенет қыбыр етпей отырған Сағиевке түйіле бағжиып барып, түріне қарап қалжасынан түңілгендей немқұрайды кейіпке көшіп: – Өзің соғыста болып па едің? – деді.

– Сіз қалай ойлайсыз, болдым ба, болмадым ба?

Сазара іркіліп қалған қойшы оқыстан қабағын шытты.

– Мен қайдан білейін... Соғысқа аттанар алдында қоштасып шықпаққа Жамбылдың үйіне бардым. Дастарқан басына оразасын ашуға жаңадан отырыпты. Суланған көзімен ұзақ үңіліп барып: – Тоқты қошқар сықылыңа қарамай жауды жамсатып тастауға кетіп барам де, – деп жұртты ду күлдіргені бар. Сол айтпақшы, талай немісті жер жастандырған шығарсың.

Болымсыз жымыып қойған Сағиев айналасынан қара тұтар түк таппағандай қойшыға елегзи телмірді.

– Мына жігіт “Социалды Қазақстанның” тілшісі Заңғарбек Сардарбекұлы, менің кім екенімді айтпасам да біліп отырған шығарсыз. Біз сіздің ісіңіздің ақ-қарасын айыруға келдік.

– Ақ-қарасын айырдыңдар ма енді?

– Асатпай жатып құлдық болмасын.

– Сендердікі құр бытпылдық қой, ендеше.

Сағиевтің жөнделе тіктеліп, шаншыла қадалғанына міз бақпаған қойшы Сардарбекұлын жаңадан көргендей назарын таңырқаулы тастады.

– Серектас жақта асылдан Сардарбек деген кісі бар еді, соған ілік-шатысың жоқ па?

Секем ала селт ете түскен Сардарбекұлы қойшыға жалт қарады. Қарашықтарының қоп-қоңыр ноқатының айналасын шеңберлеген ақжоласқұр сұрапыл қиналыстың, саябыр тапқан азапты белгісіндей. Қатпар-қатпар әжімді маңдайын жиыра түсіп жауап тосқандағы пошымы түлей шалыс.

– Мен соның ұлымын, – дегенде шоршып түскендей кеудесін ып-ыстық нәрсе шымылдатып өтті.

Алға қарай сәл ұмсынып қалған қойшы езуіне қуақы күлкі үйірді.

– Шешең әлі сол Назбүбі ме, жоқ, атын ауыстырды ма?

– Атын ауыстырғаны қалай? – деді Сардарбекұлы таңтамаша боп.

– Бүбісін қалдырып, Назын алып тастаған шығар дегенім ғой.

“Қалжың сенің ненді алған екен” деген ашулы ой қылаң берген замат-ақ шалт бұрылып бірден сыртқа қарай тартты. Есіктің тұтқасынан ұстап, енді ашайын дегенде:

– Әй, Сардарбектің баласы, – деген қойшының жіңішке даусы созылып шықты.

Еріксіз қалт тоқтады.

– Менен шешеңе сәлем де.

Қызбаланған оғаш мінезінен онсыз да қысылып тұрғанда, мынау да сәлем жолдап, біржола тұқыртып тастағандай сезінді. Соңын ала іле-шала шыққан Сағиев жүзіне ұрланып, әлсін-әлі қарағыштады. Салып ұрып келе жатқан қалпынан бір шешімге тас бекінгеннен кейінгі

байламның құлшынысы байқалады. Қасындағы мұны құдды ұмытып кеткендей қайта-қайта басын шайқап, кенет саңқ етіп күліп жіберді.

— О, шіркін, қазақ-ай, оқ тисе де, не қылады дейсің деп жата бергем дейді.

Тап осы сөзді аңдамай қалғанына Сардарбекұлы ішінен өкініп келеді. Жаратылысының алғырлығына деген шүбәсіз сеніміне селкеу түскендей көңіліне түсініксіз алаң кірді.

VIII

Бегімбет соққыдан айығып лекцияға келген күні жастар газетіне Әлиханның шақырылғанын естіді. Бұл жаңалықты екідай күйде қабылдады. Біреуге сүйсінісі арқылы әпкесінің өзіне көрнеу ұрынатынын кейде түсінбей дал болатыны бар. Бұдан былай ол сабазың да жай тұрмас. Университетке қазірдің өзінде анда-мұнда соғатынды шығарыпты. Бәрінен де бұған оның маңғазсына қалатыны ұнамайды. Өне, қарасы көрінді, айтқанындай, паң. Адымы тыпыңдаған қысқа. Бұзық баладан аумамайтын ұсқыны тұрған бойы сес. Көзін мұнымен салқын райда түйістірген сәт жүзінен екіойлы іркіліс білінді. Бұған қарай ақырын аяндап келіп, қарашықтары қыбыр етіп қозғалмай бір уақ суық тесілді.

— Шал, қалай, жазылып шықтың ба? — Даусын қанша жуандатса да тәштек бітіміне үйлеспейтін тым жасанды. Басқа жақта көп уақыт болып жаңадан оралған кісідей өгейсіген кейпі жауап тоспастан кілт бұрылып жүре берді.

Үзілісте курстастары Әлиханды қоршап алды. Екі сөзінің бірі — бұрынғы Барласқа енді Әбекең қосылыпты. Сөзінің ауанына қарап, Әбекеңді газет редакторына ұйғарды. Әлиханның қасынан бір елі шықпай жалпақбас Жайсаң үйіріліп жүр.

Арамыздан шыққан жарық жұлдызымыз Әлекең.

Шімірігіп қоймастан Әлихан еңсесін тіктеп, едірейе жан-жағына қарап, қабағын шытынып алды. Өзіне-өзі сұқтана сестеніп сәуреттенбесе, пошымы былай сүйкімсіз емес. Жалпақбас Жайсаң аузынан шығатын қолпашты айнала-ның бәрінен дәметіп, әркімге бір үздіге қарайтын секілді.

– Сардарбекұлын бірінші хатшының өзі мақтағаны рас па? – Өңгімеге тағы Жалпақбас килікті. Жерлесінің фамилиясы құлағына жылы тиеді деп ойламапты. Ашық жақтырмайтынын есесіне Әлихан сездіріп қойды.

– Шегірткенің айғырына ұқсатып шетірейтпей қойшы соныңды.

Айтарын айтты да бұған жалт бұрылды. Кескіні лап ете тұтанып барып тәштіген нығыз қалпына тез көшіп үлгерді.

– “Социалды Қазақстан” кертартпалау ресми газет, жастар басылымы халыққа әлдеқайда жақын, – дейді Барлас.

“Мұнша батылдыққа баратын Барлас жүрек жұтқан бәле шығар” деген ой иектеді әуелі. Кенет түлен түртіп, сөзге ортадан кигеніне іштей таңырқап қойды.

– Оны Барлас айтпаса да бәріміз білетін жайт емес пе.

– Белгілі, бірақ дәл Барласқа ұқсап бәрібір айта алмаймыз ғой, – деді Әлихан ұрынатындай сүзіле төніп.

Нұры солғын көзін екеуіне бір сұмдық жатырқай төңкере тастаған, жалпақ басы қалталақ қаққан Жайсаңның құты қаша бозарып, жөнін айтпастан безіп жөнелді. Төңірегінде топырлағандардың бірі де қалмай жан-жаққа бытырап, екеуі екі жерде состиып тұрғандарын бір-ақ байқады. Әлгіндегі шіренген мығым қалпы мүләйім тартқан Әлихан аудиторияға қарай жанұшырып бара жатқан жалпақбасты екі иіні салбырап, көзін мөлпите ұзатып салды. Бала қоразға ұқсаған ұрынғыш бұзық ұсқынының бірден пұшайман күйге түскенінен бір жаманат сезетіндей тынышы қашты. Осы біреудің құйыншалыс ұйтқыған қылуасына жыны ұстады. “Жаңағы жерде сөйлемей-ақ қойсам қайтер еді. Жалпақбас құрлы ақылым жоқ”, – деді дуал қоршаудың жалғыз аяқ жолына түсіп. Шіркеу тұсына тақағанда торланған темірдің істіктері найзаның ұшындай өткірлігін көңіліне жайсыздау түйді. Қоңыраудың күңіренген үні құмыға бұлқынып шыққан сайын өзегінде өксік бардай ауыр әсер береді. Сұсты жайдың суық сұлыбына ұқсаған қоршау ішінің көлеңкелі күңгірт бұйығылығы сыртынан-ақ адамды сескендіреді. Әкесінің есімін оңаша-оңашада сыбырлап ақырын ғана айтатын шешесі жазғанның қорқынышын мұндайлық

сезінбеген екен. Суықтан ісініп кеткендей шіркеудің торсиган-торсиган күмбездерінің сап-сары кебежелері күн райының бұлыңғырлығына қарамай жалт-жұлт етіп сәулелер ойнақшиды. Өлгіндегі сөзге араласқанының зауалын тартпай қоймайтынының үрейі дегбірін алып жіберді.

Шайын қамдап қойып шешесі күтіп отыр екен. Қабағында кірбің барын байқаса да, не боп қалды деп ежіктеп сұрамады. Қолын шайып дастарқан басына жайғаса бергенде асығып-аптығып әпкесі сырттан кіріп келді. Ләм демеген күйі түкпірдегі бөлмеге қарай озды. Елбіреп-желбіреген желпінісі барын аңғарды. Ұзамай жарқ-жұрқ етіп шыға келген әпкесі еш жөнін айтпастан сыртқа жөнеп бара жатты. Қызының осынша асығыстығына таң-тамаша боп аңырған шешесі:

– Ең құрығанда дәмнен ауыз тисеңші, – деді. Қайырылмастан салып-ұрып жөнелгеніне күйініп кетіп соңынан қатты дауыстады. – Байға тимей жүргенің осы қылығыңнан ғой.

Мұндай сөзді жайдан-жай айтпаса керек еді. Арада тағы бірдеңе болғанға жорыды. Шай ішуге қызу кіріскен уақытта маңдайы жіпсіп, жайдары тарта бастайтын. Бір нүктеден назарын тайдырмай, бұл жолы ойға қатты беріліп отыр. Қан-сөл жоқ өңі тым бозаң. Осы аққұба реңінің кішкенесі әпке кескініне көшкенде – кіршіксіз аппақ қайыңдай анадайдан көз тартар ма еді, кім білсін.

– Балам, – деген шеше үнінен селк те түсті. – Бір қыздың арқасында Алматыға келіп, мынадай құтхананы иелендік. Жақсылы-жаманды түтін түтетіп жатырмыз. Мінезіне бола бейшараға кейде қатты сөйлеймін. Теңін таппаған айыбы, әйтпесе кімнен кем. “Әйел – қырық шырақты” деген. Байғұсқа бұйрық болмай тұр ғой. Бізге қарайлап жүрген жоқ па екен деп те ойлаймын кейде. Кіші боп бір мезгіл көңілін аулап қойсаңшы.

Мұндай мәнақасы барын Бегімбет тіпті ойламапты. Шеше кескініндегі бұйығы кірбіңнің төркіні тым тереңде жатқанын шамалайтын. Өне бойына әпкесін бір жақты жазғырып келгеннен сау емес-ау. Үй ішіне сыймаған соң Бегімбет сыртқа шықты. Қатты аяздың қилы өрнек бедерлері “Міне, маған қарашы” дегендей жан-жағынан

анталап шыға келеді. Қалың қардан жер бауырлай басылып қалған шатырлар тізерлеп отырып кешірім сұрайтын күнәар пенделерге ұқсайды. Қиюластырылған бөренелердің бұрыш-бұрыштарына тұрып қалған қар әйел төсіндегі томпайған нәрсені есіне салатындай. Өзі әуелі оны ұстап көріп пе екен.

Әлиханға доқ көрсетем деп артық-ауыс кеткені жадында жайсыз жаңғырықты.

Кешкісін бір-ақ оралған әпкесінің шырайы көңілді. Босаға жақта қалт тоқтап, сүйкімді жымыспен сәл іркілді де түпкі бөлмеге сып беріп кіріп кетті. Жаңағы сәттегі жылыұшырағанын қуана құп алған райда құрақ ұшуы керек еді. Шешесі де сондай құлықты меңзеген шығар, бәлкім. Ұзамай сампылдап сөйлей жөнелген әпкесінің даусы анадайдан жарқын естілді. Ара-арасында сараң үн қататын шешесінің көңіл күйі бір қалыптан ауытқымай-тынына ішінен қайран қалып қойды. Алматы беткейінен ірге көтерген екі қабатты үйдің бір бұрышында ас ішудің қазақы салты ұзаққа созылады деп әпкесі әрдайым мазақ қылады.

– Біздің туысқандардың Алматыда тұра бастағанына, апа, жүз жылдан асты, ішқұса боп күні бойы үйде отыра бергенше бір уақ соларға барып қоймайсыз ба. Ауылдағылар Балымға обал болыпты деп жүрер әйтпесе.

Кірпік қақпастан қызына түйіле ұзақ қараған шешесі ашықтан-ашық жақтырмай қабағын күйзеле шытты.

– Туысқан деп дәсер қылғандарың адамға жақаттығы жоқ қара орыс ноқайларың ба?

Шеше сөзіне әпкесі өтімді еркелікпен әдемі жымиды. Көңілі оқу-тоқудан ағарып, дәл қазіргі қалпы мейірім-шапағаттан ғана тұратындай адамға аса жылы.

– Апа, соның бәріне кешіріммен қарай салмайсыз ба.

Әпкесінің аузынан мұндай сөз шыққанына таң-тамаша. Аяқ астынан көнтерілі көмпіс, жайдары-жайсаң бола қалуының себебіне бойлай алмады. Осындағы туысқандар екіұшты ма дейді кейде! Медеудің немересі сызданған салқын. Алғашында солар бар ғой деп, өзі де медет тұтып жүрді. Қалада өскендердің бір керемет – беттері жылтыраған балғын, еңселері тіп-тік сымбатты. Ауылдан келгендерге астам қарайтын дағдысы бар ма, елпектеп

барып амандассаң, қолын жансыз заттай ұсына салатыны қызық. Бауырмалдығының бар жосығы сол ғана. Қалада жүз жылдан бері тұратындарына мақтанады, ал дәреже-атақтан жұрдай. Медеудің бір ұлы дөкейлерге бие байлап, қымыз тасиды. Келбетіне қарасаң, арғымақ аттай ырғып тұр. Алматыдағы туысқандар жайынан қызының қозғаған әңгімесін шешесі жақтырмайтынын бұл сезіп отыр. Қазір де ап-арық денесін қаздитып ап, бір нүктеге тас қадалған күйі шайын сораптап ішіп қояды. Бұл кісінің елегізіп жалғызсырайтынын ойлауға жетесі жетпегені ме. Бүкіл уақыты әпкесін жазғырумен өтіп жатқандай көрінді. Шешесінің жағдайына қанық әпкесіне сонда не жорық. Өзін тым сенімді алып жүретініне қарағанда, артық білетін бірдеңесі бардай.

Бегімбет таңертеңгісін тұрғанда терезенің жарығында басы төмен салбырап, жотасы күжірейе шұқшиып отырған шешесінен қатты шошынды. Қамыққан кісінің бұйыққан кейпінен аумайды.

– Апа!

– А -а, – деп жалт бұрылды.

– Отырысыңыз біртүрлі болып көрініп кетті, – деді ақтала.

– Ескі-құсқы қықым-сиқымды құрап қояйын дегенде бүкшиіп кеткем ғой, – деді ыңғайсыздана күлімсіреп.

Асығып-аптығып орнынан тұра бергенде шешесі және бір кесені қыстап ішкізді. Жүзіне лыпып жүгірген бояу білінер-білінбес. Тамшыдай мөлтілдеген мұңды қарағына қонақтаған жайма-шуақ сәуле жалт-жұлт етеді. Шешесінің көңіл күйіндегі өзгерісті топшылай алмай сыртқа шықты. Қытымыр аяздың сау ете қалған суық ауасын елемей еңістегі аялдамаға қарай дедектей жөнелді. Шеше жазғанның жарымкөңіл екендігін ұмытып кетіп кешегідей қыздырма сөзге кірісіп кеткені ойына оралды. Шырайының тап жаңағыдай қунақтығын көптен бері ұшыратпапты. Таңертең шошына үн қатқандағы мұның жанашырлығы шешесін түлетуге жараса, онда керемет. Осыған-ақ әжептеуір желпініп, әлденеше адамды басып озды. Сырт сыны келісті әйел баласының тұсынан өтіп бара жатып түнеукүнгі көрікті орыс қызын танып, жүрісін еріксіз баяулатты.

– Здравствуйте, – деді кенет етене таныс кісіше.

Көкшіл көзін жалт еткізіп тура өңменге діттете қадаған замат ділі бөлек жат сәуленің ұшқынын жайсыз сезінді.

Сәл іркіліп барып жөніне жүре берген әлпетінен тосын мінезге еш әсерленбеген, немқұрайды құлықсыз бейнені таныған сәтте Бегімбеттің іш дүниесі қызына жөнелді. “Әйелдерге жұрт қалай тіл қатып, қалай баурап алады”. Заулап келіп тоқтаған қорап автобуска бойжеткен сып беріп кіріп кетті. Ұмтылғанда үлгеретін еді, соңынан қалмай өңмендеп ілескендей көрінермін деп еріксіз тежелді. Көзден ғайып болған әдемі бейнеден кейін көңілі олқы түсе құлазып, селтиіп ұзақ тұрды. Нәсілі басқа орыс қызына бола осынша күйзелудің сәкет бірдеңесі барын ойлауға құлқы шаппай, келесі көлікке сүлесөк мінді.

Автобустан түскен соң университетке қарай аяндаған Бегімбет: “Тап осындай күйді өзгелер басынан өткерер ме екен”, – деп ойлады. Атасы басқаның қызы өзін қомсынғанынан жан азабына түсіп, таусылу дұрыс емес те шығар. “Ақынжанды сезімтал жазғандар ғана өстеді”, – деп өзін іштей қанша жұбатса да көңілі көншімей, таяныш іздеп емексиді. Жан-жақтан лек-легімен ағылған студенттер үлкен есік алдында тоқайласып, ішке қарай бүрсеңдеп кіріп жатыр. Көрнекі құралдарды қыстыратын тақтайшалардың тұсында оқшау тұрғанның кейпі таныс сияқтанды. Бірақ оған бұрылып, назар аударып қарауға құлқы шаппады. Кенет өз атын атап шақырған дауысқа жалт қарап, өз көзіне өзі сенбей қалт тоқтады. Тура өзіне қарай жүрген кәдімгі Сардарбекұлы. Сестене шекірейгеннен гөрі жүзі сынық. Әйнектің ар жағындағы бозғылт жиектенген қоңыр қарашықтарының нұры солғын.

– Зәке, аманшылық па? – деді бұл асып-сасып.

– Жүр былай, оңашарақ жерге барып сөйлесейік, – деді ақырын сыбырлап. Әлгінде ғана сынық ыңғайынан лезде шіренген қалыпқа көшті. “Ел аузына іліккен соң бұған бәрі бола беретін шығар”, – деді ішінен кекетіп. Мұның көкейін оқып қойғандай Сардарбекұлы өңменіне назарын суық қадады. “Бұл сонда не айтпақшы болды екен?” – деді тағы дегбірсіздене. Мынаның салқын қабағынан бір ішкі елпелек халдің пайда бола бастағанын Бегімбет жайсыз сезінді.

– Бір-бірімізді іздемесек, бізді ешкім іздемейді. Хабарласу дегенді білмейсің.

Жанын әуелі бауырмал ыңғайдағы босаң сезім нәзік тербеп өткендей көрінген. Кенет жерлесінің көрнеу кісімситін әдеті келіспей тұрғанын аңдады. Шақшиған жұқалтаң ғана жүзіне қушиыңқы біткен маңдайы үйлеспейтінін тұмақ қана жасырып тұр. Бірақ оған қорынып, мұқалатын бұл емес. “Жаңағыдай әдемі орыс бойжеткеніне мұның көңілі ауа ма екен өзі?”

– Өз бетіңмен бірауық редакцияларға барып қоймайды екенсің. Жаныңнан бір елі ажырамайтын анау тәштек жұмысқа тұрып кетеді, ойыңда түк жоқ сенің жүрісің мынау.

Бастапқы ойының арқауынан әлі айырылмаған бұл кенет: “аумайды”, – деді ішінен. Көкірегін кернеп бара жатқан қайдағы бір қуақы күлкінің тығыны ағытылып кете жаздап, өзін-өзі әрең ұстады. Сардарбекұлының қозғалмай қадалатын қарашығынан жылт еткен сәулелің созалаңдап барып сынып түсетінін аңдады. Осы қараста кідіре түскен мезет нәті жуас кескініндегі жанары мәліе жылтырайтынынан қысылып барады. Оның үстіне бұл бірмойын, жазатайым сезіп қойса тарс айрылып, шарт кетер.

– Сен Белдікбаевқа барып жолық, мен сөйлесіп қойдым. Ол өзіміздің жігіт, қорықпа.

Сөзін шорт қайырып, жалт бұрылып жүре берген Сардарбекұлының соңынан аңырып тұрды да қалды. Мұны мана Әлиханға ұқсатқанға бола күлкіден сонша қысылғанының жөнсіздігіне ашуы келді. Қаракөл жағалы пальтосы мен тұмағы қонымды. Тақ мына тұрпаты өзі туып-өскен жердің салтына жат, үстіне шаң қонса жиренетін кірпияз, сонысын және сырт көзге көрсетуге әуес. Тек “өзіміздің жігіт” дегенінде дәнекерге жүретін бірдеңе барын сезінді. Белдікбаевты білмейді емес, біледі. Студент біткенді аса жатырқамайды. “Қалай Беке, әлі классик болған жоқсың ба?” – дейді кертпіштеу мұрнының танауы делдиіп. Не деп жауап берерін білмей қызарақтап, қайта-қайта басын сипалағанын одан сайын қызықтаған сыңайда: “Өзіңнің классик болатыныңа шәк келтірмейсің ғой, әйтеуір”, – дейді саңқылдай күліп. Дембелше бітімін тіктеп, дереу қатқыл шырайға көшеді де: “Ендігі жаңалықтың бәрі, жігіттер, өздерінде, біз болсақ қасаң

тартып барамыз”, – деп шалт бұрылып жүріп кетеді. “Өзіміздің жігіт” деп Сардарбекұлының оны серкештеп, жекелеп алуының аржағынан қоламтадағы қызарған шоқтың жылуы сезілетіндей.

IX

Сансызбай үйден ұзай бастағанда-ақ соғыста жүргендегі алаңдаулы көңілімен қапелімде табысып, күшейген зарығу сезімі көзіне ып-ыстық жас боп үйірілді. Бебеулеген заржақ сарын шекесін кернеп, шуылдап тұрып алды. Дүние сұрапыл жылдамдықта заулап ала жөнеліп, айнала шымырлаған түйіршіктерге толып барады. Көкала мұздай жылтыраған жұп-жұмыр пойыздың арқырап келіп қалған ересен екпіні жұлып әкететіндей берекесі ұша дірілдеп қалшылдады. Жағасына жанталаса жармасқан қарабұжыр Сұрапбайдан басын алып қашты.

– Әй, саған бірдеңе көрінді ме! – деген таныс дауыс дәл құлағының түбінен шыққанда, қалт тынды. Қараса, ақыл-есі дұп-дұрыс, дені де сап-сау, ал шалықтау құдіреттің күшімен санасынан тыс болғандай. Сансызбай өзіне-өзі келе бастағанда шалықтаған шақтағы сезіністі жиі-жиі есіне алатынды шығарды. Сұрапбай атаң да болса бір жолдастың жорасына жарап, тыйып тастағаны қандай онды болған. Екі ұлы жаутаңдаған жетімектей елестеген мезет ұстарадай өткір зат жүрегін тілгілеп, шымылдатып өтеді. Арқа сүйер адамы Дариға ғана, оған қай бір шекесі қызғаннан иек артып отыр. Баса-көктеп, екі жұма қатарынан үзбей келген жауап алушылардың екпіндері қатты. Кейбіреуінің сұры торғай арбаған жыландай суық. Мұрындығы жұлынып кеткен түйенің тұмсығындай әңірейген жалпақ танау тергеуші ұсқынына қарамай құлығына найза бойламайтын сияқты. Бадырақ көздерін момақан тастағанда сырмінезді ескі таныстай еш жатырқата қоймаған. Осколка талқандаған шынтағының шұңқырын ұзақ сипалап қарағанда да секем алмады. Орауын тарқатып, ажыраған табан етінің қайтадан жапсырылғанына еңкейіп үңілсе де кәдік ойламады. Басқа біреудің табанын әкеліп дәнекерлегендей өлі еттеніп кеткен қаны-сөл жоқ аяғы өзіне де ұнамады.

– Мына бір жік пышақтың ізі емес пе, өзі? – деді сұқ саусағын нұсқап.

Сансызбай өзінің алаңсыз аңғалдығына ашуланып, қаны басына шапты.

– Өз көзін өзі шығарған, өз қолын өзі шапқандардың деласымен қанша айналыссаң да, адамның өз шынтағы мен өз табанына қол жұмсай алмайтынын шынымен-ақ білмейсің бе, әлде бір көздегенің бар ма?

Тергеушінің өңі күреңіте құбылып, үлкен көздері төңкеріле ауытқи, мұрнының болымсыз ұшы ауа жетпегендей делдиіп кетіпті.

– Заң адамына қалай-қалай сөйлейсің, аузың бір жағына қарай қисайып қалып жүрмесін, байқа.

– Ауыздың бір жағына қисайғаны бетпен-бет болған мұрынның қасында түк емес шығар.

– Өле алмай жатып мұрындағы шаруасы не екен?

Бұл бейшарада жеті атасынан бері үзілмеген жуастық барын сезіп, іші жылығандай.

Аман-сәлемі жоқ едірендеген біреу сұрақты төтесінен қойды.

– Сенің шыққан тегің қандай?

Қойдың қырылғанына тектің қатысы қанша? Аң-таң боп аңырған бұған ажырая шатынап:

– Кедейденсің бе, орта шаруадансың ба, кулактансың ба? – деп, айғайлап сұрады.

Жүрегі зырк ете түскен Сансызбай: “Мұндай да нәубеті бар ма еді, сұмдық-ау”, – деп абыржи ойланды. Тіл қысқалық қылған соң көкейдің ұзындығы түкке тұрмай қалады екен. Текке жармасқан бұл иттердің де амалын қарашы.

– Ей, сенікі барып тұрған қастандық, тағы міңгірлеп сөйлегің келеді.

Есесі кеткен немедей ежірейген уақытта шегір көзі балқыған темірдің қызуындай жайнап, дереу күл түстене солғынданған жанардан Сансызбай тітірене басын төмен тұқыртты.

– Мынадай қақаған аязда қайдағы көл, қайдағы су, есің дұрыс па өзіңнің?

– Қойларды белшесінен суға батып шығарып тасыған қойшы-қоландардан сұра, сенбесең.

– Совет өкіметіне ұйымдасқан қастандық жасадыңдар.

– Қойды суға қатырып, пойызға арандатып апарып қырған адам алдыңда тұр. Қалған бейшаралардың жазығы не сонда. Нақақтан-нақақ күйдіресің бе?

Тергеушінің сап-сары өңі лып етіп қызара құбылды. Сансызбай оны жаңағы сөзінің әсеріне жорыды.

– Нақақтан-нақақ күйгің келмесе, суға қатып өлген қойды бұдан былай аузыңа алушы болма.

Жоқ нәрседен дәмелене қалатынына опынып үлгерген Сансызбай дуылдап қышып ала жөнелген аяғын ұстай алды.

– Табанымыздан тозып жүріп табанымыз қышитын ауруға ұшырадық.

– Бетіңнен гөрі бәлкім табаныңның қытығы көбірек шығар.

Басын жұлып алған Сансызбай тергеушіге сазара ұзақ тесілді.

– Оның да рас шығар, өйткені біздің бетіміз орыс маржаларының күнге тимеген көтіндей емес қой.

Әуелі бетіне бір шөкім қан тамып кеткендей ұштары қызарып барып содан тұтас жайыла бастады. Қыбыр етпей тесірейген қарақтарына қонақтаған қызғылт сәуледен көз ұясы біртіндеп үлкейіп, инедей өткір ұшқындар өңменіне шашырай қадалды. Соншалықты ызбардың көп мөлшерін бойына сыйғыза алатын ұстамды қалпында қазақ ғұрпына келмейтін қатал сұсты жайсыздау сезінді.

– Сорыңды... ана жақта қолыма түсесің, мен сені тепкілеп тұрып өлтіремін.

Кенет атып тұрған тергеуші орындықты сонау бұрышқа қарай шиыра лақтырып жіберді. Ағаш екеш ағаш та құзырына құлдық ұрғандай шыр айнала секектеп барып сарт етіп қалт тұра қалды. Тергеуші құдды мақұлық қылуасын қызықтағандай біршама селтиіп, кенет бұған жалт бұрылды.

– Ендігі кезек сенікі, дайындала бер, – деді де жұлқынып шығып кетті.

Жаңбырша жауған оқтан, гүрс-гүрс жарылған снарядтан бүктүсе жата қап, сәл толас тапқан уақытта жанұшырып еңбектей жөнеледі. Әрбір шұңқыр-

шұқанаққа жансауғалай бой жасырып, қайтадан ұмтыла бергенде шалажансар ыңырсыған дауысты естіді. Жалма-жан солай қарай бұрылды. Бір жамбастап жылжыған жаралы қазақ екен. Сонадайға дейін ішегі шұбатылып жатыр. Жетіп келе бетіне үңілгенде кірпігі болымсыз қыбырлап, өлімсіреген көзін әрең ашты. Ытқып шыққан моншақ-моншақ жас екі самайынан төмен қарай саулай жөнелді. “Қарға тамырлы қазақтың баласы едік, елге аман баруды жазсын саған”, – деді үзіп-жұлып. Бұл сөзді сонда қаперіне де қыстырмапты. Енді осы қазір естігендей төбе құйқасы шымырлап, көзіне жас үйірілді.

Ұсқыны жаман жаңағы көпір де қарға тамырлы қазақтың баласы. Ағаш құрлы бағаң жоқ дегені емей не. Күтпеген жерден көңілі орныққан Сансызбай: “Қорыққанда не қылмақпын, өзі берген жанын құдай өзі алады да”, – деді.

Пышақпен өз табанын өзі тілді деген сұмдықты ойлап тапқанның ар жағында жаман пиғыл жатқанынан Сансызбай қатты қауіптенетінді шығарды. Ашықтан-ашық жаулыққа ұласатын дұшпандықтың тоңын сезінеді.

Оларға көк тиындық құны жоқтығын тұтқиылдан ойлаған замат қылқ етіп қозғалған жұтқыншағының орны удай ашып өтті. Әлдекімді арқа тұтқысы келетін баяғы дөмегөй көңіл. Бұ шойын жолыңнан қазақшылық кете бастаған ба, қалай? Ескі жекжаттардың үзілмеген бір сабағы станцияда тұрады. Бір жолығып кетсін деп әркім-әркімнен жолдаған сәлемін естімеді ме, төбе көрсетпей қойды. Ұрсысып қалған кісіше дәрігер тоң-торыс амандасып, халді екіұшты сұрайды. Заманы екіталай мұны шынында, не қылсын. Қабағынан қар жауа түнеріп, сестра Полинаға шұғыл-шұғыл тапсырмалар беріп, дереу шығып кетеді. Осындағы бар жанашыры қазір Полина. Бейшара асты-үстіңе түсіп, бәйек болып жүреді. Соғыс басталғанда жансауғалап келіп, біржола тұрақтап қалыпты. “Бабыңды айтқызбай табатын осындай бір қатын керек-ау”. Сансызбай мырс етіп күліп жіберді. Қатын мұның не теңі екен. Бәрінен де үй іші қайтіп күнелтіп жатыр? Бала-шағаны қайтып көретін несібе бұйыра ма, өзі? Іші тоңази қалтырады. Станцияға

жолы түскендерден Дариға беріп жіберген түйіншектердің арасынан қойлы ауылдың жолдаған сәлемдемелері де шығады. Көптің тілеуқор ықыласына “айналайындарай” деп егіліп кете жаздайды. Жұрттың өстіп бір-біріне септесетінін жадынан шығарып алғаны қайбір жақсылық дейсің. Құдды басынан апай-топай дүние өтпеген, мамыражай заманның қақ ортасында серуен құрып, тап осы жағдайға жазатайым топ ете түскен адамдай өзіне-өзі әлі келе алмай жүр. “Алда-жалда істі бола кетсем, балалар ел ішінде, көндігер. Қатын да жөнін табар, құлыптап қоятын сайманым болса да жоқ”. Сансызбай кеңкілдеп күліп жіберді. “Адам не болса соны ойлай береді екен ғой”, – деді ұялғанынан өзін-өзі мінеп.

Сау етіп бір топ кісі кіріп келгенде әлгіндегі ойдың әсерімен жымысып отырған Сансызбай езуіндегі күлкінің ізін жасыра алмай сасқалақтады. Қақ ортаға талтая тұрғанның аң патшасына ұқсаған қызыл жалқын сәулелі уытты ұшқыны тұла бойын тітірендіріп жіберді. О баста атжақты пішінін қалың ет жайыла басқандықтан шықшыты құстың екі топшысына ұқсап далиып қапты. Аппақ киізден тігілген аяқ киімі ер-тұрманы бүтін аттай, ұлтаны мен тұмсығы қызыл былғары, қонышына дейін тіке жүргізілген әдіп өмілдіріктей сәнді. Көгілдір елтірі тұмақ пен жаға, жел тиіп, суық ұрмаған онсыз да борықтай аппақ беті күміс тозаңы жалатылғандай жалт-жұлт етеді.

– Сен кімсің? – деді мұны ашық жақтырмағандай қабағын түйіп.

– Кім екенімді өзім де білмей қалдым.

Анау таңырқана қасын керді. Екі жағын ала тізіліп тұра қалған нөкерлерін жағалата байыппен шолып өтті. Бір кезде құнжиған ақ тондыға назарын кідіртті. Ол дереу екі аяғын дік еткізіп, қалшиып қатты да қалды. Құдайдың құлазыған қу даласында әскер тәртібін жасағаны несі? Назары әркімге қадалған уақытта жаңағыға ұқсап шеттерінен қалт тұрып, қарашығы жылжығанда барып еркінсі қояды. “Бұлардікі сонда сыйлағандары ма, жоқ қорыққандары ма?” Есіктің көзіне таяу көптің қалқасында маңдайы қып-қызыл, дөңгелек жүзді қараны айтпай таныды. Алға қарай әлсін-әлі мойнын созып, жылтың

қаққан тышқан көзін әркімге бір сұғанақ қадайды. Дөкей сазарған қалпы әлі тапжылмай тұр. Оған жаутаң-жаутаң қараған ақ тонды:

– Тергеушілер мұның тілі ұзын деп зар қағады, – деді.

– Тілінің ұзындығына бола істің ақ-қарасын анықтай алмай жатырсыңдар ма?

– Істің ақ-қарасы дейсіңдер, ол сонда не? – деп Сансызбай ортадан киді.

– Малды қырған сен бе, жоқ, Қартабаев па, соның анық-қанығына жету қиын боп тұр.

– Қартабай баласы қойдың қандай болатынын ұмытып та қалды ғой, оның бұл жолы еш қатысы жоқ.

Өсерлене елең еткен дөкей қасын кере көзін ойнақшытқанда қоңыр қарашығы шоқтай жайнап, күлім қағып тұрғандай көрінді.

– Әй, Қартабаев, мынау сені де, өзін де ақтап алды ғой, азамат.

Я кекеткенін, я сүйсінгенін аулап үлгермеген Сансызбай сөзінің әйтеуір далаға кетпегенін түйсінді.

– Жәке, мұның тілінің о бастан қотыры бар. Жүрген жерін өстіп қағындырып-ұшындырып қоятын әдеті. – Өшейінде қиқулана ойнақы шығатын Сұрапбайдың даусы бұл жолы әбігерлене жыламсырап естілді.

Жампаңдаған мұнша сиқырлыққа, әуелі қасабалы қатын да бара алмайтын шығар. Баяғыда Жамбыл бұған ашуланған уағында: “Борсық құсап тұмсығын жарға беріп ұйқтайтын бір кәдігі бар мұның”, – дейтін.

– Қанша балаң бар? – Тап мына сұрақтан жанашыр сарынды аулағандай Сансызбай елең қақты. Сазара баттиған дөкей жүзінен көңіл жұбатар елгезектікті таба алмай жауап беруге кешеуілдеді.

– Жәке, мұның мен білетін некелі үш баласы бар. Үлкені жеңгедей алған әйелінен, екеуі – кейінгісінен. Ал былайғылардың санын біз түгіл, өзі де білмей қалған шығар. – Діріл қаға шығып, соңына қиқу араласқан Сұрапбай даусынан ашықтан-ашық жарамсақтанғаны байқалды. “Жеңгедей алған” дегенге келгенде екілене еліріп кеткендей көрінді.

– Бұл сонда үйірге қосқан айғыр ма, жоқ, отарға жіберген қошқар ма?

Қаз-қатар қаздиып тұрғандар қазір жамыраса күлетіндерін күтті, тым-тырыс. Бұл білмейтін тағы қандай құжайы бар, жайсыз тыныштықтан мазасыздана әркімге ұрлана қарағыштады.

– Қартабай баласының тана бұқа ғұрлы өтімі жоқ болғанына кінәлі мен емес шығармын. Жаппай соғысқа аттанғанда етегі желпілдеген әйел затын түгелдей осының иелігіне тастағанбыз. Бұл бейшараны бәрі жабылып тартқызып тастады ма деп қауіп те ойладық. Артынан әйтеуір, қараң-құраң бірдеңелер ілескен соң барып шүкіршілік еттік қой.

Қас-қабағын кере қызықтап тыңдаған дөкей қарқылдап күліп жіберді. Оған бәрі жамыраса ілесті. Сұрапбайдың бұжыр-бұжыр қарақошқыл беті бұрқ етіп тұтанды. Апақ-жапақ еткен тышқан көзі аяқ астынан қорғансыз сорлы жәндіктің сақтығына ұқсады. Екі қолын қалтасына салып шіренген дөкей артына қарай мойнын бұрғанда, бұғағының астындағы бөртпелер жыпырлаған қой бүлдіргеніндей қып-қызыл.

– Сен бұ бейшараны қаралап-ақ бағасың, ол сені ақтап әлек. Мойнында әлде оңайшылықпен өтеле қоймайтын қарызы бар ма, айтшы Қартабаев?

Әлгінде ғана жайдары көрінген дөкейдің ажарын кірбің шалып, Сұрапбайға түйіліп ұзақ қадалды. Қарашығы тұрақтамай бүгкендеген Сұрапбайдың қойтан жылдан бергі етене болып кеткен осал мінезі ыстық көрінетініне ішінен таңырқап қойды.

– Жәке, бұл қара тілді бөле, – деп Сұрапбай күмілжіп барып үн қатты.

Бұл сөзді құлағына қыстырмаған дөкей салғырт райынан серпілместен Сансызбайға назарын ұзақ кідіртті.

– Уайымдама, жөндеп сауық! – деп томсара сөйлегенде босаң тартқан екі ұртының еттері қиюына келмей жайыла салбырап-ақ қалыпты. Өңменіне шаншыла қадалған қой көзінің қарашығына ұялаған мұңды байқатқысы келмегендей шұғыл бұрылып жүре берді.

Соңғы уақытта естіген жылы сөзі жаңағы. Ду көтерілген ыстық толқын кеудесінен жоғары қаулай өрлеп, тұтас

басына жайылғандай көз алды тұманытты. “Бейшараның тегінде бір жақсы бар-ау”, – деді. Қалың бұғағының астындағы жыпырлаған қып-қызыл бөртпелер заматында елестеді. Мойнын бір жағына қарай бұрған кезде тік жарлауыттанған алқымының шандырлана созылған екі тарамысы қақсал тартқанының бұлжымас куәсі. Осы кезде әйел бейнесі қараң ете қалды. “Дариға емес пе екен?” – деді әуелі. Дариғаның балпаңдаған жүрісіне ұқсамайтын қимылы жылдым. Орамалын әлденеше орап әкеліп маңдайына шарт түйген әйел есіктің көзінде күлімсірей кідіргенде Сансызбайдың түсі бұзылып кетті. “Бұл құрғыр қайдан келе қалып еді. Іздегенге сұраған болып жүрмесе жарады. Келмей-ақ қойса қайтер еді. Бұл жақты қалай тауып жүр жазған? Мұны тана бұқаның көзі шалса талай әңгімеге тамызық қып өршітіп әкетер әлі”. Дәл осылай ойлауын ойлағанмен кенет ыстық нәрсенің құштар толқыны денесін желпінте сергітіп өтті. Сопақша пішіннің бір ғана айыбы – мұрны еркектікіндей қоңқайған. Мөлдірете төңкеріп тастайтын көзі ойнақы. Тәтті қылыққа деген зарық зауығын оятып, тынышын алып құшырландырып жіберді. Тек жапан даладағы жасқаншақ бұйығы сезім дағдарта жақындатпайтын секілді.

– Ести сала шыдап жата алмай шықтым. Ел не десе о десін. Ұят-мұятты беліме түйіп келдім.

Сарғайған асық сезімнің сәулесі қызара қалтырап барып қылт етіп сөнгендей. Сансызбай лезде құлазыған күй кешті. Мына әйелдің ниетінде сонда не бар? Еркек ит құмарлыққа барарда өліп-өшіп түбін бір ойлап қоймайтыны несі екен. Туасы мұндай басалқалы сезім иектемеген бе, қолайсыз нәрсенің зілмауыр салмағынан мазасыздана жүрексіңді.

Айдалада жатаған там, жадағай қора, күл-қоқыс төгетін ылди еңіс – дәл сол арадан темір жолға телміре қараған Дариға бейнесі көз алдына келді. Қылмыңдап кеп кереует шетіне жайғасып, қылықтана күлген мынау әйелдің өңінен алаңдаған уайым табын оқи алмады. Қабағын керіп, көзін сиқырлана төңкеріп арбай тастағанына еліге қоймай Сансызбай өзін салқын ұстады.

– Менің келгеніме селт етпейсің ғой, тіпті. Балалардың амандығын сұрасаңшы, ең құрығанда.

“Қайдағы балалар?” – деп сұрай жаздады. Алматы маңайына жылжымай тұрғанда төске жолы түскен сайын ұлды да, қызды да көретін. Екеуі де аузынан түсіп қалғандай бұдан аумайды. Қоныс аударғалы бері көрген жоқ, әжептеуір өсіп қалған шығар. Құдай күпіршілік қылмасын, олар ойына кіріп-шықпайды. Анда-мұнда есіне алса, іші бүлк етіп қоймайтын тағы тас бауыр.

– Жесір қатын біткеннің бәрін тапқыза берген соң сұрап неғыласың. Саған өз қатының тапқан бала ғана ыстық қой.

– Сен соларды Сұрапбайдан тапқаныңда бар ма, осы күндері екі қолыңды жылы суға малып қана отырар едің. Менімен бекер шатысқан екенсің.

– Енді соған шықтың ба? Елдің сені қайырымсыз дейтін сөзінің өтірігі жоқ-ау.

Сонау Алматыдан осыларды айтпаққа келді ме. Қаны қаша қуаң тартқан жүзі боп-боз. Тікірейген түктері де, жыпырлаған секпілдерінің әрқайсысы ірі нәқаттанып көзге ап-анық шалынады.

– Нұрғайша, қазір басыммен әлек болып жүрмін ғой.

Сап тына көзін төңкере наразы тастаған мезет тұла бойы ду ете түскен Сансызбай тоятын аңсай қалғанын өзі де сезбеді. Осы кезде үстеріне Полинаның абыржулы кіргенінен-ақ тағы біреулердің келгенін біле қойды. “Бұл иттерде тыным жоқ екен-ау. Мынаны кімің деп сұраса не десем екен” деп ойлап үлгерді.

– Нұрғайша, сен кімісің деп сұраса, туысқанымын деп жауап бере саларсың.

Әуелі шошынғандай бажырая қарап барып, аяқ астынан тұлан тұта бажылдап ала жөнелді.

– Жоқ, өліп кетсең де ойнасыңмын деймін. Қалған қатындар бірден-ақ тапса, екі бала тапқан бейбағың менмін деймін. Мұны соттамаңдар, мұны соттасаңдар бір табын қатын жесір, бір қора бала жетім қалады деймін керек болса.

– Сені жын ұрып кетті ме, қой!

– Жының да, жазабың да ұрған. Ұрмаса өстіп жүремін бе! – Көзі шарасына сыймай шатынап, танауы делдие, жұп-жұқа бітімі жел шайқағандай қалталақ қағып тұр.

– Они уже идут, перестаньте, – деп ашуын баспақ ниетпен Полина қарынан ұстап, болымсыз ғана өзіне тартты. Жұлқына жалт бұрылды. Атасы басқа болса да әйел екенін енді көргенде:

– Сорлы-ау, саған не жоқ жарбиып. Осы күнге дейін бір жағына шығып та қалған шығарсың, – деді.

Нұрғайшаның ызбарлы жүзіне тік қарап тұруға дәті жетпеген Полина құдды күнәһар әйелше басын сылқ еткізіп төмен түсіре қойды.

– Е, бейшара, сені де құдай ұрып қалған ба, еді, – деп Нұрғайша Полинаны басынан аяғына дейін шолып өтіп, сыртқа шығып жүре берді.

Әйел затының назды нәзіктігі адыра қап, жүрек дірілінің лүпілінен қалауын аулай алатын сергек сезімталдығы түпкілікті жоғалғандай. Мұнша құлықсыз халді Сансызбай, ойласа, басынан көп өткермеген екен. Көкшіл көзді бәкене сарының дауыстап амандасқаны жаман ойды қашыруға септігін тигізетіндей. Жүзінде қунақы сыралғылық бар. Әзілге сайдырып тіл қатып көрді. Шытынап шарт кететін сыңайы байқалмаған соң өзін еркін ұстады. Тіп-тік боп иікпей тұрған жастауы паң ба, қалай. Көзәйнектің аржағынан жылтыраған қой көзінің нұры жұмсақ. Маңдайының сәл қушық бітісі мен көзінің қиығын астамдау тастайтын әдеті етене таныс кісінің кейпіне ұқсайды. Кім екені ойына түспей қойды. Сырт пішіндері сыпайы сырбаз екеуі дөкейге де, тергеушіге де келмейді. Сөзбен біраз қажасты. Бәкене сары жайдары ма, мұның қисық-қыңыр сөзін көңіліне алмай, шын бейілмен жауап қатады. Жастауының терісі тар неме ме, өңі бір қуарып, бір сұрланып, тез-ақ сыр алдырып қойды. Реті келген жерде тергеушілердің біраз қой суға кетіп өлгенін құлақтарына қыстырмайтынын айтып қалды. Оған бәкене сары елең ете түсті. Ары қарай тақақтап сұрамады. Жастауын ештеңе қызықтырып-толқытпай ма, сірескен күйі тұр. Кенет соғыстағы басынан өткен оқиғаны сөздің кезегінде жай айта бастағанда бәкене сары бейіл қоя тыңдады. “Өзі де соғысқа қатысқан бейшара шығар”, – деп ойлады. Қойдың біразы суға кетіп өлгенін әлденеше жолы мыжып қайталап айтқанына бұрқ етіп ашуланып, “Соны да түсінбейсіз бе!” – деп дүрсе қоя берді. “Бұл түсінсе өстіп

жатар ма еді, қызық қой өзі”, – деді бұл да сыздана. Бұлардың бәрі кенет бір келеден сияқтанды. Алдана қалған құр әуселесіне жыны келді. Жастауының аты-жөнін естігенде Сардарбек жарықтық кескінінің көлеңкесін іздеді.

Атқа қаққан қазықтай шаншылып тіп-тік отыратын кісінің қалың көзәйнегінің ар жағынан қарашығы ұясына сыймай атырыла зорайып көрінетін. Мынаның өзін ұстамы мен көзәйнек тағысы әкесіне келеді екен. Ал өңі шешесіне тартыпты. Қалжыңды ұқпайтын шыртылдақ па деп қалды. Кіді неме кетерінде қоштасып, бір ауыз тіл қатуға жарамады. Мен ол үшін ескіден қалған көз екенімді білмейді-ау. Шешесі айтпаған да шығар. “Менің балаларым да сондай әлетке жетер ме екен”, – деді кенет.

X

Қайтар жолда алдыңғы жақтан көз алмай қадалған Ералы Сағиев томсарған күйі үндемей отырды. Ішкі ой арпалысынан көкшіл көзі кең ашылып, кәдіктеу алаяды. Бағанадан шап-шағын дөңгелек жүзді бақылаған Сардарбекұлы бұған аяқ астынан не сойқан бола қалғанын түсінбеді. Айналаңның бәрі онсыз да сұрқай. Барған жеріңнен естіген әңгіме әлгіндей. Асқарбектің тойына үлгеретінін ойлағанда желпініп, тағаты таусыла алып-ұшты. Он жерден Орталық Комитет қызметкері болса да мұны бәрібір ішінен місе тұта қоймайды. “Мені керек десең бүкіл Қазақстан қадірлеп, алақанына салып аялайтын болады әлі”. Айнала төңірек сұрапыл жылдамдықта тоқтаусыз заулап бара жатқандай. Жаңағы қойшы бетпе-бет кеп сөйлескен кісісі емес. Сөйтсе де өңі сондай таныс көрінгені несі? Мына біреудің көзінше әкесінің молда болғанын айтып қоя ма деп қатты қуыстанды. Әкесінің осы молдалығы тіс жарып айта алмайтын кілтипан құпиясы. Өрнөрсенің басын шалып ойға түсіп отырып қалаға қалай жеткенін де сезбепті.

– Жақсы, сау боп тұрыңыз, хабарласармыз. – Сағиев жүргізушіге жылжы дегенді ым қағып білдірді.

Біраз аралыққа көзімен ұзатып салып тұрып: “Мұны аяқ астынан не түлен түртті?” – деді. Басында жалпаңшыл жайдақ көрінген. Қойшы алдындағы мінезін дәу де болса

ұнатпай қалған сыңайлы. Көңіліне түсініксіз алаң кіріп, үйіне қарай ылдым-жылдым басты. Асқарбек тойына баруға құлқы шаппай қалды. Шешесінің ананы-мынаны қажап сұрайтынын ойлаған уақытта азапты сәттердің кезегі тұрғанына қиналды. Екі бірдей аяғы таңулы жатқан қойшының: “Бүбісін қалдырып, назын алып тастаған шығар?” – деген сөзін кекесін я қалжыңға ұйғарарын білмей дал болды. Атыз-атыз әжімдерінің жыра-жырасы көлкілдеген тер, кісікіктене адамға бағжып мағынасыз қарайтын жабайы неменің мұның шешесінде несі бар екен. Бәрінен де тоқтатып ап, сәлем айт деп шіренгені өтіп кетті.

Іс тігіп отырған шешесі мұның әлпетінен екідай халді оқып қойғандай аң-таң бола абыржып қарады. Үндемеген бойда ары қарай оза берген бұған:

– Ат-көлігің аман ба? – деді.

– Аман! – Жауапты келтесінен қайырғанынан бір жағы қысылып та барады. “Не боп қалды?” – деп шешесі қасына жетіп келетін сияқтанды. Киімін ауыстырып, тез-тез жуына сап жөнемекке бекінген. Алдындағы ісіне бүкіл ынтасы ауған шешесі орнынан әлі тапжылмапты. “Жаңағы шұғылдығым бұ кісіге әсер етпегені ме”, – деді көңілі орнығып. Осы кезде шешесі алдын қағып-сілкіп:

– Тамағың дайын, асықпай ішіп ал, – деді.

– Той басталып кететін шығар.

– Көпшілікте сұғынып іше алмайсың ғой. Сәл кешіксең ештеңе қылмас.

Тамақ бірқауым уақыт үнсіз ішілді. Жаңағыдай дүңк етпе қысқа жауабынан кейін шешесінің сөзді енді қайтып бастамайтынын қу іші сезеді. Соны жуып-шаю үшін орайын тауып, тоң мінезінің тігісін әдемілеп жатқызып, жайландырып қоймақ боп:

– Сансызбай деген қойшы сізге сәлем айтты. Бүбісін қалдырып, назын алып тастаған шығар деп сұрап жатыр.

Шешесі бұған селт ете қоймады. Бір кезде ғана барып:

– Соған ренжулі келдің бе? – деді назарын өңменінен тайдырмай.

– Жоқ.

– Онда бопты, – деді күрсіне.

Шешесінен еш сыр жасыра алмайтынын былай шыққан бетте қолайсыздана ойлады. Қойшы сәлемін жеткізгенде, тіпті, құлық қоймаған сыңай танытты. Сол біреуге бола Сағиев шала бүлініп, тұлданғаны несі екен. Бәрі жазмыштың ісі – мен не қылмақпынға келетін ұсқыны мүләйім. Ол барып тұрған мұттақым шығар. Қазақы ағайынгершіліктен саяси қырағылықтың шығуы екіталай. Партияға адалдықты айтудың өзі орынсыз. Осы ойға тиянақтаған уақытта көңіліндегі алаң сап тынып, жаны жайлана қалады. Дәл осы сәтте ақталудың қитұрқы амалы қылаңытқандай, – санасының түбінен опасыз қорқақтықтың елесі сұлбаланып тұрып алды.

Салтқа жаңа-жаңа ене бастаған ұзын үстел ортаға құрылыпты. Үсті төпелеме бауырсақ, кесек-кесегімен қойылған қарындағы май, әр-әр жерде үйілген құрт-ірімшік, ауыздары буулы шана-шана қымыз қоңторғай тұрмыстың олқысын бір-ақ күнде толтырып, берекені кіргізіп жібергендей аста-төк. Мұның қарасын көргеннен-ақ Асқарбек қалыңдығының құлағына әлденені сыбырлап, қуана қолын шошайтты. Курстастары орындарынан атып-атып тұрып, мұны дереу қоршап алысты. Әлгіндегі жайсыз ой зым-зия жоғалып, қалықтаған қауырсындай өзін жеңіл сезінді. Құрышбек бүгін жайдары. Зернебек қаңғалақ қаға ұшып-қонып жүр. Бекен әркімге басын түйістіріп әлденелерді айтады да, қарқ-қарқ күледі. Жарақбай ашылып-жарылмайтын сол тұнжыр қалпы. Сызыла ыздиган Зауқым жүзі аяқ астынан нарттана қып-қызыл болып кетеді. Тойды біреу басқарады дегенді еміс-еміс еститін, бұрынғы заманның жаршысына ұқсаған ескі өңді, қысық көзді жігіт бұлардың тұсынан өтіп бара жатып:

– Асқарбектің курстастарының бәрі шеттерінен сайыпқыран, сен тұр мен атайын деген жігіттер, – деді.

“Ақыры хабарлайды екен, есімімізді атауы керек еді”, – деп Сардарбекұлы іштей емексіп, курстастарын жас жұбайларға қарай бастап жүрді. Назар біткен тек өзіне ауғандай еңсесін тіктеп, шалқая маңғазданып, алшаң-алшаң басты. Жайыла күліп, құшағын аша тұра ұмтылған Асқарбекке асқақ келіп, қазақша төс түйістірді.

– Құсың құтты болсын, бауырым!

– Айша екеуіміз сенің келгеніңе қуаныштымыз, Зәке, – деді Асқарбек қалбалақ қағып.

Бұрынғының ибалы келінінен аумай, жүзін төменшіктете ұяң тұрған Айшаның қараторы кескініндегі мұрнының кейкіленген бітісі бірден көзге ұрады. Көтеріңкі делдиген ұшында тұла бойындағы адуын екпінге қоса, кесірлі қайқы қылыққа шақ тұрған серпінді шапшаңдық бардай. Шешесіне Асқарбектің әйелі мұрнының кейкілігі үшін ұнамауы мүмкін. “Онда тұрған не бар”, – деді өзіне-өзі. Саудыраған кіл бойдақтардың арасында Асқарбек басқаша. Үйленудің бір керемет құпиясы бар шығар. Бір-біріне жаудыраған ынтызар қараста екеуіне ғана тиемел қызықты сырдың ұшқыны жылтылдайтын тәрізді. Ләззатқа толы беймәлім нәрсенің мақпалдай жұмсақ елесі қылаң еткен сәт өн бойы ду ете түсті. Ары-бері дегбірсіздене жүріп кете жаздап, курстастарына еріксіз қарады. Олардың ойларына түк кіріп-шықпайтындай бейғам. Жоғары жаққа жайғасқан қарияны Асқарбектің әкесіне ұйғарды. Жан-жағына сестеніп одырая қарайды. Иығына ілгені қап-қара китель, өңіріндегі ордендері мен медальдарын орнында тұр ма дегендей қайта-қайта сипалап, көзінің астымен суық қарап қойып, алдындағысын тартынбай сілтеп жіберді. Бір мезгіл дәмін ажырата алмай тұрғандай сілейіп барып ашырқана қабағын шытты. Асқарбек жерлестігінен бөлек екеуі бір рудан. “Көздеріңнің шақырая алайып кеткенінен-ақ сендерді кім де болса айырады ғой”, – деп шешесінің кекейтіні рас та шығар. Асқарбек шешесінің келбетіне сүйсіне көз салып тұрып, осы кісінің тартымды ажары арқылы оған деген туысқандық сезімінің ыстық табы басылмайды .

– Оу, Зәке, терең ойға түсіп кетіпсің ғой. – Селт етіп жалт бұрылды. Көзін сүзе түксие қарап отырған Құрышбек. – Сен біздің арамыздан шыққан жұлдыз болсаң жұлдыз-ақ шығарсың. Ендеше, біз сенен кем қалмау үшін ұмтылуымыз керек қой. – Аузына арақ тисе бітті ыңғай айтатын осы сөзі бұрын қолайына жағатын, қазір жүрегін қозғап та қоймайды.

– Біздің Зәкең батырдың тұқымы ғой. – Енді сөзге Зернебек килікті. Қулана күлгенде жылтыр қара бетінің терісі сұрғылт тарта бозаңытады. Тышқан көзінің жиектері күміс жалатылғандай ақшылтым.

– Өзен жағалағанның өзегі талмаса, Зәкенді сағалағанның далада қалмайтыны анық.

Сорың құрғыр Жарақбайға не жоқ екен. Шеңберленіп біткен маңдайы сопақ жүзіне үйлеспей торсияды да тұрады. Қуақылана күлімдеген кішкене қоңыр жанарының нұры жұмсақ аялы.

– Қайсы жеңгендерің менікі боласыңдар. – Қушық маңдай, құс тұмсық Бекен өкпелеген баладай торсаңдап сөйлейтін әдетіне көшті.

Артық-ауыс сөзге бармайтын сабазың мұнда – Зауқым. Тек дөп-дөңгелек беті жарылатын шиқаннан аумай нарттай қызарып кетеді.

– Сендер мені сөз қыла бергенше, әйел алу жағын ойласаңдаршы.

– Жігіттер, шидің басын сындырып қоямыз-ау, деймін Сардарбекұлының аузынан мұндай лебіз шыққаны үшін. – Құрышбек мұның сөзін қомпылдап іліп ала жөнелді.

Сардарбекұлы бұлармен көп ашылып, тап жаңағыдай ілік-шатыс әңгімеге бара бермейтін. Аңдамай сөйлегеніне іштей өкініп, өңін дереу қатуландырып алды. Бір-біріне жаутаңдай қарасқан жолдастары да бұралқы сөзден тымырайыса тыйылды. Ұзыннан-ұзақ жайғасқан қонақтарға жағалата көз жүгіртті. Басына қарқарадай күндік ораған әйелге кенет көзі түсті. Шарасы үлкен көзін төңкеріп тастаған уақытта бір кездегі назға толы сыршыл сәуле мұңды сынық қарасқа ауысқан тәрізді. Үшкірлеу біткен иек, түп-түзу құлаған мұрын. Ұлғайғанына қарамай қаны қашпаған аппақ нұрлы ажар. Ата сақалы аузына бітсе де тартынбастан арақты сілтеп отырған көзелге көк шыбықтай солқылдаған шағы бұйырғанын іштей қимады. Анасына қас-қабағының төңірегі келетінінің өзімен Асқарбек тартымды. Той атқарысып жүрген екі-үш жас әйел мына кісінің бейнесін алыстан елестететіндей. Біреуінің жүзі жұқалтаң, нәзік. Қасы-көзін қайта-қайта керіп, келсін-келмесін қарашығын төңкере тастайтын әдетінен бір шаршамайды. Таймаңдап тәлімсіген етжеңді қараторысы өңін лезде құбылтып, сұрлана қалады. Өзі не болса соған кірісе беретін о жар, омырау. Үшінші сопақ жүзді, мұрны да әкесінікіндей істік. Көп ашылып-жарыла қоймайтын тымпима тәрізді. Сардарбекұлы Асқарбекті

жақын тұтып көрмегенін аяқ астынан ойлады. Енді әпкелерімен салыстыра қарап отырып, көшелі жігіттің қадіріне жетпей жүргендей көрінді. Мезгілі әлдеқашан өтіп қурай боп қатып-семіп қалған жаратылыстан сұлулық жұрнақтарын іздеп, таңсықтағанын онша айып санаған жоқ. Таудың ауасындай таза, қайыңдай мінсіз әйел затын көңілі үнемі іздейді. Меймандарға қайтадан сыдырта көз жүгіртіп, ойындағыдай жанның бейнесін кезіктірмеді. Курстастары мұны елең қылмай стакандарын жиі-жиі соғыстырып, өзара қауқылдаса сөйлесіп, даурыға бастады. Арасында нысанаға өзінің де ілініп кеткенін сезді. Жұрт назарын өздеріне аудармауға тырысып, аяқтарының ұшымен басып келе жатқан үш бойжеткенге көзі түсті. Талдырмаш келген ортадағысын бірден танып, жүрегі лүпілдей жөнелді. Тоқпақтай ғып желкесіне түйген жылтыраған қап-қара шашы, тік-тік иығы, өзін монтаны кішіпейіл ұстасы – бір бөтендігі жоқ соншалықты етене. Қайта бүйрекбеттілеу қараторы қыз қымсынбастан жалт-жұлт етіп жан-жағына қаранып келеді. Бұларға да назарын сәл іркіп барып қомсынғандай мұрнын шүйіріп өтті. Әңгімелерін кілт доғарған курстастары анталай қарасты. Заржақ той басқарушы қыздарды көре салған бетте алдарынан кес-кестей шығып, тоқтатпақ болды. Оған одырая бір қарап, қолымен жасқап тастаған бүйрекбетті бойжеткен жас жұбайларға қарай жұлқына басты. Сағыныштары асқына табысқан жандарша құшақтаса сүйісіп, құттықтасқан дабыр-дүбір біразға дейін басылмады. Бүйрекбет қыз Асқарбектің ата-анасына барып амандасты. Сәбира қалыңдықпен қауышып ұзақ тұрып алды. Тұстарынан өтіп бара жатқан жаңағы әзетте бойжеткен бұған сырмінез жандай тым жақын көрінген. Кірбің ұялаған қазіргі қабағы бейтаныс біреудікіндей сұп-суық. Көңілі соған-ақ пәс тарта ортайып қалды.

– Арамызға жаңадан қосылған бикештер қайда отыратынын өздері шешеді.

Өлгінде жұлқынып кеткен қыздың мінезін көңіліне алмастан жалбақтаған той басқарушының арсыздығына Сардарбекұлы таңырқап, ұзақ қадалды.

– Кіл бойдақтар отырмыз ғой, мұнда. – Әлденеге реніші бардай Құрышбек қатты дауыстады. Сол-ақ екен

орындарынан атып-атып тұрған курстастары қастарынан орын нұсқап, әлек-шөлектері шықты.

Көз қиықтарын бұлар жаққа тастаған қыздар үлкен кісілердің қастарына барып жайғасты.

— Арамызда қабағынан қар жауып Сардарбекұлы отырса, қыздар қайтып жоламақ. — Қомпылдап тіл қатқан тағы да Құрышбек. Оған қыбы қанғандай курстастары жамырай күлді. Бұл шатынай жалт қарады. Бүкіл бейілі той басқарушыға ауған Құрышбек қыбыр етпей телміріп қапты. Бекен, Зернебек, Жарақбай үшеуі қутың-қутың етіп, бір-біріне көз қысысқандарына дейін байқады. Өздері тағы мұның назарына ілігіп қалғандарын сезініп, бастарын төмен салбырата дереу мүләйім қалыпқа көшті.

— Ой, өңкей көтләш, — деді бұл қатты дауыстап. Селт еткен Құрышбек бұған сазара ұзақ қадалды. Осы қарасынан сескенбесе де, Құрышбек құдды бірге оқымаған, ғайыптан пайда бола кеткен үлкен кісідей.

— Заңғарбек, Заңғарбек дегенге көтере берме бұтыңды. Кішкене ішіп, әзілдескенде тұрған не бар.

Соңғы кезде мұны не түлен түртіп жүр. Әлде айдап салып қойған бастығы ма екен. Қапелімде көкейіне қонақтаған күдік арқылы кейпін барлай қарады. Жүздері абайсызда беттесіп қалған замат түтеген кескіні ызбарлана күреңітті.

— Қыздар қасыңа жоламай қойса да менен көре бер деп біреу саған үйретіп пе еді?

Құрышбек көзін таң-тамаша боп бағжита, пасықтығынан жерінгендей тыжырына жүзін бұрып әкетті. “Осырақ қоңыз секілді мына жаман неме қайтеді”, — деді ішінен. Қаны қайнаған Сардарбекұлы басқаларының не білгені бар екен дегендей назар сала бастағанда-ақ көздерін ала қашып, жым бола қалысты. Орындарынан қотарыла қозғалған көпшіліктің дабыры асхана ішін кернеп бара жатты.

— Баян ойнап, мандолин тартып, ән айтып, би билейміз, — деп, той басқарушы сампылдап сөйлеген бойда бұлардың тұсына жақындады.

“Домбырадан шошынған жері бар ма, оны неге айтпайды”, — деп ашулы ойдың жетегіне еріп, той басқарушыға тесіліп қарап қалғанын байқамапты. Екі-ақ елі маңдайын мың қабат жиырып, қысық көзінің ағы сарғыш тартқан жадау ұсқынымен өңмендеп келіп:

– Ау, жігіттер сырт айналды деп түңіле көрмеңдерші, алтын бастарың аман болса әлі талайын кезіктіресіңдер, – деді.

“Біреуді мүсіркеп, есіркегенше, өз сұрына қарап қойса қайтеді екен бір мезгіл”, – деді тістене.

Үлкендер жағалата қойылған ұзын орындыққа тізіле жайғасып, жастар ортаға топырлап жиыла бастады. Жас жұбайларды қоршап алғандарға сұғынып кетпей шеткері-рек тұрған Сәбираға көзі түсті. Мұны танымағандай назарын салып та қоймады. Топтың арасына емін-еркін кіріп, әңгімені беріле қызу айтқан бүйрекбет құрбысын қияқтай қасын кере, езуіне болымсыз күлкі үйіріп қана тыңдайды. Кенет бәрі қыран-топан күлді. Елең қаққан күйі бұған жалт қарады. Жаудыраған қарашықтары мөлт етіп үзілгелі тұрған тамшыдай. Жұп-жұқа өңі бұрқ етіп күреңіткен сәтте қымсына қысылған қалпынан мұңға толы ұяндық сезіледі. Осы кезде баян үні шалқи шығандап барып, құмығыңқы дыбысқа кілт төмендеп, мезетінде кеңге көсіліп, созыла жөнелді. Оған мандолинаның сызылған әуені жүрек тербей үздіге ілесті. Қылмаң қаққан үшкір мұрынды татар жігіт құлаштап созған кезде баян қатпарлары жайдары жазылып барып серіппедей жанұшыра жиырыла қалады. Өзі ойнаған мандолина сазына бұйра шашты жігіт еліре елітіп, көзін әрқилы ойнақшытып, төңкере тастайды. Талшыбықтай ырғала тербелген әлденеше жұп қалықтап ортаға шыға келді. Бүйрекбетті қызбен айқара қол ұстасқан Құрышбек те тура қастарынан шыркөбелек айналып өтті. Құрбысының қимылын көз алмай баққан Сәбираны биге шақырмаққа оқталып, жүрегі дауаламай іркілді. Ұршықтай шыр айналып алға қарай желіге ұмтылған қызға ілесе алмаған Құрышбек қимылы қопал. Музыка тоқтаған уақытта жаны жай тапқан Құрышбек қызды шығарып сап қазақы талтаң-талтаң жүрісімен бері қарай беттеді. Тап осы кезде “Қазақ вальсі” шырқалып қоя берді. Сардарбекұлы бөгелместен Сәбираға жетіп барды. Мойнын соза алға қарай ұмсынуға шақ тұрған қыздың алдына қалт тоқтап, биге ілтипатты түрде шақырды. Тартыншақтайтындай ұяң жымыиып қана қолын жылдам ұсынды. Саз иірімінің құйылысы мен шырқауына

қозғалыстары қапысыз ілесіп, қалқи жөнелген мезет ауасыз кеңістікте шыр айналып бара жатқандай керемет жеңіл. Айналым мен тербелістің жанкешті қимылының барысында назарлары түйісіп, тұп-тұнық назға толы қарашығы еркелей мөлдірейтінінен жүрегі елбіреді. Баяулаған әуенге орай қозғалыс та жай тербеліске ауысады. Лезде құйқылжи әуелеп, ойнақы тамылжып барып құбылған саздың сиқырына қимыл да үйлесіп, айдын бетінде жүзгендей қалықтап кеп қалт тынды. Көпшіліктің дүркірете қол соққан құрметі желіктіріп әкетіп, Сәбираны қолынан жібермей ұстап бұрынғы орнына ізет жасап қоя берді. Бойжеткен де рахмет дегенді үздіге нәзік білдіргендей көрінді. Жүрегі өреки соғып, ыстық лебі жүзін желпіп өткендей толқыныс біразға дейін басылмады. Өлгіндегі ренішті тез ұмыта қалған курстастары қаумалай қоршап, қызу құттықтады. Ұрсысып алып тез арада табыса қалатын ойын баласына ұқсаған қылықтарына күлкісі келді. Екі қолын артына ұстап, шалқая шіреніп тұрған Құрышбектің қабағы қарс жабулы. Тап мына етенеліктен түк жоқ суық қалпынан жатырқай аңырды. Бұларға жас жұбайлар тобы қосылып, арқа-жарқа әңгімеге кірісті.

– Айнаштың жерлесімен керемет биледің, Зәке, – деді Асқарбек жайыла күліп.

“Құдай қос көрсе, бажа да болып қалуымыз әжеп емес”, – дей жаздап барып тілін тістей қойды. Бұлай ауа жайылғанын Сәбира естіп қалса ренжіп жүрер. Би ырғағына лыпыған жеңіл қозғалысынан бөлек, әуезге еріксіз елтіген шақтарда қарашықтарына жас тұнып, мұңдана мөлдірейтіні елестеді.

Екінші жолы да биге Сәбираны шақырды. Алғашқы ұмтылыстың оты сөніп, өңі солғын тарта бүйрекбетті құрбысына салқын райда иек қақты. Солай қарай амалсыз бұрылды. Қомданған құстай биге қамданған қыздың әуелі қоп-қоңыр жанарына көзі түсті. Тоятын аңсаған тілемсек ұшқын жылт етіп ортаға шықты да салтқа жаңа ене бастаған бидің таңсық қимылын жасауға кірісті. Сәбирамен айналғандағы әуектеген көңіл бірден су сепкендей басылды. Қызу қимылға өзін қыстап, құлшынып-ақ барғысы келді. Жұлқына екіленген бүйрекбетті қызға сылбыр ілесіп, қимыл үстінде елегзи

құлазыды. Көзін жаутаңдата Сәбираны іздеп, бейнесі көрінбей қалған соң, тынышы қаша түсініксіз алаңдады. Құлаштай созған уақытта қанатын барынша жазған баян шапшаң жиырыла қалыбына түсіп, қайтадан ширатыла жөнелгенде екі өкпесін соға зар илеген әлде бір мұндықты еске салады. “Мына екеуі ойнап бітпейтін болды ғой”, – деді қынжылып. Дамылсыз тартыла берген соң құлаққа жағымды естілетін әуез бірыңғай сарынға айналғандай тартымсыз. Бүйрекбетті бойжеткен оның үстіне әрекетінің екпініне қарай құтырта ойнақшытқан көздерін қылымси тастайтынды жиілетті. Кілт доғарып, жүре беруге бір оқталды. Дүйім елдің алдында надандығын бетіне басып, қас масқарасын шығарудан тайынбайтындай көрінді. “Әйтеуір бір толас табарсың”, – деп ойлағанша болған жоқ, азан-қазан у-шу дүние сап басылған шақта құлақ тұндыратын үйреншікті емес тыныштық шымырлап біршама тұрып алды. Мұның басын ие, ілтипат білдіргенін місе тұтпаған бүйрекбетті еш ишара жасамай шұғыл жалт бұрылып, кекірейе қайқандап кете барды. Сардарбекұлы мелшиіе бөгеліп, оңашалау тұсқа дереу сытылып шықты.

“Жаңағыға не жазып қалдым, соншалық”, – деді көңілі орнықпай. Дәліздің кіреберіс жерінде темекі тартып дабырласып тұрғандардың арасынан өз жігіттерін көрді. Жаңадан танысқан кісілерімен етжақын адамдарындай шүйіркелесе қалғандарын біршама қызықтады. Сары майдан қыл суырғандай қолын сәндеп созған Асқарбектің темекі күлін шертіп түсіруінің өзі керемет. Ернін үйіре сәнмен тартып, түтінін сыздықтата түп-түзу шығарады. “Темекі шерісі бір қаралық екен-ау”, – деді кекетіп. Көре салған бетте бұған тұра ұмтылып, әлдене айтпақ ниетте оңашаға қарай сүйреді. Күбір-сыбырға бұрын да әуестігі бар еді. Тап бүгін онысы жарасса құдай барды. Көпшіліктің ішінде бөле-жарылып бауырмал бола қалудың қажеті қанша. Сол үшін бір шекелей қарап, айтпақ сөзін ыздия күтті. Мұның тік мінезінен сескене пұшайман жымыйып:

– Сенімен билеген Сәбира құрбысымен сөзге келісіп кетіп қалды, – деді.

Көкірекке төгіліп нұрландырып тұрған саңылаудың көзі бітеліп, аяқ астынан қаратүнек басқандай жаны жабырқау тартты. Басын кегең еткізіп, одырая қарады.

– Өзінен сәл артып кеткенге ұрынып шыға келетін, іші шынтақ айналмайтын тар екен.

– Қасындағы құрбысының мінезін біле тұрып дені дұрыс адам тойдан кете ме! – Даусының қатты шыққанынан Сардарбекұлы сәл ыңғайсызданып қалды. Аса құпия жайды жеткізетін ыңғайда Асқарбек аузын мұның құлағына тақады.

– Сәбираның әке-шешесі үлкен қызмет істепті. Кейін әкесі ұсталып кеткен соң, шешесі айдалып кетсе керек. Жаңағы бестанау қыз ағайындары көрінеді, солардың үйінде тәрбиеленіпті.

Қырсық айналдырған жерді абайсызда басып кеткендей Сардарбекұлы сескене тітіренді. Дәл осы арадан басына бөле байлап алғандай үрейленген мазаң күйден арыла алмады.

Шырт қараңғы түннің ортасында Сардарбекұлы шошып оянды. Мұқым ісінің реті бұзылып, жан-жағынан жау анталап тұрғандай беймазалана берекесі ұшты. Тарпа бассалғалы тұрған бөлім бастығының қара албастыдай ұсқыны елес беріп өтті. Барып қайтқан ісінің шекесі қыза қоймайтын секілді. Қайтар жолдағы Ералы Сағиевтың тұлданысы түсініксіз. Әлде қойшы екеуінің арасындағы әңгіме жақпай қалды ма екен? Құрышбек курстасына не жоқ. Жерлесі екеуінің сөзі бір жерден шығып жүргеннен сау емес. Дұшпандығы қатайған қарастардың ызғарын сезініп, бір жаққа жансауғалай қашып кеткісі келетін ниет қылаң еткен мезет жаудырай төнген мөлдір жанардың моншақтаған мұңды қарашығы елестеді. Қимайды. Өкініштің уыты оңдырмай өзегін қарып түсті.

Шешесі екеуінің атақты туысқанның үйіне барған күні бүгінге дейін көз алдында. Қазақ ұрқына өң-түсі келіңкіремейтін әйел шешесі екеуін бірдей құшақтап, мұның маңдайынан сүйіп, арқасынан қақты. Қуанған-ренжігендерін білдірмейтін ауыл адамдарының сөзі салқын, ұстамды.

– Келгендерің қандай жақсы болды, Назбүбі, – дегенді елпілдеп бірнеше жолы қайталап айтты.

– Колхозымыз қайнағамыздың атын алып жүріп бір сыбағасын жемегені ұят та. – Бір қойдың етін шешесі сылқ еткізіп тастады. Қоржынның келесі басынан бір шана

қымыз бен бір қарын майды шығарды. – Бұл үйдің босағасынан сығалай алмай жүргендер көп. Туысқандықты арқаланып баса-көктеп келеміз. Соны бізге көп көрмесе екен деп жатсам да, тұрсам да құдайдан тілеймін.

Мұның шешесінің ниетіне қатты разы болғанын кесек пішінді әйел көкшіл көзінің нұрлана күлім қаққанынан сездіріп қойды. Селтиіп тұрған бұған ара-арасында ет-жүрегін елжірете мейірленеді. Ал бұл үй жиһаздарынан көз алмай тамашалауда. Есіктен төрге дейін төселген жұмсақ кілем. Ортаға рабайсыз үлкен үстел қойылыпты. Арқалықтары қыдиган ұзын орындықтар сап түзеген жауынгердей тізіліп тұр. Бір қабырға тұтас сірескен кітап. Көнетоз сеңсең бөрікті шүңірек көз қарияның қасында қалқайып тұрған әскери баланың суретіне ұзақ үңілді. Қабағы қату, шақшиған көздері оттай жанады. Ауыл үлкендерінің аузынан ыңғай: “Күнін әрең көріп жүрген жарықтықтан сондай ұл туғанын қарашы”, – дейтін сөз шығады. Бұл сонда кім? Үйіне келген сайын бір көрген емес. Жылы қарсы алған әйел мен шешесі екеуінің әңгімесі сыбырға көшкенде түстеріне үрей араласып, қатты бұзылып кетті. Алдындағы уәйім-қайғысыз реңдері үрпиісіп, аяқ астынан бейшара бола қалғандары жаманаты мол беймәлім сырды сездіретіндей. Үстеріне бір кезде өзі құралпы бала кіріп келді. Оны енді мұның шешесі айналып-толғана бас салды. Шақпақ жолды матадан тігілген қоқырайған шәпкесі мен кәстөм-шалбарының пасоны бөлек. Тотығып көрмеген беті әппақ. Өзін аймалап сүйгені ойына кіріп-шықпастан, бүкіл бейілін бұған аударды. Мұның үстіндегі қазақылау киімнен әсерлене бас-аяғын түгел шолып, түкпірдегі көп есіктердің біріне беттеді. Жел-құздың сызын сезініп, аптап ыстыққа қаңсып көрмеген торсық маңдай ежірей көз өзі құралпы әздек бала кінәратсыз таза. Жүзінде шешесіндегі мұңды аулап, сынық тартудың жұқанасы да жоқ. “Шіркін, осындай киімді маған да әперсе” деген қиял көкейіне қонақтап, көкірегі қызынды. Соның өзіне тағатсыздана көңілі алып-ұшты. Үстіндегі киімдерін ауыстырып, дастарқан басына қала баласы жайғаса бергенде шешесі түсін суытып:

– Қолыңды шайып кел барып! – деді.

Тап мұндай ескертуді шешесі бөтен кісілердің алдында айтса, ұяттан бұл жерге кіріп кете жаздар еді. Ал мынау былқ етпей отыра берді. Тек шешесінің орнынан көтерілмек ыңғайын байқағанда барып созалаңдап амалсыз тұрды. Үлкеннің тілін қасарысып алмау деген сұмдықты туасы көріп отырғаны осы. Екі-үш жасар бала осы кезде қарсы бөлмеден жылап шыға келді. Мұрнының таңқылығы болмаса, жаңағы тіл алмайтыннан аумайды екен. Өңі жылып сала берген еркек пішінді әйел тұра ұмтылып барып құшағына құшырлана қысып, бетінен шөпілдете сүйді де, ыңғайсыздана жалт қарап:

– Заңғар, қалағаныңды ұялмай жей бер, – деді сол екі арада.

Кесек пішінді әйел мұны магазинге ертіп барып киім әпергісі келіп еді, тіршілікті желеу ғып шешесі оған көнбеді. Қалағаныңды алыңдар деп ақша ұсынғанда азар да безер болып тұра қашты. Осы баланыкіндей кәстем-шалбарды кепкасымен алып беретініне дәмеленіп тұрғанда шешесінің тап мына қылығына қатты ашуланды. Айырылысар кезде екі әйел бір-бірін қия алмай ұзақ тұрысты. Содан үн-түнсіз ауладан шығып, жаяу-жалпылап жүріп отырып үлкен қара жолға түсті. Жол-жөнекей кезіккен ат-арба иесіне шешесі: “Өлмегенге өлі балық жолығады”, – деп бір ауыз тіл қатты да, томсарып отырды да алды. Үлкендердің қас-қабағына тап мұндай айықпас кірбің ұялағанын бұрын-соңды көрмеген екен. Сөйтсе де қала баласының киіміне құмартуы басылатын түрі жоқ. Көкейіне жайсыздау түйген жаманат тез-ақ ұмытылып кетіп еді. Күндердің бір күні мектептен ертерек шығып үйіне келген. Көз жасына ие бола алмай ағыл-тегіл жылап отырған шешесінен шошынып, босағада қалт тоқтады. Екі әпкесі бастарын салбырата қасында тұқшиып отыр. Көзін тарс жұмып алып, күйзеле басын шайқап жылаған уақытта өңі быж-тыж боп, еріндерінің қиюы келмей ұсқыны қашып кеткенінен аңыра жатырқады.

– Осыған дейін көрген қызықтары бір күнге татымай қалған шығар жазғандардың.

Атақты туысқанының үй ішіне бір зауал келгенін дереу түсіне қойды. Ойын баласы бола тұра табалағыш жаман пиғылын тия алмады. Жан баласына тіс жарып ашпас

ыңғайсыз құпиясы сол деп ойлайды. Мықты отбасыларына өзінен-өзі өшпенділігі қозып, қайт болып көрмеген діні қаттылығынан өзі іштей қуыстанады. Туысқаны атылып кетті дейді. “Қайран кісі аштан өліпті”, – деген шешесі бірде ақырын сыбырлап. Кеудесі өксікке толып кеткендей шешесі күрсінген сайын көкірегі қарс айрылатын әдеті. Еркек пішінді әйелді бала-шағасымен тентіретіп қайда жіберді екен? Бауырмал сезім жүрегін тербесе де, “Солар қазір қандай болды екен” деген ой қылаң еткен мезет ыстық толқын кеуде тұсын шымылдата сыздатады. Жер-өмірді ойша шарлап жатқанда таң атып кеткенін шешесінің тұрып жүргенінен бір-ақ білді. Ғұмыр бойғы тұрағы құдды Алматы тәрізді қазаққа ыңғайсыз көрінетін нәрселерді шешесінің елемей тез көндігіп кеткеніне кейде таң қалып қояды. “Бір жерден дәретін сындырып, бір жерден тамағын ішетін қаланың заңы құрсын”, – деген ауыл адамдарының сөзін оқта-текте құлағы шалып қалады. Әпкесі үй алған соң Бегімбеттер де шешелерін ауылдан көшіріп алды деп еді. “Үйренді ме екен, қайтты екен жарықтық. Енді маған жетпегені Бегімбеттің шешесі ме еді”, – деді өзін-өзі кекетіп. Мінездері бір түрлі. Әсіресе әпкесі адам баласын менсінбейтін паң. Амандасудан шошынған жері бар ма, өмірі сәлемдеспейді. Естуінше, олардың да әкелері халық жауы. Бірақ қыңып қоймайтын сондай сенімді. Сынық кейіптегі Сәбира кенет көз алдына келді. Сол-ақ екен орнынан жұлқынып тұрды. Таңертеңнен ойлағаннан-ақ іші-бауыры елжірегенін неге жорырын білмеді. Жуынып-шайынып дастарқан басына келгенде шеше жүзінің солғындығынан еріксіз тосылды. Қабағы келіспей отырғанын көрсе-ақ қобалжи бастайды. Бірдеңе-бірдеңелерді сұрап зәрезап қылмай қоя тұрса екен. Тілегі қабыл болды ма, біразға дейін шай үнсіз ішілді. Тіпті той қалай болды деп те сұрамады. Тез киініп, жұмысқа кетуге оқтала бергенде:

– Әлгі Сансызбай жазғанды не қылдыңдар сонымен? – деді.

Ол кім еді дегендей шешесіне бір сәт одырая қарап іркілді.

– Оның тағдырын мен шешпеймін ғой.

Тап осыны еститінін шешесі алдын ала білгендей қабағын шытты.

– Қасыңдағың бітеу көкірек көрлат па, жоқ, өнеге көрген, жөн білетін жігіт пе?

Шешесінің еркіне қойсаң, осы күнгінің бәрі шетінен келесау. Сондағы жақсысы – халық жауы боп ұсталып кеткен “партия қайнағасы”. Қабағын сұстана түйіп, кірпік қақпай жауабын әлі тосып отыр. Бұл ләм деместен шығып жүре берді. “Айдаладағы қойшының қамын жеу қалып па маған. Ол кім екен сонша”, – деді тұтана.

Ұзыннан-ұзақ редакция дәлізімен қанша жүрсе де шымырлай кернеген тыныштықтан секем ала сезіктенетін дағдысын тастай алмай-ақ қойды. Өзінен-өзі үрейлене беретін түсініксіз хал. Жаңа ғана жараспай қалған шешесі екеуінің қас-қабағына ұйғарайын десе, жат, суық нәстенің мүлде бөлек сұлбасы көлең қағып өтетін тәрізді. Тағдыры қыл ұшына ілініп, нақақтан-нақақ күйген бейшараның налалы зарына ұқсай ма-ау. Өз бөлмесінің есігін ашқанда алдындағы қағазға шұқшиып отырған бастығын көрді. Жаңағы қорқынышты мынаның қарасы сейілтуге жарағанын ойлап үлгерді. Арадағы ренішті сол себепті тез-ақ ұмытып, емен-жарқын амандасты. Екіойлы сыңайда аңырған бастығы мұның ала жүгірген қолын шарасыз, қынжылып алғанын байқады. Үлкендігін жасап ат-көлік амандығын сұрамады да. Қырбай қабаққа адам еті үйреніп кететініне қымсынысты сезім қылаң етті. Осы кезде қабылдау бөлмесінің адамы есікті далита ашып, орындарында отырсыңдар ма дегендей түйіле қарап алды. Бұған редактордың шақырып жатқанын екіұшты ғып жеткізді. Неге екені, секем ала бастығына жалт қарады. Ұсқыны қуақы тартып жымсия қалғанын еріксіз ішіне түйіп, редакторға делеңдеген күйі жетті. Екі қолын үстелге айқастыра қойып, мұны өзіне жақындағанша көзімен суық бақты. Отыр деген ишараны қатқыл жасады.

– Барып қайтқан істерің қалай болды?

– Әлі белгісіз. – Редактор мұның жауабына құлық қоймағандай безерулі қалпынан айнымай, үнсіз ұзақ сүзілді. Жасқа шыланғандай көлкілдеп тұратын қызыл жиектенген көзі өмірдің өтпелілігінен түңілген көңіл күйдің толқынысты сәтіне ұқсайды.

— Ауылыңда саған қастасып жүрген кісі бар ма еді? — Не дерін білмей дағдарды. — Ауылыңның бір топ адамын бастап колхоз бастығы үстіңнен Орталық Комитетке арыз түсіріпті. Әкесі — ел ішін бүлдірген молда болған, өзінің туысқандары арасында ықпалы күшті. Ауылға келген сайын колхоздың жүйрік аттарын соның тақымынан көреміз, — депті.

Сардарбекұлы қыбыр етпей сілейіп отырды да қойды. Кісі шошырлық тас мақау дүлейдің нойыс тұрпаты басып-жаншып тапап өте беретіндей. Дүниеде тап мұндай болжаусыз сұмдықтардың болатынына сенбейтіндей есінен тана жаздап отыр. Көзінің аласын шел басқандай көгілжім, сөйлеген кезде кескіні күреңіте жөнелетін қортық неме бәрін бүлдіріп тыныпты. Жылмыңдаған мұңды пішінін перзенті жоқтығына ұйғарып жүретін. Жыл он екі айда бір рет ауылға барып, атқа мінгенді есі дұрыс қазақ сөз қылатын ба еді. Оңбаған ит екен ғой мұның.

XI

Әлихан лекцияға келуді біржола доғарған сияқты еді, бүгін төбе көрсеткеніне бәрі таңырқасты. Жұмысқа тұрған алғашқы уақыттағы екпіні біршама басылған. Әрнәрсеге еліріп кірісе беретін әдеті қалып барады. Ежірейе қараған кезде желпілдеген жұқа танауы бір қусырылып, бір делдиіп, жұртқа қолын көсемдерше көтеріп, жалпы амандасты. Оның бұл қылығына отырғандар ду күлісті. Осыны ар көрмеген ол көзін жағалата жүгіртіп, Бегімбетке тірелгенде, салып ұрып қасына жетіп келді. Қабағын ашпастан түйіле қараған қалпы қолын ықылассыз ұсынды.

— Қария, саған бүгіннен қалмай Әлекең жолығып кетсін деді.

“Сардарбекұлының әнеукүнгі айтуы бойынша шақыртып отыр ма сонда”. Біреу арқылы алдына баруды жаны қаламайтын сияқты. Өзі де көрген сайын бұған жылы сөйлеп, бауырына ыңғай тартып-ақ жүреді. Соған қарағанда, жұлдызы өздігінен түсуі керек-ақ еді. Мәлт қарашықтары шықтана жаудырай кідіргенде, жанған шоқтай балбұл жайнап, қарқылдап күлген уақытта бүйрек

бетіне томпиған баладай сүйкімділік үйіріледі. "Ол неге өзіміздің жігіт?" Бұлайша меншіктеудің төркініндегі қазақы жіңішке сорабы көкіректегі бауырмалдық сезімге төте жол тауып, тербеп өтеді.

Осы кезде ішке кірген оқытушы орнына нығыз басып бара жатып, жылмита шалқасынан қайырған селдір шашын аялап сипап қойды. Әжімсіз сопақ өңі тегіс, сыны тая қоймаған. Сергіп үлгірмеген марғау қалыпта жағалата баяу шолып барып, әдемі қыздарға назарын тұрақтатты. Кілмиген көздері сол мезет күлім қағып, өңі бүлк ете түсті. Мейірім үйіре қараған кездегі кескіні жасына лайықсыз қутыңдап, дереу еңсесін тіктеп, сестене кейкиіп одырая қалды.

– Қалтаев, сен бүгін түсіңнен шошып оянғансың ба, қалай?

Орнынан лып етіп көтерілген Әлихан кінәсін құдды мойнына алып, айыбын жуып-шаюдың ауыртпалығын терең сезінген мүсәпірдей басын төмен сылқ түсірді.

– Сен менің бағамды білмей жүрген шығарсың. Сөзі де, өзі де тап мендей сұлу адамды қайдан іздеп таппақшысың, айтшы.

Қыз-жігіттер бастарын алдарына айқастырған қолдарына жасыра төсеп, сылқ-сылқ күлген кезде тынымсыз бүлкілдеген жота тұстары сырттай қарағанда қызық көрінеді. Тап осындай сөзді алғаш естіген уақытта Бегімбет өзі айтып қойғандай қысылып, бетінен оты шығатын. Оған бара-бара еті өліп, елең қылмайтын болып жүр. Күлетіндей сөз болса бір жөн. Соған-ақ мәз болып, жырғап қалатын курстастарына не жорық. Шешесінің екі сөзінің бірі – көп, көп біледі, көп бәрін айырады дегенге сая береді. Ал сол көбінде әділет жоқ па деп ойлайды бұл. Мұншалық есірік сөйлейтін адам қашанға дейін есіріп жүрмек. Айыбы – мақтаншақ, әйтпесе білімі жетерлік дейтіндер де табылар. Аласы лайлы кілмиген көзін мұның назарымен түйістірді. Жалт ете қалған уытты ұшқын өңменін түйреп өткенін сезінді. Аузынан жаңағыдай сөз шыққанға бола ақылы шалаға ұйғарғаны тым асығыс сияқтанды. Кілт кідірген қарашығында мұң шалыс ойлы сәуле жылт ете қап, мезетінде алаңғасар төңкеріліп, кәдік

ауытқитынын аулап үлгерді. Әйел бетті жып-жылмағай адамның жып-жылтыр екі шекесіне ойнай шағылысқан сәуле сынып түскен уақытта ұйысқан көлеңке бет-жүзін тұтас жауып қалатын тәрізді. Осы біреуге бола оқу-тоқу дегенің далбаса нәрсе ме деп ойлайды кейде. “Қазақтардың ескі жыры ғой, баяғы”, – деген әпкесінің мысқылды жауабы жадында жаңғырықты. “Орыстарда мұндайлар түп атасымен болмай ма сонда?” Әуезов Мәскеуге қашып кетіпті деген сыбысты ара-тұра естиді. Аса бір етжақын адамына деген сағыныштан жүрегі шым ете түсті. Осы кезде кешігіп, имене кірген екі қыз балаға одырая қараған оқытушы нұры қашқан кілмік көзін ұзақтау кідіртті.

– Сендер менің артымнан өтіңдер, менің желкемнің сұлу екенін білесіңдер ғой.

Балалар беттерін тағы да алдарына жасырып күлді. Тап жаңағы сөзді жорта айтып ап, артынан қатты ыңғайсызданатын тәрізді ұсқыны бір түрлі үрпиіңкі тартты. Мейірлене қадалған сайын мөлдіреген қарашығындағы аялай елжірейтін жылылықты аяқ астынан сезінді. Әуезовті тура мынаның орнында елестетіпті сөйтсе. Асықпай баппен басып келе жатып қалт тоқтап, бажайлап қарайтын әдеті көз алдына тірі қалпында келді. Ұшатын құстай иығын қомдап, тесіле шүйілген уақытта шырағы бір құбылмастан, мейірім тұна мөлдіреп тұратын. Тек ашуланған уақытта Әуезов реніші адамға ауыр тиетіндей көрінді. Баяғы жалпақбас Жайсаң құрған қасындағыларға әлденелерді сыбырлап айтып, қолымен сыртты нұсқап тыным таппаған, оған бір-екі мәрте көз қиығын тастап, үндемеді. Ақыры қоймай бара жатқан соң:

– Сен өзің басыңа сәлде орап алсаң сұңқылдаған ишаннан аумай қалатын жылпылдақ неме екенсің, – деді.

Жалпақбас Жайсаңға еріксіз көз салып, қаңғалақ қағуға шақ тұрған басына қарап күліп жіберді. Қартаң ұсқынның ұлғайып кеткен елесі тәрізді жанары мүсәпір бозарады. Содан қайтып жадырамаған Әуезов дәрісін томсарулы қалпы қатқыл жалғастырған еді. Бұл айтқандарымды сендер тұрмақ, сендерден зорлардың өздері түсінуі екіталай дейтіндей тәкаппар астамшылық жүзінен біраз шамаға дейін тарқамайтын сияқтанған.

Сабақтан шығып, аялдамаға қарай беттеп келе жатып, “Бүгіннен қалмай келіп кетсін” деген Әлекең сәлемі ойына сап ете түсті. “Мені Әлиханнан бұрын неге көрмеді?” Осы ой жөнсіз жерден килікті. Дәл осылай ойлауға менің қандай хақым бар. Аса бір үлкен үлестен құр қалатындай мазаң сезім қосамжарласса да, редакцияға аттап басқызбай, кежегесін кейін тартып тұратын бірдеңе бар.

Шешесі екеуі тамақты үнсіз ішті. Артық-ауыс бірдеңе сұрамайтын әдеті мұндайда қандай жақсы. Зиялы әңгімеге әуес әпкесінің кешігіп жатқаны оңды болды, әйтпесе жүйкесіне тиіп бітетін еді. “Саған бүгін не боп қалды?” – деп шешесі сұраса, не деп жауап берерін білмей сасатыны анық. Әпкесінің оңаша жиып қойған кітаптарын қарауға құлқы шаппай, бүк түсіп жатып қалды.

– Бейуақытта жатпа балам, тұр, – деген шешесінің даусынан ояңды. Басын жұлып алып терезеден сыртқа үңілді. Өлгіндегі бейуақыт дегені әшейін, шымырлап түн қонақтап, дүние тыныштыққа бөгіп тұр екен. Серги алмай мәңгіріп отырған уақытта ары-бері сенделіп жүріп алған шешесі:

– Мына қыз неге кешікті? – деді өзіне-өзі сөйлегендей. Мұны жаңа оятқан кезде үнінде қамығу барын сезген. Қазір қараса, өңі шөлмектей, көз ұясында өзіне деген мейірім болмай қоймаушы еді. Сол бүгін сезілмейді, реңі жабырқау. Ас бөлмесіне біраз кідіріп, дегбір таппастан тықыршып қайтып келді.

– Бірауыз жөнін айтып кетпеген мына қардың қорлығы-ай. “Бұл кісі неге сонша мазасызданады?” – деп ойлады. Шешесі кішкене тыншыр ма екен деп әпкесінің алдынан шықпаққа сыртқа жиналды. Абыржи жалт қараған уақыттағы асып-сасқан шешесінің ұсқыны бұған біртүрлі түсініксіз көрінді. Азарда-безер боп, “отыра бер” деп қаңғалақ қақты. Бұрын-соңды мұндай қылығын байқамаған екен. Біреулер тағы да ұрынып жүрер деген баяғы бітпейтін қаупіне ұйғарайын десе, жаңағы берекесі ұша беймазаланған қылығы кәдіктеу. Анасы ас бөлмесінен мұнда қайтып келмей қойды. Дәл осы арада сезгірлік қажет. Ділгір қылатын бірақ не жай? Көп уақыт ас бөлмесіне бөгелген шешесі бас сұққан сәтте жастан құрғап үлгермеген шарасынан жылтылдаған қызғылт ұшқынды байқады.

– Апа, сіз менен бірдеңе жасырып жүрген жоқсыз ба?

Бұған жалт қараған шешесінің таңырқаулы жүзінен ұшпа шапшаңдыққа ұқсайтын тиянақсыз алаңдаушылықты сезінді. Діттетіп тұра алмай көзін және тайқытып әкетті. Ұстамды қалыптың жұқанасы да қалмай, сағы сына жасыған, сөйтсе де ыстық-суыққа сыр ашпай көндігіп үйренген әлпеттің беріктігіне әлдеқалай көзі жетті. Осы сәтті өткеріп жіберу ұзаққа созылып бара жатқан сияқтанғанда, есік сықырлап ашыла бастады. Кіріп келген әпкесінің көңілді нышанын бірден байқады. Шешесі мен бауырының тосындау тұрыстарына жорта таңырқағандай, ары қарай сып беріп өтіп кетті. Өңі күрт қуқыл тарта өзгерген шешесі қызын көзімен ұзатып салып тұрып:

– Әй, төбет, ұрғанда құдай сені ұрды ғой, – деді даусын күйзелте шығарып. Әйел баласын төбет деп ұрсу сыйымсыздау естіледі екен-ау. – Құраған қар, сені күтеміз деп тамағымызды әлі ішпей отырмыз. – Шешесінің үнінде діріл бар. “Теңін тапқанын қош көрмей ме, сонда бұ кісі”.

– Жүр, тамағыңды іш, – деді бұған аса салқын тіл қатып.

Көп уақытты өткізіп барып әпкесі келгенде, бейілсіз қалпынан танбаған шешесі елең етіп қоймады. Анасының жүзіндегі көңілсіздікті бірер сәт кідіре шолып, өз орнына сылқ етіп отыра кетті. Сәл нәрсеге желпініп шыға келетіні бір қунақ жымыс езуінде жасырынып тұрғанынан аңғарылады. Әпкесі қабағын шыта назарын бұған оқыс тастады.

– Газет редакторы саған арнайы кісі жіберіп шақыртқанға бармай қоятын кім едің сонша.

– Жіберген кісісі дұрыс болмаған соң бармаған шығар, – деп шешесі шап ете түсті.

– Жіберген кісісінің дұрыс-бұрыстығында тұрған жоқ қой.

– Менің балам дұрыстап шақыртса ғана барады.

Шеше нойыстығына абыржи аңырған әпкесінің тауы шағылған сүдініне қарап тұру ыңғайсыз екен. Көзі бағжиган кескіні мұнша қараңғы қырсықтықтан түңіліп, өмірден өзгеше мағына іздейтін тастүйін кейіпке көшті.

Таңертеңгі шайда түндегі әңгіменің мән-жайын сұрамаққа оқталып, шеше райының басқашалығынан жүрегі дауаламады. Ажары кірбіңнен айықпаса да қимылы

ширақ, іркілмей шапшаң тіл қатады. Болдым деп ишара жасағанын жаратпай, қабағын кере суық қадалып:

– Іш, – деді қатқылдау. Жазық маңдайының сызаттары бүгін түнде тереңдеп, шүңірейген көзінің қарашығы солғын жылтырайды. Қатты қамырыққан қаяуды жайсыз сезініп, сыртқа есебін тауып тез шығып кетуді ойлады.

– Балам, – деген дауыстан еріксіз кідірді. Қараса, өңі құп-қу. Секем ала тұра ұмтылған кезде “кете бер” дегендей қолын дегбірсіздене қатты сермеді. Сәл аңырып барып жүре берді. “Бұл не қылған тықыр таяған?” Кеше редакторға жолыққанда-ақ болатын еді. Қырсық мінезін жеңе алмай қалатынын кейде өзі түсінбейді. Әлихан сонда мұның әпкесіне шағынған ба? Еркек атына жараспайтын қылық сияқты. Аялдамада орыс бойжеткенін кезіктірем бе деп емексіп жан-жағына қарады. Айдаладағы орыс қызы соқпа дертіне айналып бара жатқаннан сау емес. Баяғыда кесілуге тиіс үмітінің дәмегөй арсыздығына ішінен қысылады.

Аудиторияға сөлпиген кейіпте кіріп келген бұған университетті былтыр ғана бітірген аспирант көзін сүзе ұзақ шүйілді де, ләм деместен жүзін бұрып әкетті. Бұл бөгелместен өз орнына озды.

– Рұқсат сұраудан шошынған жерің бар ма еді сенің?! – Ту сыртынан шыққан кекесінге толы зілді дауысқа әр-әр жерден күлгендер қосылды. Әуелі асықпай орнына барып жайғасты. Көзін өзінен айырмай қадалып тұрған аспирантқа тайсалмай тесірейе қарады.

– Сен мені сыйламасаң сыйлама, бірақ мына киелі қарашаңыраққа қарасаңшы.

Мына жазған қарашаңырақты қанша қалқаласа да, сиқының келіспей тұрғанына күлкісі келіп кетті. Былайынша елгезек те сыпайы. Зиялы екенін танытуға жаны құмар. Әлгіндегі кекеткені көңіліне келді. Болмысының со бойы қазақылығы кек тұтқызбайтын кеңдік иесіндей. Адамды бәрібір сескентпей қоймайтын шолақ томырықтығы сезіліп қалатын секілді. Кешегі әйел бетті мақтаншақтың шәкірті. Сонысынан ыңғай кәдік алады. Алдында өкпелеген балаға ұқсап бұртиып, жайдары қалыпқа түсе алмай торсаңдап сөйледі. Қазақ кеңес әдебиетінің қалыптасу кезеңінен дәріс оқып тұрып,

студенттердің жүздерінен бейілсіздікті танығандай қабағын күйзеле шытынды.

– Сендер мұны үйреншікті қабылдасандаршы, – деді.

Бір жаңалық еститіндей бәрі елең ете түсті. Ұлтшылдарға ауыз сала бастағаннан-ақ таныс соқпақ көрінді. “Оқу деген барлық жерде осындай ма, жоқ, басқаша бола ма екен?” Тура осыны білсе, түйін күрмеуі шешіліп кететіндей. Социализмнің қас жауларына қарай ойысқан уақытта Бегімбет өзінің жөргекте жатқанда ұсталып кеткен әкесі жөнінде ойлады. Бұрын қуыстана мазасыздану әдетінде жоқ еді. Сенің сырың белгілі дегендей, дәл осы арада аспирант желпіне түсіп, көзін бұған салқындау түйістіріп өтті. Бұл назарын дереу тайқытып әкетті. Большевик зиялылардың көзге ұратын дағдысынша екі өңірін тас қып ұстап алып, “Сұлушаш” романының кіріспесіндегі тап туралы толғауды екпіндете оқи жөнелді. Күйлі-мұңлы жолдар сарыны елітіп, еліктіріп әкететінін тіпті сезбеді. Жүрекжарды шындық Мұқанов жақта екеніне еріксіз жүгінді. Түнеукүнгі газеттерді салғастырып, Әлихан екеуінің дауласқаны ойына сап ете түсті. Аузына ие бола алмай қалғанының өкініші бұрынғыдай уытты қуырмады. Мұратқа соншалық берілудің қалтқысыз шүбәсіздігіне иланған кезде көзінің төңірегі ысынып кетті. Айналасы қалай әсерленгенін ұрлана барлады. Қараторы жүзінің қаны қашқан Жалпақбас бір шекелеп қодырая сестенгенімен, жасқа шылана жылтыраған жанары ындыны жуастығын әйгілеп тұр. Тебірене елтіген Перуа атты қыздың аузы бұртиып, көздері ежірейіп кетіпті. Шешесі мен әпкесі арасындағы кілтипанға алаңдаған уақытта жүріп өткен ұстараның тілген орнындай жіңішкелене сыздап ауырды. Екі кештің арасындағы шөлкем-шалыс әпке қылығы ойына тізбелене оралды. Кеше етқызумен ештеңе байқамаған ба, қазір ойлап қараса, әпкесінің әдетінде жоқ сымпиысы елестеді. Өзін қанша сынық ұстағысы келгенмен, көзінің қунақ жылтындайтыны таңырқатады. Бір демде жайдақ көрініп, төмен етеккі жазғандардан еш айырмасы жоқтығына көзі жеткен уақытта көңілі күрт түсті. Паң кірпияз қалпын да қаламайды. Сонда бұған не керек өзі.

Осы кезде екпіндеп кіріп келген методист шырықты бұзғанына еш ғафу өтінбестен:

— Болаев, сені декан шақырып жатыр, — деді.

Әлихан екеуінің түнеукүнгі әңгімесі жетер жеріне жетіп, іс насырға шауып тынған екен ғой ақыры деп ойлап үлгерді. Дереу Жалпақбас жаққа көз тастады. Секем алатын түк жоқ, өңі жайбарақат. Басын төмен тұқырта қойған сәт құлақ шекесі қып-қызыл боп кеткендей көрінді. Ал қалғандар елең қылмады тіпті. Орнынан сүйретіле тұрып, есікке қарай баяу беттеді. Әлдеқандай күн басына туа қалса, шеше бейшараға обал. Еңірегінде етегі толған бейнесі елес беріп өткен замат запыран байланғандай жүрегі удай аши жөнелді. Реңі қаракөлдей жып-жылтыр декан түксиген қалпы басынан аяғына дейін түгел шолып өтті. Содан жайсыздау хабарды айтатын кісіше кірпігі жыпылықтаған мезет әлгіндегі кілтипанды ой расталғандай жүрегінің соғысы жиіледі.

— Белдікбаевты неге бір көруге зар қып қоясың, осыдан шыққан бойда бар! — деді тыжырына шытынап. Декан бірдемде жалтаң, нығыз, шытынағыш, осының қайсысы сонда. Онысында түйткіл барын індетіп ойлауға дәті жетпей, ұйлығып тұрған көлеңкелі пиғылы адамды алакөңіл қылады. Редакцияға алып-ұшып жетіп, редактор кабинетіне кіріп келгенде, көзін өңменіне шаншылта қадаған дөңгелек шырайды қызыл бояу тұтас шарпыды.

— Оу, саған дұғай-дұғай сәлем жолдап жатып алдымызға әрең келтірдік қой. Енді болмағанда өзім-ақ барайыншы деп жиналып едім. — Тесіле қараған ыңғайынан танбаған кейпінде бауырмалдықтың жұқанасы да жоқ, салқын.

— Бір есептен елпілдеп жетіп келмегенің де дұрыс шығар. — Даусын баяу ыңырана шығарды. Терезе жаққа маңғаздана ұзақ қарап, бұған мойнын қайтадан құлықсыз бұрып, сыншыл назарын ұзақ кідіртті. Кенет бүкіл денесімен ұмсына төніп түсе:

— Сені Москваға алты айлық оқуға жіберуді ұйғардық, орталық газеттердің қалай шығатынын көріп қайтасың.

Бейтаныс дәу аумағымен Мәскеу елес беріп өткен мезет қылаң еткен жатырқау сезім көңілін жабырқатты. Мына жаңалықты естігенде, Мәскеуден тіксініп қалған шешесі тағы не дейтіні белгісіз.

– Қорықпа, оқуыңа еш зиян тимейді. Ректормен келісім бар.

– Үй іші не дейді екен, ақылдасып көрейін, – деді бұрын қара тұтатын кісісінен имене төменшіктеп.

Мұнша жетесіздікке аңырған редактор түсін суытып:

– Сенің орнында егер басқа ауылдың баласы болса, аузыңнан мұндай сөз шықпай жатып қағып алады. Әлде ана ақсақ-тоқсақ, бақақөз ұстаздарыңды қимай жүрсің бе? – Жүзіне ойнақы күлкі үйіріліп барып: – Көп сөзді қой да бүгіннен қалдырмай документтеріңді біздің отдел кадрға өткіз. Қашан жүретіндерің ертеңдер белгілі болып қалар.

Тамақты әзірлеп қойып күтіп отырған шешесінің сүрепетіне Бегімбет қатты жаны аши қарады. “Мәскеуге кете қалған жағдайда қайтып көндігер екен бұ кісі?” Түскі тамақ біраз шамаға дейін үнсіз ішілді. Шешесі күтпеген жерден:

– Кешегі шақырған кісіге барып жолықтың ба? – деп сұрады.

Сөзді неден бастарын білмей күмілжіп:

– Иә, – деді қысқа ғана жауап қатып.

“Е, онда бопты” дегендей одан арғыны қазбаламастан шайын сораптап іше берді. Мәскеуге жолы түскелі тұрғанын жеткізудің жөнін таппай дағдарып:

– Апа, – деді кенет.

Шешесі шайының желісін үзгісі келмегендей көзінің астымен қарағанынан артық үндемеді.

– Мені Мәскеуге алты айға барасың дейді.

– Дәм тартып тұрса жолыңнан қалма, балам. Тірі адам тіршілігін жасайды, мені ойлап қамықпа. – Ақсұр өңінен селт еткен еш құбылыс білінбеді. Бір нүктеге қадалып барып бойын жиып ала қойған уақытта түйістіруден ала қашқан назарын дереу төмен түсірді. Көрнеу ұстамдылығына жүрегі сыздап, мән-жайды апыл-ғұпыл түсіндіріп, редакцияға құжаттарын ала жөнелді. Кірпіктері шықтағандай дымқыл тарта қалғанын сезіп келеді.

Кіріп келген бұған көзін ақ басқан кісі ұзақ телмірді. Дөң маңдайын жиырып, дәу мұрнын шуылдата тыныс алады, қалың еріндері бұртиған кейпі кедір-бұдыр жартастай жосықсыз. Мұның құжаттарын ебедейсіз ұстап, аударыс-

тырып қарай бастаған бармағының ұшы темекінің ысынан қызылқоңыр боп кетіпті.

— Әлекең саған қатты ұрысқан шығар? — Жауап қатпай сілейіп тұрған бұған: — Басыңның буы кеппеген баласың ғой, әлі, — деді.

Қайдағы біреудің сөккенін көңіліне қанша алмайын десе де, жайсыздау әсермен сыртқа шықты. Әдебиет бөлімінде отырған Әлиханға бұрылуға оқталып барып райынан тез қайтты. Кешегі жеңіл ауыз қылығы араға сына түсіргендей бір түсініксіз түйсікпен беттемеді. Болатбек бауырына барып Мәскеуге аттанатын жаңалығын айтқысы келді. Бірақ оған елең ете қоймайтын алаңғасар ауырлау тұрқы елестеп өткен мезет аңсары мүлде басқа нәрсеге ауатындай. Курстастарымен жүрекжарды әңгімеге барып көрмепті. Тұрған бойы бейшара Жалпақбас өзін іштей жоғары санайтынын әлдеқалай сезеді. Болашағы кенет өзіне керемет көрініп, құшырлана алып-ұшып басты. Көз алдына атақ-даңқы зор үлкен адам қалпын әкеле алмай әлектенді. Көзінің ағы бар айдаладағы маубас біреу мұның сағын сындырғысы келеді. Мәскеуге бармаса бақытынан қағыла ма, сонша. Дәл сонда бақандай бес жыл оқыған әпкесін күнде көріп жүрген жоқ па. Мектеп бітірер кездегі талшыбықтай солқылдаған бойжеткен бейнесі көлеңдеп өткен уақытта, қайдағы қимас сезім іші-бауырын елжірете уылжытып жіберді. Қазіргіге ұқсамайтын бауырмал еді ойласа. Бүкіл зәузаттан қалған еркеккіндік екенін шешесі қызына ертерек сездіргенін айналасы алты-жеті жылдың ішінде ұмытқанына сенер-сенбесін білмейді... Шешесі ұзақ күнге темекіде. Үй шаруасы түгел әпкесінің мойнында. Иінағашпен майысып суға бара жатқанда ауылдың селт етер бозбаласы түгел әпкесінен көздерін аудармай анталай қарайтын.

— Ауыр нәрсеге аса үйір болмасаңшы, Нұрғаныш, бойың өспей қалады ғой, — деді қушыкештеу біреуі. Сәл қағытқанға қараторы өңі бұрқ етіп қызарған әпкесі жүзін дереу төменшіктете қиралаңдап безіп ала жөнеледі. Жайма-шуақ жастықтың назды нәзік сәтін түсінудің кезегі санасында толқындана көлеңдеді. Бұл әпкесінің алдын орағыта одыраңдап айбат шеккені дәл қазіргі шақтай табы суымаған қалпы көз алдына келді. Әпкесін зор тұтқаннан

кейін сөйткен екен ғой, бақса. Қазір бұл әпкесінің көңілінен ит-құстан далда ғып қағып қойған қарақшы ғұрлы орын алмайтынын ойлады. Шым ете түскен жүрегі өзегін от боп қарып өтті. Сондағы ересек балалар назарына қайбір іле қойды дейсің. Әпербақандау сол балалық қылығы жанарын жасқа шылайтындай ыстық көрінетініне қайран.

Әпкесі мен шешесінің шаң-шұң шыққан дауыстары мұндаға дейін жеткенінен қалт тоқтады. Сөздерін анық айырмаса да шешесінің үні анағұрлым басым естіледі. Тұрып-тұрып қоңырауды ақыры басып қалды. Қатты серпінмен ашылған есіктің ар жағынан жат пішінде өзіне суық қадалған әпкесінің кескінінен тіксінді. Жұқалап жағылған далап сылыңғыр жүзінде шаңыта тозаңытады. Өңі қуаңыта ашаң тартқан шешесі ас бөлмесіне қарай бара жатып көзінің қиығын бұған қатқылдау тастады. Ілгері қарай озып, сырт киімдерін іле берген кезде:

– Балам, Мәскеуге барғанда сен қайтер екенсің, мынау құсап қалмашы, әйтеуір, – деп шаптығып шыққан шеше даусынан ашудың ызғарын сезінді. Жалқын сәуле ұялаған көзі жылағанын әйгілеп тұр. Ұсқыны шөлмектей боп-боз. Шешесін кірпік қақпастан баққан әпкесінің езуіне үйірілген мысқыл шалыс күлкіде тәкаппар зымияндық жатқандай. “Сіздерге не болды өзі?” – деп сұрай жаздады. Аяқ астынан шешесін өршелендіріп жіберетінінен қорқты.

Лекцияға таңертеңгісін келгенде курстастары мұны дүрлігіп қарсы алды. Я таңырқап, я абыржығаны белгісіз, бетпен-бет боп біткен мұрнының көтеріңкі ұшынан Жайсаң танауы бір делдиіп, бір қусырылады. Шүңірек көзі сөнуге айналған шоқтай өлімсірей жылтырап, басы тынымсыз қаңғалақ қағады.

– Үндемей жүріп бәле екенсің ғой, Беке. Үлкен жерге кетіп бара жатқаныңды айтпай, жарылып кетпей қалай шыдап жүрсің осы.

– Бастықтарды, бәсе, неге жағалап қалды десем. Бізден сырынды қанша бүксең де біліп қойдық қой, бәрібір. – Шикілсары татар кейіпті қыз кірпіктерін жыпылықтата тіл қатты. Қайсыбірінің аузына қақпақ қоймақ. “Басқа ауылдың баласы болса...” – деп сөккен редактордың не ойлағаны бар сонда.

Жалпақбасқа не жорық: “Үндемей жүріп бәле екенсің...” – деген.

Курстастарының әлденешесі сырттан топырлап кіріп келе:

– Сені декан шақырып жатыр, – десті шуылдап.

Алдына бір топ оқытушыны жиып ап, әлде бір жайды қызу талқылауға кіріскен декан бұл кіріп келген кезде “кел,кел”, – деді жылы шырай таныта. Жып-жылтыр қаракөл кескіні кешегіден гөрі жайдары. Шалқасынан қайырылған қара бұйра шашы толқын-толқын өрнекті. Көкейіне әлдене қонғандай бағжаң ете қалған уақытта мөлтілдеген қарашығы жаудырап момақан төнді.

– Алдыңғы шыққан құлақтан соңғы шыққан мүйіз оздының кері ғой бұл. Біз көрмеген Москваға шәкіртіміз кетіп барады. Қайтып келген соң әлек салып, ақыл айтып жүрмей ме. – Төртпақ бітімді дөп-дөңгелек ұсқынды оқытушы ежірейе қараған уақытта бажырайған жанары алмалы-салмалы көз секілді қыбыр етпейді. Сөйлеген кезде зор салмақ түсетіндей, көріктей көтеріліп-басылатын кеудесінен даусы бір сұмдық шіңкілдеп шығады.

– Сен қайдағыны айтпа, Әшірбек. Өз қалауымен бара салатындай бұл әлі бала. Бір сәті келіп қалған шаруа. – Студенттерге етене жақын емес томаға-тұйық кісі домаланған оқытушыға ұзақ шүйілді. – Бұл баланың барғанына еш қарсылығым жоқ, ынтасы бар. Жастардың жер көргенін дұрыс деп есептеймін, – деді.

– Редакция қалауы біздің балаға түссе, қуанғаннан басқа не демекпіз. – Декан кенет бұған жалт бұрылып, түсін суыта: – Сен қазір Комсомолдың Орталық Комитетіне баршы. Ертең я бүрсікүні жолға шығатын көрінесіңдер. Аман-есен кездескенге жазсын бәрімізді, – деді.

Жапа-тармағай орындарынан тұрған оқытушылар қауқылдаса оң сапар тілесті. Мұның иығына қолын салған әлгі төртпақ жүзін өзіне күшпен аударып алды.

– Әлгіндей сөзді көңіліңе алып қап жүрме, батыр. – Бет, мұрын, иек ерекшеленбей, доптай дөңгеленген пішінге шаншыла қадалып барып өз жөніне тартты. Тағы да бір кіріп шығармын деп аудиторияға да соқпады. Нұсқаушы болып істейтін замандасқа курстастары келгіштей беретін. Керемет жігіт деп ауыздарын толтырып

айтатын. Танымайтын кеңсеге кірудің өзіне қолайсыз сезімнен арыла алмай жатырқап келеді. Бейсаубат жүрген кім өзі дегендей сәлпиген егделеу орыс кісі мұның алдын кес-кестеді. Шыр-пыры шығып түсіндіргенін есіктегі қағылез қабылдай қоятын ыңғайын байқатпады. Москваға барғалы тұрған жерінен комсомолдың есігінен кіре алмай қалып қойыпты деген атаққа ілінетінінен шошынды. Көңіліне күтпеген жерден кірген осы бір үрей тынышын қашырып жіберді. Қасы-көзі түйіліп тесіле қарайтын қаршыға қабақты жігіт арт жақтан келген бойда мұның жеңінен ұстап өзіне қарай тартып алды. Көлденеңдей берген күзетшіні қолымен жасқап тастап:

– Атаңа нәлет, еркіне қойсаң ешкімді кіргізгісі жоқ қой, – деді дүңк етіп.

Кабинетіне ертіп барып, сейфтегі құжаттарды ұсынып тұрып:

– Бегімбет, бүрсікүні сағат оннан қалмай кел. Хатшы өзі бастап барады. Күзетшіден қорықпай кіре бер, – деді.

– “Күзетшіден қорықпа” дегені жігіттің ауылдық мінезден арыл, Москваға барғанда қайтесіңге келетін ескертпесіндей естілді. Дүңк етпе тұйықтау мінезі аса жатырқатпай, ішкі жылылығын сездіргісі келіп тұратын бауырмал ыңғайы бар. “Жұрттың Москваға баратынды осынша дәреже көретіндеріне қарағанда, бір сыры бар шығар” деп ойлады жол-жөнекей.

Күндегісінен ертерек келгеніне шешесі кәдімгідей абдырап:

– Қашан жүретін болдыңдар? – деді біртүрлі жүрексіне сұрап. Уақытын айтқан кезде түсі қаша сасып-салбырап, бір отырып, бір тұрды. – Ауылға да бара алмай кетесің бе сонда?

“Ауылда не бар!” – деп дүрсе қоя жаздап барып дереу тыйыла қалды. “Қазақы жоралғының рет-тәртібі солай шығар”, – деп ойлады. Жаңағы сөзі бұған ұнамағанын қабағынан сезе қойған шеше лезде ұстамды қалыпқа көшті. Реңі сазара салқын тартты. Бірер шамадан кейін ғана барып өтінген сынық райда:

– Балам, алысқа жол жүріп барасың. Бұрынғылар ондайда ата-баба басына барып, құран оқытып, үлкен

кісілердің батасын алатын. Ауылға барып қайтуға үлгермейді екенсің дегендегі ойым ғой, – деді .

Мұндай да ырымы бар екен-ау дегендей Бегімбет үн-түнсіз томырылып ұзақ отырды.

– Балам, – деген шешесінің даусынан басын көтерді. Қан-сөлсіз бозаң жүзіне бояу лыпып жүгіріп өтеді. “Бұл кісінің неге сонша мазасы жоқ” деп ойлағанша:

– Қазір шайымызды ішіп алайық та Райымбек атаның басына барып қайтайық.

– Апа-ау, біреу-міреу сыртымыздан көріп қойып жүрсе қайтемін. Бетіме күйе жағып, есекке теріс мінгізіп, Алматы көшелерін аралатудан тайынбас.–Заржақтана жауап қатқанына ішінен өзі таңырқады. Сұрлана жалт қараған шешесінің көзі өңменін түйреп өтті.

– Әруақ та, әулие де керек болмай күн көремін деп ойлайсың ба сонда! – Бірер мезет томсарып қалған шешесі күйзеле тіл қатты. – Құдайдан жатсам-тұрсам сұрайтыным – ана қу қардың мінезі саған жұқпаса екен.

Екеуі аялдамаға үн-түнсіз келді. Күнде көшеде серуендеп жүретін кісідей, шешесі жан-жағын қызықтап бір қарап қоймайды. Автобусқа мінгенде де қыбыр етпеді. Ділмәрсып айтқан бағанағы бір ауыз сөзінен әліге дейін ыңғайсыздана қысылады. Шеше қабағындағы кірбіңнің айығатын түрі байқалмайды. Көк базардан түскен бойда бұған қарайламай, көшенің келесі бетіндегі аялдамаға қарай салып ұрып барады. Жүрісінде және қалалықтарға ұқсайтын ширақтық бар. Сақылдап жетіп келген трамвайға өзі ұмтыла мініп, бос тұрған орынға лып етіп жайғасып алды.

– Трамвай алғаш жүрген кезде талай бейшаралар арандап өлді. Білмегендік деген жаман екен ғой, шіркін.

Үйден шыққалы бері сөйлегені осы. Бағанағы қақсалдау қылығына ренжігенге ұйғарған.

– Темекі фабрикасынан түскен соң ары қарай біраз жаяу жүреміз, – дегенді де ескертті.

Шешесінің қалаға мұншалық үйірлігін білмеген екен. Дүр сілкінгендей гүрілдеп заулап ала жөнелген көлік қаңғалақ қағып біртіндеп ақырындаған уақытта аялдамаға келіп қалдық екен деп бұл алдыға қарағыштады. Көп мінбегендіктен мұны алдап соққандай, жылдамдығын қайтадан үдетіп әкетеді. Былқ етпей отырған шешесіне

еріксіз көз тастады. Өрге қарай шұғыл ебедейсіз бұрылған кезде аударылып кететіндей бел темірден жанталаса ұстай алды. Шешесі оны да елең қылмастан, орнынан тұрмаққа ұмсынып, түсуге қамданды. Алматыға трамвай алғаш келгенде астына түсіп өлгендерден өзінің көп ілгері кете қоймағанын ойлады. Түсе салған бетте шешесі қарайламастан күнбатыс жаққа қарай тартты. Алдарына түсіп алған үш-төрт әйелдің үстеріне ілгендері бөлек, бұларға бұрылып қараған кезде томпақ бет, бітік көз ұсқындары нәсілі басқалықты байқатады. Осы тұстан сәл еңістеу жерде шайтан базар, қиястау жүріп отырып тік өрлеген кезде алдарынан жамырап қалың қамыс шыға келді. Түйенің шудасы түстес үлпектері дір-дір етеді. Үкіленген бастарындағы қар ери келе сүңгі-сүңгі мұзға айналып, жалбыраған жырым-жырым қияқтарына жылжып барып тұрып қалған көз жасындай мөлдірейді. Сан тараптан тоқайласқан іздер таптаурын жолға айналып тынатын тұстың дөңіндегі бейітті көзі анадайдан шалды. Қаз-қатар тұра қалған әйелдер иіліп сәлем жасап, біраз шамаға дейін арттарымен жылжып, қайта-қайта тағзым етті.

Жалбарынған пішінде әлденелерді күбірлеп айтқан шешесі де тізерлеп кеп отырды. Сен де сөйт дегенді қабағымен жасқап білдірді. “Бұл бейіттің сонда не құдіреті бар?” – деп ойлады. Былай қараса, қазақтың көп моласынан еш айырмасы жоқ, жермен-жексен боп топырағы бітісіп бара жатқан кішкене төмпешік қана. Арбиған темір қоршаудың әр жерінде шашылған күміс тиын. Аса толқынысты кейіптегі шешесіне көз қиығын тастап, қобалжулы күйде екі қолын алдыға қарай еміне жайды. Еріндері тынымсыз жыбырлап, кірпігін сәл қағып қалса меймілдеген шарасынан бұршақтаған жас домалай жөнелетіндей. Мұның да жон арқасы дуылдап барады. Әлдебір жоралғыны мүлт жіберіп алатындай өзін барынша сақ, жинақы ұстауға тырысты. Шешесі бір уақытта орнынан тұрып, суық темірді алақанымен аялап басып, содан кейін маңдайына апарды. Сол әрекетті бұлжытпай бұл да қайталады. Әлдене дейтіндей бұған байыппен бұрылып, қалтасына қолын жайлап салды. Бір уыс тиын алып, бірсыпырасын бейітке тастады. Қалғанын

мұның басынан үш рет айналдырып, шашып жіберді. Содан иіліп тағзым етті де, кілт бұрылып жүре берді.

Қыс шілдесі шыққан бетте суықтың зәрі сынып, тынысты кеңітіп, адамға жайлы сезініс әкеледі екен. Бойы қауырсындай жеңілейіп, қиялы ұшқыр тарта алып ұшты. Шешесінің де жүрісі ширай түскендей. Сонау көкжиектен шеңберлене жиектелген күн алтыннан сақина тағынып алып, тұп-тура өз ауылының үстінен сырғып бара жатқандай көрінді. Сағыныштан сарғайған қимас сезім жүрегін жіңішкелете сыздатып өтті. Мәскеудің күні қалай шығып, қалай бататынын кенет жатырқап ойлады. Ыздиган Суықтөбе шоқысының бір қапталын найзадай түйрей сұғынып, Майтөбенің жайдары жазық беткейі шұғыла төгіп тұратыны сол қалпы үйіріліп көз алдына келді. Алыс жақтан келген жігіттердің көрнеу жержады бола қап, аңілеп-ұңілейтін әдеттерінде көлгірлік бар сияқтанатын. Тиіп тұрған ауылына қыс бойы бір бармаған дәтінің беріктігіне қатты таңырқады. “Ауылға да бара алмай кететін болдың ғой”, – деген шеше қиналысының мәнісін қазір түсінгендей. Ашуланған уақытта нойыстығын сездіріп қойған дөкір мінезінен қуыстана ыңғайсызданды.

Аялдамаға келіп сәл тыныс алып тұрғанда, сылдыр еткен трамвай қоңырауын естіді. Қатқыл дыбысы қалың матаға оралғандай тосаңдау құмыға шығып, жақындай түскенде дыбысы сақылдап қатты естіледі. Қалаға алғаш келген жылдардағы өгейсу сезімімен қайта табысқандай түсініксіз хал кешті. Шешесі орындыққа жайғасты да, бұл арт жақтағы белтемірге сүйеніп тұрды. Бұл маңайда темекі фабрикасынан басқа еңселі үй жоқ. Төңірек түгел жатаған там. Орындарынан тапжылмай сидиып тұрған ағаштар жалғыз аяқ жолмен ерсілі-қарсылы өтіп жатқан жаяуларды қидия баққан бір-бір күзетшіден аумайды. Тұмақтарын алшысынан киіп, шанаға шалқалай жайғасқан қазақтар делбені жиі-жиі қаға ағызып барады. Есек арбаларын тыпыңдата құйғытқан дұңғандар мен тараншыларды басқа жұрттың қазақтан айыра алмай-тынын қынжыла ойлады. Қол ұстаса жайнаң қағып бара жатқан бозбала мен бойжеткенге өреки қызықты. Көңілді кейіптерінің төрт құбыласы түгел, төрт түлігі сай. “Бұлай неге жүрмеске? Қол-аяғыңды байлап-матап

тастады ма сенің?" – деді өзіне-өзі ашуланып. Көңілі махаббатты аңсағанда, құшырлана тағаты таусылып, әлгіндегідей әдемі жұп және кездесе ме екен деп көзімен біраз аралықты сүзіп өтті. Шағын бақтың қақ ортасына орналасқан ақ үйдің абажадай терезелерінен әр үстел басына жайғасқан адам сұлбалары қараң-құраң көрінеді. Іңір қараңғылығы қонақтасымен самаладай жанған шамдардан төгіле жайылған ақ дастарқан ақшаңқандана алыстан көз тартады. Мейрамханадан өте бере тоқтаған трамвайдан бірен-саран түскен кісілер осы бір үйдің дырдуына қызықпайтындай, көздерінің қиықтарын да тастамайды. Трамвай әдеттегідей ақырын сырғи жөнелді. Бір-бірінің сөздеріне ден қоя асықпай басып қол ұстасқан екеу қосыла күлген кезде бастары түйісе қалады. Алдына қарай емінген Бегімбет қалт тынды. Шалқая күліп ананың иығына басын сүйеді. Қайтадан түзелген уақытта қынама бел пальтосының делегей етегі шамдағай үйіріліп, дөңгелене қалады. Бітімін тіп-тік ұстаған тәштактың тыпындаған қысқа адымы мұндайда білінбей қап, маңғаз кісідей алшаң-алшаң басады. Ұшқалақ қыздардай әпкесінің өзін осынша парықсыз ұстайтынына сенер-сенбесін білмей шүйіле түсті. Ес білгелі қабағын бағып өскен адамы көз алдында қызырынан айырылып, жұмбақ тартымдылықтан түк қалмағандығының өкініш уыты өзегін өртеп өтті. Қыбыр етпей қалшиып отырған шешесінің желкесінен ұзақ қадалып: "Енді бәрі түсінікті болды", – деді тістеніп.

XII

Ертелетіп жетіп келген тұнжыр қабақты дәрігер Сансызбайға түксиіп қараған күйі: "Ат ізін салмай кетіп еді, енді шыға берсін", – депті ғойды ернінің ұшымен екіұшты ғып жеткізді. Түйткілді сөз онсыз да алаң көңілін одан сайын күпті қыла түсті. "Адам жазылған соң шықпаушы ма еді", – деп айта жаздап барып өзін әрең тежеді. "Қамамақ пиғылдары болған ғой сонда? Бәсе, бұл не қылған батпан құйрық, тегіннен-тегін жатқан құйрық десе". Кеткенше асығып, тиянақ таппай дегбірсізденді. Көп қарайламастан қыстауға бірден жаяу тартты. Аузы-

мұрнынан шыға асып-төгіліп жатқан дүниенің қары суға тиген қанттай күлгінсары. Қойны-қонышын делеңдетіп, бет-жүзін аймалаған алтынкүрек аңқылдап тоқтаусыз еседі. Жапан далада жалғыз-жарым келе жатқанына аса жабырқаған жоқ. Соғыстан жарымжан боп қайтқан уағы қимас аяулы шағындай көңілін елбірете тербетіп өтті. Пойызбен тура осы маңайдан өткен кезде жан-жүйесі босап, егіліп тұрып жылағаны есіне түсті. Жүрегі сондай елжіреген сәтті одан қайтып сезінбеген екен. Көкірегін ыстық толқын кернеп әкетіп барады. Бала-шағасымен бұйыртса аман-есен табысатыны санасында қылаң еткен замат тағатсыздана жылдам-жылдам басты. Түнеукүнгі Нұрғайша сойқаны ойына сап ете түсті. Полинаға не жорық, аман-сәлемі жоқ кіріп келеді де, дәрі-дәрмекті қоя салып, ләм-мим деместен шығып жүре береді. “Қайтсе де нәсілі басқалығын жасамай тұрмайды екен ғой”.

Тұсынан құйғытып өте шыққан ат-шана анадай жерге барып тоқтады. Екі бүйірінен еңтіге солықтаған қарагердің шүмектеп аққан тері мен бұрқыраған буынан жабағыланған жүні ұйпа-тұйпа, сауыс-сауыс. “Жануарды қатты қинағаны несі?” – деп ойлап, ат-шананың сықырлаған дыбысын естімей қалғанына ішінен таңырқады. Божыны шірене тартқан шегіркөз тері тұмағын көтере бұған алара қарады. Жан-жағын асықпай шолған қап-қара шалғы мұртты әлденеден секем алғандай одырая бұрылды. Шүңірек көзінің сұрғылт қарашығы шаншыла қадалған уақытта өңменінді түйреп өтетін зәрлі уытынан өнбойы түсініксіз тітіренді. Қызғылт қоңыр былғары плащының етегі жер сызады. Тура осындай киімді Жандосовтың үстінен баяғыда Қаскелеңнің базарында көргені бар. “Қайран Жандосов комиссар еді, ал мынау кім?” Тәуекелге шақ тұратындай екі шықшыты тастүйін, суалыңқы жағының үстінен соқа жүргендей атыз-атыз әжім. Мұның амандасқанын естімеген қалып танытты. Бұл отырар-отырмастан тері тұмақты делбені қағып-қағып жіберіп ызғыта жөнелді. Былғары плащты дөкей тізерлей шоқиып отырды. Қарагер жазғанның сандары серіппедей жиырылып жазылады. Дөңкиген шонданайының ұршықтары алма-кезек дамылсыз қозғалады. Қамшылар жақтағы жазық қырат-қапталға қарай жанұшыра ұмтылып, үйіріле төңкеріліп қалт тынады.

Тізерлеп отырған күйінен танбаған дөкейдің аманын алмағаны көңілінен әлі кетпей тұр. Жөн-жосықты сұрайтын қожайындық ретті білмейтін кәпір ме, қату қабағы әйтеуір бір жазылмай қойды. Сіресе қатқан аппақ қар ояз тарта шөге түскен қиыршық құмнан аумайды. Біраз күнде көбесі сөгіле тас-талқаны шығып еритінін ойлап кеткен екен. Көлденең тұмсықтан өте бере еңісте жүрген сарыала қаздың жұбы көзіне оттай басылды. Күн шуағынан алқызылданған қар беті молая бастаған қызыл суға, содан сарала қазға шағылысып, жанарын алаулатып өтті. Тұмсығы мен шекесіндегі қызылқоңыр жолақ ақ түске астасып, жотасы мен сауырында әлгі рең со бойы қайталанғанына сұқтана шүйілді. Сол-ақ екен ұша жөнелген сақ немелер мойнын соза қанаттарын өңмеңдей сермегенде ұзамай топ етіп құлайтындай қимылдары қолапайсыз. Қаңқ етіп талмаусырап шыққан жалғыз-жарым үні алыстан үздігіп жеткен сағыныштай көңілін құйқылжыта тербетті. Соғыстан қайтып келе жатып тап осындай халді басынан өткерген еді. Онда бұдан гөрі жасырақ кезі. Бұлайша мұң иектеп пе еді, есінде жоқ. Құдайдың қайдағы бір құсына бола көңілі нілдей бұзылып, көзіне жас үйірілгені несі. Ойдағы жырадан осы кезде атып шыққан түлкі айдалаға безе жөнелгеніне елең етпеді. Сұр қардың үстінде жанын сала жүгірген бейшараның тоқпақтай ұзын құйрығының бұлаң қағатынына біраз алданды. Ойда-жоқта үндемес біреулерге кезіккеніне іштей өкініп келеді. Не қылса да, ақыры жақсы болса екен. Қап-қара шалғы мұртты сұрқы селт етіп қоймайтын сұп-суық. Бұл екеудің өзінен құтылу екіталай сияқтанды. Бағанадан бері қопаң етіп шыға келетін қырат-белдер бірден жалпақ жазыққа ұласты. Айнала тура алақандағыдай: сонау өзекті жағалай өскен қалың ши ақбоз аттың жалындай төгіле ағараңдайды. Бір отар қойдың жайылған аумағы атшаптырым. Атының басын еркін жібере оттатып, ерде бүгжиіп отырған қойшының сырт пошымы баз кешкен пенденің түңілісінен аумайды. Осынау мүлгіген меңіреу дүние сергек, сезімтал нәрсені жұтып ала салып, адамды тап осылай түлей шалыс қып тастайтындай. Үйреншікті өмірге көңілі беттемей қалыпты. Қу медиен даладағы құлазыған көмпістіктен қатты жатырқайтынды шығарыпты.

Сарсылысты ойдың күллі салмағынан шоңқия құныстанғандай желкілдеген бура шудасына ұқсаған сеңсең ішігінің жағасына басын тыға ұйқтаған Уәли қамсыздығынан бір жағы қысылып барады. Тура қасына сықырлап кеп тоқтаған ат-шана дыбысын тіпті естімеді. Жалы қақ жарыла төгілген жирен ат қабыршық қардың бетімен тұмсығын абайлата жылжытып барып қалт тұра қалады. Ары-бері түртіп аршып, қылтиып шыға келген шөпті шымши тістеп, жұлып алып күртілдете жөнелетінін бірінші жолы көргендей біршама қызықтап қарады. Шалғы мұрттының қатқыл шыққан даусынан Уәли көзін бейқам ашты. Түксиген бейтаныс екеудің әлпеттерінен тіксініп, бойын дереу жиып ала қойды. Бір мезет бұған шүйілгенде көзінің айналасын торлаған ұсақ әжімдерінің арасы ақшылтым. Жүзі отқа қақталғандай қызылкүрең. Қоп-қоңыр шарасы бағжиып іркілген уақытта кісіні жатырқайтын түздік өткір сәуле ойнақшып өтті.

– Айналаңнан күдікті ештеңе байқаған жоқсың ба? – Елегзулі дүниенің бұйығылығын шалғы мұрттының өктем даусы серпілте алмады.

– Сарыала қаздың қаңқуынан басқа ештеңе ести қойған жоқпыз. – Әлденеден секем-сезігі күшейе үн қатқан Уәлидің можантопай тұрқына шалғы мұртты назарын ұзақтау кідіртті. Тері тұмақты делбені қағып қалуға дайын қалпы елгезек отыр. Шанадан сырғып түскен Сансызбай ұйыған аяғын жаза алмай, анадай жерге шоқаңдап басып барып сілейіп тұрды.

– Кешегі күні Сталин жолдас қайтыс болды. – Жаманатты естіртер кездегі шалғымұрттының үні құйқылжып дірілдеместен, біртоға шыққанын аулады. “Өлген соң жолдас болды не, болмады не”, – деп ойлағанша шананың сырғи жөнелгенін көрді.

– Сталин қазасын естірткен түрі ме, бұл сонда? Көмісі қашан екен? – деді Уәли құдды қонақасына бара алмай қалатын кісідей мазасыздана. Бір ауыз қайыр-қош айтпастан анау сызып бара жатқан екі қазаққа қарағанда Уәли бір туған есепті. “Батыр-ау, сақайып кеттің бе, аман-есен қатарға қосылғаның дұрыс бопты”, – деп лебіз жаратын жөні білсе. Жаңағы екеу бел асып, көзден ғайып болып кеткенше соңынан телмірді.

— Сөйтіп халықты қырық жыл сұраған Сталин де дүниеден өтті де. — Үнінен күйзелістің сарынын аулап, көзіне көзін түйістірді. Шырағынан шықтанған қызыл жалқын сәуле жалт-жұлт ететінін байқады.

— Қазақтың күнін көре алмай жүрген қойшысына дейін жылаған Сталин шіркінде не арман бар дейсің. — Көкейіне келіп қалған сөзді ірікпей айтып салған Сансызбайдың өзі әуелі аң-таң күйі тұрды. Одырая қараған Уәлидің түлейшалыс сұқпыты секемшіл сақ кейіпке көше қойғанын аңдады. Уәли екеш Уәли бәрін жорта істеп жүргендей көңіліне түсініксіз күдік ұялаған Сансызбай жалт бұрылып жөніне жүре берді.

Біраз аралық ұзай түскен Сансызбай соңынан Уәли шауып жететіндей емексіді. Ішкі түйсігі арқылы ондай адамгершілік оған бұйырмағанын ойлап, бірер сәт аңырып тұрып қалды. Шалғымұрттының дені дұрыс емес тәрізді. “Бұл жұртқа сонда не көрінген?” Неғылған адамсың деп сұрайтын жөн соныкі. Тіл қатудан Сансызбай шынымен де сескенді. Әпербақандау неме айдалада әкіреңдеп жүрсе, қай бір жақсы ырым дейсің. Бір түннің ішінде Наубайсібір вокзалына жұмысшы батальонды топырлатып түсіріп, тәулік бойы сонда ұстаған уақытта қазақша қауқылдасқан үн зәулім үйдің ішін кернеп тұрып алған еді. Тап сонда “Адамның басы алланың добы” екеніне Сансызбайдың көзі жете түскені есінде. Осы сәтте өзіне-өзі жаны ашыған сезім уыты өзегін оңдырмай қарып өтті. Бұларды майданға апарып бір-ақ саладыға қанша сенбейін десе де, көңіліне орныққан қауіптен көкірегі тынымсыз сыздап, ауыр әсерден арыла алмады. Қара жұмыстан әбден титықтап қажыған жазғандар тиген-тиген тұсқа қылжия құлап, бірден қалың ұйқыға басты. Дегбірсіздене елегізген мұның көзі ілінбей қойды. Вокзал ішін аралап көруді ұйғарды. Сарт-сұрт етіп ашылып-жабылған айқара есіктің арғы жағы да аумақты зал болып шықты. Қара былғарымен қапталған ұзын-ұзын орындықтарға жайғасқан жұрттың әйел-еркегі аралас. Келесі жақ қанатта әскери киімді жыпырлаған кіл әйел балаларын көріп қатты да қалды. Ата салты бөлек жұрттың ұрғашысына деген ынтызар құмарлығы өре түрегелді. Сатырлаған өң еркектің ортасынан үлбіреген

нәзік жерге топ ете түскеніне көңілі алып ұшты. Белдері қылдырықтай, қаз омырау жаратылыс иелерінен көзі тұнып барады. Біраздан соң ғана өз-өзіне келіп, қабырғада ілініп тұрған үлкен суретке көзі түсті. Хорхорын тұтатпаққа ыңғайланған Сталин бейнесі осынша жолы жіңішкелердің алдында қырындап тұрғандай. Ыңғай қасқайған кейпіне көз үйренгендіктен бе, бір жақ иығына қарай сәл ауған сәтте қоңқиған мұрны бірден көзге ұрады. Қап-қара мұртының қоюлығынан жүзі момақан көрінеді. Көпшілік сенген кісінің тап мына жайбарақат қалпы төніп тұрған қауіп-қатерді елетпей жіберетіндей. Дүниені түгел аузына қаратқан адамның ұлық дәрежесін шамалай алмай дағдарғаны әлі есінде. Табан үш ай ауруханада жатып, айдаладағы үйіне жаяу келе жатқан осы сәтте вокзалдан көрген сондағы сурет көз алдына со бойы елестеді. “Өлместің суын ішсе де оның қолын ешкім қақпайтын еді ғой”. Оның өліміне Уәлидің қабырғасы қатты қайысты. “Бір кәдік болып жүрмесе екен бейшараға”, – деп кекете мырс етіп күліп жіберді. Кенет асылық бірдеңе айтып қойғандай өзінен-өзі мазасызданып: “Елге шынымен де қиын тиіп кетпес пе екен?” – деді.

Төңіректің төрт бұрышына түгел бекініп, шымырлап қонақтаған іңір қараңғысында секем ала түскен Сансызбай асығып-үсігіп ылдым-жылдым басты. Екі-үш айлық жатыпішер тыныштыққа үйрене қалған жанаяр аяңшыл құлқынан қатты ыңғайсызданды. Қарсы алдындағы ағараңдаған жол төстегі жердің бедерінен аумай, қасқайып барып шалқая жатып алатындай. Жан-жағынан шыға келген қорбаңдаған сұлбалар өңкиіп-өңкиіп тұра қап бірталай аралыққа көздерімен ұзатып салғандай көрініп кетеді. Бұдан былайғы көресісін ойлауға дәт-дүркіні бармайды.

Түннің бір уағында жапандағы жалғыз тамның кіп-кішкене терезесінен жылтырап көрінген жарық жер-ошақтағы жанып болып қалған оттың сөнер алдындағы күлімдеген қозының болымсыз сәулесіндей. Тұрақ мекені темір жол бекеті боп, кеп айдаладағы үйге жазатайым тап болғандай жатырқаулы сезім жанын жабырқатып өтті. Күні бойы езіле еріген қар салқын тартқан ауаға сұлық түсе сіресіп ұйқтап қалғандай. Басқан сайын сықырлап тітіренген

дыбысқа құлағы үйрене алмай келеді. Қап-қара түнектің ара-арасынан жарқ ететін ақжолар қар тура алдына ұзынынан сұлап-сұлап түсетін секілді. Жанарының іші со замат сүт түске толып кететіндей. Қара қордалы жадағай қораның орны қар сәулесімен аппақ боп алаң-ашық жатқанын көргенде, қойсыз бұл жердің сәні келмейтінін жайсыз сезінді. Есікті тұтқасынан жүрексіне ұяң ұстады. Оны-мұны тақтайды жапсырып әшейін құрастыра салған салқылдаған жаман есік көшек-мәшегімен жұлынып кететіндей осал. Тарсылдата ұрғандағы дыбыс тіпті өзіне қатты естілді.

– Бұл кім?! – Дариғаның даусы үрейлене шықты.

– Аш!

– Құдайым-ау, сенбісің!..

Пілте шамның алакөлеңке сәулесінен тапжылмай қалшыя қатып қалған әйелінің жүзін алау шарпып өткенін байқады. Тоңқалаңдап тұрып, талтаң-талтаң басып келе жатқан кіші ұлы жатырқағандай әуелі кілт тоқтады. Екі қолын ербеңдетіп, күлім қаға тұра ұмтылды. Арсалаңдап келіп қалған баласын жоғары көтеріп, алқымына тұмсығын құшырлана тыққанда мұрнын жас иіс жарып жібере жаздады. Сықылықтап күлген баласын үсті-үстіне аймалап:

– Сықылыңнан садаға кетейін де сенің, – дегенде балқыған қорғасынның бір түйірі тамып кеткендей жүрегі шым етті.

Дабыраны жақтырмағандай үлкені қабағын тыжырып, теріс қарап аунап түсті. Шашынан иіскеп, еңкейіп желкесінен сүйді. Түкті де сезбей қаннен-қаперсіз ұйқтағаны көңілінен бәрібір кетпей тұрып алды. Кішісі мұның қасында әжептәуір зият. Дариға сырттан дереу бір құшақ тезек алып кірді. Аузы жұлынып кеткен алқам-салқам пешке қалап жіберіп, шапшаң тұтатқанына “пысыған ба өзі”, – деп ойлап қойды. Көзінің қиығын ара-арасында өзіне томсарыңқы тастайтынынан секем алып, мұнысы несі дегенше:

– Ана салдақы сені сонау Алматыдан табалау үшін келіп пе? – Жай бір шаруа айтып тұрғандай даусы қамсыз шықты. Әйеліне жайымен бұрылды. Ұшқын атқан қоңыр қарашықтарымен назары түйісіп, кекесінді қуақы күлкі езуіне үйіріліп өткенін аңдады.

– Менің ісімнің ақ-қарасын анықтауға келіпті. Аман-есен ел қатарына қосылғаным біле-білсең соның арқасы.

– Сен жолап кеткен қатындардың ісі оңалып жүре береді, әйтеуір. Соған қарағанда, ниетің бізден гөрі соларға ауған ба деп қорқамын.

“Жанды ауыртатын сөзді тауып айтатыны-ай, шіркіннің. Одан да ісі солай болса ғой”. Жүрек етін ұстараның жүзі тілгілеп өткендей сыздап ашып, шымылдап тұрып алды. “Нұрғайшаның келіп кеткенін сонда кім бұған жеткізіп жүр? Қойлы ауылдан ешкім көре қойған жоқ еді”. Томсара түксие қалған мұның ұсқынынан кіші ұлының арсалаңдаған еркелігі сап тиылып, тұп-тұнық монтаны қарашығы жаудырай мөлдірейтінінен ет жүрегі елжіреді. “Ана сайқалдың бір білгені бар шығар? Салбөксе қатынның артынан шыққан бала бұған сонша неге ыстық”. Сорлы-ау, басқа қарық болғандай кесір сайлағаның не сонша?” Кергігеніне кенет өзінен-өзі қысылды. Екі бала тауып бердім деп Нұрғайша қанша шіреніп, сәуреттенсе де, құданың құдіреті, соларды етене көріп, қара тұта қоймайтынын кейде өзі түсінбейді. Жүйкесі қатты жұқарып, өз ойымен әлек болып отырғанда қатыны бір жағынан кимелеп, зықысын шығармайтыны қандай оңды. “Бейшараның бір тәуірі қазымырлығы жоқ”, – деді ішінен риза боп. Кіші ұлы қылжиып тез-ақ ұйқтап қалыпты. Айналып-толғанып жүріп үлкенінің қасына жатқызды. Кіріп келген бетте-ақ шам жарығынан қаны қашқан ұсқынының қуаңдығы тегін болмады.

Шай үнсіз ішілді.

Салғырт райынан серпілмеген Дариға төсек салуға қолапайсыз ыңғайланды. Есіне әлдене сап ете түскендей қалт тұра қалды. Иегі мен мұрны түйісетіндей аузы омырайып, бір сұмдық көрінгенінен тіксінді. Көмпіс момақан кескіннің дауасыз етенелігі жүрегін қозғамайды. Ақыры сыртқа шығып, селтиіп ұзақ тұрды. “Мал жарықтықтың тыныс алып, ыңыранғанын еститіндей құлағын түріп, тың тыңдап көрді. Тас меңіреу тыныштықтан елегізіп, осынау елсіздікке қатын-балаларының қорқпастан көндігіп кеткеніне қатты жаны ашыды. “Екі лағымен әлгі бөртеңі не қылды екен? Өзі білетін қатын болса, баяғыда бір жағына шығарып қойған шығар?” Қайта кіргенде білтесі

басылған шам жарығы болымсыз ғана жылтырайды. Әйелі жатып қалыпты. Төрт түлік малдың орнын толтыратындай екі лағымен бөрте ойынан әлі кетпей тұр. Тез шешініп көрпеге қойып кетіп, қыбыр етпей біршама қимылсыз жатты. Әйелінің бетінен ақырын сипалап, самай жағына барғанда қолы дымқылға тиіп, тартып ала жаздады. Көз жасына ерік беріп, еңірегінде етегі тола біраз шама кердеңдеп жөнге келе қоймайтын әдетін есінен тарс шығарып алыпты.

XIII

Редактордан өрт сөндіргендей құты қашып шыққан Сардарбекұлы сылқ етіп орнына отыра бере бөлім бастығына көз қиығын тастады. Өне бойы ұйып тұратын қаракөк дөңгелек жүзіндегі салғырт марғаулық сейіліп, қыбы қана қылмыңдаған жылы шырайын таныған сияқтанды. “Құлақтанған екен-ау”, – деп түйіп үлгерді. Делендеп жүріп қиямет көпіріне тап болса да жүрегі қорқа қоймайтыны, әйтеуір, көңіліне демеу. Ыздиған сырбаз бөлім бастығы айбарынан айрылып, күйкентай тәрізді көрініп кетті. Осы кезде жетекші бөлімнің меңгерушісі кіріп келген бойда бұған сүзіле суық қарап, қолын құлықсыз ұсынды. Қағылез атып тұрып, ілтипатты ишара жасағанын тіпті елемеді. Тәрдегіге назарын сырдескі іркіп барып бұған болымсыз иек қақты.

– Сен шыға тұршы кішкене, оңаша әңгіме бар еді.

Орнынан сүйретіле көтеріліп, сөлбірейген күйі сыртқа беттеді. Бұлардың арыз түскенге бола осынша басынғанына қаны басына шауып, көзінің алды бұлдырап, тұманыта жөнелді. Қалыс жұрттың осындай пыш-пышы талайдың көзін жойғанын ойлаған мезет кермек дәм өңешін тұтып, ып-ыстық жас жанарына кептелді. Ұзыннан-ұзақ осынау дәліз тыныштық кернеп, ыңғай шымырлап тұратыны кенет сондай түсінікті көрініп кетті. Журналист біткен әрбір есіктің аржағында мыналарға ұқсап екі-екіден бөлектеніп, сыбырласып сөйлесіп жатқан сияқтанды. Еркек жұрағатына лайықсыз тап осы қылықтан жүрегі айни тыжырынды. Осы кезде түкпір жақтан естілген тоқылдаған аяқ тықырын бірден татар әйелге жорыды.

– Редактор бәріңді түгел жиналысқа шақырып жатыр.

Ай-шайға қарамай ішке жұлқынып кіріп келгенде шекелерімен бір-біріне түйісе жаздаған екі бас шошына селт етісіп, ажырая жалт қарасты. Суырмадағы блокнотын ала сап, бір ауыз тіл қатпастан сыртқа шыға бергені сол еді.

– Батыр-ау, тыныштық па?! – Жетекші бөлім бастығының даусы ту сыртынан ышқынып беймаза шыққандай.

– Жиналысқа шақырып жатыр.

– Бізге айтпастан бара бересің бе, сонда. Өзің қызық жігіт екенсің ғой.

“Қатын құсап өсек айтып алады да, адамды тағы жазғырады”, – деп ішінен жауап қатты.

Жинала бастаған көпшілік редакторға жасы үлкен кісілердің бастап кіргенін үйіріле күтіп тұр екен. Сондағы сәуреттеген жақсы мен жайсаңы жаңағы екеуі. Елден жырақ тұрысқан курстастарының саяқ ұсқындарына мүсіркей қарады. Жарақбайдың сопайған тіке маңдайы өткен ғасыр ақсүйектерінің қоқайған қалпақтарынан аумайды. Сөлпиген момақан пішіні тұйық жаратылысын айтпай-ақ әйгілеп тұр. Көзін жан-жағына сүзіп наразы қадайтын Бекеннің де қабағы салыңқы. Езуінен үйіріліп кетпейтін қуақы күлкі ізім-ғайым жоғалған Зернебектің қараторы өңі күреңіте шымырлап, құбыла береді. Әлгі екеуі осы кезде сымпиысып шыға келді. Жетекші бөлім бастығының екеуара әңгімесінің әсерінен ұсқыны сазарыңқы тартыпты. Басын қақшита алға қарай еміне өңмеңдеп біртүрлі басады. Біраз шерін тарқатқан мұның бастығы мынаның соңынан байпаң қаға ілескені томпаңдаған баладан аумайды. Қоңды қаракөл беті әлденеден секем ала қуыстанғандай өзінен-өзі бүлк ете түседі. “Сонда нені сөз қылады екен бұлар?” – деп ойлағанша болған жоқ жұрт жамыраса амандасып, қақ жарыла жол берді. Көптің аманын салғырт алған жетекші бөлім бастығы көзінің қиығымен мұны бір түйреп өтті.

Қақ төрде тұнжыр тұрған редактор жұрт жапырлап жайғасып, жаутаңдаса қарасқанына селт етпеді. Басын төмен біршама тұқшитып, бір кезде тікейіп, терезе жаққа ұзақ телмірді. Кескіні қуаң тарта сазарып, көкірегін қарс айырып күйзеле күрсініп алды.

— Осы қазір ғана Орталық Комитеттен Сталин жолдас-тың миына қан кетіп, сәл боп жатқанын хабарлады.

Сілтідей тыныштық орнады. Дегбір таппай ойнақши анталаған назардың бір нүктеге түйіскен қарашықтары айбаттана тесірейіп барып ойлы жуаси қап тұтас шықтана бастады. Жетекші бөлім бастығына Сардарбекұлының көзі еріксіз түсті. Жақ сүйегі қолмен сызғандай жиектеліп, жұмыртқаны жаңа жарып шыққан тұз балапанының топшысындай тастүйін шықшыты тітірене қозғалады. Ал өзінің жекеменшік бастығының жылтыраған қаракөл кескініне қан тамып кетіп, қызылқошқыл тарта күреңітіп бара жатқан секілденді. Сонау түкпірдегі тоққа қосылып тұрған радиоқабылдағыштан кенет аза бойды қаза қылатын Левитан даусы күңірене шықты. Мұнша ұстамды шерлі үн жұмыр басты пенде баласының көкірегіне сыйып тұрғанына сенбейтіндей. Тоқтаусыз саңқылдап сөйлеген уақытта сананы біртіндеп шымырлата ұйытып, көзден пора-пора жас ағызатын құдіретті сезінді. Сталиннің қатты жығылғанын ішінен қалап тұрса да, сырт көзге сонысын сездірмеуге тырысқан Сардарбекұлы томсара баяулап қайтадан екпін алатын дауыс әуеніне елігетінін өзі де сезбей қалды. Сыр бермей, өне бойы ыздиып жүретін Зауқымның бір уыс беті жарылатын шиқандай тырсиып қып-қызыл боп барады. Тап мына сүрпеті буаз өрмекшінің ақырын қозғалып бара жатқан тұрқын елестететіндей. Зернебектің қутың қаға тиянақ таппайтын көзі одан сайын жаутаңдап, үрейлене жыпылықтайтынын біршама қызықтады. Жарақбайдың аузының қиюы қашып, кемсеңдеп жылап жіберуге шақ қалып отыр. Курстастарының жүздерін бағам деп саңқылдаған дауыстың сап тынғанын да байқамапты. Орнаған ауыр үнсіздікті бұзуға ешкімнің жүрегі дауаламайтындай. Сырт көзге қылаймай отырғанын сездіріп алатынынан қуыстанған Сардарбекұлы қасақана түсін бұзып, басын сылқ төмен түсірді.

— Азамат соғысынан бері киген шинелін үстінен бір тастамай, күні-түні жұмыс істеп, керек десең кабинетінде ұйқтағанының ақыры осыған жеткізбегенде енді не қылсын.

Жетекші бөлім бастығының жарықшақтана шыққан дауыс иіріміндегі әрбір қалтарысқа жыламсыраған іркіліс құйылыс табатынын аулады. Көңілі бос мұндай елбіреуік мінез көбінесе жалтаң кісілерден кезігетінін көкейіне еріксіз түйді. Әлгі сөзді бірқатары іліп әкетісті. Редактор қызметкерлерді жағалата шолып келіп бұған назары тұрақтағанда қасын таңырқана керіп, бірер мезет түкжие қадалды.

– Коммунистер осында қалыңдар да, басқаларың жұмыстарыңды істей беріңдер.

Жұрттың біразы орындарынан жапа-тармағай көтеріліп, үн-түнсіз сыртқа беттеген ұсқындарынан партия мүшесі болмағанға қорынудың күреңіткен бояулары білінеді. Жайсыз хабардан кескіні алабұрта құбылған құлқиған арық бітімді жетекші бөлім бастығының пішіні қайтып серпілмейтіндей қаяулы. “Сталин құдды бір туған бауыры тәрізді күйіті қатты ғой мынаның”, – деген кекесінді ой көкейіне қонақтады. “Көзінің құрығанына қуанатын жөні ғой, біле-білсе”. Коммунист-коммунист деп серкештене қалғандарын көрмейсің бе тағы. Оның қатарына біз де өтерміз, далада қала қоймаспыз”.

Курстастарына да қарайламай, өз бөлмесіне салып ұрып келе жатқан Сардарбекұлы: “Балам, біреудің қайғысына қуана көрме, таба жолы тар”, – деген шеше ескертпесін есіне алды.

XIV

Елдің Мәскеу деп емешегі езілетін етенелік жылы сезімі осында түскен күннен-ақ суыған Бегімбет жабырқаулы күйден арыла алмады. Қызыл алаңның өкпе тұсынан шыға салған бетте қыш кірпіштен тұрғызылған еңселі қорғанның қидиған қадау-қадау құлақшалары өткен-кеткенді қалт етпей түкжиеіп бағатын сақшыдай. Соның аржағынан көкшіл көзді мың-сан әруақ кірпік қақпай қадалып тұрғандай өн бойын қалтыратып өтті. Орыстың қаһарлы рухын түсініксіз түйсікпен сезінді. Өзбек, қырғыз, түрікмен жігіттері өздерінше бірыңғай іріктелген. Жатырқау дегенді

білмейтін кавказдықтар мұнда емін-еркін. Көп ашылып-жарылмайтын Балтық бойынан келгендерге ескі таныстарындай иық тірестіріп барып әлденелерді дабырлап айтады. Көздерінің астымен томсара қарап үн қатпағандарын, тіпті ар көрмейді. Ендігі бір кезекте сібір орыстарына жанасып, қауқылдаса сөйлесіп, қарқылдап күлісті ақыры. Бұлар жаққа жуымақ түгілі, назар салып та қарамайтыны Бегімбеттің қитығына тиіп келеді. Тіп-тік келген келбетті түрікмен жігіті төңірекке одырайып қараған уақытта қараторы, атжақты кескіні лап етіп тұтанып, шымқай тартатынын жатырқады. Оқудан көп ағара қоймаған өзбектің кейпі шаруалау. Аласалығына қарамай, тұрқы олпы-солпы. Салпақтаған жүрісімен жұртқа әрең ілесіп келеді. Сопақ пішінді қырғыз оған қарағанда әлдеқайда ширақ. Шегір көзін бұған тесірейте болымсыз жымыып қояды. Бет-ауыздарын тұтас түк басқан құс тұмсық кавказ жігіттерінің дауыстарында жағымсыз жарамсақтанған сарын бардай, әлсін-әлсін құлағын тігеді. Қимылдары елпеңшіл сидаң. Пістиген үп-үшкір мұрындының беті қушиған ұзын да, көзі кілмиген, сақалының орны көкпеңбек. Бүкіл болмысы кісіге жуыспас түздік тосаң. Ашылып-жарылып сөйлемейтін Балтық бойындағылар баппен аспай-саспай басады. Араларында біреуінің ғана ұсқыны қарапайым. Еңселі келген ашаңдау жігітке олапатсыз жақындап, өндіршегін созып әлденені сыбырлаған уақытта алқымындағы сап-сары қалың түкке Бегімбет қарай алмай жүзін бұрып әкетті. Сібірден келгендер арасындағы селт етерінің үстіндегі қап-қара пальтосының жотасы тақтайдай жазық, екі иығы жосықсыз тікiрейе қаудифан. Өкшесіне дейін түскен етегі тым ұзын, пішімі қонымсыз. Басқан сайын оратыла беретін шалғайын елең қылып қоймайды. Шақшиған бірақ уыс жүзінде баяғы заман комсомолының екпіні сезілетін әпербақандау. Далалық салттан бейхабар мүлде жат ортаны өгейситін құлық Бегімбетті күтпеген жерден иектеді. Жақын-жуық жүретін жандардың осылай қарай дәм тартқанын сонша дәреже көргенін түсінсе бұйырмасын.

Жып-жылтыр қызылқоңыр тастармен апталған Қызыл алаң қабырғалары сыр ашпас түксиген тұңғиық. Қақшиып қатып қалған екі солдат жансыз заттай мелшиіп мізбақпайды. Ағылып келіп тоқтаусыз қосылып жатқан адамдар тізбектеле көз ұшына дейін созылып барады. Бұлар тобымен солға қарай бұрылып, алуан түрлі әдіп-өрнекті көне үйлердің көшесімен жүрді. Көлденең кезіккен көше бойымен тоқтаусыз ерсілі-қарсылы ағылған машина гүрілінен құлақ тұнады. Техниканың мұнша көптігін Бегімбет түсініксіз жатырқады. Елегізіп зарығудың қазақ баласы ғана басынан өткеретін боркемік күйінен біразға дейін арыла алмады. Алдыңғы лек шойын қоршаудың ішіне бастап кірді. Көз қиығын тастаудың өзіне ерініп, пандана шіренген орыс журналистерінің астам кейіптері елестеп өткен мезет қорынудың уытты сезімі өзегін шарпығандай. Жоғарғы қабатқа апаратын бұрылманың тұсында темекі тартып тұрған үш-төрт қыз состия қарасты. Төбелерінде тарам-тарам түтін ширатыла есілудің жөнін таппай тұрып қалыпты.

— О, сұлулар! — Сібірліктер даурыға дауыстаған күйі қастарына ентелеп жетіп барды.

Тап мұндай жайдақ мінезге рай бермей тосырқайды деп ойлаған.

Сықылықтып күлгендерін заматында естіп: “Қалай тез сөйлесіп, табыса қалады”, — деп іштей таңырқады. Сол-ақ екен әпкесінің бейнесі көлеңдеп, бір сұрапыл күш миын солқ еткізді. Ел мен жерден жырыла адасып қалған жалқы сезім жүрегін сыздата шымылдатып жіберді. Тәштек бітімі қосамжарласқан уақытта Нұрғанышқа деген өкпесі өшпенділікке ұласып, көзінің тарам-тарам тамырларына дейін ысына жөнелді. Әлгі ұзын пальтолы неме баспалдақпен жоғары көтерілгенде қайта-қайта көлеңдеген етегін басып, құлап қала жаздады. Қабылдау бөлмесінің алдында бәрі топырласа келіп иірілді. Ешкімге қосылмай оқшау тұрған Бегімбет Алматыға қайтып барғанда әпкесі мен тәштектің бетіне тіктеп қарауға дәті жетпейтінін күйзеле ойлады. Шөлмектей бозарған шеше кескіні көз алдына келе қалған мезет кеудесі ду етіп қызынып, удай ашыды. Осы кеңсенің табалдырығын аттағалы ары-бері өткендерді сібірліктер шеттерінен тоқтатып, дікектеп әлденелерді

сұрайды. Пальтосын көлеңдеткен неме тұздай көкпеңбек көзінің сұғын өңменге шақшита қадап, кесе-көлденең қыдиып тұра қалады. Мәскеуліктер абыржи бөгеліп, таңырқаған шырайда жауап қатып, кідірместен жөндеріне тартады. Бірталай аралыққа дейін ежірейіп ұзатып салады. Аса үлкен шаруа тындырған кісідей бұларға кейкиіп бұрылады. Істік мұрнының ұшы делдиіп, шарасынан шыға шақшиған көкшіл көзі зәрлі ұшқын атады. “Мәскеулік болмай жанымыз қалыпты-ау. Қырып-жоятын нағыз көксойқанның өзі ғой мынау”, – деді әрбір қимылын көз жазбай бақылаған күйі. Үстеріне не болса соны іліп жүре беретін мәскеуліктер қайта қарапайым. Свитердің сыртынан пиджак, я қалың жейденің ішінен тоқыма киеді. Партия қызметкерлері құсап костюм-шалбар киіп, сықиып галстук тағатын Алматы журналистері бұлардың қасында тыраш. Өздерінің талғамы аймақтық дәрежеде шет қалғанын сезініп, Балтық бойынан келгендерге қатты қорына қарады. Үстерінде Алматы әлі иығына іліп көрмеген ұзын плащ. Бөтеңкелерінің тұмсықтары жалпақ, табандары қалың. Балақтары далақтаған кең шалбар. Қанға сіңді қалалық ғұрып тұла бойларынан аңқып тұрған бұлардың қасында кавказдықтар әлдеқайда қарабайыр. Жел үрлеп қойғандай компиған фуражкаларының қыдиған күнқағарларынан ұзын тұмсықтары қылтия сорады. Әлгіндегіден гөрі салғырт тартқан ұсқындары тояттанып маужырай бастаған құстардың қораш кейпіне ұқсайды. Өзара күңкіл-сүңкілінің арасынан дауыстары қаттырақ шығып кетеді. О бастағы еркін қызулықтан түк қалмаған кейіптері бәсең. Бүйрегі бұрып қанша қара тұтса да, қоңсылас ағайындар бәз-баяғы. Үлкен көздерін жылқыға ұқсап төңкеріп тастайтын түркімен жігітінің әлпеті құбылып қоймайды. Екі бұтының арасынан атты кісі өтіп кететіндей алшайыңқы жүрісі көзге оттай басылады. Қырғыз жігітінің жып-жылмағай көселігі мен сопақ бетінің көтеріңкі ұшы жайылыңқы тартып, шығыңқы шықшытының бұлшық еттері ойнақшып, шегір көзінен жылт еткен тұздік ұшқын өңменге суық қадалады. Әлденені өзінше ойлана тұқшиып тұрған өзбек алыстан арып-ашып

жеткен дуанадай сұры жұпыны. Түңілісті назарын төмен түсірген уақытта иегі мұрнына тие жаздап мыстан кейіптенеді. Бегімбет өз сиқын елестетіп көргенде көңілі көнши қоймады. Осындағылардың көбінің пішіні орысқа келмейді. Қалың қастарын түкситіп, қап-қара көздерін бақырайта қадаса да зәрлі айбар сезілмейді. Дәл осындай біреуінің алдында әлгі сібірлік қасқая тұра қап ежірейе төнгенде шошына абыржып, сасқалақтап қалғанын байқап еді. Осы кезде ұзын пальтолы жол бастаушы қабылдау бөлмесінен екі иіні салбырап біртүрлі болып шығып келе жатты. Бұларға жақындап келіп, басын тұқырта кідірді. Кенет назарын жалпыға тастап, Сталин жолдастың миына қан кеткенін күйзеле хабарлады. Кавказ бен сібірліктер ентелеген күйі ананы жан-жағынан қоршап алды. Балтық жігіттері тосын әрекетке бұйығы қарағаннан басқа тұрған орындарынан тапжылмады. Бұл жаманаттың ақыры қайтер екен деген үреймен Орта Азия бір-біріне үрпиісе қарады. Сталиннің миына қан кеткендігіне Бегімбет өзінің түк қатысы жоқтығын ойласа да, мыналардың көзінше немқұрайды қабылдағанын жаман пиғылға ұйғарар деп қуыстанды.

Редакциядан тобымен шыққан бұлар келген жағынан мүлде басқа бағытқа қарай бет алды. Екі жағы бірдей көне сұрғылт үйлер, ені кең көшенің тас төселінген табаны шаршы қатарланып, көзді алысқа алып жүгіреді. Осы кезде жылтыраған темір қақпа сырғып ашылып, сүлік қара машина аржағынан ытқып шықты. Еңселі үйдің Қызыл алаңға қараған есігінің жазуына көзі түскен замат бойын жиып ала қойды. Мұндағы қаптаған құжаттардың бірінде әкесінің түбіртегі барын ойлаған сәт етжүрегі шымылдап, нәзік ауырды. Шешесінің кейпі қосамжарласа елестегенде жүзін жалын шарпып, көзіне ыстық жас үйірілді. Өзбек, қырғыз, түрікмен жаққа еріксіз қарады. Тастүйін қалыптарымен алға қарай өңмендеп басатын тәрізді. Кавказдықтардың екпіні басылып, пұшаймандана бүрісіп, сөлпиіп келеді. Қарақтарын бір нүктеден тайдырмай шапшаң басқан сібірліктердің түсі суық. Балтық сабаздары ғана ұстамды қалыптарынан жаңылмаған. Екпіні аса қатты жүріске созалаңдап, құлықсыз ілеседі. Шақпақ жол кепкалы күнқағарын

шұнтитып, аяғын қамсыз баяу алады. Дөңгелек беті туасы кірбің шалып көрмегендей қаяусыз аппақ. Сопак иектінің кілмиген көкпеңбек көзі жаутаң қағады. Секпілдері күшіктегендей ұйыса жыпырлап, тұтасып көрінеді. Көбінің өңдері міз бақпайтын суық, ділі жуыспайтын бөтен. Қара қақпадан әлгіндегі атып шыққан сүліктей автомобиль ұзаған сайын тоңқаңдаған қара қоңызды еске салады. Көкке найзадай шаншыла қыдиган үп-үшкір зәулім үй айнала төңіректегі қыбырлаған өңкей шуылдақты бір шекелеп шолатын тәкаппар. Бағыттарын мүлде басқа жаққа бұрып, біраз уақыт жүре түсіп қараса, тура әлгіндегідей үй қасқайып алдынан тағы шыға келді. Үлкен қалада басы айналып, зейінінен шатасқан сияқтанды.

Жер астындағы көлік сырғып барып көз ілеспес шапшаңдыққа басқанда біраз аралық қиқу тәрізді дыбыс қосамжарласа ілеседі. Жалт-жұлт еткен дүние көз талдырып сұрапыл жылдамдық кілт баяулаған сәт ауасыз кеңістікте тұрып қалғандай қалықтаған сезім жанға жайлылық сыйлайды. Үш-төрт бойжеткен бастарын түйістіре әңгімелесіп, кенет әлде бір дыбысты аулағандай қалт тынып, сықылықтап күлгендерін біршама қызықтады. Жұрт көз қиықтарын оларға салқындау тастайды. Қынама бел пальтоларының иықтары қаудиган тіп-тік, етектері делбегей әйелдердің бастарында берет. Нұрғаныш осылардан жазатайым жырылып қап Алматыға адасып барған бір бөлшегіңдей көрініп кетті. Аса жайсыз сезініс жанын ауыртып жіберді. Көңілі түсініксіз босап, еңкілдеп жылауға шақ қалған боркемік күйден арыла алмай әлектеніп тұрды.

— Эй,ты, что стоишь как столб, — деп жеңінен жұлқи тартып қалғанға жалт бұрылды. Жол бастаушы құдды тарпа бас салатындай тұздай көзін ежірейте қойыпты. Жұрт жапырлап түсе бастаған екен, мұның жайбасар далалық мінезіне іштерінен күліп бара жатқандай қуыстанды. Қалың нөпірдің арасында жоғарыға қарай көтеріліп келе жатып, Нұрғаныштың бетіне қарау қияметін ойлады. Жауыққан сезімге де, адуынды ашуға да ұқсамайтын шарасыз пұшайман халде үстіне шыққанда, жыпырлаған жұрттың жаппай репродукторға

құлақ түріп тұрғанын көрді. Аса ауыр қайғыны естіртуден жүрексінген Левитанның қоңыр даусына өксік араласатындай күңіреніп, соңғы жағына қарай ыңырана созылып барып құмығыңқы ұяң аяқталады. Сәл кідірістен соң, болған іске не шара, сабыр етсек жарар деп сілкіне серпілгендей үні ұстамды сарынға ұласып, байыпты жалғасады. Кавказдықтар бір-біріне жапақ-жапақ қарап, бастарын төмен салбыратып жіберді. Жастарына ие бола алмай жылаған әйелдердің кейбірі жаулықтарының ұшымен көздерін сүрткенде шешесі кейіптес боп көрініп кетті. Саркідір орыс әйелдері жанарларын репродукторға сескене қадаған уақытта шермендеге көндіккен ұшқынның салқын табын әлдеқалай сезінді.

Бұлар жайғасқан автобус қосарланған оқтай тас жолдың бір бағытын қуалай жөнелді. Екі жағы бірдей сыңсыған орман. Ағаш шіркіннің діңі ұршықтай дөңгелене үйіріліп қалт тұра қалатын бишіден аумай жалт-жұлт етеді. Қаптаған балапан шыбықтарды көмкерген ақ қарға назары түскенімен көңілі діттемей, елді ойлап елегізіп, жанары жасқа шыланғандай. “Айдалаға апара жатқаны несі?” – деп таңырқағанмен осындай оңаша жерді іші қалап-ақ келеді. Орманның алаңқай тұстарынан көп қабатты үйлердің әлденешесі қыдиып-қыдиып шыға келген уақытта жатырқағыш сезіммен Бегімбет қайта табысты. Қалақша бетонмен тұтылған жыпырлаған балкондар түнемел орынға қонақтаған құстардан аумайды. Жатын жер екенін шамалап, жұрттың соңын ала жүрді. Алдыға түсіп алған ұзын пальтолы қолын шошаңдата нұсқап, әлденені түсіндіріп әлек. Қарсы жолыққан өздері құралпы қыз-жігіттер көз қиықтарын тастамаған күйі қастарынан өте шықты. Кіреберіс жердің маңдайшасынан комсомол мектебінің жатақханасы деген жазуды анық айырды. Ішке өңмендеп кіріп келген ұзын пальтолының алдын кес-кестеген қақсал әйелге қып-қызыл куәлігін жүре көрсетті де соңымнан еріңдер деген белгі берді.

Сібірліктер арасындағы ешкінің асығындай сары сапалақпен шатастыратынын енді барып аңғарды. Екеуі бір-бірінен аумайды, туыстықтары бар-ау деп ойлады.

Орталықтан жырақтау адамның бойынан кезігетін олпы-солпы қалып. Жұқалығы сонша, сөйлегеннің өзіне кескіні жайсыз құбылады. Үшкір мұрны сәт сайын делдиіп, шалт қараған кезде қарашығы шақшиып айбат шашады. Түкпірдегі лифтіден сау етіп ақтарылып түскен бір топ адамның бет-жүздері күн тиіп, жел қақпаған қылаусыз аппақ. Бір-бір үлкен лауазым иелеріндей әлден-ақ өздерін байыпты ұстап, нығыз басады. Қаздаң қағып өткен жастау әйел баласының құлын мүшесі көзге бірден ұрады. Қап-қара шашын желкесіне түйіп, қарақаттай көзін тастап өткен бойжеткеннің кінәратсыз ақ қағаздай жүзіне әнтек біткен пісте мұрнының ұшы ойнақы еркелігі бар тәкаппар тартымдылықты үйіреді. Алматыда сұқтанып жүрген сұлуы мынаның қасында шаруалау көрініп кетті. Ішінен жүріп өткен бір ыстық толқын бет-жүзін желпи, көңілі алып-ұшты. Айдаладағы атасы басқа қызға бола осынша түсініксіз күй кешкеніне жыны ұстады.

Әлденеше есіктің тұтқасынан тартқылап жүріп, ақырында солардың біріне кіріп кетіп ұзақ кідірді. Қолына бір парақ қағаз ұстап, әлденені ұмытып қалатындай соған әлсін-әлі қарап, елпең қағады. Бір бөлмеге екі адамнан жайғасатынын аптығып, асығыс-үсігіс жеткізді. Бөлмелерге жайғасатын аты-жөндерді хабарлады. Кезек бұған жеткенде ұзын пальтолы әлдебір секемі бардай ұзақ шүйіліп, қасына Бержилионис дегенді қосақтап атап жіберді. Өңкей толықтау келген ақсары рендерді шеттерінен шолып, атасы басқалықты туасы осы сәтте сезінді.

— Әй,туған, — деген қырғыз жігітіне де қарайламады. “Бұл бейшараның қолында не бар дейсің” деген ой санасында қылаңытты. Лифтіге мінген сәт жоғарыға заулап ала жөнелген жылдамдық дір-дір етіп кілт тоқтап құлдилап кететіндей көрінді. Сандар кезекпе-кезек лып етіп өшіп, қайта қозғалғанда келесісі жалт етіп жанады. “Мұндай Алматыда бар ма?” — деді кенет. Егер тап осындай қозғалмалы жәшік Алматыда болса, дүние орнына келетіндей біраз сарыла ойлады. Жеңінен тартып қалғанына қараса — тоғыз саны жаныпты. Метродағыдай қысылмаса да, ұзын пальтолыға көзін бір алартып шығып бара жатқан сәт:

– Жарты сағаттан кейін төменге түс! – деген қатқыл дауыс ту сыртынан шықты.

“Осыны да жұмыс деп санайды-ау”, – деді тістене. 94-ші бөлмеге бірден кіре алмай кідірді. Қасына Балтық бойының жөндемдісі де бұйырмапты. Кілмиген көкшіл көзінің ұзын кірпіктеріне былшық тұрып қалғандай тынымсыз жыпылықтап, соп-сопақ ұсқынындағы жыпырлаған секпіл баттиып көрінеді. Тіл қатудың орайын таба алмай біраз селтиіп тұрды. Нәсілі басқалармен алғаш кездескенде шалдар: “Әй, товарищ” дейтіні есіне сап ете түсті. Сол көргенін қайталап: “Товарищ”, – деді ұяңдау. Анау түк естімеген ыңғайда селт етпеді. Бір уақытта төмен түсу керектігін ескерткенде ғана марғаулау наразы бұрылды. Қарашығынан иненің жасуындай сәуле тікшейіп өңменге қадалғанмен, бой тіксінетін уыт жоқтығы сезіледі. Сазара қарап барып “түсінбеймін” дегенді иығын қиқаң еткізіп білдірді. “Мұның ноқай, менің де шекем шылқып тұрғаны шамалы. Күнімізді қайтып көрер екенбіз, екі мұңдық”, – деді өзін-өзі кекетіп.

XV

Түннің бір уағында алағызып ояңған Сансызбайдың содан қайтып кірпігі айқаспай қойды. Құлазыған қу жапан далаға көндіккен әйелі мен екі баласының қамсыз қалың ұйқысына жаны ауырып, қайран қала қарады. “Нұрғайшаның келіп кеткенін қатын сонда қайдан біліп жүр? Тап соны айтқан қай бір жетіскен адам дейсің”. Қатынының есінен тандыра жаздаған кекесіні көкейінде айықпастан әлі зілбатпан боп тұр. Шоқ қарып түскендей өзегі дуылдап ашып барады. Өмір түгесіліп, өлім тықыры таянған сезініс қылаң етті.

Шанаға отырған екінді шамасынан бері көп уақыт өтіп кеткен секілді. Есте жоқ ескі заманнан өзін бардай сезінудің жөн-жосығын түсінбей әлектенді. Қараңғылық сейіліп, қараң-құраң көзге анық сейіліп, қараң-құраң көз е анық түлкі тұмақтың қызылкүрең қылшықтары шоқтай жайнап жылт еткен мезетін аулап үлгерді. Кіп-кішкене терезеден төгілген сәуледен көктеменің жылы лебі есетіндей көңіл желпінеді. Жатаған там ішіндегі бұйы-

ғылық жан-жаққа тым-тырақай қашып, төр қабырғаға ілінген тұмақ алакебең мезгілде бүк түсе жемтігін аңдыған жыртқыштан аумайды. Шибарқыт тысының ара-арасына күміс тұрып қалғандай ағараңдайды. Баяғының батырларынша шалқасынан жатып ұйқтаған үлкен ұлының танауы жылқыныкіндей делдиіп кететінін қызықтады. Бір қырынан ұйқтаған кішісінің қабағына қиналысты кірбің ұялап, екі қасының ортасы түйіле қалыпты. Ет жүрегі елжіреп: “Садағаң кетейін”, – деді. Аузы аңқая ашылып кеткен әйелінің сыны сергектіктен ада. Сырт назардың сұғынан жайсызданып, қамығулы сұлық қалыпқа дереу көшті. Реңі сол замат қызылкүреңіте шымырлап өтті. Жан-тәні араласқан адам өңінің төтен құбылысынан Сансызбай жатырқай абыржыды. Түнеукүні Нұрғайшаға сыр беріп қойғанын қарашы. Бәрі Сұрапбай иттің кесірі. Дүйім дөкейдің алдында масқарасын шығарып жүрсе тағы бәле. Сопайған шырайының бір ғана айыбы – қоңқайған мұрны. Жел-құздан дін аман әлпеті әздек. Қарақаттай мөлтілдеген шырағы ынтызарлығын жария ғып үздіге мөлдірегені сол қалпы елестеді. Өзінен-өзі құшырлана ширыққан Сансызбай бушлатын иығына іле сап апыл-ғұпыл сыртқа шықты. Арыған әруақтай далиған сұлық жазық. Құж-құж қайнаған мың-миллион қыбыр-жыбыр түйіршік жұмарлана түйдектеліп, әлде бір жәндіктің сұлыбына айналып шыға келетіндей. Жылымықтан мұжылып қабыршықтана жұқарған көбең қар мұздақ ауадан әлі қатқақ. Ұзына бойы сұлаған шойын жол ұстараның жүзіндей жалт-жұлт етіп кінәратсыз қылпып тұр. Алып дала құлағына таққан сырғадай жылт етіп шағылысып, жалт беріп ғайып болады.

Қатын-баламен табысқан соң алаң атаулыдан біржола арылып, көңілі тыншитындай көрінген. Енді бұлай әрекетсіз жата алмайтынын ойлаған сайын дегбірі қашып, мазаң күй кеше бастайды. Қардан аршылған ойдым-ойдым қыраттар жалтыраған қап-қара түсімен көзді арбайды. Аңсары ауған асығымен тап қазір кезігетіндей алып-ұшқан бір түсініксіз хал. Солай қарай еркінен тыс аяңдады. Бытырлап сынған күртік қар сытырлай шыңылдаған әйнектің дыбысын әкеледі. Қылтиған жусан біткен мұның екпінінен ербең-ербең етіп елпелек қағады.

Мұзға апталған жып-жылтыр қызыл изеннің ұзыншақ сабағының қоңырша бүршіктері қабына бөрітіп, бүр жарар алдындағы толымы көкейін қытықтап өтті. Көз алдына жұпқынған долы қалпына мүлде ұқсамайтын Нұрғайшаның сыпайы сынық бейнесі келді. “Менің мұным не?” – деді кенет өзіне-өзі. “Қатын-баламен аман-есен қауышқанға тәубе деу қайда. Ендігі көресім не болмақ?” Ештеңені елең қыла қоймайтын жонданған жуан құлықтан қолайсыз сезініс қылаң ұрғанын қаперіне де ілмеді.

Үйге кіріп келген кезде қазан-ошақ маңында қыбырлап жүрген әйелі бұған суық әлпетпен жалт қарады. Мұның көкейін оқып қойғандай шошына қуыстанды. Тұра ұмтылған екі ұлына құшағын айқара ашты. Шашы өсіп үрпий кеткен үлкенінің тұп-тұнық қарашықтары төгіле жаздап меймілдеп тұрғанына діттеп тура қарауға дәті жетпеді. Тап мына жаудыраған бейкүнә қалпы өзәзіл сайтанның жолынан тайдыру үшін құдайдың көктен әдейі түсірген періштесіне ұқсайды. Басынан жүрексіне иіскеді. Соған-ақ кішісі шалқасынан түсіп, жер тепкілеп бақыра жылады.

– Бұл байғұс түнде ұйқтап қап әкесін көрген жоқ қой. Ішіңнің шынтақ айналмайтын тарын-ай сенің. – Әйелінің даусы жайбарақат қамсыз шыққанын аулады. Кіші ұлын бас салып, аймалап ары-бері жұбатып көрді. Басынан көп теперіш өткендей өксіп-өксіп, ара-арасында тынбай ықылық атады.

Өзін кінәлі санап сөлпиген үлкенінің қалқайған екі құлағы мен томпайған болбыр бетінен ширақ шымырлықты таба алмай біраз дағдарды. Кіші ұлы мұның ішіндегісін сезіп қойғандай, өйткені балаға жуыспайтын назармен бір нүктеге қадалып, екі иығы кей-кейде селкілдеп қояды. Астыңғы кірпігіне тұрып қалған бір түйір жас үзіліп түсуге шақ қалып мөлтілдейді.

– Шайға келіндер, – деген Дариғаның ғана мамыражай үні отбасының жылуын сақтап тұрғандай әсер берді.

Томсарыса келіп отырған екі ұлына сазара қарап: “Кейін бұлар қайтар екен?” – деді. Кісі баласына жуыспай жабайыланып қалған ұлдарының жұғымды қылықтары жоқтығы даң ойға батырды. “Тірі жанның санатында жоқ әкелерінің сұры мынау. Осы қалыптарымен адам баласын

жатырқайтын саяқ боп шықса қайтпекпін". Назарын еріксіз әйеліне тастады. Қараторы толықша жүзінен өзгеше толқыныс білініп, алаулай нұрланады. Бұрын салтында жоқ сестеніс пен әлпетіне үйірілген жұмбақ тартымдылық сырына бойлай алмай селтиді. Көзін алайтып тастаған уақытта адырайған қызыл тамырлары сан тарам.

– Әлгі Қытайға ауып кеткен қайнағамыз аман-есен оралады екен.

Сарайынан іркіліссіз шыққан ашық-жарқын даусына елти қалғанын өзі де сезбеді. Туасы көріп-білмеген адамының аман-есендігіне мұнша қуанудың мәнісіне бара алмай аң-таң күйі кідірді. "Қытайға қашып-пысып кеткен айдаладағы Шөкенде несі бар екен мұның", – деп әйеліне бір уақ суық қадалды.

– Бөрте ешкіні екі лағымен қайда жібердің, бәрінен бұрын соны айтшы маған.

Реңі шұғыл қошқыл тарта құбылған Дариға көздерін бағжита біршама аңырып қалды. Кескіні қуара солғын тартып, еріндерінің қиюы қаша бастады.

– Кешелі бері қалай сұрамай жүр деп таң қалып қойып едім. Біздің амандығымыздың саған керегі не! Сен сол қу кебенекті, одан қалса ана салдақыны ойлайсың, – деді.

Қақ маңдайынан салып өткендей сілейген Сансызбайдың көз алды тұманыта бұлдырап, сазарған қалпы кегжиіп ұзақ отырды. "Мұның тілін қалай қысқартып тастасам екен. Жарымкөңіл болып жүрген балаларына тағы да обал. Жаман қатынға көті болысады деген осы екен ғой", – деді тістене. Сөйтсе де шынтақтаған күйі қыбыр етпеді.

– Шайыңды ішпеуші ме едің? – деп тіл қатқан әйеліне де селт етіп қарамады.

Үрпиіскен балаларына да жылы шырай танытпастан шым-шытырық ойдың сан тарау ізбінін қуалап әлек. Бұл жазғандар күндерін қайтып көргендерін тіпті ойламаған сияқтанды. Осынша мұңсыз көрлаттығынан бір жағы қатты қысылып барады.

– Ешкілеріңнің уәйімін жеп отырсың ба, Шынтай алып кеткен.

"Ешкімен қоса құрып кет, атаңның аузын ұрайын!" – деп айғайлап, атып тұра жаздады. Дөңайбат көрсетіп, жасқап тастауға бір сұмдық шарасыз. Ендігі көресісі

қатынмен тәжікелесу, басқа түк қалмағанына күйінді. Қатын екеш қатынға бағасы жоқтығын ойлаған замат жүрегі запыран тұрып қалғандай удай ашып өтті. “Қытайға ауып кеткен қайнаға аман-есен оралады екен”, – деп сүйінші сұрағандай әлгінде лекілдегені несі. Қойнындағы қатының көріпкел боп шықса қиын-ау. “Адам не болса соны сандырақтайды екен ғой. Совет өкіметіне сыймай, ақыры Қытайға қашып тынған Шөкенде несі бар мұның”. Қазан-ошақты төңіректеп жүрген әйелінің кескіні қуаңыта құбылып, қаны қаша бозара қалады. Көзі ілініп кеткен екен. Балаларының оқыс қатты шыққан даусынан шошып оянды. Қараса, қой құмалағын отар-отар қып бөлістіріп, өріске қарай бара жатқан ыңғайға келтіріп қойыпты. Құмалақ екеш құмалақ та жусап үйездей бастаған қойдан аумай түйдектеліп, топырлай қалады. Атпен шауып келе жатқан кісіше қолын секеңдете шошаңдатқан кішісі отарының алдын қиястай орап, үлкеніне тиесіліні жолшыбай ысырып тастап барады. Үлкені белсеніп кіріспестен, кішінің шамдағай қимылын көзінің қиығымен бағып қана тұр. Елдің баласының ойыны қалай болатынын тіпті білмейді екен-ау. Қарап тұрса, бұл жазғандарға қойдан басқа түк көрсетпепті. Екі ұлы осынша ноқайлықтан жапа шегетінін тап бұлай бұрын-соңды ойламапты. “Әй,шіркін, білместік-ай”, – деді күйзеліп.

Ауруханада жатқан үш айда Шынтайдан өзге жан баласының үйге ат ізін салмай қойғаны Сансызбай қабырғасына қатты батты. Туралғаны мен суға қатқанын Алматыға жөнелтіп, қалған қойды малшыларға тең бөлістіріп, екі қаршадай бала мен жалғыз қатынды ескі жұртқа тастап тайып тұрған Сұрапбай қаныпезерлігіне қаны қарайды. Тура қазір барып жағасынан алып, бас салып сабайтындай бойын сұрапыл ашу кернеді. Өмірде Сұрапбай ит қана басынған тәрізді қорынудың уыты көкірегін аямай шымылдатып өтті. “Қатын жазған қайтсе де көмпіс, дабырасы әйтпесе біраз жерге жететін еді”. Осыларды ауруханада ойлап па еді. Дүниенің дәл осы беталысынан жүрексінген Сансызбай тынышсыз күй кеше жабырқады. Шынтай бейшара туралғандардың бір-екеуін қымқырып әкеліп тастамағанда, бұлар аштан қататын екен-ау,әуелі. Шынтай кісілігінің өзінен артып кеткеніне сене алмай біршама азаптанды.

Берекесіз ойдан әбден сарсылған Сансызбай бір кезде сыртқа шықты. Күн екінді шамасынан әлдеқашан ауыпты. Қырат-бел біткен сонау ойдан әуірімдеп жетіп кілт тоқтаған жаяу жүргіншідей төбелерінен бұрқырап бу атқылайды. Тап мына қарқынмен қардың ұзақ жатпастан еріп кететінін ойлағанда, өмірдің кідірмес ағысы санасына тұтқиылдан килікті. Құлазыған қу медиен дала. Қылаң еткен ішкі нәпсісінің бұлқынысынан әуірін басқысы келді. Басын мойнына тығып ап құнтиып тұра қалатын Сұрапбай тұрпатын дереу көз алдына әкелді. Өшпенділігі заматында быж етіп тұтанды. Тағдырына тура кезіккен зұлымдай. “Алдыма бір келетін күн туар ма екен. Ондай атты күн қайда дейсің”, – деді кенет өзінен-өзі шарасы таусылып. Қазықтай шаншыла қаздиган салт аттыны сонадайдан көзі шалды. Қадалып қарай түскен сайын шұбатыла есілген толқынды сағымның ара-арасынан әлгі атты кісінің сұлбасы қағаз бейнедей қаңғалақ қағады. Ол таяп келгенше шыдамы жетпей тағатсыздана түсті. Жақындағанда барып торқасқа аттың китің-китің жүрісін бір-ақ айырды. Шынтайға деген ризалық көңілі қоңылтақ тартып, жүздесуден қашқақтайтын сезімде құлықсыз тосты.

– О, батырекесі, аман-есен қатарға қосылғаның ұзағынан сүйіндірсін!

– Айтсын. – Шынтайдың аманын бәсең алды. Сөйлеген кезде иегіндегі бір шөкім сақал көстендеп кетеді. Қоңыр көзінің қызғылт ұшқыны өңменге қадала қалған уақытта жемтігіне тұра ұмтылғалы тұрған жыртқыштан аумаған тым зәрлі.

– Сансызбай мырза, ісің енді оңалады. Аман-есен үйіріңе қайта қосылуыңның өзі тегін емес.

Жақсы лепес деген шіркін құлаққа мұншалық жағымды естіледі деп ойлап па. Бет-жүзін ыстық толқын шарпып, кеудесі өзінен-өзі толып барады.

– Айналайын, құрдас-ай, құдай аузыңа салып тұрған шығар. Айтқаның келсін.

– Иә, шалың келіп көзайым болдың ба?

– Қожайынымыз күні бойы темір жолға қарап телміріп тұратынды шығарыпты. Аузы күйген мен сорлы тағы қандай өнерге бастағалы жүр деп қорқамын да баяғы.

Бұл қайдан шыға келді дегендей Сансызбай әйеліне алара қарады. “Байқаусызда шағып алатын әйел мен жылан бірдей-ау”. Кішкене желпінгенін құдай қос көре қоймады. Жайсыздықты сейілтіп жіберудің қолайын таппастан сазара ұзақ іркілді. Мұндай құқайды күтпеген Шынтай жазған екі жаққа бірдей жаутаңдап, қорғаншақ кейіпте дағдара үрпиді. Сансызбай қанша ашуланса да мынаның көзінше еш әрекетке бара алмай дымы құрыды. Шынтайдан мал-жан амандығын сұрайтын жөні.

– Құрдас-ау сыбағанды жеп кет, тамақ салайын.

Әшейінде салпыетектеу жайбасар әйелінің кісі келсе жүзі қунақ тарта шырайланып, күлмің қаға жұтынып шыға келетінін сан мәрте аңдаған. Дәл осыны ары қарай іліп әкетудің орнына сазарған күйі селтиіп тұрды да қойды.

– Малды бүгін сендер жаққа әдейі өргізіп, шолам келсе соға кетейін деп ем. Ниеттеріңе рахмет, – деп Шынтай жалт бұрылып, қаңтарулы атының басынан тізгінін асырды да лып етіп қонды. Шынашақтай тұрқымен ерге қаздыып отырған уақытта астындағы торы ат есік пен төрдей боп зорайып көрінеді екен.

– Тамақ жеп кет деп жалпаңдайтын сенің жөнің. Бір тамақтық қызметі сіңді.

– Оның тамақ жемесе дәметіп, емшегі ісіп қалатын қатын емес шығар.

– Оның деп маған жапсырма. Көрінген шидің түбіне сарып жүре беретін өзіндей көресің бе мені.

– Мені сонда төбет дегенің ғой. – Ызбарлы кекесінмен тіл қатқан мұның қаһарынан Дариға ықпаса да әлденеден секем алғандай бағжаң ете қалт тынды. Жүрек оты лып етіп сөнгендей Сансызбай бойын енжарлық биледі. Өлгіндегі “Тағы қандай өнерге бастағалы жүр, қорқамын”, – деген әйелінің сөзіне не жорық. “Айлас қатын құсатып Шынтайға мұңын шаққаны несі?” Еркекке ұрғашы басымен сыр ашқаны көңіліне сыймай барады. Осы ойға діттей алмай, ширығып жүріп кетті. Беті ауған жаққа қарай салып ұрып кете бергісі келетін ниетін кенет тежей алмайтын сияқтанды. Әйелінің айдаладағы біреуге мұңын шаққаны жарасса құдай бар-ды. Өлі ме, тірі ме белгісіз Шөкенді қайнаға деп иектей қалғаны келіссе неғылсын. Көлденеңінен

сұлаған дөңнің үстіне шығып, құлдыраған сонау ойпат жазыққа көз жіберді. Кешегі келген жақтың қыраты ақтаңдақ-ақтаңдақ, қардан аршылған төбелер ақ басқа киілген тақиядай. Беткейдің қылтаңына іліккен Шынтай қойының темсең қаға телмеңдеп жайылғанын қызықтады. “Көк қуалай бастапты-ау”, – деп ойлады. Түз тағысына ұқсап зыр қаға томпаңдап жайылады. Бейшаралардың қозғалыстарындағы етжақындық көңілін тербетіп, сағынышқа айналады деп ойламапты. Ерсілік-қарсылы кері қайтарып әлекке түскен Шынтай әрекеті әлі ақыл тоқтатып үлгермеген балаға келеді. Сонау тұмсыққа малды салып қойып, бір орнында тапжылмай атын оттатып тұрған Уәли қайта әлдеқайда басалқалы. Қойды тап мына жайысы кешегі түлей қалпына мүлде ұқсамайды. “Шынтай қызталақ берекесіз бағады екен-ау”, – деді таңырқаған күйі. “Бұлардың тұқымында шапшаңдық бар. Шөкен екеуі бір-біріне немерелес ағайын”. Көзін жалт еткізіп шақшита қадаған уақытта қызылшырайлы жүзі өрттей шымырлап, шалт қимылға баратындай жұлқына ұмсынып қалады. Шөкеннің бүкіл қалпын елестетіп көріп Сансызбай айбына, жайсызданып, бойынан жақын тұтатын түк таппады. “Қытайға ауып кеткен қайнағамыз аман-есен оралады екен”, – деп қуанған әйелдің сонда не білгені бар. Шөкен келсе жоғы түгенделіп кететіндей онысы несі.

Ұясына батуға таяған шартабақтай қып-қызыл күн мидай қайқаң жазық үстін қызыл арай шұғылаға бөлеп өтеді. Дала жонын таспадай тіле төселінген шойын жолдың жалтылдаған жүзіне шағылысқан қызылкүлгін сәуле жер түбіне желіге сұғынып, секектеп ізім-ғайым жоғалады. Ойда жоқ жерден Нұрғайша кейпі көлең ете қалды. Мұны жын-шайтан иектеп жүргенін қалай сезеді. Бәрінен де соған ақылы жетпейді. Уәли мен Шынтайдан ештеңе білінбейді. Жан баласына тіс жарып ашпайтын осы бір сырын өзгелердің бойынан іздеп, бір ілік таба алмай әлектенеді. Тас меңіреу қараңғылық басқанда аузын аша жылжыған жалмауыз аранына жұтылып кететіндей қатты тітіренді. Екі ұлын обалсынған уақытта ел ішіне апармай болмас деген тұтқиыл шешімнен

жігерлене сілкінді. Разъезге жаяулап барса, ауданға апарар бір көлік кезігер. Үй ешқайда қашпас, орнында тұра береді. Қаңыраған иесіздіктен кенет жаны шошыды. Соқа басы сопиып жалғыз қалғаны миын оңдырмай шабақтап өтті.

Кешкі шайды сораптап ішіп отырған әйелі тершіген маңдайын қашанғы дағдысынша алақанының қырымен әлсін-әлі сырып тастайды. Қас-қабақ кішкене жараспай қалғанның өзіне балалары үрпиіңкі. Іс насырға шауып кетіп жүрсе, тіпті қиын-ау.

– Қамдан, ертең жолға шығамыз, – деді үнсіздікті бұзып.

Үлкен ұлы шешесінің селт етпегеніне таңырқай бағжиды. Бұртиған кішісі көзінің астымен әке мен шешесіне алма-кезек түксиді.

– Әй, естідің бе, ертең төске жылжимыз.

Ішіп отырған шайынан қалт тынған Дарига ашықтан-ашық жақтырмаған ыңғайда қабағын шытты.

– Сонша ауыз барып кімнің қолына жалдыраймыз, соны ойламайсың ба!

“Апыр-ау, мұның сәуесіне бірдеңе кірейін деген бе, оған да шүкір”, – деді ішінен кекетіп.

XVI

Таңертеңгісін жұмысқа жиналып, есікке тақаған Сардарбекұлын шешесі дауыстап тоқтатты. Тоқ етерін мәймөңкелемей бір-ақ айтатын кісі кейде жайсыздау нәрселерді соқтыртып, қолайсыз күйге душар ғып тастайтын әдеті. Дауыс ауаны қатқыл, ішінен тағы не боп қалды деп сезіктене жалт бұрылды.

– Сағым мен Уәлиді ұмытпаған шығарсың. Тұрағын іздеп көрсеңші. Не боп жүр екен байғұстар.

Шеше жүзіне ұзақ үңілді. Салбырай босаған екі ұртының сызаттары жырылғандай тереңдеп, көзінің жиектері ақшыл тартыпты. Сопайған пішіні пәс. Жаңағы сөзді қабағын кіржитіп біртүрлі қиналып айтты.

– Апа, ауырып жүрген жоқсыз ба?

– Мені құдай алады деп пе едің, қиянаттың сонша асқынып кеткенін ойлаймын баяғы.

Былай шығып біраз ұзаса да шешесінің сөзі көкейінде түйнек боп тұрып алды. Жасы үлкендерді түсіну кейде қиын. Сталин өлгенде дүние қараң қалатындай көз жастарын көлдетті. Шешесі әуелі естігенде түсі қаша: “Құдай тыныштығын берсе екен”, – деді жаратушы иеге жалбарынғандай. Тыныштыққа Сталиннің қатысы қанша. Енді Сағым мен Уәлиді тап дегені қай сасқаны. Асқынып кеткен қиянатты айтады. Онда несі бар екен. Осы ойлардың әлегімен жұмысқа жетіп келгенін де байқамапты. Мұның аманын бөлім бастығы құты қаша дегбірсізденіп алғанын неге жорырын білмей, “Тыныштық па?” – деп сұрай жаздады. Абыржи қараған қалпы көзәйнегін қайта-қайта түзегіштеп:

– Иә, хал жақсы ма? – деді де назарын төменшіктете дереу қағазына шұқшиды.

Сардарбекұлы не істерін білмегендей біраз сазарып отырды. Суырмасынан қатталып жиналған хаттарды бір-бірлеп шығарып, әрқайсысының шекесіне көз жүгіртіп өтті. “Ұлы Сталин өлген жоқ, оның ісі жалғаса береді, партияның ішкі тұтастығын сақтайық” деген ұранды жазулар көз тұндырады. Осының қазаққа керегі қанша, одан да жанын бағып алмай ма. Көңіліне сыймаған соң, осы ойын біреумен бөліскісі келді. Бөлім бастығын бір уақ ұрлана шолды. Жылтыраған реңі сұрғылт, томпиған толық беті сұңқиып әжептеуір арып қалыпты. “Бұған не болып жүр өзі?” Қорлығы көп өтсе де табалап, қыбы қанудың орнына заман беталысына алаңдап, көңілі тыншымады. Осы кезде үстеріне кіріп келген жетекші бөлім бастығы танымаған кісіше бұған ұзақ тесілді. Әжім шимайлаған атжақты арық кескінінде бұрынғы сұстың жұрнақ жұқанасы да жоқ. Шүңірек қой көзінен жылт етіп күлімдеген сәуле тез сөніп, жалбарына жаутаңдайтынын аңдады.

– Қалай, батыр, өндіріп тастадың ба? – Жауап тоспастан мұның бастығына бұрылып, ұзақтау шүйіліп барып: – Естідің бе? – деді түйілген қалпынан танбай.

Жүзі лап етіп күреңітіп, көзі шарасынан шыға атырылып:

– А-а, нені? – деді орнынан атып тұратындай қопандап. Екеуінің бір-бірімен ұзақтау арбасқанына қарауға дәті жетпей, сыртқа қарай сытылып жүре берді.

Бастығының зәресін зәр түбіне жібере жаздаған ол не сонша. Бүгін өзі бір түсініксіз күн. Шешесінің сөзі әлгіндей. Сонау түкпір жақтағы есіктен шыға салып тура осылай қарай бездең қаға басқан Зернебектен бірер сәт көз алмай қадалды. Оң жамбасының бір кінәраты бардай аяғын алған сайын денесі бір жағына қарай теңселе ауады. Мынаның ұсқыны өзінің бастығынан аумайтынын бұрын қалай аңғармаған.

– Ау Зәке, халің қалай? – деді ентелеп келген бойда.

Ләм деп тіл қатпаған Сардарбекұлы түйіле шүйілген күйі әлі тұр. Ананың көзі жыландыкіндей сұрғылт, сұп-суық, мынаныкі күлмеңдеген қуақы. Курстасының қырлы келген кішкене мұрны үшкірлеу, ананыкінің ұшы келтелеу талпақ. Бет терілерінің түстері жылтыраған қоңырқай.

– Естідің бе?!

– Нені?!

Жан-жағына алаң-жұлаң қарап алған Зернебек баяғы әдетінше ақырын сыбырлады.

– Ұсталғандардың көбі босап, қайтып келгелі жатыр дейді.

– Қайтып келгелі жатқанын несіне сыбырлап айтасың.

Үйітілген қойдың терісіндей өңі қаракүреңіткен Зернебек бірер сәт аңыра бажырайып барып, кенет жылмаң пішінге ене пұшаймандана күлімсіреді.

– Бәрі бір-біріне сыбырласып айтып жатқан соң, мен де сөйткенім ғой.

Жаңағы екеуінің арбаса қарасқандарынан көңіліне түсініксіз күдік ұялаған еді. Тұтқыннан босаған бейшараларға тілектес болудың орнына құты қашып, осынша әбігерге түскендері несі. Мұнша сақырлаған еркек мұның шешесі ғұрлы күйзелмей ме, сонда қасындағы селтиген Зернебекке де қарамай шалт бұрылып, кабинетке жүгіре басты. Есікті ашып қалғанда сұқ саусағын шошаңдата өршеленіп сөйлеген жетекші бөлім бастығы бұған ызбарлана жалт бұрылды, жүзіне ұзынынан салалана сұлаған әжімдер

жырылып тасталған әлденеше атыздай. Түйіле қарап алды да, бара тұршы дегендей қолын сілтеді. Өз бастығының жылтыраған маңдайы отқа қақталғандай қып-қызыл. “Екеуі немене күнәларын бөлісе алмай жатыр ма?” – деді кекетіп. Сол тұрған орнынан әлі қозғала қоймаған Зернебектің қасына қайта келді. Қорынып ашуланбайтынына Сардарбекұлы қатты қайран. Курстасының шер тарқатар әңгімеге жарамайтын қарабайыр кейпінен көңілі қоңылтақ тартып, ыңғай олқы соғатынын ойлады.

Қабылдау бөлмесінен шыққан татар келіншек жағалай тізілген есікті кезекпе-кезек ашып, іштегіні сынағандай бажайлап қарап алады. “Жиналысқа”, – дейді содан қабағын шытынып. Сонау түкпірдегі бұрышқа қарай балпаң-балпаң басып бара жатқан сырт кейпі бар ауылдың шолжаң баласынан аумайды. Жұрттың алды жиналып, шоғырлана бастады. “Бұл не қылған бұлжымайтын заң”, – деді Сардарбекұлы аяқ астынан ашуы ұстап.

Бұлардың есігі кенет серпінмен ашылып, аржақтан атып шыққан жетекші бөлім бастығы тарс еткізіп қайта қатты жапты. Жиналып тұрғандардың бәрі жалт қарасты. Өне бойы Қақаң деп әспеттеліп келген кісі аяғын әрқашан сәнді алып, байыппен салтанатты басатын. Қазір басын қақшита тік ұстап, екі иығын қанша қаудитқанымен жүрісі ылдым-жылдым сидаңдау. Тұстарынан өтіп бара жатқанда желкесінің қып-қызыл боп кеткені көзден қақас қалмады. Журналистер жапатармағай амандасып, қақ жарылып жол берген уақытта басын жаймен шұлғып, назарын әркімге байыппен маңғаз тоқтататын. Қазір жан баласына зер салып, жылы шырай танытпастан, салып ұрып өте шықты. “Мұның тіркемесі қайда?” Тапқан баламасының сәттілігіне ішінен әжептеуір марқайып қалды. Жетекші бөлім бастығының соңынан бәрі шұбырып кіріп, орын-орындарына тез жайғасты. Қызметкерлердің жаппай жамыраса амандасқандарын құлағынан ары асырып жіберген редактор алдындағы құжатқа ұзақ үңілді. Біраз шамадан кейін ғана басын көтеріп, назарын жағалата

тастады. Аққұба өңіне ұйыған салғырттық сейілмеген қалпы:

– Жүзбаев қайда? – деді.

Бұл еріксіз жетекші бөлім бастығына көз қиығын салды.

Оның ештеңеде шаруасы жоқ, бір сұмдық мүләйім.

Осы кезде Жүзбаев ішке сымпың қағып кірді. Бүкеңдеп жүріп бос орынды іздеді. Өз орнына барады ғой дегендей жұрт қозғалып та қоймады.

– Өзің кешігіп келгеніңмен қоймай не ғып сенделіп жүрсің?! – Редактордың даусы аса қатқыл шықты. – Әбдірәшитов! – деді. Қақа деп ел аспан-сайбақ қылатын кісіге кенет көзін шатыната. – Бізде ұлы тек Ленин, “Правданы” оқымайтын сені партия тұрмысында неғып ұстап отырмыз.

Көз атаулының бәрі мұның Әбдірәшитов екенін жадыларынан шығарып алғандай таңырқаса анталай қарасты. Орындықтың жақтауынан тас қып ұстап алған Қақаң басын төмен сала сазарып отырып қапты. Редактор тағы бірнеше кісіге шүйліккенімен жаңағының қасында әсері түкке тұрмайтындай көрініп кетті.

– Жеке басқа табынушылықты партия батыл әшкере-леуді ұйғарып отыр.

Жазалы үкім кесілетіндей үрейлі үнсіздік орнады. Сардарбекұлының назары өз жетекшісіне әлдеқалай түсті. Сұрғылт жанарының сарғыш сәулесі мезетінде сөніп, тіршілік белгісі ғайып болғандай сұп-суық. Жалтыраған шекесіне жанай шағылысқан сәуленің қарадақты көлеңке астары бардай. Бет терісінің көкшіл реңіне қарақызыл бояу біртіндеп жайылып, жүзі шіміріккендей шымырлап барады. Өзіне тікелей қатысы бар адамның өңіндегі құбылысты бағам деп, жұрттың орындарынан дүр көтеріліп кеткенін байқамапты. Көптің соңын ала шыға берген кезде редактордың “Сардарбекұлы” дегенінен қалт тоқтады.

– Сен қала тұр. – Мұндайдан запыс болып қалғандықтан, “тыныштық па екен” деп үрейлене ойлап үлгерді. Түнеукүнгі арызды тағы бір күңсітіп қоюды мақсұт тұтатын шығар, бәлкім. Екеуден-екеу оңаша қалған шақта бастық сол салқын райынан танбады. Тек мұның

басынан аяғына дейін тұтас байыппен шолып өтіп, құлықсыздау тіл қатты.

– Сен бүгіннен бастап арыз тексеретін еркін журналист болып тағайындалдың. Орталық Комитеттің келісімін алдым. – Сазара қараған күйі “бара бер” дегендей болымсыз иек қақты. “Бұл сонда дәреже ме, жоқ құр сандалыс па?” – деді өзіне-өзі шығып бара жатып. Жүзбаевқа бағынбай өзіңді еркін сезіну де керемет тәрізді. Ақырына көзі жетпеген соң көңілі күмәнға толы. Редактордан тез-ақ шыққан сияқты еді. Жұрттың әлденеден сезігі бардай есіктерін түгел тарс жауып алыпты. Ұзын дәліз бойы бөгде дыбыс біткенді жұтып ап, үрей араласқан тыныштық құшағында іштен тына шымырлап тұрғандай. Қызметтің арыз тексергіш түрі құлаққа жағымсыз естілетіндей. Қандай құқайға кезігетіні де белгісіз. Екідай түсініксіз халде кабинет есігін ашқанда, топырлап отырған журналистерді көріп, не істерін білмей абдырады. Жетекші бөлім бастығының тоқсан тарау әжімді жүзі әлгіндегінің әсерінен әлі құқыл. Зейіні аса маңызды шаруаға ауғандай, сөйтсе де ұстамды. Жүзбаевтың жылтырап тұратын қоңырқай жүзі күреңіте түтігіп кетіпті. Жарбиып отырған курстастарына қарап: “Мыналарға не жоқ екен”, – деді ішінен кекете.

– Қызмет құтты болсын,батыр! – Дауыс ауанынан ешқандай кекесін аулай алмады. Тарлан тартқан кісі шын ықыласты қалыппен:– Сені Орталық Комитеттің жігіттері өздері ұсынып, өздері бекіттірді. Кадр бөлімінен личный деланды алдырғанына дейін біліп отырдық.

– Бастық басқаша айтты ғой, – деді бұл жұлып алғандай.

– Баламысың деген, сен бастықтарға көп сене берме, – деп Қақаң орнынан шұғыл көтеріліп, мұның қолын алды. Қалғандары сол кепті айнытпастан қайталап, жаппай сыртқа беттеді. Жан-жағынан қаумалай қоршап алған курстастары оңашалау жерге қоймай алып шықты.

– Қуаныштымыз, – десті бәрі бір ауыздан. Шиқандай тырсиып, жарылғалы тұрған Зауқым, қаңғалақтаған Зернебек, қоқиған Жарақбай, бипаң Бәкен, тіпті дүңк етпе Құрышбек, бәрі бір туған адамдарындай көкірегін бауырмал сезім баурап өтті.

Кешкісін жұмыстан оралғанда, ауылдан екі әпкесі бірдей келгеніне Сардарбекұлының жүрегі жарыла қуанды. Мұны кезекпен-кезек бас салып, шөпілдетіп сүйген бейшаралар көздеріне жас алуға дейін барды.

– Е, қу қарлар бауыр керек екен ғой, сендерге! – Сергек шыққан шеше даусына селт етіп, еріксіз жалт бұрылды. Екі бетінің ұшына қызыл жүгіріп, көзі нұрлана жылтырап қалыпты.

– Қыста ауданға келді дегенінді естіп, ауылға ат басын бұра кететін шығар деп шабылғанымызды қайтейін, төбеңді көрсетпей жөнелдің, – Үлкен әпкесінің ақсары дөңгелек пішіні сәл сопақ біткенде бар ма, тура шешесінің әлпетінен аумай қалатынын көкейіне түйіп қойды. Еркелігін ада-күде тастамаған баладай аузын толтырып сөйлейтінін қызықтады. Кескіні қалақайдай жұп-жұқа кішісінің өңі шапшаң құбылады. Ытырылуға шақ тұрған еліктің лағындай секемшіл. Бірге туған деуге келмейтін өзгеше жаратылыс. Көкейіне келіп қалған ойды ірікпей айта салатын және тік мінез.

– Зәуімен бір келгенде үйдей дауынды қоздатпай қоя тұршы, әуелі өзін жөндеп қарап алайықшы.

Кіші әпкесінің өтімді қылығында Сәбираға ұқсайтын бірдеңе бардай көрініп кетті. Көңілін бағанадан бері толтырып тұрған бауырмал сезім аяқ астынан олқы түсіп, көңілі күрт пәс тартты. Әке-шешесінің халық жауы боп ұсталып кеткенін естіген бетте маңына жоламай қашқақтағанын сезіп те қойған шығар. Мұның қабағындағы өзгерісті анадайдан оқып қойған шешесі:

– Жұмысында бәрі дұрыс па? – деп сұрады.

– Дұрыс, – деп селқостау жауап қатты.

Сәбира алдындағы күнәсі қылаң еткен сайын қызметіндегі желпініп тұрған дәреже әсері солғындап, пәсейген пішінмен сәлпиіп отырды да қойды. Ауыл амандығын әшейін екіұшты сұрастырды. Жұмыстан шыққан бойда Асқарбек үйіне бірден тартып кетпегеніне өкінді. Соны алдын ала неғып ойламаған. Әпкелері әкелген сүр жарықтықтың қазанда бүлкілдеп қайнаған иісі мұрынды жарып жібере жаздайды. Сампылдап сөйлеген үлкен әпкесінің аузы бір жабылатын түрі жоқ. Қанша құлақ түрейін десе, көкейіне тоқи алмай әуре. Шешесінің назары

әлденеше жолы қадалып, өңменін түйреп өтсе де серпілтіп, сергітуге бәрібір жарамады. Әпкелері ортаға алып, қашан үйленетінін екі жақтап сұрай бастағанда, не деп жауап қатарын білмей қысылып, қызарақтады. Үлкен әпкесі тіпті діттегенің болмаса ауылдан-ақ қарастырайық деп өңештеді.

– Өздерің байларыңа тиіп, балаларыңды тауып, бәрін түгел тындырып болған соң, қатын әперу қалған екен ғой. Өз жайыңды біліңдер, бұйрықтан күшті емес шығарсыңдар.

– Қойдық-қойдық, айналайын шешетай, таңымызды аман-есен атырып, тәтті аузымыздың дәмін кетірмей жөнімізге тартып тұрамыз.

Шыр-пыры шығып жауап қатқан кіші әпкесінің жұп-жұқа кескіні бұрқ етіп күреңітіп кетті. Жоқ-жітік жерге барып, әлі күнге дейін жарымай жүргендерін оңдырмай бетіне басатыннан алдын алып сақтанғандарына ұйғарды. Жайдары райларынан айырылып, төмен қарап томсарып отырғандарын сейілтпек болып:

– Бастықтарың жүр ме? – деп сұрады.

– Анда-мұнда көшеден ойқастап өтетінін көреміз. – Үлкен әпкесі құлықсыз жауап қатты.

– Ол итке не жазғанымды білмеймін, үстімнен арыз жазып, әкесі молда болған, өзі ауылға келген сайын тәуір атқа мініп алады депті.

Шешесі мен әпкелері берекелері ұшып, бір-біріне абыржи қарасты.

– Ол қу бастың әкесін сен өлтіріп пе едің! – Тура қазір барып жағасына жармасатындай кіші әпкесінің даусы ышқынып шықты.

Кіші қызының қызба шапшаңдығын жақтырмаған шешесі көз қиығын суық тастап, қиналысты райда ақырын сұрады.

– Қай уақытта жазып үлгерген арыз екен өзі?

– Екі ортада Сталин өліп, жайына қалмағанда әлде-қайтер еді.

– Оны маған осы күнге дейін неғып айтпай жүрсің?

– Айтқанда не істей қояр едіңіз? – Кіші әпкесі тағы да сөзге килікті.

– Кәпірдің көзінен қорқамын, – деді үлкен әпкесі.

– Мен шеше емеспін бе? – деді қызына бүкіл денесімен бұрылып.

Абайсызда аузынан шығып кеткеніне Сардарбекұлы қатты өкініп отыр. Қызыл ет терең сұғынып шел басқан қарашығы ақшылтым тартқан көзін оқырайтқанда шынында суық. Оның үстіне нарттана күреңітіп тұратын ұсқынынан адам еріксіз айбынады. “Аға” деп алдынан қия өтпегеннен басқа жазығым не”, – деді өзіне-өзі.

Дастарқанға ұрсысып қалған кісідей шеттерінен үн-түнсіз келіп жайғасты. Анасы мен әпкелерінің жабырқаса үрпиісіп қалғандарынан бір жағы қысылып та барады. “Жесеңші”, – деп салтында жоқ әдетке көшкен шешесі бұған бәйек бола әлденеше рет тіл қатты. Өне бойы қату жүретін кісінің жанына жайлы тиетін жалпаңы тағы қайталанса екен деп ішінен тілейді. Бір нүктеге ойлы қадалған сайын өңіне кірбің молынан ұялай бастады. “Жарықтық осынша жылылықты ішіне қалай сақтап жүреді?” – деді еріксіз. Тамағын ішіп боп қолын шаймаққа орнынан тұрды. Осы әдетін ұрсып тастай ма деп шешесіне қуыстана қарады. Қыздары әлденелерді сұрап, назарын қанша өздеріне аударса да, сазара телмірген қалпы салқиып тұрды да қойды. Кіреберіс дәлізде қолшайғышқа еңкейе бергенде: “О, қу жалғыз, қайтейін-ай”, – деген аһ ұра күйзелген күрсінісін естіп қалды.

Әпкелері ауылдағыдай құлқын сәріден өріп, таңғы тәтті ұйқының шырайын қашырып жіберді. Солармен бірге оразасын ашып, қоштасып, жұмысқа ертелетіп шықты. Жолай Асқарбекке соға кетуді ұйғарды. Түндегі “Қу жалғыз қайтейін-ай”, – деген шеше үні әлі құлағында. Арқа сүйер ешкімі жоқ, айнала төңірегінің тып-типылдығынан көңілі кенет қатты жабырқады. Көз жастарын көлдеткеннен басқа әпкелерінен түк қайран жоқ. Сәбираны сұраудың ретін таппай, жол-жөнекей қысылып та келеді. Қанша жерден бірге оқыса да Асқарбекті қара тұтып, етене көріп жақындасқан емес. Өңменіне қой көзін ежірейте қадап іркілген уақытта қалт тұрғызатын сесінің бой тітірендіретін шамасы бар. Қарап тұрмай үп-үшкір мұрнын қисайта тартып қап, жымыған

кезде қатқылдық ізім-ғайым жоғалып, сәлпиіңкі момақан пішінге енеді.

Үш-төрт адам жағалай отырған бөлмеге амандасып кіріп келгенде жалт қараған Асқарбек әлпетінен жатырқаулы нышанды көңіліне түйіп үлгерді. “Ренжулі ме, мұнысы несі?” – деп ойлады сол замат. Кісілер бастарын жұлып алысып, одырая қарасты. Шырамытқан сыңайда барлығы аңқая аңырып, ауыздарын болымсыз жыбырлатты да, бастарын сылқ еткізіп төмен түсірді. Кішкентай жұмыс орнындағы томаға-тұйық халді Сардарбекұлы ішінен мүсіркеп, азаматтардың соғыстан жазатын үшбу хаттарының порымына ұқсайтын “Үгітші блокнотты” місе тұтпады. Екеуі оңашаға шыққанда Асқарбек өзін бойкүйез ұстады. Түзу құлаған үп-үшкір мұрны тыныс алған сайын делдие желпілдеп, лезде қусырыла қалады. Қой көзін ежірейте қарағанда кірпіктері тынымсыз жыпылық қақты.

– Бір нәрсе айтсам ренжіп қалмайсың ба, Зәке? – деді нәті жуастау тұрқымен. Іші қылп ете қалған Сардарбекұлы сыр бермей:

– Айт, айт, – деді шыдамсыздана.

– Сәбираның әкесі халық жауы екенін естіген соң жоламай кеткенің не?

Есінен тана бір сұмдық сілейіп тұрды да қалды. Мынаның бұлай деуге хақы жоқтығы санасында қылаң берді. Бірақ ашуланбайды, соған таң. Адам ішіндегісі сыртқа оп-оңай білініп қалатынына айран-асыр. Егер дәл олай ойламаған болса, өз долбарын ақиқат санау барып тұрған қиянат емес пе. Екі күйдің әділетсіздігінен қатты шошынғаны туасы осы. Алмастың лыпыған жүзі көкірегін тілгілеп тастағандай албырап-жалбырап удай аши жөнелді. Көзінің үсті діріл қаға ысынып, қаны басына шапты.

– Сәбира дегеніңнің әкесін мен ұстап беріп пе едім, не танып тұрсың сен өзің?

Асқарбек ұсқынынан жеріне тыжырынған Сардарбекұлы жалт бұрылды. Кеудесін шалқақ ұстап ширақ адымдап бара жатып: “Жаман немені қарай гөр”, – деді естірте. Ашуы қозып, өшпенділігі өршісе де көңілі өктемдіктен жұрдай, қоңылтақ. Алтын жалатылған көз-

әйнегінің жиектерінен кері шағылыса жалт-жұлт еткен сәуле қаңғырып келіп көз шарасын оңдырмай қарықтырып өтті. Мың-сан ине тәрізді жылтылдаған қыл-қызыл ұшқын жанарына сол замат сұрапыл қадалып, нұр шырағын жалп еткізіп сөндіріп, қаратүнек шыңырауға құлдилай зымырап бара жатқан сияқтанды.

XVII

Жатақхана жұртын құлқын сәріден тұрғызып, сыртқа топырлатып шығарды. Бұлардың серкесі баяғы ұзын пальтолы. Бірталай араға шұбыртып әкеліп, ұзыннан-ұзақ тізілген қорап автобустарға жапа-тармағай отырғызды. “Таң құзғыннан тұрғызбаса да болатын еді ғой”, – деді Бегімбет ішінен жыны ұстап. Орындарынан жаппай қозғалған көлік біткен бір қауым жер жүріп барып кілт тоқтады. Бастарына каска киген жол сілтеушілер таяқшаларын нұсқап, ескерткіштей қақшиып тұра қалады. Сіресіп солдаттар отырған ашық машиналар жалт-жұлт етіп тоқтаусыз өте бастады. Құйрығы жуық арада үзілетін түрі жоқ. Ұзын пальтолы шыдамы таусыла тықыршып, әлсін-әлі терезеден сыртқа қадалады. Орындықтарға жалп-жалп етіп отырған бойда қылжиып ұйқтағандарды анау жабырқай шолды. Пенделердің санасыз қараңғылығы шымбайына қатты бататындай алақтап-жұлақтап барып мұның назарымен жазатайым түйісті. Селт етіп қоймағанынан түңілген сыңайда терезеге қайтадан үңілді. Қорап автобустардың керуені әбден сарылтып орнынан тағы қозғалды. Тасбақа тырбаңынан аумайтын баяулық іш пыстырып жібереді. Ара-арасында мызғып кетіп оянған Бегімбет көлік біткеннің тұтас қаңтарылып тұрып қалғанын байқады.

– Түсіндер, жаяу жүреміз, – деген әмірлі үн естілді. Ұзын пальтолының сыртқа қалай шығып кеткенін сезбепті. Ұйқыдағылар бастарын жұлып алысып, айналасына аң-таң бола қарасты. – Тез болыңдар! – деген дауыс тағы да ызғарлы шықты.

– Қызыл алаңға жаяу қалай жетпекпіз, – десті жан-жақтан.

Көкшіл көзі шатынап, танауы делдиіп кеткен ұзын пальтолы:

– Сталин жолдастың каторгадан әлденеше жолы қашқан азабының тырнағына татымайды, – деді.

Орындарынан бәрі құлықсыз сүйретіле көтерілді. Күнжілдесе қақтығысып-соқтығысып сыртқа беттеді. Әскери адамдарша сап құрап, әлгінің соңынан ілби ілесті. Қараса, жол үсті шұбырған адам. Бұлыңдаған сағымға ұқсап сусыған көпшілік көңілін елегізітіп, түсініксіз жатырқатады. “Сталиннің өлгенінде шаруам қанша еді, Алматыда тыныш жүре бермей. Көкейіндегі ойды жан баласы оқи алмайтынына бек сенімді. Зарығудың боркеміктеу күйі көкірегің шымылдата ашытып өтті.

Бұлар сабылып көп жүрді. Елең-алаңның шымырлаған бозғылт түсі сейіліп, жап-жарық дүниенің шексіз алаң-ашықтығы көңілді желкенді қайықтай жүздіретініне ішінен таңырқады. Айналасы түгел сыңсыған ормандай жыпырлаған орыс пішіні. Көктемнің сеңдей соғылысқан құла тасқынынан аумай, лықсып ағып барады. Алдағы күннің бұйрығына алаңдаулы кіл өңкей мазаң әлпет. Ұзын пальтолының бағанағы сөзінің әсері шамалы ма дейді. Осынау сарсылыс жүрісті қаламайтын қасындағылар керенау кейіпте құлықсыз басады. Етжеңді Балтық өңірінің жігіттері аяғын ауыр алған сайын беттері бүлк ете түседі. Көздеріндегі жалқын ұшқыннан қарғыс наласы білінеді. Айналаға жұғымды, қунақ кавказдықтардың пышақ қырындай үшкір мұрындары бір-бірімен жарыса сарайып көрінеді. Мөлиген ұсқындары біртүрлі мұңды, жасқаншақ. Өзбек, қырғыз, түрікмен, қазақ төртеуін осылар бір-бірінен ажырата алмайтын сияқтанады да тұрады. Қой көзінің жылт еткен сұрғылт ұшқынында түздік өткірлік бар. Қырғыз жан-жағына жатырқай да жабырқай қарайды. Қысқа сирақтарын жылдым алып жүгіре басатын өзбек көкейіне бөлекше сыр бүккен сыңайда жүзін төмен сала тымпиып алыпты. Басын кегжите қоқиып жүретін түрікменнің сопақтау қараторы өңі шым етіп тұтанып, қызылкүреңіте құбылады.

Бір-біріне қақтығыса-соқтығысып иіңтіресе жылжыған жұрттың ара-арасына сына боп кірген солдаттар лықсыған тығыздықты біршама серпіп үлгерді. Кемерінен асып-төгілген өзендей көше-көшені кернеген көпшілік шайқатыла

тербетіліп, томсара толқиды. Қыр адамының жабырқаулы түйсігі Бегімбет жүрегін лоблытып әлек қылды. Соның азабынан жұрттың негізгі ағысынан жырылып, сыртқа қалай шығып қалғандарын байқамапты. Тізілген қатарына көз жетпейтін ұзын қақиған солдаттардың арасынан саңылау іздеп, шарқ ұрып зыр қаққан ұзын пальтолының аласұрған жүрісі күдік ұялатады. Өйткені ұрынатын кісідей әркімге өңмеңдеген күйі жетіп барып, мән-жайды қызбалана түсіндіріп бағады. Қалшиып тұрған солдаттардың селт етпейтінін елең қылмастан жанұшырған бойда келесіге жетеді. Оның соңынан салпақтап ілесуден жалыққан бұлар ошарыла ұйлығып, аңысын бағуға көшті. Осы кезде соңынан әлденеше солдатты ерткен түсі суық офицер жұлқынып шығып, ұзын пальтолының алдын кескестеді. Әлек-шәлегі шыға қолын сермелеп сөйлеген жазғанды офицер қатты ақырып тыйып тастады. Қалтасынан куәлігін суырып алып, бүктемесін жазып көрсете бергенде офицер қағып жіберіп, анадай жерге ұшырып түсірді. Тапталған қар үстіне айқара ашылған күйі түскен куәлік ішіндегі ұзын пальтолының бейнесі көлбең қағып өтті. Қарсылық көрсететіндей өршеленген оны жауынгерлер шап беріп ұстап алып, дереу екі қолын артына қайырды да еңкейте дедектетіп әкетті. Жан-жақтан сау етіп шыға келген жауынгерлер бұларға тұра ұмтылысты. Әшейінде өздерін мығым ұстайтын Балтық бойынан келгендер мына құқайдан шошынып, бір-біріне жаутаң-жаутаң қарасты. “Әп,бәлем”, – дегендей соған-ақ қыбы қанып, табашыл сезімінен іштей қуыстанып та қоймады. Мұның да қарынан біреу жұлқи ұстап, жетектей жөнелді. Жалпақ жүзді өңкиген солдаттан сәл тартынса күш көрсететін дойыр екенін екпінінен байқады. Қоңсы ағайындардың ішінен қара күш иелеріне түрікмен жігітінің ғана шамырқана жұлқынып, көзін ата одырая қарауға шамасы жетті. Кімнің болсын тілін тауып, қылжақ қағатын кавказдықтар қазір құдайы момын. Айқара ашылған күйі жатқан ұзын пальтолының куәлігі сонадайдан көзге ағараңдап шалынады. Істік ұштары найзадай көкке шаншылған еңселі темір қақпаның есігінен топырлатып бәрін ішке кіргізді. Кең аула толы сірескен адам. Тұс-тұста қорғалаған құстай

ұйлыққан өңкей салыңқы қабақ. Томаға тұйық томсарған үнсіздік. Қырық нәсілдің қылауынан құралған әлдекімдерге бір-бір түксіісе қарасып, жайларына көшті. Әйелеркегі мен кәрі-жасы аралас мұнша көп жұртты сыйғызып тұрған ауланың о шеті мен бұ шетіне еріксіз көз жіберді. Жемтігін бассалуға ыңғайланған жыртқыштай шоқша сақал біреу ақырын басып келіп бұлардың әрқайсысына кезекпе-кезек шаншыла қадалды. Шынжыр баулы көз-әйнегін қайта-қайта түзегіштеп:

– Потомки Чингизхана, – деді.

Аспан түсті жанарының көкпенбек тұздай қарашығы қыбыр етпестен тесірейе төнді. Астамшылдау кекірейіп барып бұрылып жүре берген кезде қаңғалақтаған жүрісінен жеңілтек адамның жаратылысы сезіледі. Қайыр сұрайтын кейіпте кібірткі-кібірткі басқан қартаң әйел әркімнің алдына кідіріп, жаудырай бөгеледі. Ию-кию қайнаған Мәскеу тіршілігінен бөле-жарылып бөтен аулада әрекетсіз қамалып тұрғанын ойлаған замат жүрегі сыздап шымылдады. Мына арадан бір сұмдық жатырқай шошынды. Қара тұтар жан баласын таппай елегізіп тұрып... Кенет басын төмен сылқ түсірген ұзын пальтолының шалықты тұрысынан секем алды. Бір шекесіне қисайған тұмағынан қобырап шыққан шашы ұсқынын попқа ұқсатады. Әлденеден селт етіп бойын жиып ала қойды. Назарын алысқа тастаған уақытта жасқа шыланған шарасының бұлыңғыр тартқанын аңдады. Осы кезде көнетоз қара пальтосының етегі шолақ, шыбықтай жіңішке аяқтары сынып кететіндей кілдіреп басып, қалт тоқтай қалатын әйелдің күжірейген жотасы жиырыла домаланатын кірпікшешенді еске салады. “Сталинді шығарып салу бұл бейшараның несін алған екен?” Өлікті аттандырудың мұнша жат салтын түсінбей дал күй кешті. Жыпырлаған бастардың ара-арасынан бір-екі қияпат көзіне оттай басылған сәт лүпілдеген жүрегі бұлқына соғып, аузына келіп тығылды. “Қазақтар”, – деді дереу. Қастарына кідірместен жетіп барды. Аласа бойлының шірене шалқайған сенімді тұрысынан еріксіз тосылды. Әлдебір ойдың арпалысынан дөңгелек жүзі алаулай шымырлап, қасындағы сұңқиған жігітке үлкен көздерін қиястау тастаған уақытта келте мұрнының танауы делдііп кетеді.

– Қазақсындар ма, жігіттер? – деп, өңмендеп кеп тіл қатқан бұған екеуі де селт етпеген күйі тұр. Аптығы лезде басылған Бегімбет асып-сасып, кешірім сұрамаққа оқталды. Қабағын ашпаған аласасы қасындағыға суық шүйілді. Оның ыңғайына төңкерілген анау мойнын қолапайсыз иді. Шалқая шіренген неме кенет бұған назарын маңғаз бұрып, өңменіне ұзақ қадалып:

– Қайдан жүрсің? – деді.

Қазақ екендіктерін дәтке қуат қылған соң ғана бауырмалдық арыны басылмады. Мына неменің әйтпесе асқақ менмендігі шамына қатты тиіп тұр. Тәштиген сұрына қарамай басынан аяғына дейін мұны түгел шолып, ашықтан-ашық өзіне лайық санамағандай назарын паңдана басқа жаққа аударды. Кесек тұлғасы да елп етпейтін өңкиген енжар. Жел-құзға тимеген қоңырқай сопақ кескіні боп-боз. Қоңқайған мұрнын қисайта жиі-жиі тартады. Шақшиған аласы белгісіз тарапқа телмірген әлі сол қалпы. Бегімбет қастарынан айналсоқтап шыға алмай жүр. Екеуін әңгімеге тартып, тіл қатып көрді. Түк түсінбеген сыңайда аласа немесі бұған көзін сүзіп, ләм деген күйі жүзін бұрып әкетті. Өңкигені қайта жылы шырай беріп, серігінің дөңдеу мінезінің тігісін жатқызуға тырысып бақты. Онысына іші жылып қалды. Аласасы бір кезде селт етіп мұны жаңа көргендей одырая қарады.

– Қай жақтың қазағысың? – Тағы түк сұрамаған я жауабын қажетсінбеген ыңғайда әлденені алыстан бағамдап, әспеттене шүйілген тұрқына Бегімбет қатты қитықты.

– Қазақстанның қазағымыз.

Көзін бұған алайта тастаған анау:

– Бәріміз де Қазақстанның қазағымыз, – деді дүңк ете түсіп.

– Жоқ, сендер Мәскеуде туып, Мәскеуде өскен жандар сияқтысындар, – деп Бегімбет қойып қалды.

Сілтідей үнсіздік орнады. Қалшиып қалған аласаның өңі сазара қуаң тартты. Мынауың қайтеді дегендей үлкен көздерін бұған төңкере наразы тастаған уақытта жылт еткен момақан ұшқыннан бой тіксінетін уыт сезіледі. Еңселісі бір орында тықыршып тұра алмай қозғалақтап:

– Шотеке, бұл жігітпен жөндеп танысудың реті келіп тұр, – деді.

– Мұның өзі қорамсағынан бір оқты біздің жаққа қарай атты ма қалай? – Даусы шарасыз бәсең шықты. Бөгде елдің жерінде мығымсыған осы бір қылықта етбауыр жақындық бардай көңілі елбіреген мезет ыстық сағыныш толқыны омырауын желпіп өтті.

– Шотбай, – деп қолын жалма-жан ұсынды.

– Нәжімеден, – деді еңселісі.

Баяғыдан бері жөнге келмей ит қылдыңдар ғой дегендей кекесінді жымыған Бегімбет есімін бірер сәттен кейін барып айтты.

Аула ішінде абыр-сабыр көбейді. Жұрт ары-бері сенделіп қозғала бастады. Адамдар қарасының молдығынан бөлек ширыға адымдаған уақытта ойлы ілтипаттан түк қалмаған, тек көзсіз ашу үйірілген кескіндердегі шалықтылық жүрек сескентеді. Қарақұрым халық арасынан өз тобының сұлбаларын көзі шалып қалғанымен, қара тұтуға енді қайтып жарамайтындай кеуіліне тәкаппарлық келді. Суықтан тоңып, аштан қаттық деп біреулер қақпаны қойғылап, айғайға басты. Таңнан бері нәр сызбағанын ойлап Бегімбеттің жүрегі сазды. Жаны ашымас қатыбастықтың қасында өздерінің әлжуаз осалдығын білуден өткен қорлық жоқтығына амалсыз жүгінді. Одан-бұдан құралған тобына да барғысы жоқ. Көптен бері жоғалтып қайта табысқан мына екеуінен есетін етене жылылық жанына керемет жайлылық сыйлайды. Шотбайдың бастапқы суық әлпетінен ізбін жоқ, жайдары. Сорайған бойына қарамай Нәжімеден елпектеген елгезек. Үлкен қалаға келгелі жабырқаулы сезімнен бүгін бірінші жолы құтылды. Үзеңгі бауын алты қабат қып шіренген Шотбай – суретші, Нәжімеден кенші оқуында екен. Мұның журналистігін естігенде:

– Дарханмен коллега екенсің ғой, – десті.

“Оның кім еді” деп сұрай жаздады әуелі.

– Шотеке, ол да сіз құсап жүрмей ме?

Түк түсінбеген кейіпте екеуі аң-таң бола қарасты. Сөз астарын дереу аңғара қойған Нәжімеден:

– Мұның бұл жолғы атқан жебесі тоғыз қабат сауыттан өтіп, тура жүрегіңізге қадалды, Шотеке, – деді.

Түксиген қабағын жазбаған Шотбай қозғалысқа түсіп, алашапқын болып жатқан адамдар әрекетіне жорта қадалған күйі селтиіп тұрды да қалды.

Күн ұясына батып, көз байланған уақытта қақпа сықырлап айқара ашылды. Сыртқа жаппай лап қойысқан жұрттың санасыз әрекеті кезіне қораштау көрініп, өз тобынан көз жазып қалатынынан қорқып, жанұшыра жүгірді. Жаңа таныстармен жөндеп қоштаса алмағанына да өкініп келеді. Итерісе ұмтылысып, жұлқысқан адамдар қылуасы кісілікке жуыспайтын бір сұмдық өрескел. Ақикөздене бас салып, алдындағыны тапап өте беретін ақылсыз асау екпіннен бір түрлі секем алып үлгерді. Мұндай тілсіз нөпірдің жанталасқан қимылдары сап тынып, бір-біріне жаншылып, жабыса түскен уақытта ыстық демдері беттерін үздіксіз шарпиды. Екі жақ бағанына орнатылған шамнан әйтеуір қақпаға жақындағанын айырды. Тура соның алдында кептеліп, лекілдеп тұрған бұларды соңындағылар жапыра итерген кезде сұрапыл қысымға жаншылып, өкпесі қысылды. Тынысы жетпей, көз алды бұлдырай жөнелді. Адамдар арасында осылай тұншығып өлудің түк мағынасы жоқтығы кенет миын зырқ еткізді. Айнала шыңғыра-бақырып ойбайлаған айғай-сүреңге толып барады. Осынау қозғалыстың толқын-толқыны алдыңғы лекті кептей бөгеп барып кезекпе-кезек ытқып шыққандарын тура жақындағанда байқады. Соның бір кезегіндегі сұрапыл қысыммен атып шыққан мезет кең дүние рахатын жүре сезінді. Шам жарығы арқылы ұзын пальтолының өз тобын түгелдеп, жанұшырып жүргені кең дүниенің қасында түк әсер бермейтіндей.

Мәскеудің томаға-тұйық жабырқаулы күндері ақырын сырғып өтіп жатыр. Жастар газетінің жаңалықтар бөліміне жөнелтілген Бегімбет шап-шағын бөлменің есік жағына жайғасты. Тікшелеу кішкене үстелге тайға мінген баладай жарбиып отырып алып, күні бойы айналаны баққаннан басқа жұмысы жоқ. Келімді-кетімді жұрт Стас деп кіріп, Стас деп шығады. Шаруаларын қадалып кеп айтқандарды салыңқы қабағы селт етпей тыңдайды. Шүңірек көзімен сүзіле түйіліп: “бар, жоқ” дегеннен ұзамайтын жауабы әрі қысқа. Сүйкектетіп жазуға кіріскенде көкшіл көзінің қарашығы қаламының ыңғайына қарай көдіктеу төңкеріледі. Ішкі ойына елтіген кескіні бұрқ етіп тұтанып, нарттана шымырлайды.

Сақал-шашы қаудиган көзәйнекті неменің де сүдіні суық. Ойдақ-сойдақ жазуынан құпия іздегендей шұқшия үңіліп, тұқшиып отырады да қояды. Қырынан шолғандағы әлпетінің сыны күдік алдырмайтын сияқты. Тік құлаған мұрнының көтеріңкі ұшына назары еріксіз кідіреді. Бүкіл нәсілшіл астамшылығы мұрнының өткір ұшында жатқандай өзінен-өзі қуыстанады. Бұларға Стас я Хомич деп ара-арасында тіл қататын Галина дейтін әйел ғана. Әлде бір сөздің дұрысы қалай деген сұраққа басын көтерместен Стас дүңк етіп жауап беріп қана тынады. Машинкасын тықылдата басып кеп Галина бір уақытта қалт тоқтады. Қап-қара қасы-көзін керіп күлімсіреген кезде екі бетінің салбыраңқы ұшы таразы тарта қалады. Мұның жай-жапсарын тақақтап сұрап, алдын ала қанығып алған. Әпкесінің күйеуге тимей жүрген себебін ойламаған жерден сұрады. Бұл қатты қысыла иығын қиқаң еткізді. Анау жауап тоса безере бедірейген күйі: “Сендерде жігіт жоқ па?” – деді жалмажан. “Қызың бар ма, жоқ болса, мен тауып берейін”, – деп, тіке өзіне ауыз салды. Галинаға шаншыла қадалған қауға сақалды жұмыс істетсеңші дегенді дүрсе қойып айтты. Көзін сүзе түксиген Стас та : “Парню голову не морочь”, – деді.

Түс қайта екеуі де үндеместен тайып тұратын әдеті. Бүкіл еркіндік өзіне тиген Галина дөң бетін аялай сылап, қасының жиектерін жұлып, жіңішкертіп ұзарта сызды. Қалың ернін қып-қызыл шиқандай ғып бояп ап, бір жымқырып, бір дүрдитіп әлек. Жан екен-ау деп бұған назар салып та қоймайды. Қол айнаға бір қырынан үңіліп, жоталанған бетінен терең мағына іздейтіндей ұзақ іркіледі. Шап-шағын нәрсеге жалпақ жүзі тұтасымен сыймай, қасы-көзі мен маңдай тұсы жалт еткен сәт аса тартымды жаратылыстың елесін әкелетіндей.

Отыра-отыра жалыққан Бегімбет ақырында Галинаға жөнін айтып, жатақханаға тартты. Тап осы жүрісінде түк маңыз жоқтай көрінді. Мәскеу адамдары шетінен Стас пен қауға сақалды секілді. Бет терілері нұрлы, кінәратсыз аппақ әйелдерді ұшыратқан сайын бір төтен күш әуселесін қытықтап, тұла бойын кернеп әкетеді. Бүгін соның бірі де жоқ. Автобусқа мініп, өне бойы

сыртқа телмірсе де, көзіне елең еткізер ештеңе ілікпеді. Елегізіп жабырқаса бітті шешесін ойлап, жүрегі сыздап тұрып алатын. Қазір бәріне көндігіп келеді. Тек көптен хат жазбағанына қуыстанып қойды. “Бәрібір жауап жоқ қой”, – деп ақталды. Есімін өзін-өзі қыстап қағазға әрең түсіретінін Нұрғаныш бәлкі сезіп қойған шығар? Әпкесі ойына сақ ете түскен сайын жан дүниесі астаң-кестеңі шығып, көзінің алды ысып, дымқыл тарта қалатын әдеті.

Бөлмеге кіргенде қолақпандай мұрнының үстінен көздерін кілмитіп тастап, құлқиып отырған литвалықты көрді. Орысша екі ауыз сөздің басын құрап айта алмайтын. Қазір шатып-бұтып сөйлеп жүр. Мезгілсіз уақытта бұл қайдан келіп қалды дегендей жап-жасыл кілмік көзін шөлкем-шалыс тастады. Әлденеден ыңғайсызданған сыңайда отырған орнын дегбірсіздене сипалап, атып тұрған бойда шкафтағы ілулі киімдерін бір-бірлеп етек-жеңін түзегіштеді. Содан шабадандағы заттарын басын жерден алмай тұқшиып отырып реттеуге кірісті. Осы кезде етжеңді жерлесі кіріп, мынаның тура көк желкесінен сампылдап өз тілінде сөйледі. Өкпелеген балаға ұқсап күңкілдеп жауап қатып қана тынды. Етжеңдісі қабағын шытып, даусын қаттырақ шығарды. Ақыры қолын түңіле бір-ақ сілтеп, шығып жүре берді. “Жерлестері сонда мұны адам деп ойлай ма екен?” – деді.

Аулаға жарты күн қамалғанда танысқан жігіттерін көрмесе аңсап тұратын әдет шығарды. Әйтеуір біреуін ұшыратармын деген үмітпен бірден университетке келді. Осы маңды аралаған сайын Алматыда оқу үйінен іштей қатты қорынады. Алды атшаптырым бақ. Тротуарлар бойына жағалай орнатылған орындықтар. Бүршік жаруға шақ тұрған ағаш бұтақтарының түстері көз арбайтындай тұп-тұнық. Найзадай көкке шаншылған үйдің сұсынан алғаш кіріп барудан жасқанатын. Қатысың барын растайтын бір қағазың қажет, әйтпесе кіру машақат.

– О, Беке, бөтен адам құсап неғып тұрсыз? Бұл жаққа келетініңізді айтқанда, құзырыңызға құлдық ұрып қарсы алатын едік қой. – Түксиіп үнемі жазылмай жүретін қабағымен сұстана шүйіліп барып Дархан ыржия күліп жіберді. Әлпетіндегі табиғи қатқылдық сол замат сейіліп,

ұябұзбас монтаны кейіпке көше қойып: – Келе қалғаның қандай жақсы болды, өзіңді іздеп шықпаққа бекініп едім, – деді.

– Тыныштық па?

– Тыныштық, – деді Дархан маңғаздана шалқайып. – Сіздің алдыңызда Шотбайдың екі айыбы бар. Ең әуелі бірден дұрыс қабылдамады. Екіншісі – мен туралы жаман пікір туғызды. Міне, соларын жуып-шаймақшы.

Филология факультетінде оқитын мынадан гөрі Шотбай әдебиетшіге көбірек жуықтайды. Үлкен көздерін наразы бағжитқан уақытта торсық маңдайын қызыл бояу шарпып өтеді. Әңгімеге іркілмей кірісіп, қолын қызбалана сермеп сөйлей жөнеледі. Әлгіндей жарқын мінез Дарханда сирек. Қуақы әзіл айтып тұрып түсін суытып алара қалатын әдеті бар. Бұлардан Нәжімеден сәл өзгешелеу. Қимылы ылдым-жылдым. Кез келген шаруаға жаланып әзір тұрады. Тек қиынсынғанда ғана демі жетпегендей ауаны аптыға жұтып, аузын қомпайта толтырып сөйлейді. Сонысынан және қысылып, шарасыз жымиған уақытта кесек пішінінен қазаққа ғана тән ұяң жаратылыс сезіледі. Мәскеуде жүрген осыларға қарап, “Сонда Нұрғанышқа не болған?” – деген ой көкейін киіп-жарып өтті. Тоқ ұрғандай миы зырқ ете түсті. Шешесі жазғанды тотанаққа жападан-жалғыз тастап кеткені осы кезге дейін ойына кіріп-шықпапты. Елді сынаған несін алған екен-ау мұның. Қатарласып келе жатқан бетте көз қиығын Дарханға ұрлана тастады. Қабағын айбаттана түйіп, айналаға қатқыл қарайды. Бегімбет көңілсіз ойдан көрнеу серпіліп, оның дауыс ауанына салып:

– Оу, Дәке, не ойлап кеттіңіз? – деді.

– Не ойлады деріңіз бар ма, Беке-ау. Алаңдататын нәрсе көп болып тұр ғой. – Үнін мұныкінен гөрі де әндете созып шығарды. – Шешем байғұс қайтып жүр екен. Бауырларымның қарны ашып қалған жоқ па деген мазасыздану ғой, баяғы.

Әлгінде ғана сыртынан қиналмастан тон піше салғанынан Бегімбет қатты қысылды. Көкірегі құсаға толып, қымс етсе бітті көзіне жас үйірілетін орасан қалада жалғыз қамкөңілді өзі емес екеніне көзі жетті.

Редакцияға ертеңгісін келгенде, жападан-жалғыз бөлмеде отырған Стас мұның аманын тіпті, елең қылмады. Галинаның үстелінен әлденені іздеп таппаған соң, томсарған күйі есік жаққа барып қалт тұра қалды. Екі қолын қалтасына салып ерсілі-қарсылы жүре бастады. Секретариатта істейтін жігіт кіріп, әлдебір нәрсенің жөнін сұрады. Стас оған ләм деп жауап қатпай талтайған күйі тұра берді.

– Перестань ты повторять Маяковскую позу, лучше скажи, что будем делать?

Күре тамырлары адырая алқымы қып-қызыл боп күреңітіп кеткен Стастан анау тайсақтай алақтап барып бұған көзін салып, мынауың отыр екен ғой дегендей сыңай танытты.

Шын айтып тұрсың ба дегендей Стас оған аңыра қарап, қабағын шытына қолын сермеді. Адам санатына көрнеу қоспағанына қорынып қоймайтын көнтерілі көнбістігіне Бегімбет іштей мазасызданды. Стас ерсілі-қарсылы қайта жүре бастағанда жалт-жұлт еткен көзі тордағы жыртқышқа ұқсап қызылкүлгін ұшқын атады. Бір кезде бұған жалт бұрылып:

– Сен барасың, – деді. Дереу бір парақ қағаз алды да әр түрлі текшелерді бірінен соң бірін түсіріп шықты. – Бастапқысы орталық көрме, қалғандары республика павильондары. Солар бір-бірінен қалай ерекшеленетінін өз байқауың бойынша жазып әкел. Қорқпа, өзіміз жөндеп аламыз.

Бегімбет аса толқулы күйде көрмеге салып ұрып жетті. Жиналған қарақұрым халықты көргенде, тағы бір жерге күштеп апарып қамап тастамай ма дегендей көңілі қобалжып өтті. Доғаланып салынған зәулім қақпалардың алдында түрліше ұлт киімдерімен жасанған қыз-жігіттерге таяп барды. Стас жазып берген мөрі бар тілдей қағаздың түнеукүнгі ұзын пальтолының куәлігіне қарағанда біраз күші бар көрінеді. Әл-әзір ешкім тоқтата қойған жоқ. Лек-легімен ағылған жұрттың орасан екпініне жаңқадай қалтақтап ілесіп келеді. Тепкішекпен көтеріліп, айналаны біршама биіктен шолды. Сан тарам жолдардың үстінде ағылған көпшілік, ара-арасы айдынды көкорай шалғын. Стас сызған нобай жадында бірден жаңғырыға жөнелді.

Алды алаң ашық зәулім Сарайдың іші шүпірлей шымыр-лаған халық. Оның кішігірім көшірмесіне ұқсаған павильондар араның ұясындай гу-гу. Сан өрнекті киімдер жанарға таңбадай басылып әлек қылса, бәріне біртіндеп адамның көзі үйреніп, елең етпей қалады екен. Қызылкөз бәле күтіп қалған шығар деп, тез-тез аралауға бекінді. Алдыңғылардың талайын басып озып келе жатып, жұптарын жазбай иықтарын түйістіре жайбарақат басқан ақ жаулықты қазақ әйелдерін көзі шалды. Жүрегі елжірей лүпіл қаға соғып, іші уылжып кетті. Қастарына жанұшырып қалай жетіп барғанын да сезбеді.

– Амансыздар ма! – дегенде өзгеше толқыныспен даусы дірілдей шықты.

Ошарыла қалт тоқтап бәрі жалт қарасқан уақытта өңкей момақан әлпеттер еш жатырқата қоймайтын етене таныс.

– Жарығым-ау, қайдан жүрген баласың?! – Қазақ әйелінің ғана аузынан шығатын осынау лебізді естіген уақытта Бегімбет жылап жіберіп, сыр беріп қоям ба деп қорқты. Жанарлары жасаурай анталаса қарасқан әйелдердің арасынан арықша келген қараторысының келбетін өз шешесіне ұқсатты. Мұның әуселесін заматында сезе қойғандай, көзіне меймілдетіп мейірім үйірген кейуана маңдайынан сүйді.

– Сағыну деген оңай ма.

– Өркенің өссін, – десті бәрі жапырлап.

– Жарығым-ай, – деп маңдайынан сүйген кісі қапылып, қалтасына дереу қолын сүңгітті. Әлек-шәлегі шыға әбігер болғанынан қатты қысылып барады. Айналырған екі айдың ішінде қазақы жоралғыдан әжептеуір суынып қалған да сияқты.

– Сіздерге әдейі бұрылып амандасқаным ғой, апа.

– Сенің амандасқаныңның құлдығы болып кетейін. Мына іргедегі “Көліс” дегенде жатырмыз. Шолаң келсе ауылдың дәмін татып кет. Мынаған тамақ алып іш, – деп, қызылшұнақ ақша ұсынды. Бегімбет асып-сасып:

– Аман-есен болыңыздар, мен кеттім, – деп бұрыла бергенде:

– Әй, қарағым, мұның не сенің, үлкен ұсынғанды алар болар. Әйтпесе ренжимін.

Қысылып-қымтырыла “рахмет” айтып алды да, қып-қызыл болып кетті. Маңдайына тиген еріннің табынан шеше демінің лебін сезінгендей күйлі-мұңды хал қабаттасты. Алып-ұшып серпіліп, алшаң-алшаң құлшынып басты. Бұйыртса, мұны шешесіне жыр ғып айтып беретінін ойлаған мезет көкірек сарайы ашылып, күмбір қаға жөнелді. Елдің көбі айналсоқтап шықпай ұзақ қызықтап қараған он алты қыз бейнесі мұны аса тарта қоймады. Әйел балалардың сомдалған кескіндеріне үңіліп қарай түссе қолдан қашалып жасалғандығы білініп қалатын тәрізді. Ұлттық киімдегі қазақ қызының мүсіні әлгінде кезіктірген тірі аналардың қасында тапжылмай тұрған тас қана. Бет әлпетінің бедер айшықтары кесек, алысқа қадалған назары қозғалып қоймайтын қатқыл.

Павильондардың бір-бірінен өзгешелігі шамалы. Өзбекстандікі ала тақиялы саусылдаған кіл еркек. Қызыл-жасыл, ақ-сары жемістерінің түрін сан қыртыс қып орналастырған грузиндердің ауласы оттай алаулап, шоқтай жайнап тұрғандай. Барлығының әйел-еркегі түгел өздері. “Келіп қалыпсың батыр-ау”, – дейтін жылылықтан жұрдай, былқылдап басқан Қазақстанның орыс келіншектерінен көңілі қоңылтақсып қайтты.

Тағат таппай тықыршыған Стас бұл кірген кезде сағатына қарап, жақтырмай қабағын шытынды. Отырмастан бұған сұқ саусағын шошайтты.

– Көрген-білгеніңді мазмұндап тез жазып шық!

Басын жерден алмай тұнжырап отырған қауға сақалдыға көз қиығын тастады. Күреңіте шымырлаған жүзі мен шабдар сақалының түсі бірдей. Реті келген жерде әңгімеге араласатын Галина жорта тымпиып алыпты.

– Быстрее, время не ждет, – деп Стас тағы дүңк ете түсті.

Тура желке тұсынан жан алатындай қыдиып тұрған мынау. Қазақша болса да құдайдың жөні екен ғой.

– Ойланбай тезис қып жаза сал!

“Қап, мына иттің баласы дікендеп берекені алып бітті-ау”, – деді қамығып. Көрмені алғаш рет аралаған адам XVIII ғасырда француз романдарының провинциядан Парижге келген кейіпкеріндей сезінуі мүмкін өзін. Әңгіме

ішкі-сыртқы көркінде тұрған жоқ. Сөйлемнің орысша құйылысы кібіртік қағып, орашалақ шығып жатқанын сезді. Бұл жұрттың бәрінен де қосымшасын дұрыс жалғау қиямет. Неде болса тәуекелге басты. Сан түрлі бояулы, көп дауысты көрмені кішкене хабарға түгел сыйғызып баяндау қиын. Грузиндердің бояу нақышы, өзбектерден шығыстық болмысы жадында қалады. Ауа жайылып бара жатқан жоқпын ба деп қуыстанды. Қазақ әйелдерін кезіктірген уақытта өз анасымен жолыққан-дай әсерге бөленгенін жаза бергенде:

– Жетеді, – деп Стас жұлып алды. Сол тұрған орнында оқуға кірісті. Онсыз да күреңіте шымырлап тұратын өңінен бөгде құбылыс білінбеді. Әлде бір тұста елтігендей қасын болымсыз керіп қойды. Қалт кідіріп барып төс қалтасындағы қаламға жармасты. Бір сөзді түзеп, қосымша жалғады. Біршама уақыт ләм демеген күйі сазарып барып:

– Диссидентом стать хочешь, что ли? – деді де жазған қағазын алдына тастай салды.

– Аты-жөніңді толық жаз.

– Баса берем бе? – деп бір жақтан Галина сөзге килікті.

– Баса бер, – деді Стас томсарған қалпынан танбай.

Иығынан ауыр жүк түскендей бойы жеңілейіп қалған Бегімбет орнынан жайлап тұрып, бәріне “жақсы”, –деп сыртқа беттей бергені сол еді.

– Эй, парижанин! – Ту сыртынан шыққан дауысқа қалт тоқтады. Машинкасын жанталаса басуға кіріскен Галинаның әлдене деп тіл қатқанын естімеді. Нойыс қалпынан айнымай тұқшиып отырған қауға сақалдыны көргенде: “Бұл қызталақтың іші қалай пыспайды екен?” – деп ойлады. Түсін жылытпаған күйі түксие қараған Стастың болымсыз езу тартқанының өзінде қыбыр етпеген көкшіл уытты көзі күлімдемеді.

Қорыну мен қуанудың екі арасы бір-ақ тұтам екен қараса. Ертеңгі газетке аты-жөні шығатынына бір жағы сенбей келеді. Стастан да жоғары тұрғандар бар, солар жаратпай тастауы ықтимал. Алматыдағылар шыға қалған жағдайда қалай қарамақ, өзі жазды дегенге сенулері екіталай-ау. Осы бір күдік көңілін әлемтапырық

қып жіберді. Әпкесі оқыса мазақ қылар әуелі. “Неге оригинальничать етесің?” – деп ұрсудан тайынбас. “Ана тәштекке жанасқаннан кейін менде не ақысы бар?” – деді. Ашуы өршіген күйі жатақханаға едел-жедел кіріп, лифтіге алып-ұшып бара жатты.

– Бегімбет!

Шотбай мен Дархан екеуі фойе диванында шалқалап отыр. Орындарынан қозғала қоймастан амандасты. Қабағына үйірілген кірбің әлі сейіліп үлгермеген еді.

– Бізге қарайтын емессің ғой өзің! – Дархан көзін бақырайтып жорта наразы тіл қатты.

Әлдебір жайсыздықты аңғарған Шотбай сұраулы жүзбен тесіле қарап:

– Аманшылық па? – деді.

Мәскеуде оқитын жігіттерге көңіл күйінің тұрлаусыздығын сездіріп қоюдан Бегімбет қатты сақтанады. Оңаша-оңашада қазақы мінезін сөз етіп, келеке-мазақ қылатынынан сезіктенетін тәрізді.

– Бүгін ашылатын көрмеге жіберетін адамдары болмай қап мені жұмсады. Содан шаршап-шалдығып қайтқан бетім.

– Сонда жазуға бардың ба? – Дархан ежірейе төнді. Дәл бұлай сұрай қалады деп күтпеп еді. Шықпай қалып жүрсе тағы ұят.

– Жазғансыдық қой, әйтеуір, – деп жалтара жауап берді.

– Сонда қалай?

– Көрген-білгеніңді түртіп бергенде тұрған не бар.

– Орысша ма?

– Шын жыласа соқыр көзден жас шығады екен ғой.

Көздері атыздай болып кең ашылып кеткен Дарханның таңырқау шалыстанған кескініне кекесін қабат үйірілді.

– Барласпен бақталас болып жүрмегей сен.

Алдынан сол біреу ыңғай шығады, не құдіреті бар өзінің. Нұрғаныш та әлденеше жолы: “Мәскеу жастарының арасында беделі жоғары”, – деген. Бұл жүрген редакцияда оның есімін әспеттеп, аузына алған орысты көрген жоқ. Осы жұрт лақап дабыраға көзсіз үйір емес пе өзі.

Дархан мен Шотбай екеуі қыстап қоймай ертіп шығып, бірнеше көлікке ауысып мінді. Бұл қай жерге келіп, қай жерде жүргенін айыра алмай қалды. Әйтеуір, еңселі үйдің таусылмайтын бұралаңы көп тепкішегімен жоғары өрлеп келе жатқанын біледі. Қызылқоңыр былғарымен қапталған есіктің қоңырауын Дархан үсті-үстіне сенімді басты. Бетін әжім шимайлаған кемпір басын қылтитып, көзін сүзе ұзақ телмірді. Түсі суық түксиген Дарханнан құдды шошынып тұрғандай.

– Тет Наташа, не узнаете нас? – Шалдарша белінен басып сөйлейтін орысшасынан Дархан қысылмайды.

– Ты черный, заходи, – деп кемпір шынжырды ағытып, есікті ашты.

“Черный” деген Бегімбеттің көңіліне дік болып тұрып қалды. Ойларына түк кіріп шықпаған екеуі кемпірдің соңынан нығыз басып барады. Қарт әйелдің кесек денесіне қарамай жүрісі лыпыған жеңіл.

– Людмила Нефедовна велела, – деп әлденені ескерткеніне Дархан мен Шотбай қиғылық салатын кісіше одырая қарасты.

– Когда-нибудь мы вас подвели? – Қосарласа тіл қатқан екеуіне сыралғы кейіпте телміріп барып кемпір ләм демеген күйі өз жөніне жүре берді.

Пәтердің ішкі орналасу тәртібі Бегімбетке таңсық көрінді. Бейсауат келген кімдер өзі дегендей әр тұсқа ілінген портреттердегі бейнелер сыншыл райда жасқанбай қарайтын тәрізді. Оқулықтардан кездесетін оқымыстыларға да ұқсайды. Жиектеріне қыз бұрымындай өрнек жүгірткен ағаш заттар еңселене қыдиып тұр. Арқалықтары ұзын-ұзын орындықтар қолбасшының ыңғайын баққан жауынгерлердей қалшия қатып қалыпты. Ақшаңқан дастарқанға жағалата тізіліп қойылған тәрелке, шанышқы-пышақ жалтылдап, адамды жұтындыра түседі. Бұрыштағы кісі бойындай айнадан сөлбіреген ұяң бейнені шырамыта қалт тынды. Қараторы өңі бозғылт тартып, көзі кіртиген, ұрты солып, мұрны үшкірлене түскен өз бейнесін жатырқап, селтие аңырып қалған екен.

– Беке, біз қонақтардың алдынан шығып, қарсы алып келейік, сен отыра бер. – Жайсыздау әсердің үстіне

Шотбай бір бүйірлей киліксе де, бұл өз ұсқынының осынша өзгеріп кеткеніне сенер-сенбесін білмей, даң күйі тұра берді. “Үлкен қаланың адамды басқаша ғып жіберетіні рас екен-ау”. Бес жыл бойына осында оқыған Нұрғанышқа түсіністікпен қарайтын ой қылаң берді. Төбедегі шаңырақтай люстраның алмұрт пошымды пиялайларынан өлімсірей түскен болымсыз жарығына ұқсайтын әлгіндегі ой лып етіп заматында сөнді. “Бұл не қылған отырыс?” – деді кенет. Дәл осы жерге қарағанда, шамаданын күніне екі-үш рет ақтарып қоятын литвалықтың қасында болу әлдеқайда ілгері сияқты. Қайдан шығып, қайда келгенін білмей дымы құрып тұр ғой, әйтпесе жүре берсе шіркін. Осы кезде есік ашылып, дабыр-дұбыр естілді. Араларында сыбызғының үніндей жіңішке дауысты бойжеткендер сықылықтап күлгендерінен қысылып, қандай ыңғайда тұрарын білмей асыпсасты. Марғаулау сопақ жүзді, қоңқақ мұрынды еңселі кісі жатырқаған сыңайда көзін бұған төңкере тастады. Селт етіп секем алған уақытта өңіндегі табиғи жуастық сұстана түйіле қалатынын аңдады. Қоқайған қазақтың соңынан кірген әйел:

– Бізден де бұрын келген қонақ бар екен ғой, – деді.

Ұзамай топырлап кірген үш-төрт бойжеткеннің алдыңғысы талдырмаш. Қағылез жұқалтаң пішіннің сәнсалтанатын бір-ақ сызық көзі ғана бұзып тұр. Еңсесін тіптік ұстаған екіншісінің жұқалап жаққан опадан борасын жүріп өткендей өңі шаңытып көрінеді. Алдыңғылардан әлдеқайда жас үшінші торы қыздың назары үркек. Ұяң жымыған уақытта еркелігі әлі қалмаған кейпінде сүйкімділік бар. Арсалаңдаған баладай мәз-мәйрам Шотбай аржақтан басын қылтитты. Отыздың мол ортасындағы әйел мен Дарханның қарасы да көрінді.

Қоқайған қазақ әйелі екеуі төрге, үш бойжеткен оң қанатқа, Шотбай мен Бегімбет қыздарға қарама-қарсы жайғасты. Үшеуі бастарын түйістіріп, сыбырлап әлденені айтты да, сықылықтап күлген кезде өзінен-өзі қуыстанып, берекесі қашты. Төрдегі дөңкиген марғау. Әлдене деп тіл қатқан әйеліне қабағын керіп, басын болымсыз шұлғыды. Қоңқиған қолақпандай мұрнының қалқасынан шімірігіп қоймайтын бетінің қалыңдығы білінбейді. Шотбайдың

тапал бітімі былқ етпейтін мық шегедей нығыз. Көсілісті кең ойға сұранған жазық маңдай. Аласы үлкен қарашығының нұры жұмсақ. Тік құлаған мұрны шолақ қайырылып, танауы жосықсыз делдиіп тұрады. Аузы мен иегінің арасы соншалық жақын орналасқанына кенет көзі түсті. Бағана аса зер салып қарамаған әйел Дарханмен қатарласып келе жатқанын көргенде, ерсілеу күдікке бара жаздап тыйылды. Қолаң шашын желкесіне шорт түйіп, басын қақшита тік ұстаған әйел көгілдір көйлегін төгілте билей басып келді. Қалт тоқтаған сәтте ұшатын құстай сәл алға ұмсынып, мойнын соза амандасқан уақытта жұп-жұқа жүзі алаулай күлім қақты. Аппақ тамағы үлбіреген балғын. Екі бетінің ұшы баланыкіндей шұқырайып, көкшіл жанарын мөлдіретіп төңкергенде, жүрек сыздатар қорғансыз мұңды пішінге енеді. Қатқыл кейпінен әлі жұмсармаған даусын Дархан самарқау созып шығарып, сәл кідіріс жасап сөзін қайта жалғағанда сүйкімсіз шаңқыл араласты.

– Людмила Нефедовна, сізге қонақтарды таныстырайын. – Дәл осы сәтте әркімнің алдына тамақ қоюға кіріскен қартаң әйелді жақтырмағандай одырая қарап алды. Кемпір бәрін жорта істейтіндей баяу созыла қимылдайды. Тәрелкенің шетінен ұстаған саусақтары шикілденіп қаны қаша дір-дір етеді. Басын шұлғып рахметін сездірген төрдегі кісінің қалың беті сазарулы қалды. Күйеуінің алдына қойылған тамаққа әйел назарын ұзақтау кідіртті. Үш қыз көгілдір көйлекті әйелден көз айырмай қадалды. Шотбай да мойны бір жаққа қарай қисайып кеткенін сезбеді. “Адам көрмегендей бұлары несі сонша?” – деді бұл таңырқаған күйі.

– Сәкен Тәңірбергенович Майлыбаев жазушы, ғалым, Надежда Федоровна жары. Ұстаз. – Күшеніп сөйлеген сайын Дарханның көзі үлкейіп, шарасына сыймай бақырайып барады. – Эти особы, – деді қыздарға шүйіліп. Көзі бір сызықтыны Гүлмайра, еркек пішіндіні Бақыт-жамал, еркетотайды Қатира дей келіп, Шотбайды Людмила Нефедовнаның әкесі Баевтың жолын қуушы суретші, Бегімбетті журналист деп соғып жіберді. Ертеңгі газетке мақаласы шығып бара жатқанын ескерте кетуді ұмытпады. Бәрі елеңдесе жалт қарасты. Бетінен оты шыққан Бегімбет жүзін төмен салды.

— Өте қуаныштымын! — Людмила Нефедовнаның үні сыңғырлаған ойнақы. — Бүгін сіздерге орыстың ұлттық тағамдарын әзірледік.

— Людмила Нефедовна, бізге керегі сол. Сізді шақырғанда дастархан мәзірімізді тек ұлттық тағамдардан жасаймыз, — деп Шотбай сөзге іле араласты.

— Сен не, Людмила Нефедовнаны Қазақстанға қонаққа шақырып отырсың ба? — деп Дархан оған ежірейе қарады.

— Шақырса несі бар екен? — деп Шотбай шап ете түсті.

Екеуінің сөзіне жазушы, ғалым болымсыз езу тартты да қойды.

— Между прочим, казахская кухня мне очень нравится, — деді төрдегі кісінің әйелі сөзге араласып.

— Айтпаңыз, ойлаған уақытта аузымыздың сілекейі шұбырады. — Гүлмайра күлген кезде сығырайған көзі біржола жұмылып кетеді екен.

— Ал, Сәке, сөз айтпайсыз ба? — Дархан қолқа салғаннан гөрі төрдегі кісіге бұйрық райда ажырая қарады. Селт ете сасқалақтап орнынан қолпая тұрды. Ұйқысынан әлі сергіп үлгермеген кісідей үні бұйығылана ұяң шығатынына таңырқады.

— Атақты кісінің үйінде отырып, сол кісі жұтқан ауамен тыныстағанымызға әйеліміз екеуміз бек қуаныштымыз. — Тілге жетіктігі құмығып естілетін даусын елетпей бірден баурап әкетеді екен. Алдыға қарай теңселе шайқатылып, көзін сүзе кідірген кезде инедей жылт еткен өткір сәуле өңменге сұғынып барып сұлап түседі. — Біз көп қасірет шеккен қазақ деген халықтың ұл-қыздарымыз. Ұлы орыс жазығы, ұлы орыс орманы бір халықты тым айрықшалау сияқты шәркездеу қабылданады. Осы ұғымды дегенмен адамзатқа ортақ қып тұрған орыстың көркем шындығының кереметі. Яғни, Пушкині, Толстойы. Ал қазақтың жапан даласы деген кімді де болса жатырқатпай қоймайды. Соны біз ұлттық озық ойымызбен адамзатқа жақындата түсуіміз керек.

Людмила Нефедовна көкшіл көзіне мейірім үйіре тыңдады. Күйеуіне масайрай қараған әйелі еңсесін тіктеп көтеріліп отырды. Бастарын жерден алмаған үш

қыз бен Шотбай жабырқау. Қоқайған қазаққа бұл не қылған жазушы өзі дегендей Бегімбет бір уақ аңыра қарап іркілді. “Неде болса тегін адам емес-ау”, – деп шала-пұла ойлап үлгерді. Людмила Нефедовна жазушыға аса жылы ілтипатпен келіп шарабын қағыстырды. Төрдегі кісі рөмкесін бір-ақ сілтеп ашырқана қабағын кіржитіп, қиярды мұрнына апарып біраз кідірді. Тап мына мұжыққа ұқсаған әдеті көңіліне күдік ұялатты.

– Қазақстанға деген сағынышымызды біраз басуға жараған қадірлі қонағымыз, Бегімбет мырза, сөз сізде. – Дархан даусын өрлете салтанатпен шығарғанына ма, жоқ, Қазақстан дегеніне елігіп кетті ме, бәрі дуылдатып қолшапалақтап жіберді. Қатты толқыған Бегімбеттің қараторы жүзі қуаң тартып, не дерін білмей күмілжіп, ұзақ кідірді.

– Қысылма! – деді Дархан қатқыл үн қатып.

– Мен қазір Гончаровтың Адуев деген кейіпкеріне қатты ұқсап тұрмын. Бірақ маған ешкім провинциясың дей қойған жоқ. Дәл осы отырыс Ростовтардың үйінде өтіп жатқан балға ұқсайды.

Төрдегі кісі бұған түксие қарап, болымсыз жымия жылы шырай бергенмен қабағы салыңқы.

– Алматинский гость оказывается очень начитанный, – деді жазушының әйелі.

– Я, конечно, Наташе Ростовой не гожусь, новсе-равно мне приятно, – деп Людмила Нефедовна күлімдеп келіп жылы ілтипат білдірді.

Еш әсерленбеген Гүлмайраның өңі солғын. Бір нүктеге тас қадалған Бақытжамалдың ойы басқа жақта тәрізді. Жалаң қаққан Қатира:

– Кто классик у читает, тот всегда достоин уважения, – деді.

– Аузымызға ілінейін деп тұрған ірімшікті қағып кеткелі тұрған жоқ па? – Дарханның құлағына сыбырлап айтқан Шотбайдың сөзін сол қалпы естіп қойды. Дархан одырая аңырып барып:

– Сен қарға болма, – деді қаттырақ күліп.

“Бұлар қарға, ірімшігімен нені меңзеп отыр?” – деді Бегімбет кіділене. Мұның өңіндегі өзгерістен секем ала жалт қараған Дархан түсін суыта кейкііп қалды.

– Дархан екеуіміздің өзімізше айтатын әзіліміз бар, – деді Шотбай ақталғандай.

– Енді біздің мадонналар сөйлейді, – деп, үш бойжеткенге жалпы назарын тастаған Дархан болымсыз езу тартты.

Людмила Нефедовнаға үшеуі бірдей алғыстарын білдірді. Қатира орыс ақсүйектерінің салтымен табыс-қандай әсер алғанын жеткізді.

– Сізді, Қатира Нүкеновна, ескіліктің көлеңкесінде қалды деп ойламаймын.

– Ескіліктің ізгілік жағы болады дегенді оқыдық қой, – деді Қатира Дарханға сезіктенгендей көзін мөлдірете төндіріп.

Дархан одан сайын өрекіп:

– Олардың ұл-қыздары дворяндықтан жерімесе, неге революциялық жолды таңдады? – деді.

Төрдегі кісі қызбаланған Дарханды жаратпағандай бажайлап қарап қолын көтерді. Сазара бөгелген кезде қалың қабағын көңілсіздік дендеп, күйзелгендей таусыла тіл қатты.

– Орыс дворяндарының жөнін біз айтпай-ақ қоялық-шы. Өзімізге тиесілі әңгіме бар емес пе!

Жасы үлкендігіне бола сыйлағанын білмеген төрдегі кісіге көзін алайтып, ашықтан-ашық жақтырмай тыжырынып алды. Масаңғыраған үні өктем жаратылысына үйлеспей әлсіз естілетін секілді. Кішіпейіл елгезек Людмила Нефедовна шарасыз жымиып қана отыр. Шотбай, үш бойжеткен бәрі Дарханды жаңа танып, мазасызданған ыңғайда абыржи бағуда. Сабырлы қалпынан танбаған төрдегі кісінің әйелі ғана. Бұл құқай бізге таң емес дегендей ұстамды. Орнынан лып етіп тұрған Людмила Нефедовна өзін жайдары ұстауға тырысып:

– Әкем арқылы қазақ халқының жағдайына жақсы қанықпын. Қонақты құт деп есептейтін халық дүниеде қазақ деп айтып отыратын. Сондықтан сіздер бүгін біздің үйге құт әкелдіңіздер деп ойлаймын.

Бәрі орындарынан атып тұрысты.

– Орыс заңы бойынша ішіп болған соң рәмкелерінді жерге ұрып сындырыңдар, – деді Дархан барқырап.

– Не надо, – деп Людмила Нефедовна шыр ете түсті.

Оған бәрі ду күлісті. Дүние деген шіркіннің алдында сыр беріп қойғанынан қысылып, қызарақтаған әйелдің жұп-жұқа қағылез кескіні алаулап, сынық тарта сыпайы күлімсіреді. Әйеліне күңк етіп әлдене деп тіл қатқан жазушының сазарулы әлпеті қызушалыстығын әйгілегеннен бөлек – қазақылықтан жұрдай ноқайлығын әлдеқалай сезіндіріп қойды. Оған назар бұрып қоймаған әйелі рәмкесін қағып салып, алға қарай омыраулай ұмсынып:

– На собраний сидим что ли, давайте лучше споем, – деді де шырқап қоя берді. Алматы отырыстарында орыстар айтатын әнді Мәскеуде есту қызық сияқтанды, әуен қайырмасына жазушы қосылған замат ұсқыны арақ уытынан алаңғасарлана көзі ойнақшып, алайып кетеді. Қыздар өздерінше шүйіркелессе, Шотбай жағын таяна тұқшыып отыр. Үй иесі сыпайы кішік қалпын сақтаса да өңі сәт сайын құбылып, алабұртады. Гүлмайра өннің ақырын тағатсыздана күтіп, тықырши:

– Людмила Нефедовна, ұмытылмастай жақсы отырыс болды, рахмет. Рұқсат болса біз енді қайтайық, – деді.

– Келіп бір қуантсақ, кетіп бір қуантайық дейсің ғой.

Дархан сөзіне ду күлісіп, дүр етіп орындарынан көтерілді. Бегімбеттен басқаның бәрі Людмила Нефедовнаның қолынан сүйіп қоштасты. Алдыға түскен Дархан жазушы екеуі әлдене жөнінде қоймай дауласып барады. Соңдарынан дік-дік басқан әйел жүрісі тегеурінді. Мыжыңдасқан екеуін тыйып тастайтын даусы шаңқ етіп шықты. Сол-ақ екен жазушы деген кісі әйелінің алдына түсіп алып өңкиіп жүріп берді. Қалт тоқтаған Дархан бір орнынан тапжылмай қалшыып қатып қалғандай көрінген. Жан-жағындағыларға қарайлап Дарханды қайтып іздесе, ұшты-күйлі жоқ. Келіп қалатын шығар деп күтпекке бекінді. Қоштасуға шоласын келтірмей, жазушы басына қарамай алдына салып, дедектетіп жөнелген әйелдің сонда не құдіреті бар? Үш қыздың ортасында Шотбай шалқақ барады. Дархан келіп қалар деп жалтақ-жалтақ қарағыштап бұл тұр. Алдындағылардан көз жазып қалсам, адасып кетем деп тағы қорқады. Көше шамдарынан төгілген

болымсыз сәуле аядай жерге шеңберленіп қана түсіп, назарың сәл былай қарай ауса айнала түгел қара түнек.

– Беке, бізден қалма, – деді Шотбай бірталай аралықтан дауыстап.

– Дархан қайда? – деді бұл адасып кететін баладай шыр-пыры шығып.

Дабырласа сөйлескен олар бұған еш жауап қатпады. Кенет жамыраса қатты күлісті. Бұл өзін мазақ қылып бара жатқанынан қуыстанды. Қатарласып жүр деп айтпағандарына және даң болып келеді.

– Жазушы, ғалым деп дәсер еткендерің іркілдеген орыс қатынның баспағы болып шықты ғой. – Бұл ащы кекесінді Бақытжамал айтқанын айырды.

– Это не простой, а золотой теленок. – Қатира сөзіне қыздар сықылықтай күлісті.

– Герой нашего времени насколько лет младше от нее? – Кезек енді Гүлмайраға тиді. – Он бес жас, позорище! Жігіттер, не боп бара жатырсыңдар!

Бегімбеттің бас шекесі аяқ астынан дың ете түсті. Әлгінде ғана тап осы әйелге өзі қатты құмартқан жоқ па еді. Нұрғанышты жазғырып, жеккөрудің орынсыздығы санасында қылаң беріп өтті. Тек тәштектің ыртаң-жыртаң шолақтығы көз алдына тірі қалпы келе қалған замат тежеусіз өшпенділігі шарасыздыққа ауысып, көкірегін жайсыз ашытып жіберді.

XVIII

Көлденеңінен көсіле шөккен жалға көтеріліп, ылдиға қарай құлдилап кеп қос бұрым жолға түскенде томпаңдап жүріп берген үлкен ұлының қылығына Сансызбай сүйсіне қарады. Қалақтай ғана кіп-кішкене жан иесінде қара тұтар естиярлық бардай кеудесін ыстық толқын желпіп өтті. Көзін алдыға алайта тастап, аттаған сайын беті бүлк ете қалатын әйелінің қабағы қату. Осынша болбырлығынан қорынып кеткендей шымырлап күреңіткен өңінің әр-әр жеріне ақ таңдақ теңбілдер қонақтағанынан шошынды. Мұны қыстай қызылсырағанға жорыды. Осы араға дейін үн-түнсіз ілесіп келген кішісі шешесіне қыңқылдап, көтер деп

қиғылық сала бастады. Түйіншегін онсыз да қоярға жер таппай келе жатқан жазған тап мынаған күйзеле күйініп, ұсқыны жылап жіберетіндей бұзылды. Қоржынды иығынан амалсыз түсірген Сансызбай:

– Құлдығың болып кетейін, келе қойшы маған, – деді.

Қай жағына көтермек дегендей кішісі көзін бақырайтып аң-таң күйі тұр.

– Төске жеткенше мойнына мініп қал, байғұс. Онан кейінгі күніңнің не болатынын бір құдайдың өзі біледі.

Өле алмай жүріп адамды осылай күйдіретініне не істерін білмеген Сансызбай маңайынан мият тұтар түк таппай аңырып тұрды да қалды. Балаға не керек, арсалаңдап тұра ұмтылған соң амалсыз қолына алды. Еңсесін жаза алмай әрең түзелді. “Сөз мұның несін алған екен”. Сұлатып тастамаққа бір оқталды. Балалары шошынып қалса тағы бәле. Өлденеден секем ала жалт қараған үлкенінің аласы күнәсіз аппақ. Қарашықтарын бұлт еткізіп наразы төңкеріп әкеткен сәт қап-қара моншақтай мөлтілдеп өтті. Иығы салдырап, қары талғанына қарамай шапшаңдата басқан Сансызбай: “Осы екеуі болмаса, көк тиындық құны жоқ қой маған”, – деді. Өлсін-өлі артына жалтақтап қараған кішісінің көзіне көлкілдеп тұрып қалған жас үсті-үстіне саулап ала жөнелетіндей. “Бала деген жазғанға шеше мен әкенің бірдей керектігін қарамайсың ба”. Бір нәрсенің реті бұзылып кеткендей кішісіне секем ала назарын салды. Мұны бөтенсігендей тартыншақтап, аузын шүршитіп жылайын деген сүрепетінен көңілі қобалжыды. Екі қолын шалдарша қайырып алған үлкені балпаң-балпаң басады. “Қатын дегенде ес бар ма өзі, осыларды көзім қиып қайда бармақпын?” Артына еріксіз бұрылды. Біреудің зорлық-зомбылығын аямай шегіп, аяғын алған сайын құлап қалатындай теңселе шайқатылады. “Осыдан гөрі ширақтау біреу кезікпеген екен”, – деді ашуына ерік бере. Құдайдың қолындағы іске шарасы жоқ қой. Баласын сүйгісі келіп құшырлана ұмсынғанда, мұның көкейін оқып қойғандай бетін алып қашты. Дәл осы кезде сопаң етіп дөңнен шыға келген салт аттыны көзі шалып, қалт тоқтады. Мезетінде санасын қиямпұрыс сезік кезіп үлгерді. Бет-бетімен

тентіреп босып жүретін ашаршылықтағы бейшаралардан аумаған тап мына түрлерінен қатты қуыстанды. Іргелес колхоз мүшесіне ұйғарайын десе, астындағы аты жарау да, ертоқымы су жаңа. “Бейсауат жүрген бұл сонда не қылған дөкей?” Әйелінің тұсынан бастырмалатып өте бере тізгінді шалқая шіреніп тартты. Басын аспанға қақшитқан аты алып жөнелмекке ұмтылып, ауыздықпен алыса жұлқынып бақты. Әйелінің саңқылдап шыққан даусы мұндаға дейін еркін жетті. Құлағын қанша түрсе де ат үстіндегінің жөнді қалай сұрап, не деп тіл қатқанын ести алмай қалды.

– Ақсақал колхозынан.

“Ақсақал” колхозын білетін сұры көрінбейді ғой, андағының”.

– Сансызбай дегеннің, мен соның қатынымын.

“Қатын болып жырғатып жүрген жоқсың ғой”.

Әйелінің әрбір жауабына кекесінмен іштей ілесіп тұрған. Төбел қасқа торы ауыздығын қарш-қарш шайнап, көзін ақита қырын келіп тоқтады. Демін ентіге алған сайын қос танауы діріл қаға делдиіп кетеді. Екі ұлы тап мұндай сұмдықты көрмегендей бағжиған күйлері қатып қалыпты. Кителінің түймелерін ат үстінде ағытып, аппақ жейдесінің тік жағасына жармасты. Күнқағарынан ұстап фуражкасын жұлып алғанда түтін түтеп жатқандай буы бұрқ ете түсті. Торсық дөң маңдайынан тік құлаған қоңқақ мұрнының ұшы имектеле салбырайды. Кесек ірі пішінге кішкене көздердің жыртия жымсиғаны келіспейді екен. Жылтыңдаған жанарында сыншыл уыттан түк жоқ, сұғанақтау аңғырт ұшқын.

– Иә, жол болсын, батыр?

Нақұрыс неменің “әлей болсын” деуге жарамағанына Сансызбайдың жыны ұстады. Аяқтарын кезекпе-кезек билеп алып тұрған атының әрекетін біршама қызықтап, бұған түйіле қарады.

– Бұл не сабылыс, тыныштық па өзі?

Жауабын керек қылмағандай темір жол жаққа қарай назарын бұрып, әлденеге ұзақ телмірді. Бұған қайта жалт бұрылып, іздегенін өңінен таппағандай қабағын түңілісті сыңайда шытынып, атының бүйірін қатты

тебініп қалды. Онсыз да ытырылып тұрған жануар ақилана атып жөнелді. Ерде қазықтай шаншылып отырған анау тізгіннен тастай қатып айырылмай, бас киімі ұшып кете ме деп ұстап алыпты. Қарасы көзден батқанша селтиіп тапжылмай тұрған Сансызбай: “Мынауың кім, пері ме, сайтан ба?” – деді таңырқай абдырап. Ең құрығанда екеуінің біреуін разъезге дейін алып кетейін деп ниет қылмады-ау. Әйелінің әлгіндегі уыты тарқамай тұрғанда, мына біреудің қылуасы түсініксіздігінен бөлек, балаларының алдында десі қайтып қалғандай пәс күйге түсті. Өзін құдай қырына алып жүргендей көрінді. “Баршылық уақытта байқамай кесір салып қойған жоқ па екен?” Көкірегін қарс айыра ауыр күрсінді. Қоржынды иығына іліп, баланы қолына алды. Ақырын ілбіп басты. Жаңағыдай пірсіздің ісі түсіп, алдына келетіндей күн туса қайтер еді. “Әй, қайран есек-дәмем-ай”. Өзіне-өзі жыны ұстады. Көкейін киіп-жарған ойларға дендеуге жүрегі дауаламады. Мынадай әйелмен ары қарай тұра беру азабы жанын қажап өтті. Жол-жөнекей қайдағы біреудің жуан жонын көрсеткенге бола балаларынан қорыну реті дұрыс па. Түсі қатты бұзылып кеткен-ау, тәрізі. Үлкен ұлының ұсқыны үрпиіп, жаутаң-жаутаң етеді. Қиғылықты сап қойған кішісі көзінің астымен томсара қарайды.

– Менің соңымнан ақырын ілесіп жүре беріңдер, – деді даусын әдейі қатқыл шығарып, “Мен бұларға бәрібір ат бола алмаймын. Қазірден бастап өз аяқтарына сеніп үйренсін”, – деді ішінен. “Қопа түсіп кетер ме екен”, – деген қауіп аяқ астынан ойына сақ етті. “Тоң жібіді дегенше, жер-дүние тас-талқаны шығып, мына ой түгел телегей теңізге айналады. Қарға адым жер жүрудің өзі мұң боп балшыққа малтығасың да қаласың”. Қопаның қашан түсетінін алдын ала болжайтын әкесі осындай мезгілде әрбір жусанның түбіріне үңіліп жүретін. Жол шетіне қоржынды қоя салып, жоғын іздегендей біраз араға тімтініп барды. Мұның екпінінен селтендеп елпелек қаққан жусан бастарынан тіршілік нышаны білінбейтін сұп-сұр. Тек сабақтарының әр-әр жерінен емшектеп келе жатқан бүршіктерді көрді.

Бал шелек атаулыдан құжынап ұшып шыққан арадай тозаңыта қыбырлаған сағым ары-бері қиғаштап жанарын талдырды. Қол-аяғын соза емін-еркін көсілген қарсы алдындағы дөңге құдды жан бітіп, айдын бетін қанатымен сабалап барып оятты. Шымырлаған дүние зор қысымға шыдай алмай атқылаған қайнардай жанарына құйылып, айнала түгел қарауытып кетті. Мінер жақтан қапталдаса ілескен өркеш-өркеш төбелер ұзыннан-ұзақ тұтылған шымылдыққа ұқсап мұнарта желпілдейді. Өн бойында құлшыныс қызудан түк жоқ құлазыған құлықсыз қалпы: “Жаңағы сонда кім?” – деді өзіне-өзі. “Дәл осы арадан Сұрапбай кезіксе әлдеқайтер еді?” Оның да қарайламай жүре беретін дәті берік пірсіздігін ойлады. “Негізі жарымағандар әйтеуір сұмдық”. Артына бағанадан бері бір бұрылып қарамапты. Шешелерінің екі жағына шығып ап борсаңдап басқан ұлдарын көргенде, көкірек шері қозғалып, көзіне жас үйірілді. Темір жолдың адамдары, құданың құдіреті, кісәпір. Ат-арба таппаса, қатынды қызыл май ғып, екеуін зорықтырып құртады-ау. Бала дегеннің мұндай құқайды көріп қойғаны теріс емес те шығар. Өзін жақауратып ішінен қанша ақтаса да көңілі орнықпай, ылдым-жылдым басты.

Қарайламай салып ұрып кеткеніне ақылдары жетпей арттағылардың даң болатындарын ойлаған замат кермек нәрсе тамағын қырнап өтті. “Өрі-сәрі болмай жүре бергенде осы уақытқа дейін барып та қалады екем-ау”. Көлденең белден асып таптаурын жолмен біраз еңістей түскенде шатырлы үй көз ұшынан шалынды. Бір кезде шойын жол бойының сарғыш түсті үйі ап-анық көрінді. Қонақжай жылы шырайдан ада томсарулы үйді даланың рабайсыз сидіған қарағаштары кірпік қақпай күзеткен сақшыдай. Бір жақ қабырғаға итіндіре салынған қораның тіреу ағашына қаңтарыла тұқырта байланған әлгіндегі ат кегжең еткізіп басын жұлып алғысы келді. Өйтуге шамасы жетпеген соң көзін “сен жазған ба едің?”, – дегендей төңкере тастап жайына көшті. Сауыс-сауыс қатқан терді үгітіп, ұйпа-тұйпа омырау мен сауырын тарап, іртіктерін жаза алмай әлектенген біреу мұның дауыстап амандасқаны-

на селт етіп бұрылып та қарамады. “Мынауың жарыл-қай қоймас”, – деп ойлағанша болған жоқ үйден жастау әйел атып шықты. Состиган бұған назарын абыржыта кідіртіп, содан аттың маңайында жүргеннен:

– Мына кісіге жөн жауабыңды бердің бе? – деп қадала сұрады.

Басын жұлып алып, шұңғылы терең жанарын қалт тастады. Сұрғылт аясынан жыландікіндей зәрді сезініп, бойы тітіренді.

– Тентірегендердің есебін алып жүретін мен кім едім саған! – Әлденеден өшін жіберіп алғандай даусы тым қатқыл шықты. “Енді қайтер екем?” – деді ішінен асып-сасқан бұл. Ақсары жұқалтаң жүзі алабұртқан әйел қиғаш қасын жиыра қалт тынды. Тіл қатудың ретін таппай тығылып, кенет жұлқына шалт бұрылып, қораның есігін серпіп ашқан бойда ішке қойып кетті. Шаруалау күрең атты жетектеп әкеліп, шылбырын ұсынды.

– Бағана естіген бетте шыр қақтым. Іште арба керек-жарағымен тұр.

– Ат-арбаны төркініңнен алып келіп пе едің?

Тізгінді алар-алмасын білмей қипақтаған бұған:

– Мә, ұстаңыз! – деді әйел даусын нығарлай шығарып.

Екіойлы кейіппен алып, ат басын қораға қайта бұра бергені сол еді.

– Тоқта, өзім жегіп беремін, – деген үн ту сыртынан шырылдап шыққандай көрінді.

– Бағанағы тарпаң шақарлық ізі-ғайым жоғалып, атты сөлпең қаға жетектеп бара жатқанына сенер-сенбесін білмей аңырды. Есіл айбат-сестің зая кеткенін ойлап, көңілі олқы соға селтиіп барып, әйел жаққа көз қиығын салды. Қаны қаша қуқыл тартқан өңімен күйеуінің қарасы қораның ішіне батқанша көзімен ұзатып салды да сып беріп кіріп кетті. “Өзгенің үйелмені қалың қорыс екенін”, – еріксіз ойлады. Әлгіндегі атты арбасымен жетектеп әкеліп, мұның қолына құлықсыз ұстатты. Арба белдеуіне бірден жармасып “піссіміллә” деп үстіне қарғып шықты. Божыны қаққанда-ақ ытырыла жөнелген шаруа торының дөңгеленген жуан жоны бұлтылдап

ойнап, қоңдылығынан жұқа шабының жиырылып жазылғаны білінбейтінін байқады. Екі-үш үйлі разьездің күйлілігі жұмыс атының жұтынған жарамдылығынан білінетініне амалсыз жүгінді. Бүк түскен бұйығы дүние: “Әзелде жаяу жүрген жазған еді, сестенген сиқыңа болайын”, – дегендей таңырқасып, ежелгі қалпына лезде көше қоятын тәрізді. Торыны құйғытып желдірте түскен уақытта қатты шыққан арба салдыры үй иесіне жетіп, құлағына жайсыз тиіп жүрер ме екен деп қуыстанды. Белге көтерілгенде сонадайдан ширатыла көлбеген мың-сан иірім сағымнан үшеуінің зорая ербеңдеген қозғалыстарынан ашулы наланы сезген мезет Сансызбай тынышы қаша тықыршыды. Тұстарынан екпіндетіп өтіп барып торыны шіреп тоқтатты. Абдырай бағжиған екі ұлының ұсқындарынан жатырқаудың жабайы нышанын байқады. Қолдарына ұстаған тұмақтарынан бусанған бу сыздықтаған түтіндей созылып шығады. Шөкімдей кекілдері ұйпа-тұйпа. Үлкенінің сопақ әлпетіне қиналысты кірбің молырақ ұялап, тұп-тұнық шарасы наразы мөлдіреді. Келтелеу мұрны делдиген кішісінің шақшиған жанары зәрлі ұшқын атады. Жүзі қап-қара боп түтігіп, кібірткі-кібірткі басып қалт тынған әйелінің әлек-шәлегі шыға көкірегі көріктей көтеріліп басылды.

Қатын-балаларын арбаға мінгізіп, кері қарай қайыра жүргенде, қайдағы біреудің ат-көлігіне отырғанға бола бойына бір желік біте қалғанына таңырқады. Осы бойда төске тартып кетпек ой қылаң ұрды. Әлгі әйелдің алдында пенделік әуселесінен ыңғайсызданатын халден біразға дейін арыла алмады. Шегір көз неме мыналарға бірдеңе деп есін шығарар ма екен деп қауіптеніп те келеді. Ары қарай қайтпек керектігін ойлауға дәті бармайтындай. Жаңағы әйел қайырын аяғына дейін қылып, жақсылап шай берсе шіркін. Шегір көзді осынша ауызды көргенде шошып кетіп жүрмесе де, әуелі. Неде болса бара көрелік. Әйелінің жүдеулеу олпы-солпы сүрепетін мына шаңырақтың мөлдірей жұтынған ұрғашысына көрсетуден қорынатын сезім көңілін пәсейтті. “Жазған-ау, өз сұрыңа қарамайсың ба”, – деген ой қабаттасты. Аулаға тақағанда атты әдейілеп

естісін дегендей дыбыс бере тоқтатты. Біреу-міреу шығып, “кіріңіздер” деп ықылас танытатын түрі байқалмады. “Жүрек жалғап алайықты” тайынбай айтуға бекініп, үйге қарай беттеді. Сырты даңғарадай үй дәлізінің ені тап-тар да, ұзыны қып-қысқа екен. Есікті ашып қалғанда-ақ былқылдап қайнап жатқан еттің мұрын жаратын дәмді иісі тәбетін қозғады. “Ашаршылықта да өлмеп едім ғой, мұным не?” – деп нәпсісінің обырлығынан қысылды. Өзегі талып, іші қалтырап, әлдәрмені кетіп бара жатқанын сезді. Әбден көкжанға айналып, қызылсыраған әйелі мен екі ұлына осы дәм бұйырса екен деп құдайдан тіледі. Әлгіндегі елгезек қалпынан айрылғандай қамыр илеп отырған әйел сазара қарап:

– Келіңіз, – деді салқын райда.

– Қазір, қазір, – деп сыртқа ата жөнелді.

Арбаның үстінде әлі тапжылмай отырған әйелі мен балаларының қамсыз кейіптеріне қатты жыны ұстады. “Мыналар ештеңенің жөнін білмейтін әлі кішкентай, ал үлкен төбетке не жоқ десеңші. Кісінің дүниесі екенін неге ойламайды бұл”.

– Көшірін күткен бастықтардың қатынынан аумай қапсың ғой, түгі. Айналаңда қандай ел барын бір уақ түсіп көрмейсің бе.

Аларта шалт тастаған көзінің сұғын әйелі мұның өңменіне ұзақтау қадады. Езуіне ащы кекесін үйіріп, сенің жайың белгілі ғой дегендей жүзін бұрып әкетті. “Сүлдесін сүйретіп жүріп осынікі неғылған кеуде”, – деді зығырданы қайнап.

Үшеуін үйге қарай жіберіп, тіреу ағаштың тұсына атты жетектеп апарды. Төртелерін ағытып тастауға оқталып, бір ауыз иесінен сұрау керек шығар деп тосылды. Көңілін “Өлмегенге өлі балық жолығады” деп демденгенмен, желпіністен жұрдай. Еншісі бөлінбеген алаш баласы деген күнде де – кісі үйінің тамағын аңдыған сұмдықты көрмепті. “Жаратқан ием, түбімді ондай көр”, – деді жалбарына үн қатып.

Қабағы қату әйелдіңшырайы бара-бара жазылды. Тымпиып алған екі балаға аракідік көзінің қиығын қадап болымсыз жымыып қана қояды. Тап мына сұрлары

баланикіне ұқсамайды. Алдағы көресіміз не болмақ дегенге келетін алаң көңіл бейкүнә әлпеттерін ересек қып көрсетеді. Төр қабырғаға ілінген тұскиізге назарын кідірткен әйелі еденге төселінген қырғыз шатыс сырмақтың әдемі оюларын аялай сипап, бұған секем ала жалт қарады. Бұл селт етпеді. Іргеге шәйі шымылдық тұтылыпты. Тамақ қамымен жүрген әйелдің келістіпішініне лыпып бояу жүгіреді. Қаршығадай қалт етіп жан-жағына көзінің қиығын өткір тастаған мезет қияқ қасы жиырылып жазылады. “Шымылдық құрылғанына қарағанда, жаңадан қосылғанға ұқсайды”. Тұрғылықты жұрттың жинақы тіршілігі мен ұсынақты қолын таңсықтау Сансызбайдың бұрын жоқ әдеті еді. Қазір таусылысты халдің жайсыздығынан өзін кезбе сезініп отыр. “Шегір көзді қайда кетті екен сонда?” Кіріп келген кезде жүдеген ұсқындарды көріп, өңінің қатты бұзылатыны елестеді.

– Қолдарыңызды шайып, тамаққа келіңіздер, – деді әйел көзін бұған ойнақы тастап.

– Қожайын келген соң бір-ақ отырайық.

– Иә, солай болғаны дұрыс қой, – деді Дариға мұны қоштап.

– Ол Қопаға кеткен, кеш келеді.

Қолайсыз сезіністен арылған Сансызбай дастарқанға ықыластана жайғасты. Бұл серпілісі әйелінің назарынан қағыс қалмайтынын білсе де елемеді. Екі баланы қаусыра құшақтап алға қарай жылжыған Дариға мұның көкейін оқып қойғандай көзін суық қадап өтті. Еттің буын бұрқыратып ортаға қойған әйел құдайы қонақтардың жүздеріне ұялаған кірбіңді байқап, қабағын таңырқай кере:

– Келіңіздер, – деді.

Аусарлана ұмтылған екі ұлының жылт еткен көздері ашқарақ ұстамсыздығын аңдатып қойды. Әй-шайға қарамай бас салатындарын қаламаған бұл керенау қалыппен сазарып отырды. Ұмсына беріп қалт тынған әйелі бастамайсың ба дегендей абыржи қарады. “Саған не жоқ, осы”, – деп әйеліне ішінен кіжініп алды да асқа асықпай бата жасады. Майлы жамбастың қалың етінен әуелі екі әйелге, содан балаларына бір-бір тілім кесіп берді. Балаларының аял қылмастан бірден қылғытып

жібергендерінен қысылып: “Қасқыр боп кеткен бе, бұлары несі?” – деді ренішті күйде.

– Өзіңіз де аузыңызға салып қойсаңызшы, – деді әйел.

Аузына бір түйір апармай, жапырақтап турауға кірісті. Мұның қолынан көз алмай жаутаңдаған балаларын да елең қылмады. Әйелінің тағы бір-бірден кесіп берсеңші деген телмірулі әлпетін аңдаған замат: “Жаңағының өзі сені аштан өлтірмеуге жарайды”, – деді кекетіп. Ашкөзденсе адамның тойымы жоғалады. Сондайдың талайын ашаршылықта көрген. “Тап осы дәм бұйырмай кеткенде қайтер едік”, – деді Сансызбай ойша ерегісіп. Жүре бергеннен басқа амалың бар ма”. Дауыс құдды басқа жақтан шыққандай айналасына секем ала сезіктеніп қарап қойды. Назары әйеліне түскенде, қаны қаша сұрланып, кескіні қуаң тарта құбылатынына қалт кідірді.

– Түсіңіз өзгеріп барады, ауырғаннан саумысыз? – деді Дариғаға үйіріле төніп түскен әйел.

– Ішімде бірдеңе түйіліп қалғандай қинағаны, – деп жауап қатты.

– Жел қарысып қалған ғой, ыстық-ыстық сорпадан ішіп жіберіңіз.

Бір кесек етке телмірте тілентіп қойған әлгіндегі қылығына қатты қысылып, арам ойға жүйрік өзімшілдігіне көз жеткізді. Үлкен кесеге ілпідете құйылған сорпаға үздігіп қарағанымен ұмсынып алуға шамасы келмеді. Маңдайының сызаттарынан аққан тер самайынан саулап төмен құйылып жатыр. “Зорығып қалды ма екен?” – деді шүйіле қараған қалпы.

– Көкөзек уақыт жаман ғой. Кішкене жатыпалыңызшы, – деп безек қаққан әйел жастық пен төсенішті алып келді.

Бір-екі ұмтылып орнынан әупірімдеп көтерілген Дариға шайқалақтап барып әрең-әрең түзелді. Қолтығынан “піссіміллә” деп демеген әйел төсекке әлтік-тәлтік басқызып апарып жатқызды. Мұндай сұмдықтың байыбына бара алмай шошынған кіші ұлының көзі ұясынан шыға бақырайғанын көріп, жүрегі қорғансыз қамығудың сырына бойлай алмай шымылдады. Шешесіне сүзіле томсырайып қараған үлкенінің әлпеті

көңілін тербемеді. Асқа қолын кінәз созды. Бір жазылып, бір жиырылған Дариға маңдайының сай-сай әжімдерінің арасы шикіл тарта қызғылттанып қалыпты. Үш арсыздың бір міндетін өтеуге кіріскен ұлдарын біраз бақылап отырды. Қу тамақ алдында өздерін тежей алмай бас қойған кезде ашқарақ ұшқын атқан көздерінен жыртқыштық құлшынысты мына бір әйел сезбесе екен деп тіледі. Етті қомағайлана асаған үлкені екі көзін тарс жұмып алатынын көргенде : “Тілеуі жаман мысыққа ұқсама”, – деп жекіп тастауға бір оқталды. Онсыз да шекелері қызбай жүргенде жасытпай-ақ қояйыншы”, – деп ойлады.

– Тамақты көптен жесеңдер мықты жігіт болып өсесіңдер, – деп әйел ойнақы тіл қатқан сияқтанды.

Тамаққа ашқарақтана кіріскен балаларды одан бетер өршелендіре түскен пиғылында не жатқанын кім білсін. “Жұрттың толымы өздерінікіндей ме екен?” Жап-жақсы ұрғашыға ұйғарған адамын бірінші жолы жаратпай қалды. “Қатын осы бетімен қатты жығылса айдалада не істей аламын?” – деген мазаң ойдан миы солқ ете түсті. Жанарының ішінен атқылап шыққан қайнар сұрапыл шымырлап, зымыраған шапшаңдықпен қарауыта жөнелді. Кеселді кесір ой көкейіне келе қалса жақпайтынына талай мәрте көз жеткізген еді. Жол үстінде қыңқылдап жылап қоймаған кішісіне ұмсынған шақта тілімен оңдырмай шағып алғанына қатты кектенген еді. Астамшылыққа абайсызда барып, түрлі ойға түскенін құдай біліп қойған-ау. Мұның сонда қатынынан артып тұрған жері қайсы. Өзіне деген жеккөрінішті сезім өршіп, ешбір жайдың байыбына бара алмай сазарып қана отыр. Қабағын шытынып алған әйелі кірпігін әлсіз қимылдатқаннан басқа әрекетке баруға шамасы жетпей талықсып жатыр. Жан арпалысынан жүзіне кірбің қалқып шығып, өңі қуаңыта солғын тартып барады.

Балаларының жыландары қайтты-ау, шамасы. Өйткені томпиған тоқпейіл қалыпқа көшті.

– Замандас, бір кесе шай ішіңізші, – деп Дариға қасына жүрелеп отырған әйел даусы жарықшақтана шықты.

Дариға кірпігін болымсыз қимылдатып, көзін ашқанда жанып болып сөнуге айналған оттың қозынан аумай жанары өлімсірей жылтырайды. Орнынан сып беріп тұрған әйел қаздаң-қаздаң басып ары бір барды, бері бір келді. Лап етіп толқындана қызарған аққұба жүзі беймазалана құбылып, көз қиығын суық тастап өтеді. Өзгерістің төркінін неге жорырын білмей дал болды. “Қайтсе де бір қағынды келді”, – деді. Біреудің әйелінің қабағын бағу не деген тотанақ. Ары қарай не істемекке тірелгенде Сансызбайдың төбе шашы тік тұрды. Біреудің қолына қарап, ас-суына жалдырау дегеннің құдайым бетін ары қылсын. Екі баламен жүре берейін десе, қатынды танымайтын-білмейтін жерге қалдыру ыңғайсыз. Күйеуінің қияңқы мінезіне көнбей, арбаны жұлып әпергенде ішінен “бақытың ашылғыр бейшарай”, – деп қатты разы болған еді. Содан кейін шырайы мың өзгерді. Алғаш кіріп келген кезде салыңқы райынан қауіп алып қалып еді. Біраздан соң оңалды. Енді ұрынарға қара таппағандай жұлқынып жүр.

– Тіпті болмаса станциядағы ауруханаға апарыңыз.

Сансызбай жалт қарады. Есік жақтауына сүйенген әйел реңіне қиналыс үйіре телміре қарап қалыпты. Төне қадалған қарашықтары мөлтілдеген қап-қара ноқаттай. Тұп-тұнық мөлдіреген шырақ үркектей жаудыраған мезет сезімді елбіретер мұңды да нәзік. “Қатынға арбалатындай уақыт па қазір, құдайым-ау”. Сансызбай шіміріге сергіді. Әлі алда кешті батырып, түнді өткеріп, таңды атыратын аралық сұмдық ұзақ уақыт болып көрініп кетті. “Құдайдың бұл да бір бізге жіберген сыны шығар, бәлки. Осылар аман болса, бір жағыма шығуға жарар деп балаларына назар сала қалт тынды. Екеуі екі жаққа аяқ-қолдарын көсіле созып, баяғының батырларынша ұйқтап жатыр. Сақалы шығып жат болғанға дейінгі мұнша қаперсіздік қамсыз-мұңсыз қалпында осылай жалғаса берсе не тамтығы қалмақ деген ащы ой иектеді. Маңдайына жазылып, меншігіне айналған ауыр бейнетті жалғыз өзі көтеруден жүрегі шайлығып кетті. Екеуіне қайтадан көз тастағанда, бала деген шіркіннің алаңсыз ұйқтаған дауасыз өзімшілдігіне ашуланар я ашуланбасын білмей қалшиып қатты да қалды.

“Фельетоншы Заңғарбек Сардарбекұлы” деген маңдайшадағы жазуға кабинетіне кіріп-шыққан сайын көзі түседі. Қарамай-ақ өтейін десе, арбап тұратын бір сиқыры бар. Әрбір әріптің бедер нақышынан етжақын дыбыс-әуені санасында жаңғырығып, ыстық лебі жүрегін шымырлатып жібереді. Қағынған сырт көздің біреуі бұл әдетін байқап қойса іліп әкетіп, біраз әңгіменің тамызығы болатынын да біледі. Жұрттың басқаша қарай бастағаны осының арқасы емей не. Жетекші бөлім бастығының өзі бұған күніне бір бас сұғып, жұмысының жай-жапсарын сұрауды ұмытпайды. Түсін суыта шүйіле қарап: “Байқастап жүр”, – деп қатқыл ескертеді және. Жасы үлкен адамның қормалдығына етжүрегі езіліп, ес тұтар жалғыз жақынындай осы кісіге ғана ағынан жарылып сыр ақтарғысы келеді. Аса байыпты сыншыл назар сол уақытта ту сыртынан қадала қарап тұрғандай өзінен-өзі секем ала селт ете түседі. Содан соң абдырап, айтып отырған сөзінен жаңылып қалады. Мына кісінің көктұқыл иегінің ұшы ғана көңілге демеу; әйтпесе әжім шимайлаған жүзінің бүкіл бітісі әйел кейіпті екенін кейінгі күндері анық аңғарып жүр. Кілмиген кішкене көзінің қарашығы күлгін реңде телміре жаудыраған мезет жалтаң қаққан жалпаңшыл жаратылысы әйгіленіп қалып көңілі қоңылтақ тартады.

Сая тұтар көлеңкесі, бас сауғалар панасы жоқ қазір бұл кісі де бір, алқам-салқам шұрқ тесік киіз үй де бір. Қоғадай жапырылып, қақ жарыла жол ұсынып, жамыраса амандасатын әдетінен жұрт сап тыйылған. Басынан көп құқайды өткерген әккілігі мол жырынды кісі емес пе, бұған әйтеуір үйірсек, бейіл-ниеті түзу. Осы кезде үстіне үш курстасы кіріп келіп, мұның қатқыл қабағынан ошарыла тосылды.

– Зәке, кедергі жасасақ кешір, – деді сыпайы жымыған Зернебек.

– Жаңалықты естідің бе? – деді керемет әсерден көзі бағжиган Бекен.

– Алматыны былай қойып, бірден Мәскеуге ауыз салыпты жерлесің, – деп Жарақбай бұған өңмеңдей жақындады. Бүктеулі газетті жазып жіберді де, Кеңес

Одағы ауыл шаруашылығы жетістіктері көрмесінен жарияланған репортаждың авторын сұқ саусағымен нұқып тұрып көрсетті. Өз көзіне өзі сенбей сілейген Сардарбекұлы: “Ол жаққа бұл қайдан барып жүр?” – деді әуелі. Мынаған маңдайшаға ілінген аты-жөні астар болуға жарамайтын сияқтанды. Көңілі су сепкендей басылды. Дүйім елдің жақсысына ұмтылысын кес-кестеп көлденеңдейтін Бегімбетке деген қызғаныш уыты өзегін қуырып жібере жаздады. Жігіттерге сыр беріп қоймайын деп зорлана күлді.

– Бұл ит маған неғып хабарласпай жүр десем, алысқа шырқап кеткен екен ғой. “Бітеу көкірек неме, дерегін айтып кетсе қайтеді. Хабарым болғанда, мыналарға сыр бере қоймас едім”, – деді ішінен ыңғайсыздана.

– Бір шөлмек қызылға жаздырып алған сабаз шығар. – Жарақбайдың дауыс ауанынан сайқымазақ сарынын аулаған Сардарбекұлы оған шекесінен одырая қарады.

– Бұлардың үй іші түгел орысшаға жүйрік. Мәскеудің кинорежиссерлық оқуын әпкесі былтыр ғана бітіріп келген.

– Мақала қалай жазылып, қалай шыққаны түсінікті болды.

Жарақбай басының сопақ бітісінен миының мөлшер шамасы білініп қалатындай. Қалыбы олақ кісінің қолынан шыққандай. Түсін суыта кегжие шетірейген мұның алдында жазып-жаңылған сыңайда үшеуі үн-түнсіз сыртқа беттеді. Жасына лайықсыз желкесі жуандап күжірейген Бекен тұрпатынан есею белгілері шаң беретіннен еріксіз тосылды. Жорғалай жөнелген Зернебек қаттырақ дауыс көтерсе шоқиып отыра қалатындай сақ басып барады. Шалшық лайсаңға аяғын малып алатындай абайлап адымдаған Жарақбайдың жып-жылтыр шекесінің тамырлары адырайған білем-білем.

Алдында жатқан газетке қалт кідіріп, көз жүгіртіп өтті. Қазақ баласы жазбағандай, сөйлемдерінің орам мәнері тым бөтен. Жарақбайдың әлгіндегі күдігі құлаққа кіретіндей, сілейіп отырды да қойды. Бір кезде Белдікбаевтың не білгені бар екен деп телефон нөмірін теріп еді, даусын ә дегеннен танып:

– Заңғарбек бауырым, ақ түйенің қарны жарылған күн бүгін. Баламыз айды аспанға бір-ақ шығарған жоқ па, –

деп түбі түскен шелектей даңғырлай жөнелді. “Кішкене ғана нәрсенің өзі қазаққа қуаныш екен-ау”. Оның үстіне мынаның екпіні жуық арада басылмайтынына көзі жетіп, аяғына дейін тыңдауға іштей бекінді. – Өзіміздің бала ғой деп қоймай жүріп қостырып едім. Соным өте дұрыс болыпты. – Қайыр-қош деместен тұтқаны қоя салған уақытта “мынауың жын ба, пері ме”, – деді аң-таң қалып. Өзіне деген нық сенім әрі-сәрі, кәде тұтар түк жоқ көңілі сұлық. Ойына сап етіп Асқарбек оралды. Түнеукүннен кейін ат құйрығын кесісейін деді ме, тым-тырыс. Құрышбек қарасын көрмегелі де қай заман. Осындағы шуылдақтардың қасында оның бірқыдыру кісілігі барын іші біледі. Діттегені Асқарбек те, Құрышбек те емес. Сәбираға келгенде дымы құрып, аялап сезінудің өзіне хақысы азайған шарасыз хал жанын жабырқатты. Шарасы күнәсіз үлкен көздері жаудыраған мезеті елес берген уақытта ток ұрғандай өн бойы шымырлап, ду ете түсті. Еліктей елеңдеген қағылез жаратылыс иесін абайсыз алыстатып алып, ендігі ұмтылысы кеш, зая екенін ойлаған сәтте ессіз ашынудың өкініші өзегін өртегендей.

Асқарбек қылуасы есіне қабаттаса оралып, іші қылп етіп әлектенген қиналысының үстіне сұңқиып жетекші бөлім бастығы кіріп келе жатты. Қабағындағы сейіліп үлгермеген кірбіңді сезімтал аңғарған елгезек кейіппен жаутаң қаға біршама сілейіп тұрды. Жалтақтап есік жаққа қарағанда көкпеңбек иегі үшкірлене имектеліп, мұрнына тие жаздайды. Жарық қосатын түймеге, тас төбедегі электр шамына бөлекше сырын білетін кісідей алма-кезек шүйіліп алды.

– Маңқаның екпіні қатты, Жұмекенді кетірмей тынбайды-ау.

Сардарбекұлы төбесінен жай түскен жаманатты естігендей орнынан қопаң етіп бір-екі көтерілді. Жетекші бөлім бастығын әдейі арандатып тұрған әзәзілдей қатты жатырқады. Кестеленген тік жағалы көйлек киетін басшыны “маңқа” деп айтуға аузы қалай барады. Әжім шимайлаған атжақты аққұба жүзі қан-сөлсіз құп-қу. Жыларман күйге жеткендей мәлие телміріп, терең күйзелістің әсерінен бет-аузы қисаңдап:

– Көресің ғой, орнына бір орысты қонжытып отырғызып, қазақ бейшараны содан қайтып жолатпай қояды, – деді. Көктұқыл иегі қасабалы қатындікіндей шошаңдайтынын аңдады. Келешегінен үмітті адам мұндай сөзден аулақ жүру керектігі миына шапты. Көз алды тұнып, құлақ шекесі дыңылдады да тұрды. Адалын айтып, ағынан жарылғандай көрінсе де, көңілі дүдәмал. Көмпістіктің мәнді-мәнді шексіздігі созыла түсіп ұзыннан-ұзақ сұлаған сары жол бейнесінде елестеп өтті. Өмір бойы төменшік ұстап, жазықты сезінудің зілмауыр салмағы жүрегін езе жаншып жіберді. Қарсы алдындағы беті быж-тыж кісінің жазған мақаласынан сондай ойдың қылауы ұшпайтынына қайран. Енді айтып отырған сөзінің сиқы мынау. “Көзімді құртпақ пиғылы бар шығар”, – деген қауіп көкейіне қонақтаған замат үрейі ұша түсі қатты бұзылды.

– Сен менен қорықпа, – деді Қақан мұның ойын дереу оқып қойғандай. – Өлексе аңдыған құзғын ниеттің қайда апарып тынатынына көзіміз жететін уақыт болды емес пе. Бас көтерер адамың қалды ма, айтшы маған! – Жарықшақтана шыққан даусының әсері жайсыз. Суланған көздерінің жиектері қып-қызыл. Томсара тыңдаған бұған шүйіле төніп түсіп: – Білемін, сен маған сенбей тұрсың, – деп, жалт бұрылып сыртқа беттеді.

Сардарбекұлы оны тоқтатуға бір-екі мәрте оқталды. Ерек жаратылысына деген секемі қылаң беріп, қорқақтығын амалсыздан мойындайтын тығырыққа қамалды. Сүйегі баяғыда қурап қалған атақты қайнағасының әруағын кие тұтатын шешесінің әрекетін ескілікті соқыр нанымға қиналмай ұйғара салатын. Мұндай айнымас тұрақтылықта жүректілік барына күтпеген жерден көзін жеткізді. Осынша ұстамдылықтан Сардарбекұлы сескене қобалжыды. Тағдырдың төтеннен киліккен сынына қасқайып қарсы тұруға тәуекелі жетпейтінін ішінен бірінші жолы мойындады. Асқарбек сөзі шешесінің құлағына жазатайым тисе, оны кешуі екіталай. Мұншалық пұшайман күйді басынан өткеріп көрмеген бұл айналасынан жүдеген көңілін демдейтін түк таппады. Осы кезде есікті жұлқып ашқан татар келіншек шап-шағын дөңгеленген кескінінің торсық маңдайы мен кесек мұрнын көрдің бе дегендей түксие төніп түсіп:

– Редактор шақырып жатыр, – деп дүңк ете қалды.

“Мынаның өң-түсі келіспей тұр, бастықтың көңіл күйі мәз емес-ау, шамасы”, – дегенді көңіліне түйді.

Дауыстап амандасқанына редактор селт етпеген қалпы салыңқы қабақпен қарады. Ашаң кескіні онсыз да сопайып, ұзара өскен қастарының қылшықтары дүрдиіп, айбат шегуге шақ тұрған жәндіктен аумайды. Аузын болымсыз жыбырлатып, терезеге ұзақ үңіліп, бұған одырая жалт бұрылды.

– Ертеңнен қалмай Жамбылға аттан. – Өзі бұрыштама қойған хатты бұған қарай лақтырып жіберді. “Жұмекеңнің жағдайы бұған да қатты батып, қабырғасы қайысып жүр екен-ау”, – деген кекесінді ой көкейіне келді. “Сендерге сол керек”, – деген табашыл ой қылаң етті.

Алдындағы қағазға шұқшия қадалып түксиіп отырған редактор бұған назар салып та қоймады. Әлгіндегі хатты құлықсыз ұстап, сыртқа қарай шығып жүре берді. “Орыс келсе қайтер дейсің, керек десең тәртіп орнайды”. Дәл осы тоқтамға жүгінбекке қанша оқталса да, жанын тыншытпайтын сезік секемі ұлғая түсіп, қауіп-қатердің бұлты үйіріліп келе жатқанынан жүрегі шошыды. “Ертеңнен қалмай Жамбылға аттан”, – дегендегі редактор сүдінінің суықтығы ұнамсыз. Қосүрей жұрттың аузы сыпыра ақырзаман. Қадір-қасиетті білмейтін қаптаған бөтен жерінді тозаң ғып, көліңді суалтады тақылеттес сөз құлақ сарсытады. Сондайда жан-жағынан қыспаққа алған зор тегеурін тұнжырай анталаған сұсты назарға айналып, жанын жабырқатады. Өзін көктей солуға қимайтын мазаң ой арманда кететін қауіпке ұласқанда көкірегін қарс айыра ауыр күрсінді. Көзінің қиығын тастаған мезет қалақайдай жұп-жұқа кескінін лап етіп тұтас бояу шарпыған елес жүрегін езіп жібере жаздады. Елік лағының қалт ете жалт беретін түздік жаратылысына келетін сұлу мінездің аса тартымдылығын туасы өзегі өртені өкінішпен сезінбеген еді. Қу көңілі Асқарбектен әлі дәмелі. Жұмыс аяғына қарай оған соққысы келіп кетті. Естен тандырар түнеукүнгі сөзінің

уыты тарқағандай. Тек ішкі қуыстанғыш кінәлі сезіністің күйректігінен арыла алмай жүр. Жаңағы шағым хатты редактордың алдына лақтырып тастағаны да дік болып көңілінен кетпей тұр. Осы бір арыздың анық-қанығына жету азабын ойлаған кезде жүрегі айнып, әлден-ақ беттемей қалды. Бірге оқыған жігіттерінің мұндайды сезінбейтін қамсыздықтарына қатты қызықты. Көзіне бөлекше оттай ыстық басылған әлгіндегі тартымды бейне көмескі тартып, жанын елбіреткен төтен нәзік сезім лезде суына бастады. Адамның үйден қырық қадам ұзасымен-ақ мүсәпір болып қалатынын редактор я ұмытқан, я көкіректен итеріп, талапты қайтарып тастаудың көнігі айласы.

Сардарбекұлы шырт қараңғы түнде оянды. Өне бойы сақылдаған қатқыл ырғақтан миы шағылып, басы солқылдап тұр екен. Жанұшыра алға ұмтылған ессіз жылдамдықтан вагон шайқалақтап, гүріл күңірене күшейген мезет кеудесіне сыймай жүрегі бұлқына соғып кетеді. Өрге өректіген жетілік шамның лап-лап етіп жіңішкере ұзарған оты әлдебір мақұлыққа ұқсап, қалт етіп бұғына қалатындай. Үшкілдене тікшиген сәуле кенет үзіліп түсіп, қабыршақтаңа балқыған білтенің орнын көзге анық шалдырып, күш алып қайта жанған уақытта ширатыла жайбарақат созылған қап-қара түтін шығарады. Айналаны керосиннің күлімсі иісі жайлап алыпты. “Өзгелер бұған шыдап, алаңсыз қалай ұйқтайды?” – деп, еңкейіп төменге көз жіберді. Есендескеннен басқа бір ауыз тіл қатпаған Алматыдан бірге шыққан кейуананың бірінші жақтауға қисая жайғасып, бір ноқатқа сазара қадалған әлпеті суық. Әжім торламаған бидай өңі әлі тегіс. Дүниенің парқына жете алатын өңіндегі ойлы кемелдік кісіні бірдемде айбындыратын сұсқа ұласатынынан еріксіз дағдарды. Айтқанындай-ақ, әлденеден сезіктенгендей бұған көзін шалт тастап, бір сұмдық қынжылыспен жүзін бұрып әкетті. “Жолға тегіннен-тегін шықпаған шығар”, – десе де айдаладағы әйелдің тап әлгісі қитығына тиіп, көңілі жабырқау тартты. Алматының селт етерінің көкейін түгел тескен қауесет бұл бейшараның да берекесін қашырып жүрген шығар деген ащы кекесін жадына жөнсіздеу оралды. Бірінші хатшының ауысқанынан қазаққа келіп-

кетер не? “Онда сенің шаруаң не, жазған-ау. Көп ақша жеп қойған тері-терсек жинаушы ісінің ақ-қарасын анықтасаңшы одан да”. Кабинетінің маңдайшасына жазылып қойылған аты-жөніне тері-терсек жинап байыған адам ісінің ақ-қарасын айыру тіпті сәйкеспейтін тәрізді. “Мына бейшара тышқаншылап кеткен екен-ау”, – деп қазақ баласы жаратпай қалуы ықтимал.

Көзге қараң-құраң анық шалынып, айнала бозаңытқан шамада екінші қатардан төмен түспекке бекінді. Екі жақтауға асылып барып дік етіп секіріп түскенін ашық жаратпаған саркідір әйел ажырая қарады.

– Таптап өтесің бе, қайтесің өзің!

“Жиналып отырмаған өзіңнен көр”, – деп есікті ашып, дәліз терезесінен сыртқа телмірді. Өлгіндегі ренішті үн құлағынан кетпей шыңылдап тұрып алды.

Елең-алаң мезгілдің шымырлаған шағында қараң-құраң үйлердің ағараңдаған шатырлары айдын бетінде қалықтап жүрген аққулардан аумайды. Шойын жол төселер кезде тас-талқаны шығып бүлінген қырат-жалдар тұмсықтары дала-дала болып жұлынған түйелердей сәңкиіп тұр. Жалтыр бас сопақ өңді кісінің кейпі көз алдына келе қалды. Қалмақы пішінді адамның бақырайған үлкен көздерінде құт қашыратын уыт жоқ. Жымиған кезде жақ еті жайылып, реңіне жайдары жайсаңдық үйіріледі. Алаш баласын бөліп-жарып, өз ағайындарын ғана жарылқады деген сөз соңынан көп еретін. Енді қазақ одан да қағылатын түрі бар.

Темір жол вокзалына Сардарбекұлы ауыр сезімнен сергімей түсті. Оның үстіне шамның иісі денесіне сіңіп қалғандай өзінен-өзі жиіркене берді. Жолға жиі шығатын болғалы қонақүйге беттемейді. Интернаттан ілгері жері шамалы. Қорап автобусқа жұрт қатарлы жайғасты, әйтеуір. Өңмендеп ұмтылғандардың көбі тақиялы өзбек. Белшелерінен бейнет кешкен тотыққан жүздері салғырт. Жемтігіне шүйілген құстың бір түйір шоқтай жылтылдаған қоңыр қызғылт сәулелі көздерінің түздік өткір ұшқыны өңменді түйреп өтеді. Шәпкілері қоқырая қыдиып, үп-үшкір дөңес мұрындары мен күнқағарлары бірдей сорайған

шешен әлпеттері момақан бұйығы. Тобымен тұрғандағы шикіл өнді ұсқындарында шалт қимылға баратын тәуекел шақарлық жоқтай. Шашақты шаршы орамал тартынған жуан бөкселі әйел аяқтарын қоярға жер таппай, иіңтіресіп тұрған жұртты киіп-жарып сампылдап сөйлеп келеді. Әлдене дегендерге таңырқаса одырайып, кембағал кешелікпен беттескендей бір-біріне бәсең тіл қатады. “Сұрына қарамай бұған дүниенің адамы сияды екен ғой”, – деп ойлағанша болған жоқ, басы қылтиған ұяң кейіпті қазақ әйелінің қараторы кескіні көзіне оттай басылды. Бұлтиған бүйрек беті мен мұрнының кертиген шолақ бітісі де айып көрінбеді. Көптен кездестіре алмай жүрген етжақын адамын ойламаған жерден ұшыратқандай орнынан атып тұра жаздап қалба-лақтап:

– Маған қарай өтіңіз, орын беремін, – деді дауыстап.

– Күнім-ау, жете алмаймын ғой. – Жүрек елжіретер нәзік үн сарайын ашып, тынысын кеңітіп жібергендей.

Автобус орнынан енді қозғала берейін дегенде біреу есікті жұлқып ашып, табалдырыққа әрең-әрең аяғын іліктірді. Кішкене төрт бұрышты шамаданын алға салып, ілгері озбаққа ұмтылғанда салбыраған шалғы мұртына түйенің шудасындай желкілдеген қауметі түйісіп, басын адамдарға сүйеген кезде онысы ұзара өскен шалғындай жапырылып қалды. Бір қырындап тұрғанда көктұқыл үп-үшкір иегіне жоғарыдан жоталана құлаған дөң мұрны жетеқабыл. Сұрғылт көзінің аясы аңғарлы. Жұртты баяу жалпылап шолған кезде атасы басқалықтың астамшыл ұшқынын әлдеқалай аңдады.

Мұның қағазына облыстық партия комитетінің жалпы бөліміндегі орыс әйел ұзақ шұқшиды. Содан соң көзінің астымен суық қарады да:

– Басшылардың бәрі Алматыға жиналысқа кетті, – деді.

Ұзыннан-ұзақ дәлізді түкпірлей бойлап насихат және үгіт бөлімі деген жазудың тұсына кідірді. Аты-жөнінің кім екеніне зер салмастан ішке кіріп келді. Отыздар шамасындағы қошқар тұмсықты қазақ орындық арқалығына шалқалай жайғасып, бір жағына қисая қатты ойға батып отырғанының үстінен түсті. Мұның дауыстап амандасқанына басын жұлып алып, едірейе жалт қарады. Қарашық-

тары тұп-тұнық мөлт. Ойлы да мұңлы сәулелі жанарын жатырқамай бірден жақын тұтты.

– Кел, батыр! – Көкірегінен іркіліссіз шығатын қоңыр даусы жағымды естілетінін аулады. Келген шаруасын айтқанда қабағын сұстандыра түйіп, бірер сәт үн-түнсіз томырылып отырды.

– Батырым-ау, бұл келісің онда болмады. – Түксие төніп түскен уақытта қою қастары дүрдиіп, әлпеті өзгере сұстанып кетеді екен. – Алматыдан келіп тұрып, ондағы болып жатқан жағдайды білмейтінің қалай? Дүниенің апай-топайы шықты. Мәскеуден бір емес, екі хатшы бір-ақ келді.

Бұл хабардың әсерін бет құбылысынан қалт тынып күтті. Міз бақпаған сыңайынан кәдік алғандай аңыра тосылды. Мелшиген сезімсіз райдан танбаған Сардарбекұлы:

– Маған бәрібір істің ақ-қарасын ажыратып кету керек қой, – деді. Талай бел асып, көлденең кезіккен әлденеше суды кешіп келгендегі жұмысын місе тұтпаған қошқар тұмсық қинала езу тартты.

– Тері-терсек сатқандардың ақ-қарасын айыру қайда қашар дейсің. Ендігі көресіміз не болады, бәрінен де соны айта аласың ба маған?

– Қазақты халық деп санасып жатқан ешкім жоқ қой. Мөнді-мөнді осы қалпымызбен кеткеніміз кеткен. – Көкейіндегісін іркіп қалмай лақ еткізіп ақтарып салатын әдетіне іштей налыды. Партия қызметкері шалқая мығым отырған қалпынан тіктеле жөнделіп, көздерін жан-жаққа жапақтата тастап, тұп-тұнық қарашықтарын мұның өңменіне қалт кідіртті. Басын кілт төмен тұқыртып, қайта көтергенде, мүләйім тартқан қос шарасы кіреукеленіп қалыпты.

– Тыңның желеуі бәріне жақсы болып шықты. Жерімізге құрт-құмырсқасына дейін қаптап келіп жатыр.

Ұдайы айтылатын әңгіме күрмеуінің бір ұштығы нақ осында жатқанына Сардарбекұлы аса ден қоймаған сияқтанды. Көз алдында көлең қағып өткенде жетекші бөлім бастығының кейпі аға тұтар жалғыз етжақыны сол кісідей көңілі босады. “Бекерден-бекер шырылдамайды екен ғой, байғұс. Біздің халық жаратқан иеге не жазып қойды екен сонша”.

– Көр де тұр, қазақ бұдан да аман-есен өтеді, – деген партия қызметкеріне жалт қарады. Құдды өзіне-өзі сөйлегендей бір нәтижеге тесілген шарасы үлкейіп кетіпті. Ауыр ойдан сілкіне сергіп үлгермеген күйі орнынан қаңғалақтап көтеріліп, біртүрлі салқын қоштасты. Қайтпасқа амалы қалмаған бұл вокзал бағытына сұлық қалпы беттеді. Қазақ қамын жалғанда өзі ғана ойлайтындай көретін. Әлгінің сөзі көңілін дал ғып тастады. “Сәуесінде бірдеме бар ғой, демек”. Көкейінің терең түкпіріндегі тіс жарып ашпайтын сыры жария болып қалғандай көңілі қоңылтақ тартып, ішкі қызуы бәсеңсіп барады.

XX

Аты-жөнін алғаш газеттен көргенде Бегімбеттің көзі шырадай жанды. Бір демде оқып шықты. Орысша жарықтықтан адам жатырқай ма, бөтен біреудің орамдары сияқтанды. Осыған тәуекелі жеткеніне бір жағы қайран қалып отыр. Күре тамырлары адырайған Стас айқара ашылған газетке сұстана шүйіледі. Көздерін бір орынға діттетпестен әр тарапқа шапшаң жүгіртіп, ақыры қолайына жақпағандай, былай ысырып тастады. Репортаж жайлы ләм деп ауыз ашқан жоқ. Қауға сақалдының орны тып-типыл. Қасы-көзін қол айнаға ары-бері төңкере тастаған Галина дөң бетінің қалың етін жаза алмай әлек. Айна қалқасынан бұған күлімсірей қарап:

– Боря, анау орынға отыр, – деді. “Боряны жақын жерден тауып алғанын қарай гөр”, – деді кекетіп. Бірақ мұнысында жақын тұтып, өз адамындай қабылдаудың сыр ұштығы жатқан тәрізденді.

Ішке жорғалай басып кірген жылтыр бетті біреу Стас жанына жетіп барып, басын басына өзімсіне түйістірді де, даусын әйелдерше құйқылжыта шығарды.

– Бомарше.

Жылмаңдаған жарамсақ ыңғайына еті үйренген бе, суық райынан өзгермеді. Оны елең қылмаған анау өтімді жымыспен әлденені құлағына сыбырлап айтты. Мұны көзінің астымен бір сүзіп өткен Стас:

– Ты сейчас езжай на ипподром, будешь писать срочный репортаж, – деді дүңк етіп.

– Қалай барамын, білмеймін ғой, – деп күңк етіп жауап қатқан мұны Стас ашық жақтырмағандай бірер сәт түксіе шүйіліп, ләм деместен жүзін бұрып әкетті. Жылтыр беттің жорғалай басып сыртқа беттеген бітімі әйелден аумайтынына таңырқады. Көрнеу айыпқа саналатын нәрсе үлкен қалада көзге ұрып тұрмайтын сияқты. Әлде орыс ділінің өзгешелігі солай ма, түсінсе бұйырмасын. “Бәрі құрысын, ипподром деген бәлесін қалай табар екем”, – деп алаңдады. Тәрдегінің ұсқынында жылт еткен жылу жоқ. “Жаңағы жылтыр бет мұны Бомарше деп кетті-ау, оның кім сонда?” – деді. Ипподромды жазудың қиындығы миына шапқан уақытта өз-өзінен құты қашып, саса бастады. Дембелше келген дөңгелек жүзді тығыншықтай біреу кіріп келіп:

– Где ваша тот писака? – деді. Місе тұтпаған мұншалық кемсітуге жыны ұстаса да сыр бермей сазарған күйі отыр. Алдындағы қағаздан басып әрең алған Стас мұны иегімен нұсқап, қайтадан жайына көшті. Ашықтан-ашық мұны қомсынған сыңайда басынан аяғына дейін тімтініп түгел шолып өткен дембелше:

– Ну, тогда поехали товарищ нерусский, – деді жүзіне қуақылық үйіріп.

Сыртқа шыққан бойда бездең қаға жөнелген әлгіге Бегімбет әрең-әрең ілесіп келеді. Халық нөпірінің қалыңына қойып кеткен уақытта ары-бері бұлғаңдаған фотоаппаратты нысана ғып соңынан жанұшыра ұмтылды. Электричка ішінде де әлдекімді іздегендей әркімге бажырая қарап, ары қарай тоқтамай тартады. Өңмендеп барып терезеге төніп, сыртқа ұзақ телмірді. Жер асты көлігі алаң-ашық тұсқа шыға келген кезде Мәскеу өзені жанамаласа біраз жарысып бақты. Бір кезде жалт беріп бағытын шұғыл өзгертті. Рабайсыз арбиған жуан темірлерден тұрғызылған орасан көпірдің жойдасыз сүйегін өзінше динозавр қаңқасына ұқсатты. “Бұл да Мәскеу әсері”, – деді өзін-өзі кекетіп. Мұнда үй де, көпір де, бәрі жосықсыз ірі, ал адамдар ниеті күйкентай. Әкесі жаңа өлгендей Стастікі не сонда? Қатынға ұқсаған

әлгіндегі майысқақтың Бомарше дегені кім? Бір делқұлының қасында және кетіп барады өзі. Ескертпестен есікке қарай беттегенін көріп қалды. Қалт тоқтап, шапшаң сырғи жөнелетін бәледен түсіп үлгермесе, анадан адасып қалады. Түсе салып жоғары қарай жүгіре басқан дембелшенің соңынан бұл да жанұшырды. Орнынан қозғала берген автобусты қалбалақ қаға тоқтатып, бұған назар бұрмастан ішке қойып кетті. Біраз жүріп барып кідірген автобустан басын қылтитқан дембелше:

– Эй, степняк! – деді. Бұл ішке кіріп үлгергенше тағы бірдеңелерді үстемелетіп айтып жібергенін сезді. Өйткені біраз жолаушылардың езулеріне үйірілген күлкі әлі тарқамапты. Бәрінің анталаса қарасқан әлпеттерінен “шынымен де солай екен-ау” деген таңырқауды оқыды. Сөйтсе де қорланып қоймайтын көмпістігіне іштей қайран. Жасы ұлғайған арық әйелдің көзіне көзі абайсызда түйісті. Көкпеңбек қарашығы өңменді түйреп өтетіндей өткір екен. Ұзынша келген тіп-тік жақ сүйегінің бітіскен тұсы жылқыныкіндей адырайған ірі. Терісінің салбырап, етінің арығаны болмаса, ыңғай Алматыда кезіктіретін сұлу бойжеткеннен аумайды. Әйелдердің мұндай арғымақ түрін Мәскеуден жиі ұшыратады. Қырдың құштар қарасына селт етпейтін бәрі бейқам. Иегінің шошайған бір шөкім ұшы ғана қап, алқымын со бойы май басқан өңкиген әйелдің ұсқыны осы қалпына ренжігендей сұсты, назалы. Бірден тілдесіп кетпейтін еркектері томаға-тұйық. Мәскеу ер-азаматы ретінде кешегі оспадар қылықтарын таңертеңгісін ой сарабынан өткізіп, қабағынан кірбің айықпайтын беймаза. Түске қарай жайдары тартып, кешке гу-гуге басқан қайтадан жеңілтек.

Ұзыннан-ұзақ трибунада жыпырлап отырған халық жартас басына қонақтап қиқулап шуылдаған құс базары секілді. Тексерушілерге жөнін асығыс айтқан дембелше тобырдан бөле-жарылып, ішке қарай өңмендеп барады. Атшаптырым аумақтың ортасы көкшалғын, айналасы шеңберленген таптаурын сүрлеу. Фотоаппаратымен төңіректі қыдырта шолып, кей тұста қалт кідіреді. Тарантасқа шалқая жайғасқан шабандоз біткен божыларын шіреп тартқан күйі тұстарынан құлдыраңдап замғап өтті. Екі тұтам кекілдерін шошайтып, құйрықтары шарт түйілген жылқы аяқтарын төрт жаққа алшайта тастап барып

тұяқтарын бауырына жиып үлгерген кезде ауада қалқып бара жатқан сияқтанады. Дәл осы сәтті қапы жібергісі келмеген дембелшенің жерге жата қалған әрекеті сұрапыл жылдамдықтан қорқып кетіп бұғына бой жасырып қалған баланың қылығына ұқсайды. Кенет репродуктор-дан әуелей шыққан саз бірін-бірі қуыса ұзаған аттардың құйын-пері шабысынан қалыспай келеді. Шырқау биікке көтерілген әуен сорғалай шымырлап барып кілт баяулағанда шеңбер доғасының қылтасына іліккен жылқылар садақтың тартылған адырнасынан айнымай ширатыла созылатыны көңілін құйқылжытып өтті. Сылаң қағып ортаға шыға келген қоқиқаздардың сыриған жіп-жіңішке сирақтарындай жыпырлап көрінетін жіліншіктерін қызықтады. Бастарын қақшитып алған жануарлардың томпақ төстерінің бұлшық еттері бір ырғақтан жаңылмай алма-кезек екілене қозғалатын зауыт тетігіне ұқсайды. Айғайға еліккен аттар желдей желігіп, бауырын жазып құйындата түсті. Бірінші боп іліккен қарагер бедеудің соңынан дембелше тәрізділердің бірнешеуі тапырандап жүгірісті. Бегімбет те солай қарай жүрді. Өңкей жап-жас жұтынған жігіттердің еттеріне ет боп жабысқан мойыл қара күртеше, ақ шалбар, ұзын қонышты етік. Тұс-тұстарынан қаумалай төнген фотоаппараттардың үңірейген көздерінен саспайтын және байыпты. Үш мың метр қашықтық осы кезде хабарланып, жүгіретін аттардың рет саны атала бастады. Орел, Ростов, Грузин, Татарстан дегенде елең етпеді. Өзбекстанға келгенде кезек Қазақстанға тиетін шығар деп емексіген. Сөйткенше болған жоқ әуелі Қырғызстан, содан кейін Қазақстан аталды. Жүрегі кеудесіне сыймай бұлқынып, қатты-қатты соқты. Жиырма жетінші санды шабандоз бен “Бүркіт” деген атты көргенде тағат таппай алып-ұшты. Қарайып бір қазақ жүрген шығар деп үміттенді. Бұған қарсы келіп ежірейе тұра қалған дембелше:

– Ты все номера записывал? – деп сұрады. Тап ондай мәнақасы бары ойына кіріп-шықпапты. Арба жарыстан кімдердің келгенінен де мақрұм. Не деп жауап қатарын білмей асып-сасып күмілжіген бұдан анау түңіле қолын сілтеп, өз жөніне тартты.

Сөреге қарай беттеген бәйге аттары бір сызық бойына барып қаз-қатар тұрысты. Жүрегін нәзік лүпілдеткен жиырма жеті санның иесі орыс жігіті болып шықты. Қамыс құлақтарын қайшылаған тәует бас жирен жүгірер бағытын жатырқаған сыңайлы бір түрлі состиыңқы. Серіппедей бәрі орындарынан бір мезгілде жұлқынып қозғалғанда бауырын баяу жазатын жиырма жетінші созыла шабатын далалық ыңғайын байқатып қойды. “Мұндайға қолтығы сөгіліп үйренбеген жануар екен-ау”, – деп түйді. Суырылып алға шыққан ұшқырлары баттия жазылған нөмірлерін алақайлаған баладай жалбаңдатып барады. Үзеңгіге бар салмақтарын салып тікшиіп отырған шабандоздар қопаң-қопаң ететіндеріне көзі үйрене алмай қойды. Түйіні тарқатылып жазылмастан түйдектелген топ құйындатқан күйі ұзай түсті. Доғадай бұрылмадан қиястап өтіп, маңдайларын жарқырата жанұшырып шапқан жануарлар ағызып барып екпіндерін кілт тежеп, қарғып-қарғып түскен сейістер еш қиналып, әсерленбеген қалыпта бір-бірімен жайбарақат әңгіме соға бастады. Әлгінде ғана жұтынған жануарлар бастары салбырап, аяқтарын сүйрете созалаңдап басады. Қайта жиырма жетінші алға жұлқына ұмтылып, әлек сала ойқтастап барып басылды. Аттардың құйғытып келген сәттерін жан-тыны қалмай түсіріп баққан дембелше тағы да солардың қасынан шықпай айналсоқтап ұзақ жүріп алды. Бір кезде аппаратын сөмкесіне салып жүре берді де, әлденені ұмытқанына өкініп санын соқты.

– Эй, пошли! – деді. Мынадан жырылып қалғысы келетін бұқпа ниеті қылаң ұрды. “Не жазбақпын сонда?” – деді ішінен шарасы таусыла. “Барған соң көрермін”. Оның үстіне қылқылдаған мынадан қалай құтылмақ. Қақпаның шыға берісінде көпшілік нөпірін киіп-жара соқтығысып жүріп сыртқа әрең шықты.

– Эй, қазақ туған! – деген дауысты естіді. Мәскеуге алғаш табан тіреген күні танысқан баяғы қырғыз жігіті екен. Жатақханадан көп көрінбейді. Ұдайы қайда кетеді деп ойлайтын. Құшағын жая тұра ұмтылды. Мұның жалтаң-жалтаң қарап тықыршып тұрғанын тіпті байқамады. Шегір көзінің түздік сәулесі бұрынғыдай өткір емес, әлпеті одан сайын сопая сұңқиған. Бейілді жымыиысы аса бауырмал. “Есенсің бе?” – дегенді әлденеше жолы сұрады. Осы кезде

жеңінен жұлқи тартып қалғанға қараса – дембелше серігі екен.

– Ты что, на базаре находишься, что ли? – деп дүрсе қойып жіберді.

Қырғыздың көзінше мынаның дікіндегені жанына қатты батып барады. Қоқия айбаттанып, кеудесін кеудесіне тақап ежірейе:

– Сен әкірендеме, керек болса мен сені танымаймын, – деді.

Осынша ноқай болармысың деген түңілісті сыңайда әуелі абыржи тосылды. Көкшіл көзін жаудырата төндірген уақытта жабайылықтан шошынғандай мүләйім тарта жасаураған сияқтанды.

– Дожили до этого дня, какого-то пошляка посылать на репортаж! – деді де жалт бұрылды.

– Туысқан, бар,бар! – деді қырғыз жігіт.

Пешенесіне не жазылғанына туасы алаңдауы осы шығар. Өзгелер жайбарақат, ойына түк кіріп шықпай жүргенде бұл ылғи осындай кездейсоқ жағдайға тап болатыны несі екен. Дембелше кірген бойда Стасқа ұрынды. Ипподром алдында бұған айтқан сөзін со күйі қайталағанда басын жұлып алған Стас түксиіп қарап, ләм деп жауап қатпады.

– Хорошо ездили мы, а какой резон? – деді де түңілісті сыңайда бұрылып жүре берді.

Екіойлы кейіппен Стас бұған ұзақ тесіліп:

– Как вздумается так и пиши, что получится потом посмотрим, – деді .

Ойынды қазақша түсіру құдайдың бір жөні екен-ау. Өз тілінде жазу бұйырмай жүргенін қарашы. Өңешін қыпқызыл шоқ қарып түскендей қызына удай ашып барады. Мұң-налалы сезімге шарасыз өкініш қабаттасып, көңілі босады. Алқымына тығылған өксік көзін дымдаған жас боп үйірілді. Бұл орысша орамды қиыстыра алмаудың азабынан ба, басқадан ба, түсінсе бұйырмасын. Аздан кейін қызылкөз бәле төбеңнен төніп кеп дікіндеп берекеңді алады. Батырлар жырындағы: “Үстіңгі ерні көк тіреп, астыңғы ерні жер тіреп”, – дегенді орысша ыңғайға келтіре алмай азаптанды. Ат ойындарына сол көне дәуір ақындарының көзімен қарауға тырысса да, бәрібір сондай

гиперболаға бара алмайсың. Үш мың метр қашықтық олар үшін күлкілі. Дәл осы арада секем ала қалт тынды. Бұлайша сілтеу мыналарға ұнамай жүрсе қайтпек. Не боп жатыр деп әшейінде қыдыңдап, қайта-қайта дегбірді алып, апшыны қуырып жіберетін мынау бүгін тым-тырыс. Ауыз жаппай сөйлей беретін томпақ бет әйел де мұндайда ес екен ғой, кім білген. Діттегені ойынан шықпай көңілі сұлық түсті. Басынан қайтадан жазуға кірісті. Бала кезден таныс бәйгенің жайларын айтып кеп әңгіме түйінін жиырма жетінші санды атқа әкеліп тіреді. Дала сәйгүлігіне табиғаттың кең кеңістігі керек деген тоқтаммен аяқтады да, Стастың алдына имене қойды. Тосырқаған сыңайда мұның не дегендей үңірейе қарап, құлықсыздау қолына алды. Тез-тез көз жүгіртіп шықты да алдындағы қобыраған қағаздарды ары қарай ысырып тастап, бір параққа шұғыл сойдақтатып жазуға кірісті. Состиып тұрған бұған басын көтермеген күйі:

– Сен кете бер, – деді .

Ұятты іске барып қойғандай қатты қысылып келеді. Суретке түсірушінің бағанағы тұлданып басынған қылығы тап мынаның қасында түкке тұрмай қалатын сияқтанды. “Орысша жазған немді алған екен”, – деді өзін-өзі жазғырып.

Бегімбет қанша ерте тұрдым деп ойласа да, бөлмелес литвалық төсегін жинастырып қойып терезеден сыртқа телміреді де тұрады. Кейде қадалған назардан секем ала оянып кететіні бар. Литвалықтың сопақ пішінінде аңғарлы сая дегеннен түк жоқ. Кілмиген көкшіл көзінің ноқат қарашықтары қозғалмай тұрып-тұрып алаңғасар ойнақшитын сәті адамға жуыспайтын кісікиік ділінің хабаршысындай. Келгендеріне үш ай болмай жатып елдеріне бір-екі жолы барып қайтты. Базарлық болмаса да кішкене дәм ала келу деген ырымға да жақсы емес пе. Бұл жағынан өздері барып тұрған қарақазан. Жүйкесін сонша жұқартып жазған нәрсесінің кеше түкке жарамай қалғаны ойына сақ ете түсті. “Өз жөнімді жөңдей алмай жүріп, айдаладағы литвалықта нем бар екен”, – деді өзіне-өзі жыны ұстап. Жалма-жан атып тұрып, асығып-аптығып киіне бастағаны сол еді.

– Беке, – деген таныс дауысты естіді. Түнеукүнгі қоштасуға жарамаған қылығы ойына сап ете түсті. Ішкі толқыныстың күшті қызуы бет-жүзін шарпып өтті.

– Атағың шыға бастағалы өзгеріп кеттің бе, қалай?

– Жоқ-а, – деді бұл іле-шала.

– Сіздің қазіргі даңқыңыз Барласқа жетеқабыл боп тұр. – Дарханның өктемдеу даусынан кекесін ауласа да жанына жағып барады. – Оу, Беке, сіз үндемей кеттіңіз ғой.

– Не деуім керек еді...

– Біз секілді пақырыңызға кішкене тіл қатсаңызшы. – Дархан бастырмалата түсті.

– Қыздар сізді өткенде елей қоймағандарына өкініш білдіріп жатыр. Бүгінгі күннің кешіне шолаңыз бола ма? – Қыздар мұны сол жолы қыжыртып, сыртынан біраз жерге апарып тастаған жоқ па еді. – Қалай, Беке, қарсылығыңыз жоқ па?

– Шақырғанға бармасам, шақыруға зар болам ғой. – Тура өзінің ыңғайында жауап қатылған соң ба, үнсіздік бірер сәтке ұзады.

– Беке, сізде үлкен прогресс бар, – деген Дархан даусынан шарасыздықты аулады. “Мендегі прогресс тек сонымен өлшенетін болса, онда оның атасына нәлет”, – дей жаздап барып өзін әрең тежеді. Қит етсе бітті, Барласты көлденең тарта қоятын қылығын жорта істей ме деген күдігі бар. Дақпырт, дабысына деген іш қызғанышын жұртқа сездірмеу үшін Барлас есімін әдейі жиі атайтын сияқты. “Бас қосатын жер баяғы әйелдің үйі ме?” – деп сұрауға бір оқталды. Дархан жанын ауыртып алам ба деп қорқты. Біреудің көңіліне қараймын деп өз есесін жіберіп алғандай сезіністен тағы арыла алмайды. Стас сөзі алғашында желпініп-ақ тастаған. Бүгінгі шалық тигендей ұрма-перме мінезін түсінсе бұйырмасын. Суыртпақтап сыр тартуға болатын Галина да бір жаққа кете қойыпты. Осы кезде екпіндеп кіріп келген Стас орнына жалп етіп отыра кетті. Екі шекесі шымқай күреңітіп, көкшіл көзі дегбір таппай ойнақшиды.

– Этого жидовского морду выгнали с работы, ты понимаешь в чем дело? Все из-за тебя. Потому что ты написал две удачную репортаж. А он сидит на этом месте почти полгода. Ни одну строчку не мог написать.

Атасы басқалықтың тоңмойын дөкірлігін жайсыздау сезініп, көрнеу кемсітушіліктің ар жағында өзін де оңдырмайтын ызбарлы сыры бардай. Жүрегі соған-ақ сыздап ауырды. Бір орында отыра алмай делендеп ұшып-қонған Стас көздері шалықтана ауытқып, ақылынан алжасқандай басы қаңғалақтады. Ебін тауып сытылып шықты. Ділі жат, ойы қабыспайтын бөлек дүниеден елегзіген күйде Дарханды кезіктірді. Онсыз да үлкен көздері әйнектің аржағынан бағжия шатынап:

- Оу, Беке, реніштісіз ғой, – деді.
- Елді сағынғаннан шығар.
- Шіркін, біздің шықпай жүрген жанымыз-ай.
- Қанша дегенмен сендер үйреніп кеттіңдер ғой.

Дархан көзін алайта тастап, ләм деп тіл қатпаған қалпы алға түсті. Кеудесін шалқақ ұстап, аяғын алшаң басады. Қоқиып жан-жағына қарайды.

– Бәрінен де, Беке, сен жарадың! – Осы бір елеу құлағына жағады. Айта түссе екен деп тойымсыз емекси беретінді шығарыпты. Кіп-кішкентай екі нәрсені малдану жігіттікке жарамайтынын қу іші біледі. Соған амалсыз жүгінген мезет көкірегінің толымы күрт төмендеп, көңілінің көншуі қатты таяздап кетеді.

Мұны есік көзіне қалдырып, Дархан ішке кірді. Әрбіреудің жүздерін суық шолатын әйел куәліктеріне ұзақ үңіледі. Кіріп-шығып жатқандардың көбі талшыбықтай бұралған әйел балалар. Жатырқаған ыңғайда көздерінің қиықтарын елеусіз қадап өтеді. Бұл не қылған адам дегендей астам тосырқау бар. Босағада мөлітіп осылай тосқызып қойғандарына жыны ұстай бастады. Қартамыс әйелмен осылай қарай келе жатқан Нәжімеденді көзі шалып қалды. Жеткен бойда әлденені өтінген жалынышты райда түсіндіруге кірісті. Құлықсыз қалпы тыңдап отырған әйел үстелді тоқпақтап, дүрсе қоя сөйледі. Өзін монтаны кішік ұстаған Нәжімеденнің бозғылт сопақ пішіні қуаңыта сазарып тұр. Ақырында түңіле қынжылған әйел білгендерінді қылыңдаршы деген шарасы таусылған ыңғайда қолын сілтеді. Екі әйелге бірдей қалбалақ қаға алғысын жаудырып, күнде көріп жүрген кісісіндей бұған түсін өзгерте түйіліп:

– Жүр, – деді.

Стастың бағана “жидовская морда” дегені есіне сақ ете түсті. Танысқалы бері кездескендері осы. Бір ауыз тіл қатпастан томсарған күйі бастап келеді. “Бұл сонда қандай морда?” – деді ішінен кекетіп. Қақ-соқта ісі жоқ нәті жуас жігіттің сырт пішімі жуан, бұлтылдап ойнаған бөкселері тұрқын әйел кейіптендіріп көрсетеді.

Үстелдегілер мұны дабырлап қарсы алды. Маңғаз Дархан төрдегі орнынан ыздия көтеріліп:

– Кеме келсе қайық судан шығады, – деді.

– Қайсыңның кеме, қайсыңның қайық екендіктеріңді айыру қиын боп тұр. Жаман қатынға жалынып-жалпайып жатып әрең өткіздім ғой. – Нәжімеденнің ұрымтал сөзіне бәрі ду күлісті. Көңіліне дік алып қалса да сыр бермей сазарған Бегімбет Гүлмайраның өзіне жалт етіп қалт кідірген назарын байқады. Қызара бөрітіп алған Шотбай басын кепжитіп, үлкен көздерін наразы төңкеріп тастады.

– Қазақ журналистикасының жаңа көшбасшысы дейсің бе, бұ кісіні? – Шырайын жылытпастан түксиіп тіл қатса да сөзі әзілден гөрі ащы мысқылға жуықтады.

– Өз атын өзі шақыратын көкек емеспін ғой, мен, – деді Бегімбет оған ежірейе қарап.

– Бегімбетпен қатар жүргенімізге мақтанатын боламыз әлі. – Гүлмайраның басалқалы үні қатқыл екпінінің бетін қайтаратындай жұмсақ шықты.

– Жан сарайыңызға қайтадан үңіліп көріңізші, Шотеке, сізге кең болған жарасады. – Дархан жорта ызбарланған кейіппен даусын өктем шығарды да әңгімеге араласпай бұйығы отырған екі бойжеткенге бүкіл денесімен бұрылып, көзін кең аша таңырқай бағжиды. – Біздің ортамыз сіздерге ұнамай отыр-ау, шамасы. Ленинградтағы әңгіме бәлкі, басқа шығар.

Дөң маңдай, томпақ бетті қыз не деп жауап берсек екен дегендей қас-қабағын керді. Шебер қолымен қашалып жасалған мүсін тәрізді кескіні жұп-жұқа қағылез бойжеткен әнтек езу тартқанның өзінде қоңырқай реңіне қан жүгіріп, алаулай құбылды. Тік құлаған пышақ қырындай мұрнының орта тұсы өркештенген дөң бітісіне ғана көз сүрінеді. Оның өзі кемістіктен гөрі жаратылысының өзгешелігін білдіретін-

дей. Бір нүктеге қалт етіп қадала қалған сәтте қап-қара шарасы жаудырай мөлдіреді.

– Менің бауырым келіп ортаны толтырып жіберді ғой. – Гүлмайраның өзін меншіктей қойғанына Бегімбет қатты қысылды. Елден алыс жат жерде бөле-жарылған мұндай жақын тұту қолайсыз күйге тап қылатынын бұрын кім білген. Дархан ашықтан-ашық жақтырмай Гүлмайраға қараған кезде аласының ұлғайып кеткенінен кәдік алды.

– Көз қиығыңызды бізге де бір уақ салсаңызшы. Назарыңызға бәлки ілініп қалармыз.

– Бауырдың аты бауыр ғой. – Қымсынып қоймастан қысық көзі жұмыла күлімсіреген Гүлмайраның шырықты бұзғысы келетін пиғылы бардай. Екі бойжеткенге етенелігін сездіргісі келгендей Нәжімеден иықтарынан айқара құшақтап, бастарын түйістіріп ұзақ әңгімелесті. Томпақ бетті селт етпеген ұстамды қалпын сақтады. Қоңырқай шырайы елгезек елең қағып, тісін ақсита сәл шалқайып күлген уақытта мұрнының өркеші еленбей, мойнының аса сұңғақтығы бірден көзге түседі екен. Алқымы кінәратсыз таза, баланыкіндей балғын. Тартымдылыққа деген құлшынысты сезім шоқ боп өзегіне түскендей шарасыз қызынып ала жөнелді.

– Оу, Нәжеке, жұрт мұнда өз бауырларын меншіктеп алып жатыр. Қыздарға өтімді екендеріңізді білдіріп, сіз еркін жүрсіз жайлап. Мұнда басы артық адамға Шотекең екеуміз айналатын түріміз бар ғой. – Өзілге сайғанмен Дархан даусы тарғылданып шыққан сияқтанды. Реңі бұрқ етіп күреңіте шымырлаған Нәжімеден Дарханға түксие шүйіліп барып мырс етіп күліп жіберді. Гүлмайраның жөнсіз жерден емешегі езіле қалғаны жарамады. Соны ар көріп, ыңғайсызданатын сыңайы байқалмайтынына таң-тамаша. Мұның әлгінде шап ете қалғанынан сыздана сазарған Шотбай сестене кейкиіп, қабағын тыжырына шытып сөзге араласты.

– Дәке, аққу ұшып көліне кетеді, сұңқар ұшып шөліне кетеді. Екеуміздікі ғана құр сандалыс па деп қорқып отырмын.

Дархан түсін жылытпаған күйі Шотбайға ұзақ тесілді. Өзіл айтатын кісіше кенет езу тартса да жылылық үйірілмеген шырайы салқын.

– Біз екеуміз сонда су шаяны құрлы жоқпыз ба?

Шотбайдың шап-шағын дөңгелек әлпетінен күйзелген я қуланған жайын дәл айыру қиын. Аса маңызды нәрсе айтатын кісіше Дарханға сүзіле қарап алып, назаланған сыңайда томсара тіл қатты.

– Дәке, біздің жағдайымыз оңайын деп тұрған жоқ-ау.

– Сендер екеуің бір-біріңмен Эзопша сөйлесесіңдер ме? – деді Бегімбет.

Екеуі бірден таңырқаса жалт қарасты. Көне дәуір адамының есімі мынаның аузынан шыққанға қимайтын әйтеуір бір абдыраған тосылыс.

Мынауың қайтеді өзі дегендей Дархан Шотбайға сұраулы жүзбен қарады. Түксие томырылып отырған одан еш қайран жоқтығын сезіп, демеу іздегендей көздерін әркімге бір кідіртеді. Әйнектің аржағынан одан сайын зорайып, шарасына сыймай атырылған жанары налалы-назадан шалт әрекетке баратындай шатынайды. Секем ала состиган төңірек сілтідей тынды. Екі бойжеткен үрпие жаутаңдаса, Нәжімеден аңысын баға қалқия қалыпты. Гүлмайраның ойсоқты жандай назарын төмен түсірген кейпі түңіліске толы тәрізді. Өзін байыпты ұстаған Шотбай ғана. Үйреншікті мінезі ғой, саспаңдар дейтіндей мағыналы жымияды.

– Шотеке, – деді ыңырана. – Біз қарадан шыққан пақырмыз. Сіз төре тұқымынан қалған жұрнақсыз. Бір лайықты жауабын жұптап бермейсіз бе?

Алматыда жастар тап осындай сөздерге үйір емес сияқты. Мұнша қазақылықпен бұлардың Мәскеуде қалай оқып жүргендеріне кейде ақылы жетпейді. Осынша ділмар заржақтық қазымыр шалдарды елестетеді.

– Менің бауырыма екеуің жабылсаңдар да жеңе алмадыңдар ғой. – Бір бүйірлеп соқтыққан тағы да Гүлмайра. Бауырым-бауырым деп қанша езіліп елжіресе де жүрегін қозғап қоймайды. Қайта қуыстана қолайсызданған халге тап болып, мазаң күйден арыла алмай отыр.

– Бұл кісі сізге не қылған бауыр, сонда біз қайда қалмақпыз? – Маңдайы қыртыстана түйілген Шотбай ұрынатын адамдай шарта жүгініп шаншыла қадалды. Мұндайлық дүрсе қоюды күтпеген Гүлмайра қысық

көздерін жыпылықтатып, қорғансыз кіріптарлана қалғанына Бегімбеттің жаны ашып кетті.

– Шотеке, сабыр,сабыр. Сізге кең болған жарасады демедім бе жаңа. – Езуіне кекесінді күлкі үйірген Дархан қуақы тіл қатты.

– Бәріміз бір қазақтың баласымыз, орыс жерінде жүріп бөлінгенді қоятын уақыт жеткен жоқ па!

– Шыққан тегіміз бір, бауыр демей қайтейін. – Шыр қаға тіл қатқан Гүлмайраның жіңішке үніне жыламсыраған шаңқыл араласты. Екі отырысқа жетпей сырын алдырып, жайдақ тартқан жерлес бойжеткенді жеккөрмек түгіл қара тұтады. Сөзге килікпесе опасыздық жасайтындай көрініп:

– Бұл араға жерге бөлінуді кіріктіру орынсыз. Гүлмайра басқа жайды айтып отыр ғой, – деді.

Екі қолын айқастыра түнеріп, бір нүктеге тас қадалған Шотбай мұның сөзін тіпті елең қылмады. Дархан бұған жалт қарап:

– Беке, сіз бір жайға көңіл бөлмей қалдыңыз, – деді түксиген қабағын жаза. – Қазаққа төре баласының билігі жүрмегелі қанша заман өтті. Содан бері өзін қазақпын деп бірінші мойындаған Шотекең шығар.

Бұлқан-талқан ашуланып, оқыс әрекет жасайтындай түсі қатты сұрланған Шотбай Дарханға алара қарағанда келте мұрны делдиіп кетті. Назарын сұстандырып қыдырта жүгіртті. Ештеңеден сезік алмай Нәжімеденге мойнын бұра сөйлеген томпақ бет бойжеткенге қалт кідірді. Шотбай өңіндегі жайсыз өзгерісті абыржи бақылаған өркеш мұрынды бойжеткен сойқаннан шошына бұғынып қалуға шақ тұрған сақ құстан аумайды. Қалақтай қалшиған қалпында насырға шабатын әңгімеден сезік-секемі тана көздеріне мұң боп тұнып, шықтана мөлдірейтініне қарауға мұның дәті жетпеді. Әлгіндегі әңгіменің әсерінен айықпаған Гүлмайра әлпеті әлі сазарулы. Осы кезде орнынан жұлқына көтерілген Нәжі-меден суырылып ортаға шықты.

– Бүгінгі бас қосудың себебін білесіңдер ме? – деді аса маңызды нәрсе айтатындай маңғаз қалыпта. Алғашқыдан гөрі шырайы ақжарқын. Түсінің қоңырлығы мен иегінің

үшкірлігі жағынан өркеш мұрынды бойжеткен екеуінде бір ұқсастық барын аңдады. Кідірісі ұзаған сайын Бегімбет өз есімі аталатынынан әжептеуір дәмеленіп отыр.

– Көпшілікті тосқызып қойдыңыз ғой, – деді Дархан көзін алайтып. Жұрт ындынын құрта түскісі келгендей Нәжімеден жөткірініп алды.

– Мына екі қарындасымыз Қазақстанға барып қайтып келе жатқан бетте бірден Ленинградқа аттанбай, бізге соғып, ел дәмінен татырғысы келіпті.

– Ондай адамгершіліктеріңе рахметтен басқа не айтамыз. – Батағөй пейілде қарияша тіл қатқан бұл баяғы Дархан.

– Мұны көргенділік дейді. – Қақсал әйелдерше сөйлеген Гүлмайраның дауыс ауанынан әлгіндегі ренішті ұмытқандай үні жайдары шыққанын аулады.

– Сен әуелі бұл қарындастарды жөндеп таныстырған жоқсың, ғой. – Өкпелеген баладай бұл компылдаған Шотбай.

– Дегбірді алмай тұра тұрындаршы, бәрін ойластырып қойғанбыз. – Нәжімеден қазақы жайбасар. Анау-мынау адамды Мәскеу оқуы неғылсын десе де, зиялы нәзіктігі шамалы осыны жалпақтабан біреу ме дейді кейде. Нұрғанышты бүлдіретін тәкаппар дәсерлігі, әйтпесе бұлардың қай-қайсынан да ілгері. Әпкесін жатырқайтын түсініксіз сезім иектеп, жаны тіксіне жабырқау тартады. Әлденеден торыға қамыққан шешесінің бейнесі көлеңдеп көз алдынан өткенде көңіліне үрейлі алаң кірді. Өзегі шоқ түскендей дуылдап, өртеніп жөнелді.

– Ау, Беке, бізге қарай қайтсаңызшы. – Бәрінің жамыраса күлгенінен әбігерлене селт етіп, түзеліп отырды. – Сіз басқа жаққа шығандап кетіп қалғаныңызда Ақжүніс, Нәркес деген қарындастарымызбен таныстық. Сіздің осал азамат емес екеніңізді айтып жатсақ былқ етпейсіз тіпті. Бізді менсінбейтін болсаңыз, ашық айтыңыз.

Қатқыл райға жорта көшіп, одырая қараған Дархан қылығын қызық көрді ме, айнала төңірек тағы да дуылдасып кетті. Мәскеуде оқитындар салтының әлде бір жорасынан жаза басып, мүлт кетіп қалғанынан қатты қуыстанған Бегімбет:

– Өте қуаныштымын, – деді қызарақтап.

Қаумалай анталаса қараған көздерден жылтындаған қуақы ұшқынды аулаған замат сайқымазақтау жайға тап болып қалғанын сезінді. Өркеш мұрынды Нәркес деген бойжеткеннің таңырқау шалыстана қалт етіп абдыраған кескінін аңғарды. Қолайсызданған ыңғайда алақанымен бетін жаба қойып, сықылықтап кеп күлді. Әуселесінің тартымды жаратылысқа аууына хақы азайып қалғандай көңілі пәс тартты. Реңі беймазалана алабұртқан Гүлмайра мұның өңменіне бірсызық көзінің сұғын қадала ірікті. Маңдайын қолымен сүйеп, бетін көлегейлеп еңкейе күлген Шотбайдың дөңгеленген шап-шағын басы торғайдікіндей селтендейді. Дархан селкілдеген екі иығын баса алмай, жасаураған көзін бипаздана сұртті. Бұларға не көрінді дегендей наразы қарап, Нәжімеден әлденені Ақжүніске сыбырлап айтып, қызу түсіндіруге кірісіпті. Бейіл қоя тындаған ыңғай танытқанымен Ақжүністің көз қиығы бұл жақта. Мана өзін тежей алмай сықылықтап күлгенінен қолайсыз күй кешкендей басын төмен сала тұқшиған Нәркестің монтаны кейпі бастапқы тартымдылығынан айырылып қалғандай көрінді.

– Сіздер күліп алыңыздар, мен дәлізде кішкене жүріп келейін. – Қанша сыр бермейін десе де зілді тіл қатып, сыртқа жұлқынып шықты. Әлдекімі соңынан жүгіре ілесіп кешірім сұрайтынынан дәмеленіп келеді. Сонау түкпірдегі есікке тақағанша сыртынан біреудің дем екпінін сезінбеді. Көңілі елегзіп, аялдай түскісі келетін ниеті жеңсік бермей кететіндей қуыстанды. Күлкі тығыны ағытылар шақтағы анталаған назарлардың қайшыласқан қитұрқы сәулелері елестеген мезет қатты шириқты. Көкірегін кернеп атойлаған намыстан көзі тұнып барады. Парықсыз жыртаңның неден шыққанын аңдамай қалғанына өкініп, есесін жіберіп алғандығының запыраны алқымын удай ашытып жіберді. Ашықтан-ашық басынғандарына лайықты тойтарыс бермегеніне қорынудың сезік ұяты жарқ-жұрқ еткен найзағайдай санасын кескілеп өтті. Дұшпандығы қатайып, буырқанған ыза-кекпен: “Ат құйрығын біржола кесістім”, – деді шамырқана дауыстап.

Іңір қараңғысы қонақтаған мезгілде дөңбекшіп аласұрған Дариғаның көкірегі керіктей көтеріліп-басылып, тынысы тарылғандай қусырылған мұрны делдие дір-дір етеді. “Жайрай жығылған жаман осы” – деді бағанадан көз айырмай бақылаған Сансызбай. Қимылы лыпыған шапшаң әйел Дариғаның асты-үстіне түсе үйіріліп, бәйек боп жүр. Жастығын жөндеп, аузына шай тосып, езуін сүртіп әлек. Баяғының батырларынша шалқасынан ұйқтаған екі ұлының әлпеттеріне уыздай ұйыған алаңсыз сәби өзімшілдіктің түпсіздігіне ұзақ аңырды. Кеудесін өксік жайлап, аузы кермек татыды. Айдаладағы әйелдің елгезек жанашырлығы қасында төңірегі түгел өтпес пышақтай жігерін жасытты. Әйел көзін төңкеріп мөлдірете тастағанына ындыны құрыды. “Нәпсі итке не жорық екен?”

– Сіз бүйтіп отырмаңыз, Қопаға апармасаңыз болмай барады.

Арқама салып жеткізбесем басқа амалым жоқ қой дегенді жабырқай абдыраған әлпеті арқылы байқады-ау, шамасы.

– Қожайыннан қорқпаңыз, алды қатты көрінгенімен артында еш жаманшылығы жоқ.

“Көкейіндегіні оқып қоятын көріпкелі бар ма”, – деп ойлап үлгеріп, әйелге ұзақ шүйілді. “Бағана бейшараның ұсқыны қатты бұзылды, о несі болды екен?” Қазір ылдым-жылдым, сыпайы, сынық. Сәл шыдаса мөлтілдеген шарасына үйірілген ойнақы сәуле сайқалдана жылт етіп, арбай бастайтынынан емексіді. “Өле алмай жүріп осы менікі не?” – дегенді кенет дауыстап айта жаздады. Осы үйдің шегір көз еркегі бұларды қайыршыға балағаны есінде. Өлімтікке айналайын деді ме, соған намысы қозып, жаны қиналып қоймайтынына қайран. Сұлық жатқан әйелінің тұсына сәл кідіріп, әлдене айтпаққа оқталды. Саушылығының өзінде шекесі қызбаған жазған еді, енді құп келіскенін көрмейсің бе. Түннің шымырлаған салқын ауасы бойын сергітіп өтті. Қатқан жерді басқан сайын сықырлаған дыбыс дегбіріңді алып жіберетіндей қатты естіледі. Доғарылмаған аттың алдына тастай салған азғантай шөпті әлдеқашан жеп қойыпты. Бастырмаға мойнын созып, жұлқына ұмтылса да доға мен

тәртеден босай алмай әлек. Сағалдырығынан қатты ұстап жетектеп көріп еді, көнбей тыртысып тұрып алды. “Мал иесіне тартады деген рас-ау”, – деп күштеп есік алдына жетектеп әкелді. Іштен аспалы шамды ұстап шыққан әйел:

– Жатқызбасаңыз, отырып бара алмайтын сияқты ғой, – деді.

Сансызбай мәңгірген кейіпте қалшиып тұрды да қалды. Отырып бара алмайтынын білсе де, соны ойлауға зейіні жетпегені далбасалаудың көмбіс амалы екенін іштей сезді. Біреуге қараған күн адамды шала ми ғып тастай ма, қайтеді. Дедектеп ішке кіріп кеткен әйел құрым киіз алып шықты. Шөп үстіне апыл-ғұпыл төсегенше әйел көрпе-жастық әкеліп берді. “Құдай тілегінді бергір”, – деді ішінен разы боп кетіп.

Дариғаға жүрексініп барып, ақырын тіл қатты.

– Тәуекел деп Қопаға барамыз ба, неғыламыз. Тұрасың ба, қайтесің.

Еш дыбыс қатпаған Дариға сұлық. Сансызбай қабағын кіржите еңкейіп, әуелі қарынан ұстады. Қолын иығына апаруға екіойлы оқталды. Жаны кетіп қалғандай денесі былқ-сылқ етіп, демі жетпейтіндей тынысын ауыр алады. Қол ұстатпайтындай еті күйіп-жанып тұр екен. Бір жағына шығып беруге әйел бейшара да тұра ұмтылды. Сұрапыл қиналыс етене адамның өзін жат қып, кескініне туралап қарауға жүрек дауалатқызбайды. Шарасына сыймай мағынасыз алайған көздерінен секем алып, қазір талығып құлайтындай мазасыздана жанұшырып асыға түсті. Былайда жанаяр бейшара шікірттеніп қалған соң, тіпті буынын ұстай алмай сылқ етіп түсетіндей әлжуаз. Бүкіл салмағын өзіне қарай аударуға жұмылып бақты. Бөтен әйелді майып қып алса тағы ұят. Өзі де бұрынғыдай емес, күші қайта бастағанын қу іші сезеді. “Көңілі алаңдап, елудің төртеуіне келгені ойына сақ ете түсіп, дүние жаратылғалы бері өзін бар сезіну қайтадан иектеді. Жалған шексіздікке біртін-біртін сіңіп, із-тозсыз жоғалатын түйсік санасында қылаң берген мезет пешене жазуына амалсыз жүгінді”. Ақырына кенет қатты алаңдады. Аяңшыл масылдық иығына көптен бері осылай мініп алғандай көрінді. Өзегін удай ашытып қарыған өкінішке кінәлі қатыны сияқтанды.

Екеулеп жүріп есіктің көзінен шығарды-ау, әйтеуір. Арбаның белдеуіне Дариғаны сүйеп тұрғызып, біраз еңтігіп демін алды. Бір кезде әйелін жас балаша көтеріп, белдеме ағашқа дүмімен жайғастырды да, ұстай тұр деп әйелге иек қақты. Арба үстіне қарғып шығып, екі қолтығына қолдарын сүңгітіп жіберіп, жаралы жауынгерді сүйрейтін әдіспен төсенішке апарып жатқызды.

Жүре бермекке оқталған уақытта аспалы шамды көтеріп тұрған әйел әлдене айтатындай Дариғаға ұмсынып қалғанын көрді. Дариға жаққа еріксіз бұрылды. Басын болымсыз көтеріп, анаған бері жақындашы дегенінен жүрексіне тосылды. Демі үзіліп кетердей үні тым бәсең естілді.

— Замандас, көсегең көгерсін, балалар әзірге өзіңе аманат.

— Өзің аман-есен бол, қорқпа, тамақтан тарыға қоймас. — Байыпты тіл қатса да әйелдің жіңішке даусында толқынысты діріл барын аулады.

Жанған оттың жайнаған қозы бозаң тартып барып солғындап сөнетіні секілді, тас төбесінде шоғырланған мың-миллион жұлдыз сәулесінен ағараңдаған қойнау шаңыта тозаңытып, ұзынынан сұлап тынады. Дәл осы арадан болымсыз саңылау түспесе, дүние түндігі түрілмеген түнек күйінде қалатындай. Қарауыта шымырлаған тұңғиыққа біртіндеп жұтылып бара жатқанынан секем алып елең қақса да, ішінен әйелінің сөйлемегенін қалап келеді. Арбаның қатқақ жолдағы салдыр-гүлдір дыбысынан тіке шаншылып ұйтқыған құйындай әлдене қалт тынып, қыбыр-жыбыр шыбын-шіркейге айналып кететін тәрізді. Немесе сонадайға тырақайлап барып тоқтап жалт қарасқан мақұлықша селтиіп, дереу ербең қағып зорая ғайып болады. Содан шыбын-шіркейдің қалың шоғырына ұқсап қаптап шыға келген кезде айнала төңіректі шалықты нәрсе кезіп жүргендей бойын түсініксіз үрей билейді. Жапан дүздің албастысы шынымен де басатындай дегбірі қашып, божыны үсті-үстіне қақты. Көкірегін қарс айырып күйзеле күрсінген әйелінің үнінен шошынып, меңіреу дүниеден бір қауым сәт тың тыңдап сілейіп қалды.

— О,құдай, күніміз не болар екен?!

Алдағы көресіге құдды өзінің қатысы жоқтай әуелі бей-жай күйі тыңдады. Келер күннің қаупін еске салу арқылы ықтырудың әйелдік зымиян әрекеті жатқандай енжар күйден тез-ақ арылды. Шырт қараңғы түнде үздіксіз салдырлаған арбаға анда-санда аттың пысқырғаны қосылып, елегізітіп құлазытпай ес тұтуға жарайды. Көз ұшынан жылт еткен әлсіз сәуле жанарының ұясына кенет сұғына кіріп, қарықтырып жіберді. Жерге тарбита қондырылған қадау-қадау шам беймезгіл уақытта жол шеккен бұл жазғандарға шырай бермес қатыбас жандардай. Не қылса да станция шетіне іліккеннің белгісі. Темір жолдың әлденеше қатарынан өткен соң бірталай араны айналып барып ауруханаға жетеді. Мұндайда жол жарықтық ұзарып кетеді екен. Сарғайып үш ай бойы жатқан қар кеткеннен кейін үй ауласының алды алаң ашық. Маңдайшадағы шам жарығынан діндері әктелген қарағаш аршылған жауқазындай көз жауын алады. Кіреберіс жердің терезесі ғана жарық, қалғандары үңірейіп суық қарауытады. Арбадан қарғып түсіп, есікті жұлқи тартты. Күршекті іштен іліп алғандары көңіліне сыймай, тарсылдатып үсті-үстіне қаққанда дүңкілдеген дыбыс жаңғырығып қатты естілді. Бір кезде барып таныс дауыс шықты.

– Әй, Полина, жеті қараңғы түнде жетіскеннен келіп тұр дейсің бе. Ашпаймысың, есігіңді.

Сұңқиған арық ұсқын жасыл шырағының өткір қарашығын қозғамастан тесіле қадалды. Қолын қайта-қайта сыртқа сермеп:

– Моя маржа болит, – деді.

Түк ұқпаған кейіпте сұраулы жүзбен қарады. Мұны адам екен деп бір ауыз тіл қатпастан бір кезде барып шарбақтың есігін шалқайта ашып тастады. Еш жөнін айтпаған күйі ішке сып беріп кіріп кетті. “Атаңның аузын ұрайын, дені дұрыс па өзінің”, – деді соңынан аңырып қараған күйі. Содан атты ішке жетектеп кіргізіп, есікке тақап көлдеңінен тоқтатты. Қыбыр етпей жатқан Дариғаға мойнын соза үңілді.

– Келдік қой, – деді ақырын тіл қатып. Жауап қимыл еш білінбегеніне Сансызбайдың іші қып ете қалды.

Жылы орнымыздан жылжымауымыз керек еді деп бұл баяғы мені жазғырып жатыр. Өзі әбден жан тыныштыққа үйреніп, балалар кісікікке айналса да бәрібір бұған. Әйел басымен өзінде әділет жоқ. Осыған жыны ұстап, зығырданы қайнайды. Осы кезде іштен Полинаға ілесіп сыптай біреу шығып келе жатты. Қараңғыда жүзін анықтап айыра алмады. Дәуде болса жаңадан келген біреу. Дүңк етпе үндеместен гөрі қимылы сыпайы елгезек.

– Не боп қалды? – Даусынан жеті қараңғы түнде мазаны алғанға әбігерленген реніштің сызы сезілді. Осы күнгілер амандасудан шошынған я кішілік дегенді біржола ұмытқан. Әй-шайға қарамай арбаға қарғып шығып, фонардың жарығымен Дариға жүзіне ұзақ үңілді. Алақанын маңдайына тосып, біршама уақыт тамырын ұстады. Кенет Полинаға алая қарап, әлдене деп қатқыл тіл қатты. Ішке қарай жүгіре басып, ырымға жаман зембілді дереу алып шықты. Сөз бен реніштің әшейін екенін Сансызбай аяқ астынан түсінді. Зембілмен апаруға дейін жетсе, бейшараның жағдайы қиын болғаны ғой. Еркектерше арбаға ырғып шыққан Полина әлгіні шамдағай тартып алып, Дариғаға жарыстырып қатарластыра қойды. Біреуі басынан, келесісі аяғынан ұстап зембілге жатқызды. Арба жақтауына екеулеп шығарып, кезекпе-кезек жерге секіріп түсті де, суыт алып жөнелісті. Шалқалап бара жатқан Дариға ағараңдаған сәуледен көзге анық шалынды. Қоң етінен кесіп әкеткендей тітірене дуылдаған тұла бойы шымылдап барады. Бұған адам екен-ау деп жөн айтқан ешкім жоқ. Есікті іштен жауып ала салып, жарықты сөндірсе де, бір орыннан тапжылмай бұл ұзақ тұрды. Мұнша жат, салқын құлық жабырқатқанынан бөлек түздік самарқау енжарлықтан қатты тіксінді. Разъезге қайтып барып қасқабақты баққанша осы араға жата кетуді ұйғарды. Дариға жағдайын да біржола біліп кетеді. Атты шарбақтан былайырақ жетектеп алып шығып, алдына шөп тастады да, Дариғаның орнын жазып жата кетті.

Разъезге келесі күннің сәскесіне қарай бір-ақ оралған Сансызбай үй иесінің түксиген суық ұсқынымен ұшырасты. Бұрыш жақта үрпиіп отырған екі ұлы мұны көре салған бетте арсалаңдап тұра ұмтылғысы келсе де,

бөтен үйдің қабақтарынан жасқанатын сияқты. Жалт қараған әйелдің жас тұна мөлтілдеген мұңлы жанары шығып кетіп жүрмесін деген тілегі бардай жалбарына жаутаңдайды. Жалаңбас отырған шүңірек көздің сопақ басының қасқасы тік асудың жолындай. Ұшқыны уытты шырағын өңмеңіне қадады. Маңдайының қатпар қыртыстарын жиыра түскенде кескініне тоңмойын айбын үйіріледі.

– Итті күшігім-күшігім деп аузымызды жалатқанға дейін жеткіздің. – Әйеліне дүрсе қоя тіл қатқан сәтте желқақты жүзі ызбарлана күреңітті.

– Апарған бетте жөн-жосықты айтпай ішке кіргізіп, есіктерін тас бекітіп алса қайтейін. Жағдайын білмей кетсем көңілім тынбайды ғой деп таңның атқанын күттім. – Сансызбай құлықсыздау тіл қатты. Момақан көнбіс даусынан ашулы зілді аулай алмады.

– Елдің бәрі саған біз деп пе едің. Орта жолда қалған қатын-балаңды алып келуге көлік дайын, кісің ауырса, Қопаға апаратын ат-арбаң дайын.

Мынау бүгін кешегі қайтымы тез, жалаң мінез астарсыз адамға ұқсамайтын басқаша. Қазіргі самарқау нығыз отырысында елпелектеген жеңілдік түп атасымен болмағандай. Өгей қатулықты шошына жатырқаған кейіптегі ұлдарының жетімектей жаутаңдағандарына жаны ауырып, жүрегі сыздады. Иттен ілгері кеткен жері шамалы екенін ойлап, балаларына:

– Жүріңдер, – деді. “Барар бағытымыз – төс”, – деп іштей шұғыл тәуекел етті. Екі ұлы қанаттана атып-атып тұрды. Ересегінің буыншақ-түйіншекке бірден ұмтылғанын көргенде, көңілі толқи босаң тартты. Баланың осынысы адамға зият екен-ау. Елең етіп жалт қараған әйел көзін жаутаңдата төндірген мезет әлгіндегі мұңға толы мөлдіреген шарасынан мүләйімдеу ұры сәуленің жылт еткенін анық байқады. “О несі екен”, – деп ойлады.

– Ал, қайыр-қош. Жақсылықтарың бізден қайтпаса, құдайдан қайтсын.

Әйел әлденеше ұмтылып орнынан тұра алмады. Құты қаша бағжаңдағаннан басқа шұғыл әрекетке бара алмаған кескіні бозарып, көздері тынымсыз жапақтап кетті. Шүңірек көздінің тап мына айбыны адамды өзіне беттеттірмейтін

тым сұсты. Әйел мен еркектің арасы құз, терең шыңырау екенін еріксіз ойлады.

Екі-үш үйлі разьезден ұзай түскен сайын Сансызбай алақұйын көңілін сабасына түсіре алмай әлек-шәлек болып келеді. Бір қиянда қалып бара жатқан Дариғаны ойлаған мезет тиянақ-тұғырдан түк жоқ, жалғыз-жарым сезініс иектей бастады. Дүр етіп көтеріліп келе жатқан көрпекөктің қасында жусан бүрлері сұрғылт. Жорғалап барып ұша жөнелген бозторғай қанатының ақшыл жиек қияқтары көзге ерек басылады. Үлкен ұлынан қабағын қанша томсарып, бір ішкі қамкөңіл мазандық сезілсе де, белгісіз беталысқа желпінген балалығы бәрібір білінбей қоймайды екен. Басқан сайын бетінің бүлк-бүлк ететін болбырлығына қарап: “Шешесіне тарта ма, қайтеді”, – деді. Бала екеш баланың десі қайтып, күнәсіз балғын жүзінде айықпас қаяу барын байқаған кезде қу жаны дызақтап қуырылып кете жаздайды. Жасқа шыланған көздерін бейкүнә жаудыратып, аузын шүршитіп алған кішісі қиғылықты салуға дайын. Мұның назары өзіне ауғанын сезген бетте:

– Нан жеймін, – деп бақырып жылап жіберді. Бұлардың оразасын аштырып алмағанын әуелі байыпсыздау ойлап, еркек дегеннің мұндайда сорлы екеніне еріксіз көзі жеткендей.

– Қарны ашқан бала жыламайды, жыласа жаман болады, – деді даусын бір сұмдық кесімді шығарып. Бұларға қарайламай ылдым-жылдым жүріп, алға бірталай озып кетті. Өзінің де кешеден бері нәр сызбағаны есіне түсті. “Мені қойшы, өлмеспін”, – деді. “Кішкентай екі балаға тамақ бере салмаған ана қатынға не жорық. Барып тұрған пірсіз ит екен ғой. Үлгіліге жеткенше кеш батады. Тағаштан ел кезікпесе қайтер екем? Мыналарды ашықтырып, масқара болам-ау”, – деді үрейі ұша. Бағана ертеңгісін доғдырдың да айтқан сөзі жанды жеріне тигендей. Ішке кіріп, әйелдер жататын бөлмеге тура тартқан.

– Қайда?! – деп өктем шыққан дауысқа амалсыз кідірді. Мұрны істіктей ұзын, қысық көзінің қоңыр аясынан қызғылт ұшқынды өңменге шаншылта қадаған сары жігіт:

– Халат жамылу деген болмай ма? – деді төніп келіп. Маңдайының көлемі құмырсқаның жолындай бір ғана сызық екен .

– Баяғы госпитальдан кейін оны кім киіпті.

– Әйеліңізге неге тамақ бермегенсіз?

– Тамақ бермесем, осы күнге дейін аштан өліп қалмайтын ба еді.

– Қазақша айтқанда қызылсырап, содан қаны да азайған.

– Аштан өлген дегенді көзім көріп еді, қаны тамақтан азайған дегенінді естімеппін.

Қадала қараған анаған назарын тіктеуге дәті бармады. Қызылсыраған дегенінде адамның батын түсіретін бірдеңе барын сезді. Ауруханаға Нұрғайшаның келіп кеткенінен әйелдің қас-қабағы келіспей жүргенге жорыған. Барлық бәле, сөйтсе қызылсырағанда екен. Құдай-ау, сол да ауру болып па. Дариғаға кіргенде көшегі қиналысы басылып, жазық маңдайы өрмекшінің торындай сызық-сызық. Бұған бағжиып таңырқай қараған сәтте адырая жолақтанған көз тамырлары сұрапыл өрттің сөнуге айналған қозына ұқсаған солғын.

– Балалардан көңілім тынбай жатыр, қайтті екен? “Шеше деген сорлының жүрегі біледі екен ғой”, – дегенді дауыстап айтып қалғанын өзі де сезбеді. Айналып келгенде, шегіркөз бен қатын екеуі де түсініксіз. Алдында әжептеуір көшелі кісідей қылықтар жасап, артынан не көрініп қалды екен. Құртақандай екі бала сонша несін жеп қоятын еді. Алғаш тәуір көрінген адамының артынша жамандыққа баратынынан аузы талай күйсе де көңілі қалмайды екен. Сонау көз ұшындағы көлбеңдеген дөң, қырат сұлық түсіп сұлап жатқан жапан жазыққа қарайламай ұбырып-шұбырып баяу қозғалған керуеннен аумайды. Солардан жырылып, беріректе саяқ тұрған төбенің тұқыл сұрқы дөңгеленген төртбақ бітімді Сұрапбай итті еске салатындай. От қарып түскендей өзегі дуылдап барады. “Сұрапбайдың қайбана қазақтан қай жері ілгері. Осылай тентіреп жүруіміз соның кесірі емей не?” Алдындағы кезіккен белден кейін ұдайы еңіске қарай құлдилап кеп дыбыссыз аққан Қопа суына бір-ақ тоқтады. Беті мың-сан иірім, өрнек-бедерлерді сұлбалантып

үлгертпей су екпіні шырқ иіріп алып жөнеледі. Бір қауым ара артта қалған екі ұлының жүрістеріне қарауға дәті жетпейтін шарасыз күй кешті. Кішісі әлі таусылғандай жолдың шетіне тәлтірек қағып шығып, біршама аңыра тоқтап барып қайтадан ілбіп басады. Үлкені сөлпиген қалпы аяғын көңілсіз алады. “Сұмдық-ау, алда әлі талай жер бар, бұлар қайтер екен?” Осы ойдан дегбірі қашып, медет іздегендей айналасына алақ-жұлақ қарады. Сонадайдан кенет көзіне түскен сарыала қаз дүние түгел бір түсті екенін әйгілейтіндей. Қызылқоңырдан ақшаңқан, одан сарғыш реңге жалғасып, бастапқы түске қайтадан құйылыс табатын сәті көзді сан бояумен лезде суарып өтеді. Күңгірт тартқан көңіліндегі бұйығы нәрсені түртпектеп, әуселесін қытықтаған сәт түсініксіз құлшыныспен алға ұмтылғысы келеді. Егіндіктің сала-сала аңызына ұқсаған сортаң жусан арасын бойлай ақтаңдақтана сұғынып, алаңқай тұстан салаң етіп шыға келеді де ұзынынан сұлап-сұлап түсіп, сұлық жатады.

Қылдырықтай аяғына әзер ілініп тұрған тырна жарықтықтың күнге шағылысқан көкшіл түсі желбіреген ақшағыл реңкке ұласады. Қаз-қатар тізіліп аспанда қалықтап ұшатын жаратылысты тура қасынан қарағандағы ұсқыны – сұңқиған. Басын қалт қисайтып тың тыңдаған мезет мөлтілдеген кішкене көзі тамшыдай үзілуге шақ қап тұр. Әдейі еркелікке бара назданып, аяғын жорта санап басады. Тек жанарының қызыл жиегі жабайы салттың белгісіндей тым тосын. Қарасын көкке батыратын тырнада несі бар екен мұның. Қазір ентигіп жететін екі баласына не дер екен, жүздеріне тура қарауға дәті қалай шыдайды. Ашаршылықта жаны бүйтіп қысылмаған шығар. Ол заман өзімен кетсін. Көзден кісілік шуақ жоғалып, тек талғажу көксеген қызылжалқын сұғанақ сәуле жаланып-тіленіп тұратыны есінде. Сыбағаларынан құр қалатындай арсалаңдап жеткен екі ұлының ықыласы бірден өз бетінше жүрген сарыала қаз бен тырнаға ауды. Тоқ баладай томпиған әсіресе кішісінің аңырған сүрпеті қызық. Жолсоқты қиналыстың ізбіні келбетінен білінбей, дүниеде мынадай жаратылыс барына сүйсініске толы балалық таңырқау. Мөлтілдеген күнәсіз қарашығына ұялаған алаңсыз сенімге діттеп қарауға дәті жетпеді.

Алдағы сарсаңнан көңілі қатты қобалжыды. Үлкені жанарын әр тарапқа момақан жүгіртіп барып бұған кідірткен кезде жаудыраған мұңлы шуақ жүрегін тербеп өтті. Тұнжыр су бұйығы, тымық. Арнаның қалтарыс оқпанында бұлқынып бүлкілдеген иірімдер томсарған тұйық нәрсенің селт еткені сияқты. Тік көтерілген күн шуағы көрпекөк бетіне жұқалап жүгірткен ақ бояуды аппақ бордай сортаңға ұластырып тынады. Өздеріне қадала қалған әлденеше көздің сұғынан секем алып сескенбестен қаздаңдаған сарыала қаздың қызылқоңыр жолағы оттай жайнайды. Назға толы түздік ерке қылық көмескіленген аңсарын қытықтайды. Одан арырақта қыдың-қыдың басқан тырна кенеттен селк етіп, анадай жерге ыршып қонып, қоқайған монтаны қалыпқа лезде көше қойды. Таңсық нәрсенің сәл қимылының өзінен керемет әсерленген екі ұлының әлпеттерінен айтып жеткізгісіз ынтызар құштарлыққа қайран қалып тұр. Мойнын ұмсындыра алға созып, құлаштап жазған қанатын баяу сермеген тырна біртіндеп алыстап барады. Қанатсыздығына қорынатын сезім иектеген көңілін жасшылықтағыдай қимастық баурап алды. Күншығыс жақтан кенет қылаң беріп қылт еткен әлденені көзі шалып қалды. Соны селт етпей ұзақ бақты. Бір нүктеден көз айырмай қадалған кезде ширатыла есілген сағым желбіреген орамалдай желпілдей жөнелді. Тыпыңдаған шапшаң қозғалыс иесін сорайтып сырықтай ғып көрсетеді. Бұлдыраңдаған сағым ойнағы әлгіні сүйірленте тікейтіп, қалақтай екіленте сыздыртып әкеткен замат құбыжыққа ұқсатып жібереді. Салт аттыға ұқсатар-ұқсатпасын білмей дал. Көлденең көк аттыдан жүрегi шайлығып қалған сияқты. Кешегінің қылуасы тағы қайталанса, мына екеуіне ауыр тиетінінен қамықты. Онсыз да әлпеттеріндегі таңырқау сейіліп, жабырқау үйіріле бастапты. Тыпыңдаған жүрістіні біртіндеп айырып, қайран қалды. Киімі алба-жұлба, бөктерген қоржыны алабажақ. Қарашығы тұрақтамай алақ-жұлақ еткен шалықты. Ойнақшыған сәулесі бой тіксіндіретін суық. Балалары шошынып қала ма деп қорқып тұр. Ата-бабасының дуаналығымен жасты астындағы тұрқы ұзын, сүйегі ірі қашырдың кірпіктеріне дейін бозғылт. Дулыға тәрізді шошақ бас киімі мен күнге әбден оңған шапаны

біреңкей сұрғылт. Үшкір иегіндегі ұзын бурыл сақалы тынымсыз көстендейді. Салбыраған шалғы мұрты жүзіне баянды байып үйретіндей. Береке таппай алақтаған көзі көңілге күдік ұялатады. Қалшия қатып қалған екі ұлының тұрпаттарында таңырқау басым.

— Маған берген аян бойынша сендерді Тағаштан кезіктіруім керек еді ғой. — Шермендеге толы дүние мұнша шалықтылықты шімірікпей көтеріп тұрғанына аяқ астынан көзі жеткен Сансызбай өз денінің дұрыстығына күмәнданған түсініксіз хал кешті. Дуананың қоңыр қызғылт аясының өңменге қадалған өткір ұшқыны өн бойын тітірендіріп жіберді. Үп-үшкір мұрны делдиіп, еліре екіленіп сөйледі.

— Айналайын қарақтарым-ай, сендер ашығып қалды ма деп құстай ұшып жеттім ғой. — Қанша алақ-жұлақ етсе де назарын бұған бір түйістірмеді. Қоржынына қолын сұғып жіберіп, кір-кір орамалмен оралған қазанжаппаны суырып алды.

— Мә, ұста, — деді үлкеніне.

Ұлы қу тамақ алдында өзін тежей алмай ұмтылып барып көз қиығын бұл жаққа ұрлана тастады. Әлгіндегі мөлтілдеген бейкүнә шарасы ашқарақтанып сұғанақ жылтырайды. Кішісі де сыбағасынан қағылатындай әйшай жоқ ұмсынды. “Тәйт”, — деп тойтарып тастауға бір оқталды. “Шекелері қызып жүрген жоқ қой”, — деп райынан тез қайтты. Нанға екеуі бірдей жармасып, үлестерін жұлып-жұлып алысты. Қомағайлана ұрып жіберген уақытта шайнап үлгермеген ұрттары томпайып, көздері алақтап кетті. “Ашаршылық болса қайтер екен”, — деді сырттарынан бақылаған бұл. Қашырынан қарғып түскен дуана құнжыңдап жүріп қоржынын жерге қойды. Бүлкілдеген қарыннан ернеуі кетілген тостағанға ілпілдетіп айран құйды да сағағынан сыртқа аққанды дереу жалап алды. Тамсанып қалған мұнымен түк ісі жоқ дуана үлкенінен бұрын тұра ұмтылған кішісіне ұсынды. Екі езуінен жырылып аққанына қарамай бас қойып бір-ақ сімірді сабазың. Сыншыл назардан тайсақтағандай өзіне тиесіліні үлкені ұяңдау алды.

— Іш, — деді бұл қатқылдау үн қатып.

— Іше ғой, қарағым, — деді дуана жалпаңдап.

Ұстамды деген үлкені де аузына апарғанша дегбірсізденіп, қомағайлана жұтты. Қатты қатқақсыған өзі де тостағанды бір-ақ төңкеріп, иесіне қайтарды. Маңдайынан тер бұрқ ете түсті. Сап-салқын дәм сарайын ашып, көңілі бірден жайланды. Дуананы енді анықтап шолды. Шалықты елірмелік ізім-ғайым жоғалып, арсия қаңсыған жүзі жолсоқты шаршаған. Шырағындағы жалқынданған қоңырқай өткір сәуленің қызуы төмендеп, солғындау жылтыраған шақта қымсынысты ұшқын ұялады.

— Апырмай, ақсақал, сіз болмасаңыз өлуге жақын қалыппыз ғой, тіпті.

Басын кегжең еткізіп жұлып алған дуана көздерін құтырта шақшитты. Қабағын қыржита налыған замат ақылдың салқын табы білінді.

— Құдайды ауызға алып қоймайтын неме екенсің өзің. Аян берді, содан келдім демедім бе, жаңа! — Әлдене ойына сақ ете түскендей дуана қалт кідірді. Арық кескіні күреңіте шымырлап, мұны жаңа көргендей ұзақ түксиді. — Балалар түнде шошынып қалған жоқ па екен? Таңдайларын басып қойғанда болатын еді.

“Тәңірім-ау, бұл тегін емес, бәсе”, — деді кенет. Бағана разъездегі үйге кіріп барғанда жайсыздық барын сезінген еді. Ұлдарының қас-қабақтары қалыпты көрінген соң кикілжің ат-арба үшін өрбіген деп ұйғарған. Аққатынның жорта мүләйімсіген кейпі елестеді. Жанарын монтаны мөлдіреткен замат зымиян ойнақы сәуле қылмың қағып шыға келетіндей ұстамсыз. Еркегінің көзіндегі зәрлі уытты арбап қайтарудың амалын білетін кәнігі тәрізденді. Балаларға еш кәдік болмағандай жүрегі сескенбеген. Осы кезде қоржынын қайта артқан дуана ерге қонжиып қонды да қашырының басын бұларға қарай бұрды.

— Менің бағытым Тағаш.

— Сол араға дейін балалар сізге мінгесіп жетіп алсын, ақсақал, — деді бұл іле.

Солай қарай екеуін де ақырын итеріп бағыттады. Үлкені бірден құп алып, томпаңдай жөнелді. Секем ала үрпиген кішісі бақырып-шақыра мұны бассалды. Солығын баса алмай екі иығы селкілдеп, ықылық ата жылады.

— Балам-ау, қой. Сені көтеріп жүретін шамам қайсы менің. Тағаштың қырқасында ел отырған шығар.

Күйі кеткен тағы біреулерге асыққан сыңаймен үлкенді мінгестірген бойда қашырын үсті-үстіне тебініп дуана жүріп берді. Шалғайына жармаса шырылдап жылаған кішісіне не істерін білмей абыржып:

– Қайырыңызды ақырына дейін қылыңыз, ақсақал! Түйіншектерді алдыңызға өңгеріп алыңыз, – деді.

Қалт тоқтап жалт қараған дуананың иегіндегі бір шөкім сақал дір ете түсті. Ойнақшып кәдіктеу аларатын көзінен қамкөңіл ұяң сәуленің қылаң еткенін ап-анық байқады. Үп-үшкір өткір зат жіңішкеленіп бойлағандай жүрегі шымылдап ашып барады.

Мына жазған шалықты екпінінен айырылған мезет жүзіне ақыл-есінің бүтіндігін әйгілейтін ұстамдылық үйіріледі екен. Сәл кешіксе қарайламастан жүріп кете беретіндей көрінді. Буыншақ-түйіншекті алдына қоя салған кезде дуананың ұсқынындағы қиналыс жай адамдардан кезігетін реніштен аумаитынына таңырқады. Сыбай-салтаң жүріске әбден үйренген бұ бейшара тап мына артық-ауыс салмаққа көндікпей сыр беріп алатынын қу іші біліп-ақ тұр. Аяңшыл қашыр шіркіннің кілдіреңдеп ілбіп басқанына тынышсызданған күйі кіші ұлын арқасына сала сап қатарласа өңмендеп ілесті. “Мұны кезіктірген құдай ғой”, – деді.

XXII

Пойыздан түсе салған бетте Сардарбекұлы автобуска тұра жүгірді. Іште ине шаншар орын жоқ екен. Есіктің көзіндегілерді итере-митере аяғын әрең іліктірді. Бірден мұрнына келген қолаңса иістен жүрегі айнып, түсіп қалуға бір оқталды. Келесісін күткенше талай уақыт оздыратынын ойлап, амалсыз тежелді. Өңкей өңменге қадалатын сұғы жайсыз көкшіл көздер. Жолсоқты жазғандардың шаршаған кейіптері күреңіте құбылған уақытта сап-сары түктері қызылқоңыр реңкке бөленеді. Бусанған маңдайларын сүрткіштеп әлектенген қабақтары қабаржыған етжеңді әйелдер. Кейіптері шаруалау. Кескіндерінен оқып-тоқудың сыпайы зиялылығы сезілмейтін тұйық. “Қазақ бұдан да аман-есен өтеді, көресің ғой”, – деген Әулиеата жігітінің сөзі ойына сақ ете

түсті. Көңілі оған көншіп қоймады. “Астыларынан су шыққан жоқ, жылы орындарынан несіне қозғалады екен”, – дегенге де аса діттемеді. Бас киімінің күнқағары шолақ, маңдайшасы тікірейген орта жастағы біреу есік көзіне екі бүктеліп кеп кесек жүзімен бұған ұзақ шүйілді.

– Әй, қазақ, бұлардың бәрі мұжықтар, – деді.

Түсіп бара жатқан әлгі еңселінің бүкіл бітімі мыналардан бөлек екенін айырса да, қара тұтар жақындық сезіне алмады. Қол-аяғы ұзын атжақты адам ұрқының жалпыдан осынша өзгешелігіне қатты таңырқады. Сынамшыл қадалатын тұздай көк көзінен жалт еткен сәуле мұздай сұп-суық жылтырайды. Былай шыққан соң мұнша көп жұрттың арғымақ кейіптісі мен моңғол жылқысы тәрізді күйкі тұғырларын бір мезгілде кезіктіргені ойынан кетпей тұрып алды.

Шешесі есікті ашқан сәтте қиықтау көзінен жылт ете қалған сәуле лып етіп сөнді. Әшейінде ұстамды қадалып барып: “Ат-көлігің аман ба балам?” – деп тіл қататын да қоятын. Бұл жолы сопақ кескінінен толқыныс білініп, мейірлене емініп қалғанын байқады. Жол киімін ауыстырып, жуынып-шайынып дастарқан басына жайғасқанда, шешесінің лыпыған қағылездігін және бір көңіліне түйді. Бұрын-соңды мұндай етенелікті сездірмеген соң ба, сыйымсыз сияқтанады. Ақыры мұның бұйығы ыңғайынан тосылып, шайды үн-түнсіз ұсынды. Өзі кесені түбінен шошайта ұстап, бір нүктеге тас қадалған қалпы асықпай сораптап ішуге кірісті. Бір қауым уақыт орнаған үнсіздіктен кейін бүкіл денесімен бұрылып, бірер сәт барлай қарады. Сазара қадалған кезде маңдайының сопақтығы көзге қораш ұрады. Шырайынан әлгіндегі жылылық сейіліп, қоңырқай аясы сұп-суық тартты.

– Жабырқау түріңе қарағанда, жұмысыңда бірдеңе болды ма?

Не деп жауап қатарын білмей абыржи дағдарды. Жайдары бола салса несі кетер еді.

– Келімсектер қаптап кетіпті. Алдағы көресіміз не болатыны белгісіз.

Даусының діріл араласып бұзылып шыққанына таңырқады. Сыншыл назар селт етпеген күйі қадалып тұр. Айтпағы бұл емес екенін сезіп қойғандай қуыстанды.

– Қазақтың да жаратқан құдайы бар... – Осы сөзді жаратпай қабағын шытқанына шеше ажарын суытып, тіктеле қаздыып алды.

– Бұрынғылар құдайдан қорықпағаннан қорық деуші еді. Мен сендерден осы шошимын. – Қоңыр қарашығына үйірілген қызылжалқын ұшқын өңменін түйреп өтті. Жіпсиген кішкене көзі шақшия үлкейіп бара жатты. Лезде айбындыратын шеше сұсын ұмыта қалғанына өкінді. Жарты дүниені алып жатқан мемлекет жаратушы иені не қылсын. Шешесі кінә артқан уақытта жалпының арасына мұны да қосақтап жіберетінін түсінбей дал. Кесеге қолын қойып, болдым деген ишара жасап тұра бергені сол еді, отыр деген белгіні шешесі қабағын жасқап білдірді.

– Бұрнағы күні Медеу немересінің үйінде Сқақбайдың приказчигі Ахметтің әйелін көрдім.

Сқақбай приказчигінің баласынан ол дәуейіп, қазір Қонаев болған. Сқақбай приказчигі Ахметтің әйелінен гөрі Қонаевтың шешесі десе әлдеқайда қуатты естіледі. Бү кісі соны да түсінбейді.

– Қаласаң, баласының үйіне ертіп апарып таныстырайын дейді.

Көкірегін ыстық толқын желпіп, көңілі алып-ұшты. Еңселі келген нәті жұмсақ адам көз қиығын жүре тастағанның өзінде жұп-жұмсақ нұрымен аялап өтетіндей. Қалт тоқтап, момақан қалыпта болымсыз езу тартып, шүйілген кезде жанарының түбінде бұғынып жатқан ойдан салқын ақыл сәулесі инедей шаншыла қадалатыны елестеді. Баяғыда әзілге сүйеп, Қонаевқа жолықтыр деп қолқа салғанда шешесі бетін тойтарып тастаған жоқ па еді. Бұл бәлки, соның өтеуін қайтарудың ниеті шығар. Үй-жайына баруға жүрегі құрғыр дауаламайтын тәрізді.

– Ал, не істейсің?

– Білмеймін.

– Мейлің, ертең де күн бар ғой.

Шешесінің тура осындай тоқтам жасайтынын сезіп тұрып қапы жіберіп алғанына ішінен өкінді. Ары қарай сөз қылса дереу тыйып тастайды. Бұл енді бір жағына шығып болғанша сабырсызданып, мазасы кететініне қамыға бастады.

Жұмыс орнына кіре берген кезде өзінен-өзі қобалжитын әдеті. Бүгін өзін сенімді ұстап, нық басып келеді. Тыныштыққа

бөге шымырлаған дәліздің ұзына бойында жыпырлаған есіктің аржағында қағаздан көз алмай шұқшиып отырған адамдар бейнесі көпең қағады. Өзіне етене ортаның жұмыр басты пенделері сары уайымның желқайығына әлдеқашан мініп, талай айдынның бетін шиырлап үлгерген шығар деп кекетті. Қабылдау бөлмесінің тұсынан өтіп бара жатып, бас сұғып кетуге бір оқталды. Торсық маңдай, дөң мұрын келіншектің бүкіл еңсесімен бұрылып, танымаған кісіше сүзіліп ұзақ қарайтын кісікиік әдетін ұнатпайды. Маңдайшадағы аты-жөні көзіне оттай басылған уақытта Қонаевты арқа тұтқан әуселесі әуектей жөнелді. Есікті ашып ішке кіргенше Қонаевтан аспандағы бұлт жақын сияқтанды. Бір қауым уақыт қимылсыз отырды. Суырмаларды бір-бірлеп ақтарып шығып, күнтізбе парақшаларына түртіп қойған жазуларына үңілді. Сырттан жұрттың дабыр-дүбірі естілді. Бәрінің жиналыстан шыққанын білді. Редактор алдында мән-жайды баяндау азабынан жүрексінді. Түнеукүні шағым хатты лақтырып жіберген қылығы көңіліне дік болып қалыпты. Осы кезде есік ашылып, Қақаңның еңсесі көрінді.

– Батыр-ау, үндемей отырғаның не? – Қаңғалақ қағып келіп мұның қолын сілкілеп алды. – Жаңалықты естіп жатқан шығарсың? Апай-топай заман болды. Қасекең кетіп, орнына Үсекең келді. Сенің курстастарыңды облыстарға тілші ғып жіберді. Тағы жаңалық керек пе, әзірге осы жете ме?

Сардарбекұлы “Мені қайттіңіздер?” – деп сұрай жаздады. Пендешілігін сездіріп қойып жүрсе тағы ұят. Сең соққандай есеңгіреп, үн-түнсіз отырып қалды. Қақаң қарашықтарының ақшылтым жиектері кінәратты. Мұрны мен иегі түйісіп, жемтігін құнжың қаға жеген жәндікке ұқсайды. Өлердегі өтінішін айтатын кісіше мәлие төне түскенінің аржағында жаманаты жатқандай дегбірсізденіп тынышы қашты.

– Сіздің құзырыңызға құлдық ұрып тұрған мына пақырыңыз Совет құрылысының аға тілшісі.

– Мен не болдым? – деп ақыры сұрап тынды.

Бет-аузы шалбар-шалбар, көзі кілмиген кәрі теке дымын құрта түскісі келгендей езу тартып:

– Жастық шіркіннің сөздің мәнісіне бірден бара алмайтыны жаман да. Бағанадан бері мен не айтып тұрмын.

Алдыңызда сіздің әдеби қызметкеріңіз Қаһар Әбдірашитов, – деді.

Сардарбекұлының құлақ шекесі зың ете түсіп, көз алды тұнып, тұманыта жөнелді. Алпамсадай кісінің тұрпатын қораш, қорған басына сұңқиып қонып отырған байғызға ұқсатты. Өзін байыпты ұстап, сыр бермеуге тырысса да ішін кеулеп әкетіп бара жатқан желік ұшырып-қондырып әкетуге шақ тұр.

Қақаң пәстеу шыраймен бозара қараған қалпы:

– Қазақ бітті ғой, – деді кемсендеп жылап жіберетін кісідей аузының қиюы қашып. Сардарбекұлы оған селт етпеді.

– Аталарымыз қауіп еткен аузы түкті кәпірдің тоймас аранына жұтылып тынатын болдық қой. – Жарықшақтанып шыққан үні құлағының түбінде дірілдеп тұрып алса да, көлгірлік жатқандай көңілін тербемейді. “Қазақты да жаратқан құдайы бар”, – дегеніне дені ауып, жүрегі орнында, қорықпайды. Іске көшетін кісідей түсін суыта тіктеліп, түксиіп қадала қалған уақытта анау шошына сап тынды. Қамкөңіл әлпетке көшкен замат үп-үшкір иегі мұрнына тиетіндей бырысып, екі ұрты суала мәліді.

– Жаңа бастыққа кіріп, өзімді таныстырып шығуым керек шығар?

Бүкіл редакция Қақаң деп дәсер қып әспеттеген кісі орнынан атып тұра жаздап елпектеп:

– Әрине, әрине, – деді.

Жазатайым қабағын кіржитіп шытынғаны сол еді, алпысты алқымдаған кісі байсал-байыбынан айырылып, қалбалаңдап орнынан атып тұрды да елпелектеп алдына түсті.

– Мен де өзіңіз сияқты партияның болашақ солдаты болғым келеді. Сеніміңізден шығуға әрқашан тырысамын дейсің ғой. – Осы сөзді айтып үлгеріп, аузын ашпастан тымпия ілесіп келеді. Сен қайда жүрсің деп тергейтін сыңайда бұған бажырая қараған татар келіншектің кертпіштеу мұрны делдиген ұсқыны әйелдік сыпайылықтан жұрдай. Есік көзіне дейін бірге кеп Қақаңның тайып тұрғанын байқамапты. Іште кісілер барын жайсыздау дүңк еткізіп айтқан хатшы әйелді суқаны сүймей, бір шетте селтиіп тұр. Кімдер отыр деп сұрайын деді де

дұрыс жауап ала алмайтынын ойлап амалсыз тыйылды. Неде болса ақырына дейін күтуді ұйғарды. Осы кезде өзін қыжыртып жақтырмай жүретін байырғы журналист мұны көргенде басының қасқасындағы селдіреген қылдарына дейін тітірене тік тұрысқан сияқтанды. Көздерін томсарта тастап, қалтаңдай басып хатшы әйелге жақындады.

— Қашан шығады бұлар?

Жауап қатпақ түгілі, машинкадан басын көтермеген хатшы қылығын елең қылмаған күйі сыртқа беттеп бара жатып қалт тоқтады.

— Адам бұлай бастық болмайды, біз сияқты бұқара өкіліне анда-санда назарын салып қояды.

Қаздиган қалпынан танбаған мұны басынан аяғына дейін шолып, кілт сыртқа бұрылды. Екі иығы салбырап, жотасы күжірейген пошымы көңілсіз. Кіріп келген кезде амандаспағанына ішінен өкінді. Тап жаңағы арада жайдары мінез танытатын жөні. Соған жібермейтін ішкі тежегіші барына таң. Кенет есік сарт етіп ашылып, алғашқы шыққан еңгезердей еңсесіне қарамай, кішіктіктің ишаратын шамдағай жасап, қалт тұра қалды. Тұп-тұнық қоңыр жанарын мейірлене төндірген мезет күлім қағып тұратын етенелік қарас жадынан шығып кеткен екен. Түйенің жарты етіндейді жаңа редакторлығымен Әуезовтің өзі құттықтап келсе, мұның осал бәле емес-ау. Жансауғалап Мәскеуде жүр деген кісінің күтпеген жерден қарсы алдынан шыға келгеніне құты қаша сасқалақтағанын өзі түсінбеді. Шөкімдей жабағыланған ұйпа-тұйпа шашына көкшіл түс дендей түсіпті. Бұрын аса зер салып қарамаған ба, шалқақ та жазық маңдайы қыртыстанбайтын со бойы жайдары екенін аңдады. Көзін селт етіп төңкеріп тастаған замат қоңырқай кескіні лып етіп күреңітіп, шарасындағы меймілдеген нұр ойлылыққа ауысып, дереу салқын тартты.

— Есенбісің? — деді бұған салғырт райда.

Соңынан ілесе шыққан өзі құралпы жігіттің өңі қаракөл түстене кінәратсыз жылтырайды. Бұған әуелі состиып барып жайыла күлген уақытта томпиған қалмақы пішініне қуақылық үйірілді.

– Мұқа, бұл жігіт Заңғарбек Сардарбекұлы деген сіздің шәкіртіңіз болады. – Көз қиығын асығыс тастаған Әуезов аялдамастан сыртқа асығыс кете барды. Мұның алдына келіп қалт тоқтаған анау күлім қаққан күйі қолын ұсынды.

– Зағи Сердалиев деген тұрғыласың болам. – Даусын әндетіп еркінсіте шығарғанмен, мазасызданып есік жаққа әлсін-әлі қарағыштады. Әуезовтің әлгіндегі салқын қабағы ойынан кетпей тұрса, мынау әрнені сұрағыштап зықысына тиіп бітті. Лекция үстінде өзіне ұрынып қоятыны ойына оралды. Әуезовті шығарып сап қайтқан жаңағы еңгезердей бұларға адам екен-ау деп назар салмастан кабинетіне қарай өтіп бара жатты. Мұнысы қалмақы пішінді жігіттің шамына тигендей, ту сыртынан одырая қарап:

– Үсеке, көріскенше күн жақсыны айтасыз ба, – деді қаттырақ үн қатып.

Естімегендей кабинетіне қойып кеткен ананың нән денесінің қоржаң қимылында сезімтал аңғарлылық шамалы екені білініп қалды. Шығыңқы шықшыты шошайып, далия жалпайған жүзі жастыққа жуыспайды. Шамданған сәтте көзінің үсті бақаныкіндей тостак тартып, суарылған темірдің көгілдірленіп барып сұрғылт өңге енгені тәрізді әлденеше құбылды. Қолын жоғары паңдау көтеріп, жалт бұрылып жүре берді. Соншалық бүлініп кіділенетіндей менің не жазығым бар. Жаңа бастықтың алдына баруға көңілі шаппай қалды.

– Кіре бер, – деген татар келіншектің сөзін естісе де батылы бармай іркілді. Қорынысты сезімнен арыла алмай тәуекел деп есікті ашып қалғанда үйреншікті орында төбедей боп отырған сұлбадан тосылды.

– Рұқсат па екен? – Үнінде діріл барын сезінді. Иегінен маңдайға дейін аралық атшаптырымдай ұзынша сопақтығынан бөлек тым сарылығы көзге ұрады екен. Басын баяу көтеріп, сазара қарап барып қабағын кергенде жуырақпанда серги қоймайтындай марғау. Мұншалық кесек кескінге бітік көз үйлеспейтін қораш. Өңменіне қадалған қарашығы өткір. Тік төмен құлаған дөңес қыр мұрнынан ауа жүрмей аузымен тыныс алған уақытта әңгілік үйірілген әлпеті тартымсыз. Аты-жөнін айтқан мезет түрін көріп көңілі толмағандай кегжиіп:

– Өзім шақыртамын, бара бер, – деді.

Сардарбекұлы аңыра сілейіп барып сыртқа атып шықты. Қабылдау бөлмесінің есігін де серпе жапты. Қақаң түңілісінің мәнісі тереңде-ау, шамасы. Орнына келіп сылқ етіп отыра кетті. Қыбырлаған құмырсқа ғұрлы бағасы жоқтығын ащы сезінді.

Жұмыстан соң үйіне беттемейтін түсініксіз халде баяу аяңдаған Сардарбекұлы шешесі көңіл күйін қасқабағынан-ақ оқып қоятынын біледі. Біреу бірдеңе деді ме деп сұраса, дұрыстап жауап берудің жөнін таба алмайтын бүгін тоңмойын. Шарқ ұрған көңілі сүйеніш іздейді. Жарақбай, Зернебей, Бекен үшеуінің орны үңірейіп, бірден білініп қалады деп ойламапты. Астамшылығының бәрі солардың арқасында екеніне көзі жетіп, көзіне ып-ыстық жас кептелді. Сәбира суреті көлеңдеп өткен мезет көкірегі шым етіп дуылдай жөнелді. Түнеукүнгі Асқарбек сөзі жадында жаңғырығып, өзін оның алдында мойынұсынатын сезініс иектеді. Сол-ақ екен әлгінде ғана Әуезовтің өзін жақтырмай қараған кейпі қабаттасты. “Әкесін мен өлтіргендей о несі?” – деді кенет. – Нән сары бастық не қылған адам өзі? Таптым, арамсары”. Иттің бәрібір мысы басады. Ал ана Зағи деген кім? Қасына Әуезов дұрыс адам ертіп жүрсе несі кетеді екен? Осы жұрттың Әуезовті сонша аспан-сайбақ қылатынын түсінбей дал бола бастады. Біреу мақтаса, қалғандары іліп әкететін әдеті емес пе. Оны қанша тұқыртып, ішінен жердей қылса да көңілі көншімейді. Әуезов арқылы Абайға да салқын. Бұл жан баласына тіс жарып ашпаған құпиясы. Күстәналауға бару ауырау, тәрізі. Іші қаңыраған бос, басы зеңіп, жанары бұлдырады. Не болса соны ойлап, айналаға көз салып та қоймапты. Жаздың толысқан жайма-шуақ мезгілінде ну жеміс жапырақтарының ара-арасынан күннің мың-сан сәулесі қанжардай бойлап барып жүзі шаншыла шығып тұр. Сап-сары бадана өрік біткен құлаққа ілінген сырғадай жарқырайды. Жарылардай тырсиған қызылала алманың құнары ауыз үйіретіндей. Арық бойымен құлдыраңдап аққан судың сылдыраған сылқым үні көкейінді қытықтап, алға қарай ұмтылдырып, құлшынта түседі. Ары-бері тоқсаусыз өтіп жатқан адамдар. Бұйралана ширатылған

қауға сақалы бетін тұтас жаба жаздаған көзәйнекті кісінің тұрқы бөлек. Ішкі ойына елти көзі алайып, ары шегініп кеткен маңдайы қатпарлана жиырыла түседі. “Өуезовтің осыларға шатыс жері бар-ау”, – дегенді қыбы қана ойлады.

Көшенің арғы бетінде тротуармен қолына асатаяқ ұстап, сылтып басып бара жатқан кісі аты мәлім ақын. Қауға сақалдыға жайраң қағып, амандасып өтті. Анау маңғаздана тіктеліп, басын сырбаз ғана изеді. Мәшһүр ақынның сопақ қоңыр жүзі оған алаулай құбылып, назаланғанын жасыра алмағандай шойнаң қаға жөнелді. Қауға сақалдының қазақ ақынына деген пиғылы беймәлім. Сұңқиған сырт порымы бұл жақтың табиғатына жуыспайтын жат. Кемдігі алыстан қатты білінетін кісі мұның Сардарбекұлы екенін әлі біле қоймайды.

– Заңғарбек! – Ту сыртынан шыққан таныс дауысқа жалт қараса – опера театрының әншісі Әміртай. – Сен бе, сен емес пе деп, ары қараймын, бері қараймын. – Қалт етіп қолын алға созып сөйлегені құдды репетиция үстінде тұрғандай. Сахнадағы қанға сіңді дағдысын мына сұрымен тастай алмайтын шығар. Театрдағылар бұ кісіні мазақтап, сыртынан сан-саққа жүгіртетін әңгімелері ыңғай намысына тиеді. Көрнеу бауырмал кейіпке еніп, тесіліп қараған уақытта әлпетінің кесек бітісіне қарамай бойында шынайылық аз. Аса маңызды бұйымтай айтатын кісідей көзін төңкере шалт тастап, қабағын түйе: – Жеңгеміз қалай, қуатты ма? – дейді. Бұл әшейін жүрек қозғамайтын екіұшты сұрағы. Бір кезде маңғаздана шалқайып: – Не әңгіме бар өзі? – деді және. Жасының үлкендігіне бола әдеп сақтап, кідірген Сардарбекұлы:

– Әбеке, асығыс едім, жақсы, – деп қолын ұсынды.

Оқыс қимылға таң-тамаша боп абдырай состиган әнші.

– Әй, тоқта, – деді өңкиген күйі бұған жақындап кеп. – Біз бөрі сияқтымыз, басымыз бірікпейді. Елдің баласына қарасаң, бір-біріне өліп қала жаздайды. – Бұл сарынды әңгімені бұрын да талай естіген. Бәрібір еліктіріп әкететін бір құдіреті бар. – Жұртқа қарашы, айдаладағы татарды өз ағайыны ғып ала қойды. Иесіз бұқа құсап өкіріп жүретін Қосанов қазір еңіреген әнші болып алды.

Көкке тойып есірген танадай жойтаң Қосановты мұның да суқаны сүймейді. Аузын ауа жетпегендей арандай

ашып, даусын кернейлете шығарған уақытта қазақ ұғлының құлағына жағымсыз естілетін үн созылып тұрып алады. Дөңгелек қараторы беті шырайлана масайрап, үлкен көздерін жан-жағына астамдау тастағанда, әлпетіне өзгеше мағына үйретініне сондай сенімді сыңай. Қосанов екі мүшел үлкен Жандарбеков жалт қараған мезет көзінің құйрығынан қарашығы ойнақшып шыға келген уақытта тастүйін кескінінің айбыны діттеп қарай алмайтын тым сұсты. Одан бірталай кіші мына жерлесі әлдеқайда шау тартқан. Құрманбектің жанарын алайтып барып қалт тұра қалған қарашығынан жалт еткен ой-сезім аңғарында мұң басым жатқаны күтпеген жерден көкейіне оралды. Ой жетегіне ерем деп Әнуарбек сөзіне құлақ аспай қалған екен. Соны байқай қойған жерлесі өкпелеген баладай қомпылдап:

— Сен әлден осылайсың, бара-бара қайтер екенсің, — деді.

— Қайткені қалай? — деді бұл жұлып алғандай.

— Мені адам екен деп тұрған жоқсың ғой сен.

— Ойланып кетіппін, аға.

— Ойлан, ойлан, — деп жалт бұрылып жүре берді де әлдене есіне түскендей кілт тоқтады. Бұған жақындап келді де ақырын сыбырлап тіл қатты. — Орекеңнің балаларынан хабар бар ма?

Әп дегенде Орекеңнің кім екенін айыра алмай селтиіп аң-таң күйі тұрып қалғанын жаратпағандай, бастапқы әрекетті айнытпай қайталап, өз жөніне тартты да кетті. Шақпақ жолды костюм-шалбар киген, бас киімінің пасоны да өзгеше, мұрны үп-үшкір өз құралпы бала әдемі жігіт болған шығар. Кертанау кішісін жерден жұлып ала сап бет-аузынан түк қоймай құшырлана сүйген кесек пішінді әйелдің аса балажандығы көңілінің бұрышында тұрады да қояды.

Еңсесін тіп-тік ұстап, шалқақ бара жатқан әнші жерлесінің сырт пошымына ұзақ қадалды. “Мұның реніші залалсыз, өкпелесе мейлі”, — десе де Орекеңді айыра алмай қалғанынан қатты қысылды. Атақты туысқанының балала-рына деген сағыныштың ыстық толқыны көкірегін шарпып, шымырлатып жіберді.

Шайын қамдап күтіп отыратын шешесінің селтиіп тұрғанын көріп тіксініп қалды. Сабыр ұйып тұратын сопақ кескіні бұл жолы мазаң.

– Құдайым-ау, қайда жоғалып кеттің сонша?! Шақыртып жатыр.

Атқақтап соққан жүрегі ытқып кете жаздап, кеудесін оңдырмай ұрғылады. Тек екі кештің арасындағы шақырысты түсіне алмай дал болып тұр. Аялдамастан сыртқа алып-ұшып жөнелісті. Жүгіре басқан шешесіне әрең ілесетініне ішінен қуыстанып келеді. Пойызға бір отар қойын туратып алған баяғы қылжақ қойшының: “Назын алып тастап, Бүбісін қалдырған шығар шешен”, – деп қағытқан сөзі ойына сап ете түсті. Қимылы әлі ширақ. Тек аялдамаға жеткен кезде ентіге деміккен кейпіне ұрлана қарап қойды. Шимайлана шандырланған алқымына көзі түскенде шешесін осынша егделікке бой алдырды деп ойламаған екен. Үлкен басымен тағаты таусыла тықыршып, қобалжи толқығанын түсінсе бұйырмасын. Қонаевтың үйіне барғанда тұрған не бар деп қанша жақауратқысы келсе де, жүрегі бір сұмдық беттемейтін сияқты. Бір ноқатқа тесіле қадалған шеше кескінінде әлде бір нәрсенің сорабын таба алмаған қиналыс бар. Сонадайдан қылаң еткен трамвайдың қақ маңдайына қайтқан күннің шұғыласы төгіліп өтіп, қайқаң ете жалт беріп мезетінде жоғалады. Бірінен бірі озған сүңгі сәулелердің тарамдары жанарына қанжардай шаншыла қадалады. Мұздай жұп-жұмыр бітімді трамвай ентелеп кеп сұғына тоқтаған сәт мылқау екпіннің түлей нойыстығын жайсыздау сезінді. Сақ етіп ашылған есіктен сау ете қотарылып түскен көпшілікке жігерлене қарсы жүрген шешесі:

– “Юный коммунардан” түсеміз, – деп, бұған мойнын соза дауыстап қойды.

Жасы ұлғайған кісінің көше атауын мүдіріссіз айтқаны ойынан кетпей тұрып алды. Трамвай сырғи сызып барып шаңдата жөнеліп, лезде баяулай кілт тоқтаған кезде өңмендеген көп жұрт ішке тағы лап қойысты.

– Өңкей шикіл немелер таптай ма, қайтеді, – деп шешесі шошына тіл қатты.

Сан түрлі кеспірлерді жатырқай шолып, жабырқап тұрған әлпетін анық айырды. Таңертеңгісін осыларды қауіп қып жеткізгенде: “Қазақтың да жаратқан құдайы бар шығар”, – деп ерен санамаған еді. Қазіргі сазара аңқайған жүзінде таңданыстан гөрі түңіліс басым. Алға қарай

бірінен-бірі оза өңмендеген өңкей істік мұрындар. Жыпылықтаған сарғыш кірпіктердің аржағынан жылтыраған көкпенбек шырақтар оңған бояудың түсіндей солғын. Бет терілері отқа қақталғандай қызылкүреңітеді. Осы кезде шешесі түсеміз деген белгіні апыл-ғұпыл білдіріп, есікке қарай жұлқына ұмтылды.

“Юный коммунар” Николай заманынан қалған ескі жұрнаққа ұқсайды. Үйлердің жапырайған жаппаларының бұрыштары жерге тиіп кете жаздаған аласа. Қамба тәрізді қыш кірпіштен өрілген жалпақ тамды айналып өтіп, атарба өрең сиятын тар көшемен өрге тіке тартты. Бір кезде алаңқай ашыққа шықты. Қаланың құж-құж қайнаған тіршілігінде тап мына ара адам аяғы сирек басатын иран бағы тәрізді. Қараса, көк базардың маңайы. Екі қатар тұрған емен ағаштардың бергі шетінде қаздиган кемпірді көзі анадайдан шалды. Жан-жағына беймазалана қарап, бұлардың қарасын көргенде барып тыншығандай селтие қалды. Аппақ матамен қапталған тақия тәрізді тікше бас киімінің екі жағы желбіреген орамал. Аласа бойлы, дөңгелек қоңырқай жүзді қартаң әйел бітімінен Қонаевқа келетін белгілерді таба алмай әлектенді. Ұясы терең қой көзінің ұшқыны инедей өткір.

– Айналып кетейін жеңешетай-ау, ұрсасыз ғой, енді. Жұмыстан әшейінде ерте келетін мына көзел тап бүгін қырсығып, кешіккенін қарамайсыз ба.

– Шуаяқ қазақтар айтқан уағында келмейтінін білмесем, бағана кетіп қалмайтын ба едім. – Үні қатқыл шықса да міндетсінген сарынды аулай алмады. Жорта ойнақы кінәлау. Көрнеу кемсітіп, шуаяқ қазақтар деуі көңіліне сыймай дық боп тұр. Шешесінің өзін көзел дегенінде ашудың сызы барын сезінді.

– Кешкі астан кейін Димаш тынығып алып жұмысқа барады.

Осы сөзді айтып, әлденені есіне түсіргендей сәл ойлана іркіліп барып бастай жөнелді. Бейуақытта топырлап кіріп келгендерін қалай қабылдар екен әуелі. Тіл қатуға оңтайланған уақытта ебедейсіз еңкейіп, көзін өңменге шүйілте қадаған кезде қоңырқай қарашығынан жылт еткен момақан ұшқында жабырқаулы жатырқау бардай.

Атжақты қоңыр кескіні үрпиіп, бозғылт тарта қалатыны елестеді. Екі қатарлы үйдің үстіңгі қабатына қарай қартаң

әйел шапшаңдата басты. Тас тепкішектің тоқылдаған дыбысы қатты естіледі. Бәрі емен есіктің алдына ошарыла тоқтады. Қоңырауды дегбірсізденіп үсті-үстіне басып жіберген Қонаевтың шешесі деген жарықтықтың тарамыс қолдарының көк тамырлары адырайып көрінеді. Мазасыздана шырыл қаққан үннің өткір сыңғырына құлақ шекесі шуылдап тұрып алды. Ашпай қойса екен деп тіледі. Көк тамырлы қолдарын жая жаратқан иеге құлшылық қылған қартаң әйел әлденелерді күбірлеп айтқанда жүзі күреңіте шымырлай жөнелді. Өз шешесінің қияпаты татар шалыстау әйелдің қасында шаруалау. Сопақ сүдіні сұрлана құбылып, кіреукелене жаудыраған жанарынан көңілі босаң тілеуқорлықты жазбай таныды. Аса бір нәзік жайдан жаза басып қалғанын сезді. Сәлден кейін есік ашылып, қасы қияқтай аққұба әйелдің келбеті көрінді. Көзінің сәл томпақтығы жүзіне сұс үйіріп, бұлар тұрмақ енесінің өзін жатырқататын сыңайлы. Бір ауыз тіл қатпастан ішке қарай өзі бастап кірді. Бір-екі жолы театрдан сыртынан көргенде сыпайы, сынық сияқтанған. Қазір өңі сызданған, паң, бөтен.

– Жоғары шығыңыздар, – дегенде даусы биязы, – жұмсақ естілетіні көңілін демдеді.

Томпаң қағып бара жатқан енесінің сырт қалпына назарын іріккенде, езуіне қуақы күлкі жүгіріп өткенін байқады. Кіреберіс дәліздің қабырғасын тұтас алған ағаш заттың кісі бойындай айнасынан өз ұсқынын көріп, шошына қалт кідірді. Өңі қуқыл, еті қашқандай мұрны қоңқайып, кірбің ұялаған көзі кіртііңкі тартыпты. Бойының тапал екенін дәл осы арадан анық аңғарды. Ұзын дәлізді бойлап кең бөлмеге кіргенде, нән қара сандықша патефонда ойнаған татардың тамылжыған сазына елти кідірді. Алуан тағамнан қайысқан дастарқан кісіні еріксіз жұтындырады. Қызылала апорттың көк жолақтары кіршіксіз тұп-тұнық. Мөлт қара, шымқай қызыл, көгілдір жүзім түрлерінен көз тұнады. Туралған қазы сары алтындай жалт-жұлт етеді. Сырлы шарадағы ілпілдеген қымызға көзі түскенде, тамсана жұтынды. Үй ішіндегі шымырлаған тыныштықты жатырқағандай шешесі селтиіп тұр. Әй-шайға қарамастан төрге барып

жайғасқан Қонаевтың шешесі бұларды жаңа көргендей таңырқай бағжиып:

– Сендер состиып тұрмаңдар, мына тамақтан жеп алсаңдаршы, – деді.

– Біз тамақ аңдып келді дейсіз бе, қызық екенсіз ғой. – Жауапты бір сұмдық мүләйім қатқан шешесіне жалт бұрылды. Қатты ыңғайсызданғандай бұл тұрған жаққа көзін төңкере тастады. Жаңағы жауапты місе тұтпай шамырқанған Сардарбекұлы шекесі зың етіп, ашудан көзі тұна бұлдырады. Шығып жүре беруге бір оқталып, шешесі жазғанды аяған соң амалсыз тежелді. Қаптаған есіктің біріне кіріп, бірінен шыққан осы үй әйелінің сырт тартымдылығына өзінен-өзі жыны ұстады. Босағадан аттар алдында құдайдан жалбарына тілек тілеген татар шалыс кемпірдің тебіренісінен жұрнақ та қалмаған-мұңсыз. “Таба жолы – тар”, – деп зар қақсап айта беретін шеше сөзі қызырынан айырылғандай. “Үйіңнің іші мазардан бөтер құлазып тұрғанда биік дәрежелі лауазымыңды қайтейін. Менің балаларым көп болады, дастарқанды бұдан да асырып жайнатып қоямын”, – деді кенет өзінен-өзі жігерлене сілкініп. Төрге үлкейтіліп ілінген суреттегі үш бейненің шеткісі – Қонаев. Алға қарай ұмсына еңкіш жайғасқан жымыған қалпында атақ-дәрежеден де жоғары мағына бардай. Ортадағы қария – әкесі. Солғын тартқан қарттың назары болмаса, байыпты қарасы ұлына келеді. Күзелгендей біртегіс аппақ сақалы өңіне қунақтық сыйлайды. Өзі құралпы жігіттің шырағынан о жар аңқаулық сезілетіндей. Қонаевтан гөрі әлпеті бозаң, әжімсіз беті тептегіс. Қонаев реңі әкесі мен інісінің қасында қоңырқай. Осы кезде төрдегі есіктен сорайған бітім сырықтай болып шығып келе жатты. Екі иіні түсіңкі еңкіш деп ойлайтын. Сөйтсе, жота жағы қаздиган тіп-тік. Көзін бұлар жаққа жалт еткізіп тастаған мезет қарашықтары жуас монтаны жаудырайды. Ұзын бойымен шешесін еңкейіп кеп құшақтап, арқасынан қаққанда саусақтарының ұзын екенін байқады. Ұлының кішіктігіне елп етпеген кемпір осы қылығын жорта жасағанын шымырлап күреңіткен кескінінен сездіріп қоятындай. Қолапайсыздау тіктеліп, біраз іркіліп тұрды:

– Амансыз ба? – Үнінің аяқ жағын жұтып қоятындай сөзі шолақтау қайырылды. Назарын бұған салқындау

кідіртіп, қолын ұсынды. Сасып-салбыраған шешесі ұмтылып барып қолынан сүйді.

– Жаныстың қызын таныдың ба?

Үлкен көздерінің қарашықтары қалт етпеді. Екі ұртына терең із түсіп, жағы суалыңқы тартыпты. Шалқасынан қайырылған қоңырқай шашына жүгірген қылау күмістей ағараңдайды. Кере қарыс маңдайының екі жағы терең сұғынған мүйістей, қақ ортасы өрнектеле әдемі қиюласқан. Адам мұнша ірілігіне қарамай мінсіз жаратылатынына Сардарбекұлы өзінен-өзі қорына көз жеткізді.

– Бұл кісіні аздап шырамытып тұрмын, ал мына жігітті танимын.

– Мені ұмытатындай болдың ғой, осыны танысаң жетеді. – Толқи тіл қатқан анасының қиықтау көзі қызғылт тарта жасаурай жылтырады.

– Әлгі әртіс бар ғой, аты кім еді? – деп сөзге кемпір араласты.

Жайдары қалпы күрт ойлылыққа ауысқанда көзіне суық ұшқын ұялап, кескіні сазара қалған Қонаев:

– Наз, Наз... – деп ежіктей берді.

– Назбүбі.

– Иә, иә, Назеке, кешіріңіз, – деді Қонаев шырайын жылыта жымыып. Келіңіздер деген ишараны қолын жая білдіріп, өзі сылқ етіп отыра кетті. Состия іркілген шешесі:

– Сен жоғары шық, – деді ақырын сыбырлап. Татар шалыс кемпір мұның қипақтап тұрғанын жақтырмай:

– Әй, балам, сен қоқимай отырсаңшы, – деді жеки тіл қатып.

“Осы бір кемпірден-ақ көресіні көрдім-ау”, – деді ішінен кіжініп. Мана есік ашқан әйел лаң басып келіп, дастарқан үстін кейкие бір шолып өтті. Бір шөмеле шашы бір жағына ауып кетпесін дегендей биязы ұстап, күйеуінің қасына еркелей жайғасты. Әлгінде өздері кірген тұстан жапсарлас есік айқара ашылып, ақ телпекейлі жасаңдау орыс әйелі буы бұрқыраған табақты ортаға әкеліп қойды.

Ерлі-зайыптылар тамақты кірпияз алды. Алдарындағы судан екеуі анда-санда ғана ұрттайды. Қолдарын жүзімге сараң созады. Алдындағы тамақты жеп үлгермеген бұған кемпір тағы да төпелеме ғып салып тастады. Шешесіне

амалсыз ұрлана қарады. Өзімен-өзі ой кешкен кейпінде жабырқау бар.

– Тамақ ал, – деп кемпірдің бір бүйірлеп тұртпектегенін елең қылмады.

– Қали ақсақалдың ұқым-тұқымынан біреу-міреу қалды ма өзі? – Қонаевтың қоңыр даусынан толқынысты діріл білінді. Абыржи селт етіп, бойын жиып ала қойған шешесі:

– Көз жазып қалғалы хабар-ошар жоқ, – деді.

Ордабайдың Қалиы дегеннен құлағы онсыз да сарсығаны аздай, Қонаевтың аузынан шыққан уақытта көңілі қоңылтақсыды. Және соған қамыққан сыңайда аса кесек пішін бір ноқатқа ұзақ тесілді. Бетінің ұштары қызарып, аузының қиюы қаша жасқа шыланған шарасын көрсеткісі келмей бұрып әкетті. Қонаевқа жалбарына қараған шешесі екіойлы іркіліп барып:

– Одан кейін тоз-тозы шыққан қайнағамыздың бала-шағасынан хабар алуға бола ма? – деді.

Қоңыр реңі күреңіткен Қонаев ләм-мим деместен назарын пәс төмен салды. Ақыры қоймай жүріп сұрап тынған шешесінің қасарыспа мінезіне мұның жыны ұстады. Қонаев сұрақты ауыр қабылдағандай ұзақ томсарып отырды. Жауап тосқан шешесі сазара қараған қалпынан танар емес. Тек бір кезде ғана түк қайран жоқтығына көзі жеткендей жалмажан орнынан тұрып:

– Ал рахмет, біз қайтайық, – деді.

Есіктің көзіне дейін бұлармен ілесіп келген Қонаев:

– Бір жайын білсем, шешем арқылы хабарын берермін. – Содан соң бұған бастан-аяқ түгел көз жүгіртіп өтіп: – Тезірек үйлену керек шығар, – деді ақырын ғана.

Аялдамаға қарай аяңдаған бетте түсініксіз әсерден арыла алмай, еріксіз шешесіне қарады. Атағы дардай адамның сорайған бойынан мият тұтар түк таппаған құр жадағай сезініс.

– О, қайран жігіт-ай! – деді шешесі кенет ауыр күрсініп.

Анасының сопақ пішініне ұялаған бұ жолғы кірбің кескінін бірбеткей қатқыл ғып көрсететін тәрізді. Бұл кісі жарықтыққа дәреже, лауазым, атақ, байлық түкке тұрмай ма сонда. “Дүниенің мәнісін білсең, айтпайсың ба, шеше!” – деп, дауыстап сұрай жаздады.

Бегімбет сәскеге қарай редакцияға келгенде бөлімде Галина жалғыз отыр екен. Салбыраған қалың беті бүлк етіп, көкшіл көздерін төңкеріп тастағаннан басқа ләм деп тіл қатқан жоқ. Кірбің толы қабағын наразы іріккен уақытта жүзіне үйірілген ойлылық еріксіз тосырқатады. Алдындағы қағазға қайтадан шұқшиып, машинкасын тоқылдатып баса жөнеледі. Осы кезде жуан иекті, боталаған үлкен көзді, жылтыр бетті есікті шалқайта ашып, бұларды назарға ілместен Стастың бос орнына үңірейе үңіліп барып тарс еткізіп қатты жапты. Адуын көрінетін Галина басын шайқай ренжігеннен басқа әрекетке бармады. Жуан иектіге жанасқалы Стастың қарасы батты. Галинадан шет жағалатып мәнісін сұрағанда ашықтан-ашық жақтырмай: “Үшінші әйелмен тұрып жатқан адамға не деп болады”, – деп жауап берген де қойған. Үлкен қалада атасы басқалықтың шытырманы көп сияқтанады. Түнеукүнгі отырыс үстінен жұлқына шығып жүре берген құдды өзі еместей. Тап соған етқызулықпен барып қойғанын қу іші сезеді. Содан қайтып ат ізін салмаған Дархан мен Шотбай пиғылдарында жаман жолдастың салқыны жатқандай. Сол жолы Нәжімеден дегеннің қарсы алғандағы қасқабағы келіспеп еді. Шотбай, Дархан, Гүлмайра үшеуі өздерін түсініксіз ұстады. Жат ортаға көндігу қиындығы елегзітіп, жүрегін ауыртып жіберді. Мұның о жарлау оқыс қылығынын шошына селтиіп, қап-қара шырағы мөлтілдеп жаутаңдаған дөңес мұрынды бойжеткеннің бейнесі елестеді. Киелі құстың кірпияз сақтығына ұқсаған қағылез жаратылыс иесінен ниеттес ділі жақындықты әлдеқалай сезінді. “Бұл жерде Нұрғаныш өзін қалай ұстады екен”, – деген ой қылаң етті. Атарға оғы жоқ ашу-ызаның қазір жұрнағы да қалмай барады. Ел-жұрттан жырылып, жалғыз-жарым жүрген көңілсіз кейпі ыңғай көз алдына келетінді шығарып жүр. Босаң елбіреген сезімнен көзіне ап-ащы жас үйіріліп, еңкілдеп тұрып жылағысы келетін халін кейде өзі түсінбейді.

Әлденеше жолы университетке баруға оқталып көрді. “Ақыры боғыңды жеп өзің келетінің бар, несіне тұлданасың”, – дейтін қыбы қана масайраған қарастан

десі қайтып қалады. Бөлмелесі жақсы-жаманға бірдей мізбақпайтын баяғы литвалық. Жөні түзу әңгімеге барып, бір-бірінің жайына қанығып көрген емес. Жұмыста бір-екі сағат отырып, ешкімге жөнін айтпастан кете беретінді шығарған еді. Бүгінде сол әдет бойынша сыртқа беттеп бара жатқан.

– Эй, фраер! – деген зілді дауысқа қалт тоқтады. – Из бухгалтерий несколько раз звонили.

Шалдыр-шатпақтарына қаламақы жазады деген ойына кіріп-шықпаған екен. Не қылған адамсың деместен әлденеше жерден қолдарын қойды, кассадағы әйел ғана суреті мен өңіне алма-кезек үңіліп, біраз әуреге түсті. Ақшаны шытырлатып санап қолына ұстата салғанда бөлекше желпіністі күй кешті. Соған-ақ не істерін білмей дегбірсізденді. Қаламақыларын алып, бет-бетіне кетіп жатқан жас-кәрілер бір-біріне қарсы келіп қалғанда ғана сәлемдесудің ишарасын жасайды. Кейбіреулер қол алысып амандасқандарымен, артық-ауыс сөз айтпастан жөндеріне тарасады. Ағайыншылықтан түк жоқ, ашылып-жарылмайтын өңкей суық ұсқын. Араға ай салып көрмесе құшақ жая ұмтылатын қазақы жарқындық ішін уылжытып жіберді. Жуан бөкселі, жалпақ иектінің әлдекімнің қолтығына кіре жорғалай басқан қарасы көзіне оттай басылды. Атасы басқаны көшеден көріп, көзтаныс далда тұтқаны ақылына сыймайды. Қазақша шүйіркелесіп сөйлеспегеннің зарпы жанына қатты батып барады. “Алматыға біржола тайып тұрса қайтер еді”, – деген ой тағы қылаңытты. “Балаң алты айға шыдамады”, – деп әпкесі шешесін таба қылатындай көрінді. Нұрғаныш сонда зарығып, сарғаюды білмегені ме? Әпкесінің өңменге шаншыла қадалатын өткір қоңыр көзінің сынампаз уыты өн бойын тітірендіре сергітіп өткендей болды. Шартықты осы арада бір ойлап қоймағанына қатты таңырқады. Нұрғаныш оның бойынан не таба қойды екен сонша. Таныс-біліс біреуді кезіктіріп, тілдескісі келетін әуселесі ерік бермей дедектетіп әкететін тәрізді.

Елегзудің тап мұндай түсініксіз халін басынан өткеріп тұрғаны осы шығар. Аялдамаға екпіндетіп келіп тоқтаған автобус маңдайшасынан Қазан вокзалы деген жазуды оқыды. Әй-шайға қарамай тұра ұмтылып, ішіне қойып

кетті. Бос орындардың біріне отыра сап терезеден сыртқа үңілді. Гүлзар бойына қойылған арқалы ағаш орындықтарда екіден, үштен отырған қартаң адамдардың қалыптары бұйығы, ұяң. Кітап қызығына түскен жасамыс жандардың бастары салбырап кетіпті. Қолтықтаса жайраңдасып сөйлескен қыз-жігіттердің көңілді кейіптер бойдағы бір аңсарын оятады. Әлі беймәлім өмірлік бейнеге деген ынтықтығы артып, құлшынысты сезім тұла бойын кернеп әкетті. Талшыбықтай қағылез әйел баласының суреті түнеукүнгі дөңес мұрынды бойжеткенге ұқсап кескестейді. Көз қиығын монтаны тастағандағы жылт еткен сәуле шуағы қараңғы көңілін жарық қып жіберетіндей. Қол сөмкесін бұлғаңдата билей басқан орыс қызының аппақ көйлегі ұшып-қонған көбелекті еске салады. Қызу құлшынысты жұтынған ұшқыр қимыл Нұрғаныш бойында мол сияқты еді. Тәштек сұлбасы қанша шаң берсе де, еті өліп кеткендей көндіккен еді. Нұрғаныш пен шартық арасындағы жақындық анайы күйінде елестегенде жұлын-жүйесінен қалшылдаған діріл жүгіріп өтті. Нұрғаныштың сонша жеңілтектікке баратын не жөні бар.

Ерсілі-қарсылы қайшыласқан адамдар қозғалысы ұяларынан жанұшыра шығып, тұс-тұсқа тырақайлай заулаған құмырсқа илеуіне ұқсайды. Ара-тұра ұшырасқан қазақы пішіндерде бауырмалдық шамалы, қабақтары қату. Ішке кірген соң екінші қабатқа көтерілді. Ернеуден төменге көз салғанда, саңғыраған вокзал ішін адамдар дабысы кернеп тұратынын тың тыңдап қызықтады. Пойыз жолының баратын бағытын сілтеген жуан сызықты кесте картада Қазақстан, Алматы көзіне шалынған уақытта көкірегін қуырған зарығу сезімі ап-ащы жас боп көзін сулады. Сонау түкпірге дейін қойылған орындықтарға қатар-қатар жайғасқан адамдар. Әрқайсысының алдында өздеріне тиемел жүк. Екі қазақ әйелі әңгіменің қызығына түскені сонша, арасында сыңғырлап күлгені мұндаға дейін жетеді. Бүйрек беттісі көзінің қиығын бұған селт ете тастап, дереу тайқытып әкетті. Қатты опаланған сопақ жүздісі қарсы алдына жанарын талдыра сөйлеген уақытта сұңқиған кәрі қарғаға ұқсайды. Мейрамхана деп маңдайшасына жазылған биік қоңыр есік қонақжайлықтан

ада тарс жабулы. Сол жақтағы түкпірге ағылған адамдар легіне бұл да ілесті. Өңкей қыдыған үстелдерде жағалай топ-тобымен тұрғандар алдарындағыны ашырқанбай қағып салып, еліре әңгіме соққан шала мас ұсқындар. Бір шиша сырадан ұрттап қойып түксие ойланып тұрған қабағы салыңқы кісі көзіне оттай басылды. Қасына жетіп барып:

– Ассалаумалейкүм, Сәке! – деді қуана дауыстап.

Жалт қараған уақытта қалың беті бүлк етіп, қой көзін өңменге төңкере қадап барып баяу тайқытты. Жанарын алысқа салғырт райда қадап, ойына әлдене түскендей езуіне мысқыл үйірілді. Көгілдір сәулеленген шырағы күлім қақты.

– Сіз мені танымай тұрсыз ба?

– Таныдым, – дегенде үні құмығыңқы шықты. Көзіндегі сәуле ізім-ғайым жоғалып, мұңая түңілген қалыпта бұған сүзіле қарады. – Екі репортажыңа көзім түсті. Ипподром жайынан хабарың шамалы. Долбарлап әшейін соға салғансың. Грамматикалық қателерің өріп жүр.

Бегімбет өз жөніне тартып кеткісі келіп тұрды. Онысы кісілікке жатпайтын болған соң амалсыз аялдады.

– Қазақ жігіттерінің арасынан орысшаға Барлас қана жетік. Одан түбі бірдеңе шығады деп ойлаймын.

– Біреудің зорлығымен жаздым ғой, әйтпесе орысшада нем бар менің.

Қоңқақ мұрын түк естімегендей сазарған қалпынан танбады.

– Елді сағынғанда осы жерге келіп, қазақтарды сырттарынан шолып, мауқымды біраз басып қайтатын әдетім.

“Мынауы ақыл екен-ау” дегенді ойлауын ойлады. Манаурап шығатын қоңырқай үнінен кісімсіген дәсерлікті аулады. Барлас арқылы тұқыртып алудың айласына жұрттың бәрі неге үйір. Салқын қоштасып, қаптаған көліктерге қарай жалт бұрылды. Мұндай шұғылдықты күтпеген анау кідіртпек ыңғайда ұмсынып барып аңыра қалт тынды. Мәскеумен шатысқан қазақтар әйтеуір білгіш. Әйтпесе жаңағы орыс тіліне Стастан өткен жетік емес шығар. Жатақхана тұсынан түсіп, бөлмеге қарай аяңдаған уақытта Майлыбаевқа жан-тыны қалмай жалпаңдап амандасқанына жыны ұстады. Үлкен қаладағы ғұрып-

салттың бөтендігін жатырқап, ішке қорыныс сезіммен кірді. Литвалық болса, екеуі тамаққа барып, көңіл серпілтер бірдеңе ұрттап алуды ойлаған. Ол орнында жоқ болып шықты. Келгенше мызғып алуды ұйғарып, төсекке киімшең жата кетті... Сұп-сүйір қаңылтыр ыдыстың ішінде тоқтаусыз құлдилап зымырай жөнелгенде атқақтап соққан жүрегі қынасына сыймай, тынысы тарылып барады. Көзін қанша тарс жұмып алса да қаңылтыр шеңберлер лекерлеп қойған жерінен шарт үзіліп, қырық құрақ боп парша-паршасы шыға қалықтады. Кенет өзінің қайда тұрғанын біле алмай дал бола бастады. Денесін әлдекім түртіп, ақырын сілкілегеннің әсері баяу тербеткендей. Күшке салып ақыры жұлқып қалғанда барып атып тұрды. Өзіне жан-жағынан төне анталаған Дархан мен Шотбайдың, Нәжімеден мен Гүлмайраның үрпийіңкі ұсқындарынан шошына тіксінді. Гүлмайраның бір сызық көзінің жиектері көлкілдеп, жасаурай қызғылт тартып қалыпты. Айбат шегетіндей қастары тікірейіп ежірейе қадалған Дархан жанары кәдік шалыстау алайып, қан-сөлсіз боп-боз қату қабағын баяу қозғайды. Келте қайырылған мұрны одан сайын делдиген Шотбай көздерін бір шекелетіп шатыната тастайды. Сопақ кескінді Нәжімеден осы сәт ақырының аңысын баға тымпиып алыпты.

— Беке, — деді Дархан. Үні тарғылдана дірілдеп шықты. — Нұрғаныш әпкеңіз қатты ауырып жатыр деген телеграмма келіпті.

— Қатты жатыр дейді?! — Бұл ыршып кете жаздады. Іші тоңази қалтырап, мұз қарығандай миы сұп-суық тартты. Шекесі солқ ете түсті де, дыңылдаған дыбыс өшпей тұрып алды. “Бұларды телеграмма қалай тауып жүр?” — деген ой санасын киіп үлгерді. Ақыл-есінен шатасып, шалықтана аңырып, маңқиып қалғанын сезді.

— Бегімбет, сен сабыр ет. — Үнсіздікті бұзған Дархан бастапқыдай емес, ұстамды. Тіпті мұның ойын оқып қойғандай қатқыл тіл қатты. — Редакция сені түстен кейін таппай қап, біздің деканатқа телефон соғады. Ондағылар осындай адамды танысыңдар ма деп сұрады. Танысандар, хабар беріңдер деп тапсырған соң сені іздемеген жеріміз жоқ. — Дарханның дауыс сарыны бұған ұнамай тұр.

– Сендер қатты жатыр деп мәймөңкелегенше, өліп қалды деп айтпайсыңдар ма! – Өз даусы өзіне жат естілді. Осыны алдын ала сезген сияқтанды. Ерен санамаған қамсыздығына деген өкініш уыты өзегін өртеп, дуылдатып өтті. Көкірегіне жиылып алған өксік көзінен жас боп аққан тымырсыққа кептеліп қалғандай тұла бойы ауырлап барады. Сенбесең міне қара дегендей телеграмманы Дархан көзінің алдына әкеліп тосты. Оқымастан былай қарай серпіп жіберді. Сап-сау адамның қатты жатуы деген ақылына сыйса, кәне. Нұрғаныш алда-жалда болмай қалса, арқа сүйер ешкімі жоқ, айналасы тып-типыл екендігіне көзі аяқ астынан жетті. Құлазыған қу медиен далада ышқына соққан жел мұның қуыс ішіне уілдеп кіріп, күңірене ұлып шығып жатқандай.

– Тез жиналайық, телеграмманы көрсетсек, түнгі рейске бір билет алып қалармыз. – Мұны қайсысы айтқанын айыра алмады. Бәрі жабылып заттарды апай-топай жинастырды. Таксиді шақыртып үлгеріпті, бірден Домодедово аэропортына тартты. Жолдың төтесіне салды ма, тез-ақ жетіп келген сияқтанды. Бұдан біреуі паспортты ала сап кассаға жүгірді. Қалғандары қаумаласа ішке кірді. Рейстерін сарғая күткен жолаушы жазғандардың сазарған жүздеріне кірбің мол ұялаған. “Әпкесіне сонда не болды? Шешесінің көрген күні күн емес, түнек болып кеткен шығар. Мұны осыған дейін ойлап, көкейін мазалатып қоймағанына қатты абыржыды. Нұрғанышта кенет астам қылықтың бірі де жоқ, кісіге үйірсек, туғанға мейірімді кейіппен елестеді. Бәріне кінәлі өзінің қыңыр, қисық мінезі. Сол-ақ екен кеудесіне толған жалын өксікке айналып, жүрегі лоблыды. Ақыры ішкі зор қысымға шыдай алмай өкіріп жылап жіберді.

Зейіні бір жаққа ауып кеткендей басу айтып, жұбатқан төңіректегілердің сөздерін аулай алмады. Бір кезде өзінен-өзі сап тынды. Ішін кернеген ашу, нала, күйік ізім-ғайым жоғалып, қап-қара түнек өн бойын үңірейтіп ендеп алғандай көрінді. Көптен жырылып шығып, бері қарай баяу беттеген Дархан сұлбасын көзі анадайдан шалды. Тіркеуден өтіп, ішке қарай біржола кіргенше топ сепсімеді. Мәңгірген меңіреу халінен Бегімбет бір уақ серпіліп, қайыр, қош деп тебірене рақмет айтатын жөні.

Бір күш іштен құрсаулап ұстап, оған сірестіріп жібере қоймады.

Әй, қу мінез-ай десеңші.

Ұшақ Алматыға таң алакеуімінде келіп қонды. Қараңғылық сейілер шамадағы жыбыр қаға қозғалған қаптаған қылау шым-шым қайнап шымырлап барып басылады. Бұйығы дүниенің ара-арасынан жалт етіп ағараңдаған шоқылар Бегімбет пе мынау дегендей ақ жаулықтарын желпілдете тұра ұмтылған әжелерден аумайды. Дәл осыған Нұрғаныш бейшара да жалт қарап, арбала қалт тоқтап қалған шығар. Шашын әлсін-әлі кері қайырып, қап-қара жанары кіреукелене күлімсіреген сұлу тартымдылығын өз қалпында көре алмаған бітеукөкірек көрсоқырлығына налыған сезім қаңғалақ қаққызып, шайқалақтатып әкететіндей. Жүк алу кезегінің қозғалысы баяу. Ыңғай еңселі келген еркек, істік мұрын қатын-қалаш. Қатты сары қағазға оралып, таңылған бумалар, кісі бойындай шамадандарды тасып әлек. Оқыған-тоқығанға ұқсаса да сұрлары қату, жиырыла қалатын кірпияз. Өздері және жергілікті адамдарды көрнеу менсінбейтін тәкаппар. Нұрғанышты көкірегі қарс айырыла ойлағанмен, саңылау таппай шарқ ұрған сағынышты сезімнен кеудесі тола сыздап тұр. Көз ұшындағы таулардың сүйір шыңдарына иек артқан қып-қызыл табақша күн ойлы-қырлы дүниеге шұғыласын шашып, маңайын күлгін реңкпен мұздай жалтыратады. Айнала алаң ашық, әр-әр жерге қонған ұшақтар шалғай түкпірді жерсінбей тұрғандай сұңқиған құлықсыз. Әуежай үйінің орта тұсындағы шошақ күмбезі найзадай қылтияды. Омырауын желге тосып, қанатын жая жер бауырлай тыныстап тұрған құсқа ұқсаған ұшақ шіркіннің сырт пішіні монтаны. Бір қарағанда, су мақұлығына да ұқсайды. Томпайған бел ортасы құрсағы құлыннан құрғап көрмеген мама биеге де келеді. Қағынан жерінген құлан мысалын жағы талмастан айта беретін шеше сөзі жадында. Үш-төрт ай үлкен қалада тұрудың салқыны адамға тимей қоймайтынына еріксіз мойынұсынды. Өмірінің өтіп кеткен кезеңі қайтып оралмас қимас шағындай кеудесін аяусыз шымылдатып

жіберді. Қайдағы жоқты ойлап, әпкесін тарс есінен шығарып алғанына кенет қатты қысылды. Шеткерірек жақтан такси ұстауды ұйғарып жүре бергенде, өзіне қарай ылдым-жылдым беттеген үшеудің сұлбасы таныс сияқтанды. Шағын денесін тіп-тік ұстап, аяғын алшаң ала нығыз басқан Сардарбекұлы. Бір жақ иығы түсіңкі күйі сәлпиіп келе жатқан Болатбек. Сығырайған қысыңқы көзінің жиектері жасаураған қызғылт.

– Әпкемізден айырылып қалдық қой, Беке, – деп, кемсеңдеп жылаған бойда мұны бас салып құшақтай алды.

Бегімбет есінен тана сілейіп тұрды да қалды. Мұнша суық нәрсенің ақиқаты бір ауыз айырылдықыға сыйғанында пышақкесті шұғылдық барынан жаны шошыды. Ыздиып кеп көріскен Сардарбекұлы:

– Қазаның арты қайырлы болсын, – деді де бір жағына қарай тез ысырылды. Көздері ұясына сыймай атырылып, шолақ мұрнының ұшы делдие дірілдеген Белдікбаев ләм деген күйі мұны құшағына қатты қысты. Осы бір тегеурінді күштің ығы зордай. Еңкілдеп тұрып жылағысы келетін босаң күй иектей бастады.

– Дархан түнде телефон соғып, таңға жуық қонатыныңды хабарлаған.

Бегімбет еріксіз қалт кідірді. Белдікбаевтың аты-жөні Дархан аузынан шыққанын естіген емес. Мұндай кісіні танитынын жасырғанына қайран. Бауырмал сезім суынып, сая іздеген көңілі лезде керенау тартты. Үн-түнсіз келіп бәрі брезентпен жабылған машинаға жайғасты. Шикілсары жүргізуші гүр еткізіп оталдыра салып, шоқаңдатып ызғыта жөнелді. Алматының шымырлаған таңғы ауасында жол бойына отырғызылған көк терек шыр айнала дөңгеленіп барып тағзым ете қалт тұра қалатын сияқты. Күн шуағына бөленген жапырақтар сыбдырласа жыпырлап, елпелек қағады. Көлеңкеге маужырай ұйыған бұйығы түкпірі “Мына бейшара да келіп қалыпты, енді қайтер екен”, – дегендей сыбырласып, баяу шайқатылатын тәрізді. Белдікбаевты танитынын Дарханның айтпағанына әлі таң болып келеді. Мәскеуде оқитын жігіттердің мінезін түсіну қиямет. Тап осыны ойлаудың қазір түк реті жоқ.

Ташкент көшесіне түскен бетте батысты бетке алып турадан-тура заулағанда, “бұлары несі”, – деді ішінен мазасыздана. “Өкпе тұсынан шығатын шығар”, – деп өзін алдарқатса да, мыналардың алған екпіні оған ұқсамайды.

– Әй, Болатбек, Бегімбетке сен мән-жайды түсіндіріп айтпайсың ба?

Сардарбекұлының шаңқ етіп шыққан ащы даусынан селк ете түсті. “Ол не қылған мән-жай тағы?” – деп екеуіне алма-кезек тіксініп қарады. Жауап тоса қадалған суық назарға қысық көздерін дәті жете түйістірген Болатбек кейпі түлейлене аңырды. Жүзін түңіле бұрып әкеткен Сардарбекұлы:

– Ақсақалдар Нұрғанышты ауылға қоямыз деп шешті, – деді.

Ақсақалдар... Ақы иесі дегенмен есептеспейтін не қылған баса-көктеген өктемдік. Көкейіне қонақтаған шамшыл ойдан шиыршық атып айғайлап жібере жаздады.

– Кіндік қаны тамған жерінде жатуы керек. Шалдардікі дұрыс деп есептеймін. – Сардарбекұлы тағы да тақ ете қалды. Теке даусы адамды ығыр ғып жібереді екен. “Мен бұдан кімдікі дұрыс, кімдікі бұрыс деп сұрап тұрған жоқпын ғой. Өлгенге қай жерде жатқаны бәрібір емес пе”. Осылай ойлауын ойлады. Жаратқан иемен жағаласқандай күпіршілік пиғылы қылаң ұрып өтті. Ішін кеулеп ала жөнелген өкініштің қыжылы кеудесін толтырып, зор қысым түскендей көзі ашып бара жатты. Шал дегендердің кескін-кейіптерін әлектене елестетіп көрді. Бірінен соң бірі шешесіне ойбайлап кеп көріскен ауылдастардың арасынан Нұрғанышты ауылға қоямыз деп кесім айтуға жарайтын шалды көз алдына әкеле алмай әуреленді. Мәскеуден оқу бітіріп кеп, ауылға аттап басып бармай қойған әпкесінің астамшылығын ақсақалдардың елемейтіні қалай. Қайғыны әлі жеткілікті сезінбеген опасыздығынан Бегімбет қатты қуыстанды. “Нұрғанышқа сонда не болды?” – деді кенет өзіне-өзі. Бұдан ары әпкесінің біржола жоқтығы тұтқиылдан миына сұрапыл шапты. Шекесі дың етіп, көз алды бұлдырай қарауытты. Нұрғаныштың қайтыс болуында бір кілтипан барынан бәрібір сезіктенеді. Сұрауға қанша

оқталса да батылы жетпей тежеле берді. Алдыңғы орынға жайғасқан Белдікбаев ұйқтап кетіп, басы бір тетігі босаған ойыншыққа ұқсап бұлғаңдап барады. Тыншыған өңі қамсыз, бейтарап. Сардарбекұлы бүкіл еңсесімен кері бұрылып, әлденеге ұзақ шүйілді. Қайтадан жөнделіп отырып, жан-жаққа назарын қоқилана тастады. Көзілдірігінің алтын жалатылған жиектеріне шағылысқан сәуле секеңдеп секіріп, тарам-тарам жіңішкеріп барып бетіне шағылысқанда, боп-боз терісінің қалдарына дейін ап-анық көрінеді. Екі елі ғана маңдайын қатпарландыра жиырған Болатбек бір ноқатқа қадалған сайын сағал көзінің қызғылт қалың еті жасқа шыланып қалыпты.

– Нұрғаныш неден қайтыс болды? – Оқыс тіл қатқандықтан ба, даусы өзіне жат естілді. Басын жұлып алған Белдікбаев әркімге бір бағжаңдап қарады. Кегжие шіреніп отырған Сардарбекұлы дегбірсіздене басын төмен тұқыртты. Ірі кескініне мол қиналыс іріккен Болатбек жанарының қызғылтым ұшқыны лып етіп сөніп, сезгірлігі шамалы можантопай қалыпқа көшті. Мыналар үндемеген сайын беті дуылдай ысынып, демі жетпегендей тынысы тарылып кетті.

– Суға кетіп, денесі екі күннен кейін бір-ақ табылды. – Мұны қайсысы айтқанын айыра алмады. Шартыққа орайластыра ойлаған жаман ойы мезетінде сейілді. Мінер жақтан қалмай ілескен таудың сонау ақбас шоқылары көкорай баурайын қидия асқақ шолады. Сарғыш тарта толысқан егін жап-жасыл бау-бақшаға ұласып, екі түсті бояу бір-біріне құмарлана ұмтылып, құшырлана зыр айнала жөнелетін секілді. Мұнша қайғының үстінде сағыныш сыздатқан арсыз көңілінде дүние алып ұшып, бір жаққа асығып бара жатқандай.

Қаракөтермеден асып, ауыл шетіне іліге бергенде үш-төрттен қатар түзеген аттыларға есектерін тыпың қақтыра ілескендер қалыспай құйғытып жүрді. Иықтарын молынан жапқан аппақ кимешекті әйелдер жақтарындағы өрнекті кестелерін жалт-жұлт еткізіп күнге шағылыстыра мамырлай басады. Осынша кейіптердің анықтап өң-түстерін айырмаса да, жөргегінен сіңісті қазақылық көзіне

ыстық басылып, ет жүрегін елжіретіп жіберді. Ерге шірене отырған ана едірейген біреу мұртының ұштарын сәндеп шиырып, жарау торы атының бүйірін оқыс нұқып қалған уақытта бірталай аралыққа ытырылып кетеді. Оны елең қылмаған әйелдер қаз омырауларын қайқайта бір-біріне бұрылып, әңгімеге құлақтарын ықыласты түреді. Сұлу мұрт оған да қоймай тізгінді шалқая тартып, торының басын қақшита қаздаңдатып, билете басқызады. Бұлар мінген машинаға жалт қарасқан уақытта жел-құзға тотыққан момақан пішіндерден жүрек қана сезетін мейірім салтын оқыды. Осылардан көз жазып қалу не деген сұмдық. Қалпақтарын милығына түсіре киген еркектердің қарасы марғаулау. Бұлар кімдер өзі дегендей жүздерін томсара бұрып әкетеді. Көздерін мөлдірете төндірген әйелдер бір-біріне әлдене десіп, сөзден дереу сап тыйылды. Машина дәл осы кезде өрге қарай кілт бұрылып, сәл жүре түскенде, сонадайдан ойбайлап жылаған дауыстар мұндаға дейін еркін жете бастады. Бағанадан бергі қамсыздау қалпынан абыржи сілкінді. Іші төтенше күйіп-жанып, ытқып-ытқып шыққан жас моншақтап төмен саулады. Жиылған қарақұрым халық аса кәделі шақтың ақыры немен аяқталатынын сілтідей тына бағып тұрған сияқтанады. Машинадан өкіріп түскен бойда үйге қарай жүгіре басты. Іле шұрқырасып шыққан әлденеше дауыстың ішінен шешесін ести алмай сезіктеніп келеді. Солқылдаған көк шыбық уағында тоқылған қоршаудың қатып-семіп қураған сұрғылт қабыршағы көзіне біртүрлі жыланға ұқсап түскенін жадына еріксіз тұтты. Әгі түсіп қалған үйдің қу далада мoryп, құлауға айналған дуалға келетінін көңіліне жайсыз түйді. Қашаның аңқиған аузына далда ғып көлденең қойған екі ұзын бөрене былай алынып тасталған соң арбаның төртесіндей сылқия сұлық жатыр. Орындық есебінде жағалата қойылған шомбал ағаштарға жайғасқан шалдар тізіле қонақтап отырған қарақұстардан аумайды. Сақалдарын саумалап, әңгіме соққандарынан сап тыйылып, назарлары өзіне жаппай ауа қалғандарын аңғарды. Аулада адам аяғы ала жаздай баспай қаулап өскен жөргем әлі сепсімеген қалың, құйқалы. Осыларға көңіл

аударатын жөні ме мұның. Ішке кіре бергенде-ақ әлденеше әйелдің сүйемелдеуімен аяғына зорға ілініп тұрған шешесін көзі шалды. Қан-сөл жоқ өңі қағаздай аппақ. Қалталанған көзінің асты отқа қақталғандай қызылала. Мұны көре салған бетте жатырқап қалғандай қабағын шошына керді. Қарашығы ойнақши бұлт беріп жоғалған сәтте көгілжім ағы жансызданып, мағынадан айырыла тұманытты. Бұған қарай әлсіздеу ұмсынғанның өзіне буындары ұстамай, сылқ құлай жаздады. Бетінің шодыра-рая шыққан екі ұшы мұздай сұп-суық жылтырайды. Етінен қатты арып, жағы шұғыл ойпаң тартыпты. Өкіріп келген бойда бас салып көрісті. Шешесін түннен бері көз алдына әкеліп елестетуге қанша тырысқанымен мұншалық соры қайнаған пұшайман халде деп ойламаған екен.

— Далдам-ау, бір сен үшін өлмей қалдым ғой мен. — Қатты қарлыққан шешесінің үні сыбырлап ақырын шықты.

Нақ осы жерде күйіттің өрті өзегін шарпып, тап осы сәтке дейін зарыққан сезім тығыны өксік боп атылды. Екі қолымен бетін жауып солқылдап жылағанда, көл боп аққан жасы саусақтарының арасын дымдады. Соншалықты жалған өтіріктің көл дариясын кешіп келіп, дүниеде рас бір-ақ нәрсе — анасының күйітті екеніне көзі жетті. Егіліп жылаған сайын жүйке жүйесі босап, өзін-өзі баса алмай әлектенді. “Қой, қарағым, қайтесің енді”, “Жарығым, Нұрғаныштың өлімі жақсы бопты деген ешкім жоқ” тәрізді тұс-тұстан жамырасқан дауыстар. “Старик, прими мое соблезнование”, — дегеннің Барлас екенін айырды. “Бұл қалай келіп жүр?” — деген ой санасында қылаңытып өтті.

— Әй, Бегімбет, бағанадан бері ары қояды екен, бері қояды екен деп саған қарап тұрмыз. Егәрімки шеше керек болмаса, онда жылай бер, алда-жалда шеше керек болса, онда қой енді!

Қаршадайынан көріп өссе де аса жақын-жуықтығы жоқ қошқар тұмсық, шүңірек көз, ұзын сақалды қарияның тегеурінді қатқыл үніне қалай сап тынғанын өзі де байқамай қалды.

Тағаштан асырып, ұзын жолға әкеліп тастаған дуана тағыз-таяң шаруасы бар кісіше күншығысқа қарай салып ұрып жөнелді. Маужырай мүлгіген дүние тыныштық құшағында. Өрмекші торына шырматылып орала түскендей дуана бейнесі сырықтай боп қыдия ағараңдайды. Китің-китің жүрісінен жаңылмаған қашыр бейшараның артқы аяқтары сидиып, қиралаң қағып барады. Қамшылар тұстың сазды өзегі көгал науадай созыла түсіп жатыр. Көлденеңінен шөккен белдің қуысына тығыла жапырайған қашар, қыстайғы орнынан былайырақ жылжып қонған киіз үй, ен жазықтың ширатыла сұлаған бұрымындай қара жол, бәрі – осы маңайдың бояуына малынып шыққандай сұрғылт. Күнбатыс беткейде жатқан әке бейітіне бұрылып, құран оқып қайтуға шола болып тұр ма. Өруақ алдында жанаярлыққа барып, жаза басқан күнәлі сезімінен арыла алмады. Жердің шаңы шығып, раңы торғайбастана сарғайып үлгеріпті. “Апыр-ай, төс биыл құрғақ болады екен-ау”, – деді күйзеліп. Тас төбеге келген күннің қызуы қуырып жіберетіндей күшті. Ыстықтан пысынай бастаған ұлдары сырт киімдерін шешіп, мұның көлеңкесіне келіп сағалады. “Өзірге бұған жарағанына да шүкір”, – деді Сансызбай өзін-өзі кекетіп. Үлкенінің болпиган түріне біз неге бүйтіп сарсаңға түсіп жүрміз деген естияр қынжылыс үйіріліпті. Аузы шұршип, көзі боталай бастаған кішісі қазір қыңқылдап жылап, зықыны шығарады-ау деп зәрезап боп тұр. “Шыдаңдар, енді өле қоймаспыз. Көлік кезіксе кетеміз де қаламыз. Болмаса, анау қойшының үйіне қонамыз”. Өзін жақауратып қанша жұбатса да көңілі орнықпай қойды. Сонау жотаның аржағынан үйездеген қойдың қылтиып шеті көрінеді. Баласын артына міңгестіріп алған қойшы үйіне қарай аяңдап келеді. Самауырды шай қоюдың қамымен сыртқа көтеріп шыққан әйел бейсауат жүрген бұл не қылған адамдар дегендей селтие ұзақ аңырды. Басына тартқан қызыл орамалы көз жауын алатындай қыр-

мызы, ақшыл көйлегі адамның ынтығын құрта үлбірейді. Әйел деген жарықтық алыстан алабөтен күйге түсіретіннен бөлек, үйдің ұйтқы берекесі екен-ау. “Көлік болмай бара жатса, андағы шайыңнан барып ішеміз, дұрыстап қайнат”, – деді Сансызбай ойша қалжыңдасып. Қойшының осы бір мамыражай уағы өзіне бұйырмай қалғанына кенет іші удай ашып, шиыршық ата бір орында тықыршып тұра алмады. “Құдайдан артық нәрсе сұраған жоқ едім ғой”, – деді күйініп. Осы кезде сонау адырдан әлдене қылаң етіп көрініп, құлди ойға түсіп жоқ боп кетті. Бір уақытта сопаң етіп шыға келген кезде үсті ашық машина екенін бірден айырды. Темір де болса зор келетіндей сәл өрге жылжығанның өзінде жанұшырып гүжілдеген дыбысы ызыңдап мұндаға дейін еркін жетеді. Бұлардың тұсынан өтіп барып қалт тоқтады. Буыншақ-түйіншегін иығына іле сап, “болыңдар”, – деп балаларына қатқыл үн қатты да өзі тұра жүгірді. Екі бүктеліп кабинаға әрең сыйып отырған біреу бұған самарқау қарады. Тым ұзын бетінің сүйектері томпайған, тік құлаған мұрны келіп-келіп ұшы орақ тәрізді имектеле қайырылыпты. Бұлар жайғасып болғанша асықтырмай сазара күтті. Орнынан қозғалып, біраз жүргенде барып шопыр тұрқына үңілді. Соғыста орыстың нешелеген сом жігіттерін көрсе де, мынаның бітімі бөлекше. Дене шамасы екі кісінің бойындай барау. Шаң қонған мойын терісінің бұдыр-бұдыры айғыз-айғыз, сап-сары тұтасқан қылшықтары шайырлана қылжиып құлап қалыпты.

– Әй, товаріш, бізден қанша ақша аласың?

Бұған ажырая қараған анау басын шайқады. Түсінбедім я алмаймын дегенінің екі арасын айыра алмады. Кейде осы қазақтан гөрі орыс дұрыс па дейді. Мынаның орнында қазақ болса, неғылған адамсыңдар деп сұрап, шекесі онсыз да қызбай тұрғанда жүйкесін жұқартып, жанын ауыртуға дейін баратын еді. Қазір құлағың да тыныш, жаның да жайбарақат. Бүгін аудандағы Ақанның үйіне қонуды ұйғарды. Келін тәуір кісі көрініп еді. Кір-қоңнан тазарып, адам қалпына келіп

алмаса болмас. Бір күнге шыдам берер, неғылады дейсің. Отыз шақырым деген машинаға сөз бе, бір сағатта-ақ жетіп келді. Базардың тұсынан тоқтатып тұрып:

– Полтара товаріш, саған көп рақмет! – деді Сансызбай.

Атасы басқа болса да, затында бір момындық бар-ау, жазғанның. Маңқылдап тіл қатқан уақытта мұрнымен сөйлейтінін байқады. “Содан қорынады екен ғой, байғұс”, – деді.

Ақан үйіне бет түзеген кезде жол-жөнекей кезіккендердің бәрі бұлар не қылған адамдар дегендей аңтарыла қарасты. Жабайы өскен екі ұлы жан-жағына шошына бағжаңдап, шалғайына оратылып, сүйегін сүйреткен мұның аяғын тежейді.

Ақанның кісі көңіліне қарамай, бірдеңелерді жөнсіз айтып қалатын ұрма-перме мінезі бар еді. Бүгін өткеннің қоясын қазбай қоя тұрса екен деп тіледі. “Қаймана қазақ емес, жағдайды түсінетін шығар”, – деп өзін-өзі жұбатты. Еңселі көк қақпаның алдына келіп, жүктерін ентіге жерге қойды. Содан есікті үсті-үстіне тарсылдатып, қағып жіберді. Аржақтан арсылдап үрген төбетке мәлшік иттің шәуілдеген жіңішке үні қосамжарласты. Жұлқынып, ерсілі-қарсылы жүгіріп жанталасқан ит шынжырының шылдыры құлақ түбінен естіліп, тура қасыңа келіп қалғандай үрейінді алады. Әудем уақыттан кейін есік ашылып, үлкені құралпы қарадомалақ басын қылтитты. Дөңгелек қаралығынан көзін алайтып тастағанына дейін түгел әкесінің аузынан түсіп қалғандай. Буыншақ-түйіншек пен бұлардың жұпыны сұрларынан бала салтына салына тіксініп, жыламсыраған ұсқыны үрпиңкі тартты.

– Ақан үйде ме, болмаса шешенді шақыр, – деді.

Түк түсінбеген сыңайда аңқая бөгеліп барып, есікті қатты жаба сап тапырақтай жүгіре жөнелді. Содан ұзақ жоғалды. Тіпті ешкім шықпай қоятындай көрінді. Тек бір кезде:

– Кім екен? – деген әйел даусы шықты.

– Келін қарағым, мен Сансызбаймын ғой.

– А-а, не дейді? – Шарасы таусылғандай үні қысылып, біртүрлі шықты. Жүгіріп келген бойда есікті ашып жіберіп, сол ма, сол емес пе дегендей асып-саса абыржып: – Сіз екеніңізді қайдан білейін, баланы жұмсай қойып едім.

– Дәуде болса, қайыршылар келіп тұр деп ойлады-ау, шамасы, – деп Сансызбай кеңк-кеңк күлді. Бұрынғылар бай бәйбішесін бес биенің сабасындай дейтұғын. Аққұба әйел келбеті соларға келетін келісті. Жылқының торысына ұқсайтын пішіні кінәратсыз таза. Әлденеге алаңдап әбігерленіп тұрғанын байқатпай, балаларға күлімсірей төніп келіп:

– Құдайым-ау, сен Сағынышсың ба, ал мына батырдың аты Жайлау ғой, – деді де екеуінің беттерінен алма-кезек сүйді. – Зарыққан, кел бері, бауырларыңмен таныс. Үйге қонақтар келіп қалып еді. Жәке, сіздер асықпай жуынып-шайына беріңіздер.

Тоғыз қатынның толғағы қатар келгеніне жүзінен реніштің болымсыз табы білінбей қоймайды. Сөйтсе де бәрін жайғап үлгеретін тап мынадай әйел бір үйдің ырысы-ау. Іштен бір-екі баланы дауыстап шақырып алып, буыншақ-түйіншектерді қамбаға кіргіздірді. Мұның екі баласын өзі ертіп апарып, қол жуатын жерді көрсетті. Зыр қағып жүріп бұған жылы шырай таныта күлімсіреп өтеді. Іштен осы кезде теңселе басып Ақан шықты. Бұрынғысынан да толып кетіпті. Алдына қой өңгеріп алғандай шәниіп тұрып, жан-жағына алақ-жұлақ қаранды. Қоңды бетінің терісі бұйраланғандай құнарланып, қарагер қияпаты көбең аттай торсаң. Екеуінің назары абайсызда түйіскенде, бұл неғып жүр дегендей көздерін алайта кідіртіп, жүзін енжар бұрып әкетті.

– Әй, қатын, қайда кете қалдың, кісілерден ұят болды ғой!

– Міне, міне, – деп зыр қағып келген әйел: – Сен жәкеммен жөндеп амандастың ба өзің?

Анау мұны енді есіне алғандай:

– Ассалаумағаликүм, аға, – деді де ішке қойып кетті.

Құданың құдіреті, Сансызбай ағайын адамның бұл қылығына түк ренжіген жоқ. “Арғы аталарымыздан

қалған сүйекке сіңді мінез шығар, бәлки”, – деді кенет. Ақанның кемшін тұсын әйелінің адамшылығы толтырып тұр. Мен неме сеніп шамданам. Төрт түлігім түгел, төрт құбылам тең болса бір жөн. “Мен адам бола бастаған екенмін”, – деді. Кеңею деген жаман емес екен, байқаса. Басқа тұтқиылдан ақыл да келетін көрінеді. Осы араға екі баланы қалдыра тұрып, Қопадан қатынды алып келуге бекінді: Осы кезде ебіл-дебіл бола сыртқа жүгіріп шыққан Ақанның әйелі:

– Жәке, жүріңіз, қонақтармен бірге отырып тамақ ішіңіз, – деді.

– Рақмет, қарағым келін...

– Сіз бауырыңызға ренжіп қалған жоқсыз ба. Құдай берген мінезі сол болса қайтесіз.

– Жоқ, мен ренжу дегенді қойғанмын. Егер рұқсат болса, екі баланы осы үйге бір-екі күнге қалдырып кетейін деп тұрмын. Қатын Қопаның бөлнисасында жатыр. Соны осы жаққа бірдеңе қыл жеткізбесем болмас.

– Қалдырыңыз, қалдырыңыз. Жәке, басыңыздан талай жағдай өткенін естідік. Құдай аман қойса, оның бәрі ұмыт болады ғой.

Кішісі сезіп қойса, бақырып-шақырып артынан қалмай әлек салып жүрер деп Сансызбай ауладан дыбысын білдірмей шығып кетті.

Әуелі базар маңайын шолды. Ел аяғы сиреп, жұрт әлдеқашан саябыр тауыпты. Жаяулап жүріп отырып, бекеттің шеткі жағына шықса, сырт ауылдарға баратын құрығанда, ат-арба кезігетініне сеніп келеді. Асхананың тұсынан өте бергенде тамақ иісі мұрнын жарып жібере жаздады. Жүрегі сазып, әл-дәрмені біткендей өн бойынан діріл жүгіріп өтті. “Дененің құрыс-тырысын жазатын, шіркін, бір шай болса”, – деді дымы құрып. Шошқаның еті араласатын жерден сескеніп, бұрылмады. Ақан тәрізді ноқайларға тап жаңағыдай әйел қалай кезігетініне ақылы жетпей даң бола бастады. Кенет асхана есігінен біреу жын соққандай жүгіріп шықты да, шекесіне қолын апарып қалт тұра қалды.

– Менің шенім капитан, халық жауларының бәрін қаматамын! – деп өңешін соза айғайлады. Сарғыш жүзі

қызылкүреңітіп, жан-жағына ұрлана қарап алатын ұсқынында шала естіден гөрі әлденені түйсінетін жорта қулығы бардай. Әр-әр жерінде сойдиган сояудай ақ қылтанақ. Шегір көзінің шарасы құтырынған қып-қызыл. Сансызбай мынаны әуелі шырамытты. Анықтап қарап, өз көзіне өзі сенбеді. Орындықты шиыра лақтырып, секеңдетіп барып қалт тұрғызатын тергеуші. Үстінде көнетоз погонсыз милиция формасы, өңірінің түймесі тұтас ағытылып тасталған. Қолын жігерлене сілтеп, қызбалана айғайлаған сайын түтіккен жүзі баяғы тергеушілік салтына көшіп, айдындыратын айбынымен қанша сестенсе де, бұл еш тітіренбеді. “Адам асыққанымен, құдай асықпайтынына” тағы да көзі жете түскендей, “бұған да зауал келген екен-ау”, – деді Сансызбай.

МАЗМҰНЫ

ЖАҢҒЫРЫҚ (роман).....	3
-----------------------	---

ЖҰМАБАЙ ШАШТАЙҰЛЫ

ЖАҢҒЫРЫҚ

Сарашысы — Әсия Орынбаева
Техникалық сарашысы — Раиса Винокурова
Беттеген — Гүлнұр Жәрімбетова
Безендірген — Нағым Нұрмұхамбетов
Түзеткер — Ұлжалғас Зәуірбекова

Теруге 02.08.04 жіберілді. Басуға 28.09.04 қол қойылды. Қағазы офсеттік. Қаріп түрі “Таймс”. Пішімі 84х108₃₂. Офсеттік басылыс. Баспа табағы 16.0. Шартты баспа табағы 13.44. Есептік баспа табағы 13.3. Таралымы 2000 дана. Тапсырыс №1070. Келісімді баға.

“Жалын баспасы” Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі. 480009. Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143-үй.

ЖШС РПБК «Дәуір», 480009, Алматы қаласы, Гагарин даңғылы, 93.
Тел.: 42-36-31, 42-07-90, E-mail: rpikdauir@nursat.kz

4002



RF - Firenze - Dipartimento di Scienze
degli Studi - Biblioteca di Scienze Umane



210030025349

40m



ISBN 9965-693-12-9



9 789965 693120